



ОҚУПЫҚ

Д. Жамбылов

САЯСАТТАНУ

Өзгеріссіз 4-басылымы

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2008

Пікір жазғандар:

Л. А. Байделдинов — Саяси ғылым академиясының академигі,
философия ғылымының докторы, профессор

С. Б. Дорженов — тарих ғылымының докторы, профессор

Ж 25 Жамбылов Д.

Саясаттану: Оқулық. Өзгеріссіз 4-бас. — Алматы: Жеті
жарғы, 2008. — 280 бет.

ISBN 9965-11-282-7

Оқулық саясаттану пәні бойынша соңғы типтік бағдарламаға сәйкестеп жазылған. Мұнда саяси билік, қоғамның саяси жүйесі, мемлекет, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар, адамның құқықтары мен бостандықтары, саяси мәдениет, ұлттық қатынастар, сыртқы саясат және т.б. саясаттану пәнінің негізгі мәселелері жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан кеңінен сипатталады. Қаралған мәселелер түгел дерлік Қазақстан Республикасының саяси өмірімен тығыз байланыста баяндалады.

Оқулық жоғары, арнаулы орта және заң оқу орындарының оқытушыларына, аспиранттарына, студенттеріне арналған.

Ж 0801000000—008 22—08
419 (05) — 08

ББК 66. 0. я 7

ISBN 9965-11-282-7

© «Жеті жарғы» баспасы, ЖАК, 2001

© «Жеті жарғы» ЖШС, өзгеріссіз 4-бас., 2008

А Л Ғ Ы С Ө З

Қазақстан Республикасы егемендігін алуына байланысты еліміздің әлеуметтік өмірінің барлық саласы түгелімен өзгеріп, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылып жатыр. Жоғары оқу орындарында тоталитарлық тәртіп, коммунистік идеология тудырған марксистік тұрғыдағы жасанды пәндердің орнына бүкіл дүние жүзі мойындап, таныған, өркениетті елдерде көптен оқытылып жүрген өрелі, өмір елегінен өткен, біздің бүгінгі заманымыздың талабына сай келетін іргелі ғылымдар енгізіле бастады. Солардың ішінде ерекше орын алатыны — саясаттану негіздері.

Ол қазіргі қоғамдық және саяси құрылыстың мән-мағынасын терең түсініп-білуге, адамдардың өмірінде алатын орнын, атқаратын рөлін айқындауға, оларға сан түрлі құқықтары мен бостандықтарын дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Саяси ғылымның негіздерін меңгеру арқылы әсіресе қазіргі өтпелі кезеңдегі күрделі қоғамдық-саяси жағдайда еркін бағдар ұстап, белсенді іс-әрекет жасауға, ішкі және сыртқы саясаттың сыр-сипатын, қилы құбылыстарын жете ұғынуға, басқа адамдардың құқықтарын бағалап, қадірлей отыра, өркениетті түрде өзінің мақсат-мүддесін білдіріп, оны қорғауына кең жол ашады, жалпы, халықтық қазыналарға негізделген демократиялық тәртіпті құрметтеуге, ортақ мәселелерді ұжымдасып шешуге үйретеді. Саясаттану адамдарға саяси қажеттіктерін мемлекет тарапында іске асырудың жолдары мен әдістерін дұрыс таңдап алуға, демократиялық тәртіптерді және қоғамдық институттарды қалыптастыруға көмектеседі. Ол саяси төзімділікті, келісімге, серіктестікке, мәмілеге келе білуді, саяси шиеленіс, дау-жанжалдарды дер кезінде шешуді, ұлтжандылықты, қоғам мен мемлекет алдындағы азаматтық парызды, жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді.

Халықтың тиісті саяси мәдениетінсіз демократиялық мемлекет орнауы және тиімді жұмыс істеуі мүмкін емес. Әрине, қандай қоғамда болмасын барлық адам түгелімен саяси шешім қабылдауға қатыса алмайды. Десе де мемлекеттік саясатта жұртшылықтың әртүрлі топтарының мақсат-мүдделерінің ескерілуі, басқарушы топтың құзыреттілігі мен жауапкершілігі көбіне азаматтардың саналылығы мен белсенділігіне байланысты.

Саясаттану пәнінің мақсаты – студенттерге саяси институттардың, құбылыстардың, қазіргі қоғам дамуындағы саяси мәселелердің мәнін түсінуге көмектесу. Соның барысында олардың саяси санасын қалыптастыру, адамзат дамуының баламалы даму жолдары бар екендігін түсіндіру, демократиялық саяси мәдениеттің құндылықтары мен ережелерін бойларына сіңіру.

Адамдардың саясатқа қатысып, саликалы шешім қабылдауы өзінен-өзі тумайды. Ол үшін газет, журналдарды оқып, радио тыңдап, теледидар көру де аз. Ондағы материалдарды сындарлы сараптап, шынайы қорытынды шығару, саяси өмірдің субъектісі болу үшін жүйелі түрде саясат теориясын игеріп, саяси процеске қатысу жолдарын арнайы оқып-үйрену, іс жүзіндегі тәжірибе керек. Сондықтан да егемен еліміз КСРО тарқағаннан кейін бірінші кезекте оқу орындарында саясаттануды міндетті пән ретінде енгізді. Бірақ өкінішке орай, осы күнге дейін бұл пәннен оқулық жоқ, оқу құралдары мен әдебиеттер өте аз. Сондықтан автор осы олқылықты аз да болса толтыруға тырысты.

Саяси әдебиетті оқу барысында оқырман қауым осы саладағы түрлі терминдермен кездесетіні сөзсіз. Олардың әзірше қазақ тілінде жинақталған сөздігі жоқ. Сондықтан әр жерден іздемес үшін кітаптың соңында саяси терминдердің қысқаша сөздігін беруді жөн көрдік.

І - т а р а у. САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

§ 1. Саяси ғылымның пайда болуы және қалыптасуы

Саясаттану сөзі гректің “*саясат*” және “*ілім*” деген сөздерінен шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.

Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде саясаттанудың орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Оның дұрыс-бұрыстығы, сайып келгенде, адамдардың, халықтардың тағдырымен тығыз байланысты. Мысалы, мемлекет агрессиялық, яғни басқыншылық соғыс саясатын жүргізсе, оның салдары бірнеше жылдарға созылатын қайғы-қасіретке соқтыратыны даусыз. Керісінше, мемлекет ғылыми дәлелденген тиімді бейбіт саясат жүргізсе, еліне қолайлы, халқына жайлы болары да белгілі.

Адамзат саясаттың сиқырлы сырын, құбылмалы құбылысын өте ерте заманнан түсініп-білгісі келді. Ежелгі Шығыс, антикалық дәуірдің ойшылдары мемлекеттің, саяси биліктің мән-мағынасы неде және кімге қызмет етеді, қоғамдық құрылыстың қандай түрлері бар және олардың ең жақсысы, халыққа ең қолайлысы қайсысы деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Бірақ ол кездегі пайымдаулар негізінен діни-мифологиялық сарында болатын. Себебі, ертедегі адамдар жер бетіндегі өмірге құдайдың күдіретінен туған жалпы әлемдік космостық тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қарады. Мысалы, Мысырда (Египетте), Вавилонда (қазіргі Ирак), Үндістанда, сол кездегі мифтерге сүйенсек, басқарушының билік көзі құдайда және ол жер бетіндегі істерді реттеп, тындырып отырады. Көне Қытай мифі бойынша билік құдайдың күдіретімен жүргізіледі де, ал іске асырушы онымен байланысты император болып есептелген. Ежелгі гректер ең алғашқы билікті жүргізуші құдайлардың өздері деп пайымдаған.

Кейінірек адамзаттың іс-тәжірибесінің, ақыл-ойының, мәдениетінің дамуына байланысты саясаттың ұғымдары, түсініктері, тұжырымдамалары пайда бола бастады. Қоғамдық-әлеуметтік

және саяси құрылымы мен қатынастарының одан әрі күрделіленуі, материалдық өндірістің, халық санының өсуі оның өміріне мемлекеттің тікелей араласуына әкеліп соқтырды. Мұндай жағдайда ұлы ойшылдар саясатты ғылыми тұрғыдан түсініп, оны орынды пайдаланудың, мемлекетті тиімді басқарудың жолдарын іздестіре бастады. Бұдан келіп саяси теориялар туды.

Біздің з. б. бірінші мыңжылдықтың ортасында саясатты діни-мифологиялық танудың орнына философиялық-этикалық түсіну түрі келеді. Мұнда аса зор еңбек еткендер — *Конфуций, Платон, Аристотель* сияқты ғұлама ғалымдар. Бұл ойшылдар саясатты теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыста қарады. Олар саясатты адамдардың мақсат-мүддесіне сай келуге, адамгершілікке негізделуге тиіс деп ұқты.

Әдетте, саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғалым *Аристотельді* атайды. Өйткені ол өз заманында лицей ашып, сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді. “Саясат” деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып есептелетін) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен, ұлы ғалым саясаттанудың пәнін қазіргі біздің түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзімшіл, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке, әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді. Сонымен қатар ол саясаттану мәселелерін этика, фәлсафа (философия) мәселелерімен бірге қарады.

Орта ғасырда саясаттың діни-этикалық түрі қалыптасады. Оның негізін салушы *Фома Аквинский* саяси билікті құдай орнатты, бірақ мемлекет басшылары құдайдың қалауына қарсы шықса, халықтың оларды құлатуына болады деген байлам айтты.

Саясатты қазіргідей түсінуге мол үлес қосқан Италияның XVI ғасырда өмір сүрген ойшылы *Никколо Макиавелли* болды. Ол саясатты теологиялық (құдайшылдық) түсіндіруден арылтып, саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдеді. Саяси зерттеулердің өзегі етіп мемлекеттік билікті қойды және оны қалай қолға түсірудің, пайдаланудың неше түрлі әдіс-тәсілдерін көрсетті. Соның арқасында саясаттануды біздің қазіргідей түсінуімізге жол ашылды.

Феодализмнің ыдырап, капиталистік қатынастардың қалыптасуы қоғамды демократияландырып, жалпыға бірдей сайлау

күқығын кіргізуге, көпшілік саяси партиялар мен қазыналардын кеңінен қанат жаюына, ақпарат құралдарының өрістеуіне мүмкіндік берді. Халықаралық, мемлекетаралық қатынастардын ауқымы кеңейді, саясаттын қызметтері мен міндеттері күрделілене түсті. Сондықтан саяси құбылыстар мен процестерді арнайы зерттеуге, саясаттану теорияларын жасауға тура келді. Бұл ретте *Дж. Локк, Ш. Л. Монтескье, Ж. Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Т. Пейн, И. Кант, Гегель* сынды көрнекті ғалымдар көп еңбек сіңірді.

Саясаттану ХІХ ғасырдың екінші жартысында өз алдына жеке пән ретінде қалыптасты. Оған бұл кезде бихевиористік, тәжірибелік (эмпирикалық) әдістердің кеңінен пайдаланыла бастауы зор ықпалын тигізді. 1857 жылы АҚШ-тың Колумбия колледжінде (кейін Колумбия университетіне айналды) профессор *Фрэнсис Либер* “Тарих және саяси ғылым” деген кафедра ашты. Соның негізінде онда 1880 жылы саяси ғылымның жоғары мектебі құрылды. АҚШ-тағы сияқты 1872 жылы Францияда мемлекеттік аппаратқа арнайы қызметкерлер дайындайтын саяси ғылымдар мектебі жұмыс істей бастады. 1889 жылы Американың Саяси және әлеуметтік ғылымдар академиясы, 1903 жылы Америкалық саяси ғылымдар ассоциациясы құрылды.

XX ғасырдың басында саясаттану бөлек академиялық пән ретінде толық бөлініп шықты. Бұл ғылымның халықаралық мәртебе алып, толыққанды қалыптасуына ЮНЕСКО-ның басшылығымен 1949 жылы құрылған саяси ғылымдардың халықаралық ассоциациясы зор рөл атқарды. Ол саяси зерттеудің белсенділігін арттыру жолында қазір де жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі таңда АҚШ-тың, Шығыс елдерінің барлық жоғары оқу орындарында саясаттану жеке пән ретінде барлық факультеттерде міндетті түрде оқытылады, әлемнің ең ірі университеттері оған мамандар дайындайды. Мысалы, АҚШ-та саясаттанудың мамандандырылған 26 саласы бойынша білім береді. Шетелдерде, әсіресе, бұл ғылымның қолданбалы түрі кең өріс алған. Оны бітірген маман саясатшылар маңызды саяси шешімдердің жобаларын сараптауға, партиялар немесе басқа бірлестіктердің сайлау алдындағы бағдарламаларын талдауға, үкіметтік дағдарыстар мен халықаралық қатынастардағы шиеленіс жағдайларының себебін ашуға кеңінен пайдаланады.

Бұрынғы Кеңес елінде бұл ғылымды партияға, халыққа қарсы, буржуазиялық ғылым деп айдар тағып, оқытпаған болатын. Себебі, Кеңес өкіметі, шын мәнінде, саяси сауатты адамдарды даярлауға

мүдделі болмады. Ондай жағдайда тоталитарлық жүйе 70 жылдан артық дәуіренін құра алмаған да болар еді.

Бірақ бұдан ол кезде саяси ғылымға еш көңіл бөлінбеген екен деген ой тұмауға тиіс. Саясат мәселелері қаралып, зерттеліп жатты. Алайда, олар ғылыми коммунизм, тарихи материализм, Коммунистік партия тарихы сияқты коммунистік идеологияға негізделген пәндердің шеңберінен шықпайтын және ең алдымен қандай әлеуметтік-саяси процестер социализм мен коммунизмге әкелуі мүмкін, соның жолдарын іздейтін.

Саясаттануға деген көзқарас 80 жылдардың екінші жартысында бұрынғы Кеңес Одағындағы түбегейлі реформаларға, қоғамның демократиялануына, тоталитарлық жүйенің күйреуіне байланысты өзгерді. 1989 жылдан Жоғары аттестациялау комиссиясында саясаттанудан эксперттік кеңес жұмыс істей бастады. 1990 жылы КСРО-ның ғылым және техника бойынша мемлекеттік комитеті “Саяси ғылымдар” деген атпен саяси ғылым қызметкерлерінің тізімін ресми түрде бекітті. 1989-1990 оқу жылдарында Балтық бойы елдерінде, 1990 жылдан бастап ТМД-ның басқа елдерінде саясаттану оқытыла бастады. Қазір Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында бұл ғылым жеке пән ретінде өтілуде. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті және Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті және т.б. жоғары оқу орындарында бұл салада арнаулы мамандар даярлайды.

§ 2. Саясаттану пәні, ұғымдары, әдіс-тәсілдері мен қызметтері

Саясаттанудың пәні жөнінде алыс, жақын шетелдік болсын, біздің елдің ғалымдарының арасында болсын бірыңғай, жалпы жұрт танып мойындаған анықтама, тоқтам жоқ. Оның ауқымы мен мазмұны, қарастыратын мәселелер шеңбері, жеке ғылыми пән ретінде ерекшелендіретін белгісі, өлшемі не болуы керек деген сауалдар төңірегінде бірталай көзқарастар бар. Кейбір ғалымдар оған қоғамда билікті жүргізетін немесе оған әсер ететін мемлекет, партиялар және басқа саяси институттар туралы ғылым ретінде қарайды. Әлбетте, саясаттанудың бұл мәселелермен айналысатынында дау жоқ. Дегенмен, оның өрісін тек солармен шектеуге әсте болмайды. Себебі, ол солармен қатар жалпы саяси теориялар мен нақтылы саяси іс-әрекеттерді, саяси процестер

мен жүйелерді, халықаралық қатынастарды да зерттейді, еларалық салыстырмалар да жүргізеді. Сондықтан мұндай көзқарас саясаттануға тар мағынасында қараған болып шығады.

Ғалымдардың екінші тобы саясаттануды ғылымға қатан негізделген, әсіресе тәжірибелік (*эмпирикалық*) әдіс-тәсілге сүйенген, нәтижесін тексеріп білуге болатын ілім ретінде түсінеді. Оны жақтаушыларды *бихевиористер* дейді (олар туралы кейінірек сөз болады). Олар бұл ғылымды математика, кибернетика және т. с. с. нақтылы ғылымдарға телиді. Мұндайда теориялық қыры (мысалы, қоғам мен мемлекеттің мән-мағынасын, саяси идеяларды, саясаттың негізінде жатқан заңдылықтар мен қайшылықтарды зерттеу, қоғамды сын көзбен сараптау және т. б.) тыс қалады. Бұл бағытты жақтаушылар, түптеп келгенде, саясаттануды теориялық және практикалық жаққа бөліп, екіншісін басшылыққа алып отыр. Бұлай білімнің екі түрін бір-біріне қарсы қоюшылықпен келісуге болмайды. Себебі, теория мен практиканы бөліп қарау адамзат тарихында талай рет тығырыққа тірелткен.

Әрине, аталған тәсіл сайлаудың дауыс беру нәтижесін, оған жұмсалған қаражатты, қай партияның жақтаушылары көп не аз болғанын және т. с. с. сан жағынан нақтылы есептеп шығуға мүмкіндік береді. Бірақ “еркіндік”, “тендік”, “әділеттік”, “егемендік”, “демократия” және т. б. сияқты маңызды категорияларды сандық мөлшерде есептеп шығаруға келмейді.

Саясаттануды зерттейтін ғалымдардың көпшілігі (үшінші топ) бұл ғылымды саясат туралы жалпы, оның барлық көріністерін қамтып, тәртіпке келтіретін, жинақтап біріктіретін ғылым деп санайды. Бұл пікірді Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) басшылығымен 1948 жылы Парижде өткен саясаттанушылардың Халықаралық коллоквиумы да мақұлдады. Оған қатынаскан дүние жүзінің белгілі ғалымдары саясаттану пәні мына бөлімдерден тұрғанын жөн деп тапты: 1) саяси теориялар (олардың пайда болуы, дамуы және қазіргі кездегі қызметі); 2) саяси институттар (конституциялар, аймақтық және жергілікті басқару; көпшілік әкімшілігі, саяси институттарды салыстырып зерттеу); 3) партиялар мен қоғамдық ұйымдар; 4) қоғамдық пікір; 5) халықаралық саясат (халықаралық ұйымдар мен халықаралық құқық).

Саясаттану пәні қоғамның саяси саласын, оның даму заңдылықтарын, қазіргі саяси өмірді ұйымдастыруды, басқаруды, оның құрылысы мен жұмыс істеуін зерттейді. Ол адамзаттың демок-

ратиялық қоғамдағы құқығы, еркіндігі мен міндеттері, жеке адамның саяси-құқықтық жағдайы, оның саяси өмірге қатынасу тәсілдері, саяси өзгерістердің түрлері, саяси мәдениетті қалыптастырудың мазмұны мен жолдары, қазіргі замандағы сан түрлі саяси идеялық көзқарастар, жанаша саяси ойлаудың мәні, қазіргі дүниежүзілік дамудың қозғаушы күштері туралы түсінік береді. Ол бұрынғы және қазіргі саяси жүйелерді, адамның санасындағы, көзқарасындағы, мақсат-мүддесіндегі және мінез-құлық, іс-әрекетіндегі саяси өзгерістерді қарастырады. Ол, бір жағынан, жиналған деректерді қорытады, екінші жағынан, құбылыстардың өзара ұқсастығы бойынша болашаққа болжам жасайды.

Сайып келгенде, саясаттану дегеніміз саясат туралы, саясаттың адам және қоғам арасындағы қарым-қатынастары туралы жинақталған ғылым. Ол саяси биліктің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын, оның жұмыс істеуі мен пайдалануын, түрлері мен әдіс-тәсілдерін зерттейді.

Саясаттану саяси құбылыстар мен өзгерістердің мән-мағынасын түсініп-білу үшін бірталай әдістерді пайдаланады. Әдіс деп зерттеу жүргізуді ұйымдастыру тәсілін айтады. Оларға салыстырмалы, жүйелеу, социологиялық, тарихи, бихевиористік, нормативтік және т. б. әдістер жатады.

Салыстырмалы әдіс әр түрлі елдердегі саяси құбылыстарды салыстырып, олардың жалпы жақтарын және жеке ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік береді. Ол елдегі саяси тұрақтылық пен саяси жағдайды бағалауға, соның негізінде нақтылы саяси шешімдер қабылдауға көмектеседі. Бұл әдістің әсіресе қазіргі Қазақстан Республикасында алатын орны зор. Себебі, жүргізіліп жатқан саяси реформалардың табысты болуы көбіне басқа елдердің озық тәжірибесін тиімді пайдалануға байланысты болмақ.

Жүйелеу әдісі саяси құбылыстарды басқа күрделі құрылымның бір бөлігі ретінде қарап, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік өмірдегі орнын, қызметін айналадағы ортамен, басқа құбылыстармен байланысты зерттейді.

Социологиялық әдіс саясатты қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік құрылым, мәдениет және т. б. жағдайына байланысты анықтайды.

Тарихи тәсіл саяси құбылыстарды мерзімі жағынан дәйекті, заманына қарай, бұрынғы, қазіргі және болашақтың байланысын айқындай отырып қарастырады. Ол әр түрлі саяси оқиғалар-

ды, процестерді, деректерді олардың болған уақыт мезгілін еске ала танып-білуді талап етеді.

Бихевиористік әдіс жеке адамдар мен топтардың іс-әрекетін, белгілі бір саяси жағдайларда адамдардың өздерін өздері қалай ұстауын талдауға негізделеді. Бұл әдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп-білуге болады дейді.

Нормативтік әдіс (XIX ғасырға дейін жиі пайдаланылған) қоғамдық игілікті ең мол қамтамасыз ететін немесе адамға әуел бастан тән ажыратылмас табиғи құқықты іске асыруға барлық мүмкіндікті жасайтын саяси құрылыстың түрін іздейді.

Ал бұрынғы Кеңес Одағы кезінде ең дұрыс және мызғымас тәсіл болып есептелген *диалектикалық-материалистік әдіс* болатын. Ол табиғаттағы, қоғамдағы және санадағы құбылыстар мен процестерді бірімен-бірі тығыз байланыста және үздіксіз даму жағдайында болады деп санайды. Бұл әдісті ешкім жоққа шығармайды. Бірақ коммунистік көзқарас сияқты бір ғана бұл әдістің шеңберінде қалуға және болмайды.

Жоғарыда аттары аталған әдістермен қатар басқа да әдіс-тәсілдер бар. Бұлардың бәрі де саяси процестер мен олардың дамуы жөнінде шынайы мағлұматтар алуға тырысады. Сондықтан қазіргі демократиялық мемлекеттерде саясатқа байланысты жағдайларды зерттегенде сан түрлі әдістемелерді пайдаланады.

Ғылымның басқа салаларындағы сияқты саясаттанудың да өзіндік ұғымдары (категориялары) бар. Оған саяси құбылыстар мен процестердің мәнін білдіретін ғылыми терминдер, сөз тіркестері жатады. Мысалы: “саясат”, “саяси билік”, “саяси жүйе”, “саяси тәртіп”, “саяси партия”, “саяси мәдениет”, “саяси әлеуметтену”, “саяси өмір”, “саяси қатынастар”, “қоғамдық ұйымдар”, “мемлекет”, “демократия”, “егемендік”, “құқықтық мемлекет”, “азаматтық қоғам”, “ішкі саясат”, “сыртқы саясат” және т. б. Қоғамды бұдан басқа да ғылымдар зерттейтін болғандықтан, жоғарыда көрсетілген ұғымдарды басқа қоғамтану пәндері де (тарих, әлеуметтану, фәлсафа, құқықтану) пайдалануы мүмкін. Бірақ олар бұл категорияларды өз пәніне сәйкес қолданады.

Қай ғылым болмасын белгілі бір қызметтерді (функцияларды) атқарады. Саясаттануда да ондай міндеттер бар. Оған ең алдымен *танымдық (гносеологиялық)* қызметтер жатады. Олай дейтініміз саяси білім қоғамдағы оқиғаларды танып-білуге, олардың саяси мәнін түсінуге және болашақты болжауға мүмкіндік береді.

Ғасырлар бойы Ресей империясы, одан кейін кенестік тоталитарлық тәртіп саясат пен билік сырын бүгіп келді. Қазірдің өзінде де халқымыздың саясат пен саяси жетекшілердің іс-әрекеттері жөнінде хабарлары аз. Көбіміз саяси қайраткерлердің сөздерінің, ұрандарының, бағдарламаларының сырында не жатқанын байқаймаймыз. Оларды білмей демократиялық жолмен алға басу қиын. Ондай білімді тек саясаттану ғана бере алады.

Саясаттану *бағалау (аксеологиялық)* қызметін атқарады. Ол саяси құрылысқа, институттарға, іс-әрекеттерге және оқиғаларға саяси баға береді.

Демократиялық мемлекеттерде саясаттану *саяси әлеуметтену* міндетін атқарады. Ол азаматтықты, халықтың демократиялық саяси мәдениеттілігін қалыптастырады.

Саясаттану *реттеушілік, басқару* қызметін атқарады. Оның ерекшелігі — қоғамның саяси өмірімен тығыз байланысында. Соған орай ол адамдардың саяси өмірінде өзін-өзі ұстауына, іс-әрекетіне тікелей әсер етеді. Саяси дамудың үрдіс, бағдарын бақылай отырып, саясаттану қоғамдық оқиғаларды тиімді басқару үшін нақтылы мәлімет, мағлұматтар береді. Саяси білімдер, сипаттамалар, кеңестер адамдардың күнделікті практикалық іс-әрекетінде басшылыққа алынады.

Саясаттану саяси өмірді *жетілдіру* міндетін де атқарады. Бұл ғылым саяси институттар мен қатынастарда, басқаруда реформалар жасап, оларды қайта қарауда теориялық негіз болады. Оның көмегімен заң шығарушы және атқарушы органдар қабылдайтын құқықтық жарғылар мен саяси-басқарушылық шешімдер алдын ала сарапқа салынып, зерттеледі, қоғамда немесе оның жеке аймақтарында қалыптасып жатқан нақтылы жағдайлар саяси тұрғыдан талданады. Солардың негізінде ол кейбір саяси институттардың жойылып, оның орнына бүгінгі талапқа сай басқалары келу керектігін негіздейді, мемлекеттік басқарудың қолайлы үлгілерін іздестіреді, әлеуметтік-саяси шиеленістерді ауыртпалықсыз шешу жолдары мен әдістерін көрсетеді.

Ең соңында саясаттанудың *болжау* қызметін атаған жөн. Саяси зерттеулердің құндылығы саяси процестердің үрдісін айнытпай бейнелеумен ғана тынбайды. Ол белгілі бір саяси жағдайларда алдыңғы қатарлы, озық саяси өзгерістер жасауға бағытталған ғылыми негізделген болжаумен аяқталуы тиіс. Саяси ғылымның түпкілікті мақсаты да сонда.

§ 3. Саясаттанудың негізгі парадигмалары

Парадигма (гректің *paradeigma* – теория, үлгі деген сөзінен) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория. Саясаттануда парадигма деп саяси өмірді бейнелеуде білімді ұйымдастырудың қисынын білдіретін, әлеуметтік құбылыстардың бір тобын теориялық пайымдау үлгісі деп мойындаған негізгі тұғырнама желісін айтады. Парадигма жасау арқылы зерттеушіде белгілі бір саяси құбылысты зерделеудің негізгі өлшемі, қалпы қалыптасады. Соған орай ол деректерді жинап, талдайды, түсіндіреді, мағлұматтарды жинақтайды, жүйелейді.

“Парадигма” ұғымын ХХ ғасырдың 20 жылдарында ғылыми әдебиетке алғаш енгізген америка философы және қоғам тарихын зерттеушісі – Г. Кун. Кейін бұл ұғым ғылымның барлық саласында, соның ішінде саясаттануда кеңінен пайдалануда. Кунның ойынша, парадигма саясатты зерттеуге бағыт береді. Сол бағыт бойынша зерттеуші белгілі бір дәстүрлерге, саяси идеялар мен теорияларға сүйене отырып нақтылы мәселені шешеді. Ол саясаттың барлық тарихын бір парадигманың екінші парадигманы үнемі ауыстырып отыруымен түсіндіреді. Ол үшін қоғамда қалыптасқан парадигмаларға өмірдің даму барысында қайшылықтар шығады, олар ұлғая келіп жана жүйелі парадигманы тудырады. Ол біртіндеп ықпалын кеңітіп, негізделеді және алдыңғы парадигманы ығыстырып, ауыстырады. Кейін оның өзі де осындай күн кешеді, яғни басқа парадигмамен ауыстырылады.

Саясаттану парадигмаларын жинақтай келе оларды теологиялық, натуралистік, әлеуметтік және тиімді – сыни деп жүйелеуге болады. Енді қысқаша соларға тоқталалық.

Теологиялық парадигма. Ол саясатты, билікті құдайдың күдіретімен түсіндіреді. Бұл парадигма саяси ғылымның алғашқы дами бастаған кезеңінде пайда болған. Ол кезде барлық әлеуметтік-саяси құрылыс, мемлекет құдайдың күдіретімен жасалады және дамиды делінді.

Натуралистік парадигма. Ол саясатты әлеуметтік сипаты жоқ табиғи себептермен, атап айтқанда географиялық ортамен, биологиялық және психологиялық ерекшеліктермен түсіндіреді.

Географиялық ортаның саясатқа ықпал етуі туралы ертедегі ойшылдар Гиппократ, Платон, Аристотельдер атап айтқан болатын. Алайда оны теориялық түрде негіздеген француз ойшылы Ж. Боден (1529–1596) болды. Оның идеясын одан әрі дамытқан

сол елдің философы Ш. Монтескье (1689–1755). Оның ойынша, географиялық орта, әсіресе климат халықтың рухын, мемлекеттің құрылыс түрін, қоғамдық құрылыстың сыр-сипатын айқындап, саясатында шешуші рөл атқарады. Ал Оксфорд университетінің профессоры Маккиндер ХХ ғасырдың басында теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттер даму жағынан артта қалады деді. Ол дүниені құрылықтық және теңіздік күштер деп екіге бөлді. Қалай болса да, бүгінгі таңда елдің географиялық жағдайы оның сыртқы саясатын қалыптастыруға әсер ететіндігі даусыз.

Саясатты биологиялық себептермен түсіндірушілер (неміс ғалымы П. Майер, австриялық К. Лоренц) саяси процесті адамның туа біткен физиологиялық қасиеттерімен байланыстырады. Бұларға адамдардың саяси саладағы іс-әрекеттерін зерттеуді алға тартатын бихевиористерді де жатқызуға болады (американдық ғалымдар Ч. Мерриам, Г. Лассуэлл).

Натуралистік парадигмаға психологиялық бағыт та жатады. Ол саяси даму процесін адамның психологиялық қасиеттерімен түсіндіреді. Бұл бағыттың негізін қалағандар Г. Тард, Г. Лебон, Э. Дюркгейм, Б. Рассел және т.б. Мысалы, Б. Рассел биліктің мәнін білу үшін адам өміріндегі қорқыныш, үрей, торығу, қамығу, ұжымдық долылық (ашу-ыза) сияқты психологиялық құбылыстарды зерттеп білу қажет дейді. Өйткені, оның ойынша, саяси лидерлерге өздерін диктатор еткізетін осы қасиеттер, олар өктемдіктерін жүргізу үшін халықтың осы қасиеттерін ұтымды пайдаланады. Сондықтан, дейді ол, диктаторлық тәртіпті болдырмаудың әдісі – ел ішінде жоғарыда аталған құбылыстарды тудырмайтындай жағдай жасау.

Әлеуметтік парадигма саясаттың табиғаты мен пайда болуын әлеуметтік факторлар арқылы түсіндіреді. Мысалы, марксизм саясаттың мәнін экономикалық қатынастардан шығарды. Ол қоғамның әрбір экономикалық базисі (құрылысы) қажетті түрде өзіне сәйкес қондырма тудырады деді. Яғни белгілі бір экономикалық базис негізінде саяси, құқықтық, философиялық, діни, этикалық, эстетикалық, т.с.с. көзқарастар мен идеялар пайда болып, дамиды.

Батыс саясаттануында кең тараған тағы бір тұжырымдамаға “құқық үстемдігі” теориясын жатқызуға болады. Оның негізін салушылар Р. Моор, Дж. Гудмен, Г. Макдональд және т.б. саясатты құқық тудырады деп санайды. Олардың ойынша бір заңның

орнына жаңа өмір талабына сай келетін екінші заң келеді. Сөйтіп заңдардың бірін-бірі алмастыруы қоғамды жетілдіреді, алға жылжытады. Яғни заңдардың алмасуы қоғамның қозғаушы күшіне жатады дейді. Сондықтан саяси өмірді сараптап, талдау үшін, олардың пайымдауынша, зерттеуші құқықтық нормаларды зерделеуі керек.

Әлеуметтік парадигманың бір түрі ретінде мәдениеттанулық көзқарасты қарауға болады. Ол саясаттың мәнін, саяси процестердің мазмұнын адамдардың мәдени даму деңгейімен, ұстанатын, басшылыққа алатын құндылықтарымен түсіндіреді. Адам соған байланысты саяси өмірде іс-әрекет жасайды деп қарайды.

Тиімді (рационалды) – сыни парадигма. Ол саясаттың табиғатын оның өз ішіндегі себептермен, қасиеттермен, элементтермен түсіндіреді. Оны жанжалдық және мәмілеге келу парадигмалары деп екіге бөлуге болады.

Жанжалдық парадигма XIX ғасырда пайда болды. Оның негізін қалағандар К. Маркс, А. Бентли, Земмель, Козер және т.б. Олар саяси өмірге дау-жанжал, шиеленістер шешуші рөл атқарады дейді. Қазір бұл теорияны қолдаушыларға Р. Дарендорф, Дж. Бертон, К. Ледерер және т.б. жатады. Бірақ олар К. Маркс сияқты саяси дау-жанжалды тап күресіне, қоғамдық құрылыстың түбегейлі өзгеруіне апармайды, қоғамдағы билік қорлары үшін бәсекелестікті, әлеуметтік тапшылықтан туатын мәселелерді шешу саяси организмнің өзін-өзі жетілдіріп, дамытуына әкеледі дейді.

Мәмілеге келу (консенсус) парадигмасының өкілдеріне М. Вебер, Дьюи, Э. Дюркгейм, Т. Парсонстар жатады. Олар саяси өмірдегі дау-жанжал, қайшылықтарды жоққа шығармайды. Алайда оларды мәмілеге келуден кейінгі екінші орынға қояды. Халықтың арман-аңсарының, негізгі әлеуметтік және мәдени құндылықтарының, бағдарларының бірлігі адамдар арасында туатын қайшылықтарды саналы түрде реттеп, шешуге, қоғамда тұрақтылық пен ынтымақтастықты орнатуға көмектеседі. Олар саяси мәселелерді шешуге күш қолдануға, қоғамның революциялық жолмен дамуына қарсы. Бұл бағытты ұстанушылар орта топ санының көбеюі арқасында Батыс елдерінде таптық қарсыласу жойылды дей келіп, оның қоғамдағы рөліне үлкен үміт артады.

Саясаттанудың негізгі парадигмалары мен олардың түрлері осындай.

§ 4. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы және оны оқып-білудің маңызы

Саясаттану басқа қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Себебі олардың бәрінің зерттеу объектісі — ортақ қоғамдық өмір. Олар бірталай ортақ ұғымдарды да пайдаланады. Бірақ та әрбір қоғамтану ғылымының өзіндік пәні бар. Сондықтан саясаттанудың басқа гуманитарлық ғылымдар арасындағы ерекшелігін, алатын орнын анықтап алған ләзім.

Саясаттану ең алдымен *фәлсафамен (философиямен)* тығыз байланысты. Фәлсафа — табиғат, қоғам және таным дамуының негүрлым ортақ заңдылықтары туралы ғылым. Ол тіршіліктің түпкілікті себептерін, рухани байлықтардың негізінде не жатқанын және т. с. с. ашып, дүниеге тұтас көзқарас туғызады. Сондықтан ол басқа пәндер сияқты саясаттануға жалпы әдістемелік ғылым болып келеді. Ол саясатты фәлсафалық тұрғыдан дәлелдейді, саяси құбылыстар мен процестерді талдауға дүниетанымдық бағдар береді. Бірақ ол мәселелерді, құбылыстарды, өмірдің жекелеген жақтарын қарастырғанда өзінің өресі тарлығын байқатады. Саясаттану қоғам өмірінің саяси саласындағы жалпы заңдылықтарды нақтылайды, айқындайды, саяси танымды тереңдетеді, саяси көзқарасты қалыптастырады. Сайып келгенде, саясаттану өмірдің жалпы жақтарын қарастырғанда фәлсафа тұжырымдарына сүйенеді, ал саясаттың нақтылы жақтарына келгенде фәлсафа саясаттануға жүгінеді.

Саясаттану *экономикалық теориямен* өзара байланысты. Саяси экономия саяси процестерді экономикалық тұрғыдан дәлелдей отырып, ол процестердің негізінде әр түрлі әлеуметтік топтардың өз мүдделерін жүзеге асыру үшін күресіп жатқанына көз жеткізеді. Саясаттану экономикалық саясатты дайындау және іске асыру, ол процестерді мемлекеттік реттеу принциптерін ғылыми түрде негіздейді.

Саясаттану *құқықтық ғылыммен* тығыз байланысты. Құқық адамдардың қоғамдағы қатынастары мен тәртібін, жүріс-тұрысын реттейді. Ол саяси шешімдерді дайындап, іске асырудың құқықтық тетіктерін көрсетеді, құқықтық және мемлекеттік нормалар мен институттардың қиысқан, түйіскен жерлерін қарастырады. Құқықты К. Маркс заңға айналдырылған экономикалық үстем таптың еркі деп атаған.

Саясаттану құқықтануға жалпы теория, оның теориялық-әдістемелік негізі іспеттес. Саяси өкімет жүйесінсіз әлеуметтік,

оның ішінде құқықтық ережелер мен қатынастар жалпыға міндетті сипат алып орындалмайды. Сонымен қатар құқықтық тұрғыда қалыптаспай саяси өкімет те әдеттегі қызметін атқара алмайды.

Саясаттануға жақын ғылымдардың бірі — *әлеуметтану (социология)*. Саясаттану саясатты белгілі бір заңдылықтарға бағынып, іс жүзінде белгілі бір принциптерді жүзеге асыратын, дамып, өзгеріп отыратын процесс ретінде қарайды. Ал әлеуметтану оған процесс ретінде емес, адамдық өлшем ретінде қарап, әлеуметтік ортаның саяси салаға етер әсерін зерттейді. Оның айналысатын мәселелері адамды және қауымдастықты дамытуға саясат не бере алады және саясатты жетілдіру үшін адамдар не істей алады. Сайып келгенде, саясаттанудың негізгі назары саясатта болса, әлеуметтанудың назары саясатты жасаушы адамда болады. Олардың арасындағы байланыс әсіресе саясаттануды сандық әдіс-тәсілдерді пайдалануға байланысты күшейе түседі.

Тарих болса жүйелі, дәйекті түрде оқиғаның болған уақытына байланысты саяси институттар мен идеялардың дамуы туралы деректерді жинап, суреттейді.

Аты аталған ғылымдармен қатар саясаттану басқа да *адамгершілік* ғылымдарымен байланысты. Солай бола тұра саясаттанудың өзіне тән зерттеу объектісі бар. Оған қоғамның саяси саласы, ондағы болып жатқан барлық саяси құбылыстар мен процестер жатады.

Қазір еліміз тәуелсіздігін алып, шын мәнінде, демократиялық жолға түсіп жатқан кезде азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет орнату үшін саясаттану пәнін оқып-үйрену болашақ мамандарға ауадай қажет.

Әкімшілік экономикадан нарықтық шаруашылыққа, тоталитарлық жүйеден демократиялық құқықтық мемлекет құруға өту жұртшылықтың саяси мәдениетін түбегейлі өзгертуді талап етеді. Саясаттануды оқып-үйрену саяси шыдамдылықты, келісімге, ымыраға келуге дайын болуды, өркениетті және заң шеңберінде, демократиялық институттар арқылы өз мүдделерін білдіріп, қорғай білуді, әлеуметтік шиеленістердің алдын алып, болдырмай немесе оларды ауыртпалықсыз жеңілірек шешу сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Қазіргі демократиялық мемлекеттерде саяси оқу институттарының қызметі негізгі адамгершілік құндылықтарды, әсіресе, әрбір тұлғаның еркіндігі мен абыройын, оның табиғи, ажырамас құқықтарын мойындап, қадірлеуге негізделеді.

Саяси білім азаматқа өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси құрылысты, мемлекеттегі өз орны мен рөлін, құқығы мен міндеттерін дұрыс ұғынып, жете түсінуге көмектеседі. Оның мақсаты — адамды күрделі әлеуметтік-саяси жағдайда лайықты жөн таба білуге, басқа адамдардың мүдделері мен құқығын сыйлай отырып, өз мүддесін қорғай білуге үйрету. Сонымен қатар ол азаматтарды демократиялық тәртіпті және оны қамтамасыз ететін мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарды сыйлауға баулиды. Себебі, берік саяси тәртіпсіз жеке адамның шын мәніндегі еркіндігі болуы мүмкін емес.

Бұрын саяси білімнің мақсатын негізінен азаматтардың арасында “этикалық парызы” насихаттауға, оларды мемлекет және оның шығарған заңдарын сыйлаушылықты, азаматтық міндеттерін орындауға әрқашан дайын болуды қалыптастыруға саятын. Ең алдымен тек мемлекеттің қажеттілігін ескеретін мұндай тәсіл, қозғалыс Еуропада, әсіресе Германияда, XX ғасырдың 60 жылдарына дейін орын алды. Ал АҚШ-та көптеген жылдар бойы саяси білімнің пайдалы нәтижеге жетуді көздеген прагматикалық бағыты басым дамыған. Ол азаматтарды өзінің өмірлік мәселелерін басқа адамдармен өркениетті қарым-қатынаста, ынтымақтастықта шешуді үйретеді. Әр түрлі дау-дамай, шиеленістерді онша ауыртпалықсыз, қатты қиналмай реттеуге баулиды. Қазір демократиялық елдерде саяси білім жүйесі еуропалық және америкалық ғұрыптарды біріктіруге, бүкіл мемлекетпен қатар жеке тұлғалардың мүдделерін үйлестіре, ескере отырып шешуге тырысады.

Біздің заманымызда қандай кәсіппен айналысқанына қарамастан, саяси білім мен мәдениет әр адамға қажет. Себебі, ол қоғамда тұрып, тіршілік еткендіктен басқа адамдармен және мемлекетпен сөз жоқ бірлесіп әрекет етуі керек. Мұндай білімі жоқ адам саяси істерде амал-айла, қулықтың құлы болып кетеді. Оны саяси жағынан белсенді күштер өз мақсатына пайдаланып, ойындағысын істейді.

Азаматтардың көпшілік саяси сауаттылығы қоғам үшін де қажет. Саяси сауаттылық қоғамды бір адамның дара әкімшілігіне негізделген үкімет жүйесінен, қатал, деспоттық басқарудан, адамгершілікке қарсы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдастырудың экономикалық тиімсіз түрлерінен сақтандырады. Сондықтан адамдарды біріктіріп бір мемлекеттің ішінде өркениетті өмір сүруге тек жеке адам ғана емес, бүкіл қоғам мүдделі және ол осы бағытта талмай тиімді жұмыс істеуі тиіс.

Сонымен, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін баянды етуге, билік құрылымдарын қалыптастыруға, қоғамдық өмірді демократияландыру, саяси мәдениетті сомдау, өсіп келе жатқан ұрпақты саяси әлеуметтендіруге саясаттандыру курсы оқып-үйренудің маңызы өте зор.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Саясат деген не, ол қашан пайда болды?
2. Саясаттан тыс адам өмір сүре ала ма?
Аристотель “адам өзінің табиғаты бойынша саяси тірі жәндік” деп не себепті айтқан?
3. Саясаттанудың негізгі қарастыратын мәселелері қандай?
4. Саясаттың қызметтеріне не жатады?
5. Саяси процестерді зерттегенде саясаттану қандай әдістерді пайдаланады?
6. Саясат пен моральдың ерекшеліктері неде?
7. Саясатты тек ғылым ғана емес, өнер де дейді. Неге?
8. “Теориялық” және “қолданбалық” саясаттанудың ара қатынасы қандай?
9. Басқа әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың ішінде саяси ғылымның орны қандай?
10. Тұлғаның саяси мәдениетін қалыптастыруды, оның демократиялық құндылықтарды бойына сіңіруге саясаттанудың әсері қандай?
11. Саясаттанудың Сіздің мамандығыңызға қажеті бар ма? Қандай?

2 - т а р а у. САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Кейбіреулер саясаттанудың даму жолын оқып керегі не деп те ойлауы мүмкін. Ондай ой ағаттық болар еді. Себебі, *біріншіден*, қазіргі өркениетті деп саналатын қоғамдық құрылыс, демократиялық идеялар бір күн немесе бір жылда пайда бола қойған жоқ. Оған мыңдаған жылдар бойы озық ойлы данышпан ойшылдар ерінбей еңбек етіп, әрқайсысы өшпестей өз үлестерін қосты. *Екіншіден*, қоғамдық ой-пікірде түпкілікті, үзілді-кесілді шешуге келмейтін мәңгілік мәселелер де кездеседі. Әрбір тарихи дәуір оларға өзінше ой жүгіртіп, өзінше баға береді. Ал тарих болса, ескі қателіктерді қайталамауға үйретеді. *Үшіншіден*, адамзат ақыл-ойы дамуының өзіндік ішкі қисыны, логикасы болады. Оларды оқып-білу арқылы адам өркениеттіліктің сатыларынан өтіп, са-

яси тәжірибе жияды. Сондықтан саясаттанудың тарихын білмей, қазіргі саяси жағдайды толық түсіну қиындық етеді. *Төртіншіден*, кейбір саяси теорияларды негіздеушілер және олардың жақтаушылары өз іс-әрекеттерінің шындығын дәлелдеу үшін тарихи дәстүрлерге жүгінуді ұнатады. Бұл да тарихи тағылымға талмай үнілуді талап етеді. Сондықтан саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін өткен замандардағы ғұлама ғалымдардың, данышпан дарындардың саралы саяси ой-пікірлерін оқып-үйренудің маңызы зор.

Саясаттанудың даму тарихын зерделегенде тағы бір есте болатын жай — қай заманның ойшылдарын болмасын ойландырған, әлі де ойландыратын ортақ мәселелер бар. Олардың қатарына жататындар: мемлекет деген не, ол қалай пайда болды, не үшін керек, оның ең жақсы түрі бар ма, билігінің шегі қандай, әділдік деген не, саясат пен адамгершіліктің арақатынасы қандай және т. с. с. Бұл мәселелер жөнінде әр ойшылдың өзіндік пайымдаулары болғандығын төменде жиі байқайтын боламыз.

§ 1. Күлдық дәуірдегі саяси ой-пікірлер

Адамзат қоғамы сияқты, ғылым мен білім, мәдениет пен әдебиет біркелкі дами қоймайды. Олардың шарықтап шалқитын, күлдырап түсетін де кезеңдері болады. Тарихта белгілі ең алғаш өрелі өркениеттіліктің ошағы болып, күлпырып гүлдену Ежелгі Шығыс — Мысыр (Египет), Вавилон (Ирак), Үндістан, Қытай, Парсы (Иран) елдеріне келеді. XV ғасырға дейін Шығыс мәдениеті Батыс мәдениетінен шоқтығы көш жоғары болып, өркениеттіліктің үлгісін көрсетті. Мұнда ең алдымен математика, геометрия, астрономия, медицина сияқты нақты ғылымдар басым дамыды.

Шығыс елдерінде жоғарғы билік шектелместен монархтың (халиф, хан, патша, сұлтан, король, император және т. т.) қолында болды. “Жерге мемлекет иелік етеді, ал мемлекет бүкіл халықтың игілігі үшін қызмет етеді” деген көзқарас қалыптасты. Патша әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарға әкелік қамқорлық көрсетеді, ал оның қол астындағылардың оған ешқандай талап қоюға қақылары жоқ. Себебі, билеуші халық алдында емес, тек құдай алдында ғана есеп береді. Бұл елдердің тәртібі, саяси ойы өткен ұрпақтың дәстүр-салтына берік берілгендікті білдіретін. Қоғамда орнатылған тәртіп өмір бақи өзгерместей көрінді. Ондағы өзгерісті адамдардың құдай қағидаларын орындамағандық-

тан туып отыр деп ұқты. Билік орнатылған тәртіпті, шындықты, әділеттікті, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құралы деп есептелінді.

Батыс елдерінің ішінде саяси идеялар Ежелгі гректерде қатты дамыды. Онда қоғам Шығыс елдерімен салыстырғанда көп жағдайда карама-қарсы өрістеді. Греция ол кезде саяси бытыранқы күн кешкен ел еді. Саяси ұйым түрін жеке мемлекет болып саналған қалалар (полистер) құрды. Патшалық өкіметтің орнына аристократиялық және күл иеленушілік демократия орын алды. Билеу түрі сан алуан болатын және жиі ауысып отырды. Саяси өмір қызу өрбіді, ол саяси сана теориясының терең дамуына әкелді. Сондықтан олардың саяси санасы мифтан теорияға тез ауысты.

Көне гректерде саяси ғылымға мол мұра қалдырған ойшылдар көп. Бірақ біз солардың ішінде ең көрнекті екі өкіліне — Платон мен Аристотельге тоқталамыз.

Платон б. з. б. 427—347 жылдарда өмір сүрді. Шын аты — Аристокл. Жасында спортпен көп шұғылданды, жоғары көрсеткіштерге де жетті. Жауырыны кең болды. Сондықтан оны Платон (кең жауырынды) деп атап кетті. Сол атпен ол адамзат тарихында мәңгілік қалды.

Ол кезде әр ірі ғалымның мектебі болатын. Платон атақты фалсафашы Сократтың мектебінде оқып, оның үздік шәкірті болды. Ол қаза болғаннан кейін қатты қайғырып, біраз елдерді аралады. Кейін Афиныға келіп өз мектебін — академияны ашты.

Платонның екі жүздей еңбектері бар. Олардың ішінде біздің ғылымымызға тікелей қатысы бар шығармалары “Мемлекет”, “Саясатшы”, “Заңдар”, “Софист”, “Парменид” және т. б.

Платонның ойынша, адамдар қажеттіліктерін жеке-дара өтей алмайды. Олар өмір сүру үшін тамақ, киім өндірулері, үй салулары және т. т. жасаулары керек. Біреулері егіншілікпен, екіншілері тігіншілікпен, үшіншілері құрылысшылықпен, төртіншілері етікшілікпен және т. с. с. айналысады. Сөйтіп, олардың бәрі бірігіп қана қажеттіліктерін өтейді. Осы бірігудің арқасында қоғам, мемлекет пайда болады. Мемлекет адамдарды алаламай, байына да, кедейіне де, азына да, көбіне де қарамай — бәріне бірдей әділ қызмет етуі керек. Бірақ бұдан Платон адамдардың бәрін теңдестірген екен деген ой тумауы керек. Керісінше, ол адамдарды үш үлкен әлеуметтік топқа (сословиеге): 1) өкімдер; 2) қорғаушылар; 3) өндірушілер етіп бөлді. Өкімдерге фалсафашыларды жатқызды. Олар табиғатынан шындықты, ақиқатты, игілік идея-

сын саралап, танып-білуге қабілетті, икемді болуы керек. Қорғаушылар әкімдердің ой, ниеттерін іске асырады, мемлекетті қорғайды. Өндірушілер (егіншілер мен қолөнер) өмірге керекті қаржыларды тауып, мемлекетті материалдық жағынан қамтамасыз етеді. Олар билеу ісіне араласпайды. Әр топ өзіне тиісті қызметті атқаруы керек. Сонда ғана әділдік орнайды. Бір таптан екінші тапқа (әсіресе, төменгі таптан жоғарғы таптарға) өтуге болмайды. Қай сословиенде тусан, соның өкілі боласын. Адамдарды осылай жіктей келе, Платон оларды тым бай немесе өте кедейлікке жібергісі келмеді. Себебі, мұндайда қоғамда ортақ мүдде орнамайды. Сондықтан орта деңгейді ұнатты.

Платон қоғамдық меншікті қолдап, жеке меншікке қарсы тұрды. Өйткені қоғамдағы кикілжіндерді, дау-жанжал, қайшылықтарды тудыратын жеке меншік деп санады. Соған орай әкімдер мен жауынгерлерде жеке меншік пен отбасы болмауын қалады. Олар ортақ игілік үшін еңбек етулері керек. Сондықтан оларды адамды қызықтыратын әзәзіл жеке мүдде, баю жолынан құтқарғысы келді. Сол себепті олардың әйелдері мен балалары ортақ болғанын жөн көрді. Оларды мемлекет өз қамқорлығына алуға тиіс.

Платон мемлекеттік құрылысты 5 түрге бөлді: аристократия, тимократия, олигархия, демократия және тирания. Бұлардың ішінде ең жақсысына аристократиялық мемлекетті жатқызды. Онда ақыл-естілік, парасаттылық билейді, оның принциптері — адамгершілік, абырой, ар-намыс деп санады.

Ертедегі гректердің саяси ой-пікірлерін одан әрі дамытып, фәлсафасын шыңына жеткізген ұлы ойшыл *Аристотель* (б. з. б. 384—322) болды. Ол 17 жасында аты шыққан Платон академиясын іздеп келіп оқуға түседі. Оны үздік бітірген соң 20 жыл бойы сонда ұстаздық етті. Платон дүние салған соң біраз елдерді аралады. Б. з. б. 342—340 жылдары Македония патшасы II Филипптің шақыруымен оның баласы, болашақ император Ескендірді (Александр Македонскийді) оқытып, тәрбиеледі. Кейін Афиныға оралып, өз мектебін (лицейді) ашты. Осында ол бірінші рет саяси ғылымды пән ретінде кіргізіп, өзі сабақ берді. Аристотельді саясаттанудың әкесі дейтіні содан.

Саясаттануға қатысты “Саясат”, “Афиналық полития”, “Этика”, “Риторика” деген еңбектері бар.

Аристотель саясатқа кең мағына берді. Оған этиканы да, экономиканы да енгізді. Саясатты адам мен мемлекеттің жоғарғы игілігі, оның мақсаты — адамды, мемлекетті жақсы тұрмысқа,

молшылыққа, бақытқа жеткізу деп білді. Сөйте тұра, ол күл иеленушілікті қолдады, күлдар мен ерікті кедейлерге саяси құқық бергісі келмеді.

Аристотельдің ойынша, мемлекет — қауымның дамыған түрі, ал қауым — отбасының дамыған түрі. Мемлекетке адамдар белгілі бір игілікке жету үшін бірігеді. Ол мемлекетті дұрыс және бұрыс түрлерге бөлді. Дұрыс түріне монархияны, аристократияны және полицияны (Аристотель дәуіріндегі Грециядағы мемлекеттік құрылыс) жатқызды. Ал тирания, олигархия мен демократияны мемлекеттің бұрыс түрі деп санады. Мемлекеттің дұрыс түрінде әкімдер халық, ел пайдасын ойлайды, билік қоғамға қызмет етеді. Ал бұрыс түрінде олар өз бастарының пайдасын ойлайтын көрінеді.

Ұлы ойшыл саяси басқаруда адам емес заң басқарғанын дұрыс көрді. Себебі, әкім қаншалықты жақсы болғанымен сезімге, ашу-ызаға берілмей қоймайды, ал заң болса байсалдылығын, парасаттылығын жоймайды.

Аристотель Платон айтқан қоғамдық меншікке қарсы шығып, жеке меншікті жақтады. Сонымен қатар ол адамдардың аса байып немесе шектен тыс кедейленіп кетуін құптамады. Себебі, мұндайда қоғамның тұрақтылығы бұзылады дей келіп, орта деңгейді дұрыс көрді.

Саяси ойдың даму тарихында айтарлықтай із қалдырған Ежелгі Рим болды. Онда әсіресе атакты шешен, мемлекет қайраткері және ойшыл *Марк Туллий Цицерон* (б. з. б. 106–43) өмір сүрді. Оның “Мемлекет туралы”, “Зандар туралы”, “Міндеттер туралы” деген еңбектері көпке әйгілі.

Цицерон мемлекеттің пайда болуының негізгі себебі — адамдардың бірігіп өмір сүруге тырысатын табиғи талабының және меншікті қорғау мақсатынан туындайды дейді. Қоғамға және жеке меншікке қол сұғуға болмайды. Бұлардың мызғымастығын бұзушылықты әділеттілік пен құқықты қорлаумен бірдей көрді.

Цицерон мемлекеттің құрылым түрі оны басқарушының “мінезі мен еркіне” байланысты болады деп түсіндірді. Басқарушылардың санына қарай ол мемлекет басқаруды патшалық билік, аристократия (оптиматтардың билігі) және демократия (халық билігі) етіп үш түрге бөлді. Бұлардың әрқайсысының өзінің жақсы жақтары мен кемшіліктері бар. Мәселен, патша рақымшылдығымен жұртқа ұнайды, бірақ мұнда басқа адамдар заң, шешім қабылдаудан сыртта қалады және бір адамның басшылығы зорлық-зомбылыққа оңай айналып кетуі мүмкін. Оптиматтар (арис-

токрагтар) даналығымен бағалы, бірақ олар үстемдік еткенде халық өз еркіндігін пайдалана алмайды, билік аксүйектердің сүркия тобының қолында қалуы мүмкін. Демократия болса бостандығымен жағымды, бірақ халықтың толық билігі зиянды зардаптарға, “тобырдың зорлығы мен есаландығына” әкеліп соқтыруы мүмкін.

Цицерон мүліктік теңдік идеясына қарсы болды, қоғамдық-саяси қатынастарда әлеуметтік жіктелу мен теңсіздікті әділеттілік деп санады.

§ 2. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ұғымдар

Саяси ой тарихында орта ғасырлардағы феодалдық қоғамның орны ерекше. Батыс Еуропада феодализм мың жылдан артыққа созылды (V—XVI ғасырлар). Бұл дәуірде рухани өмірде дін түгелдей үстемдік етті. Христиан діні феодалдық қоғам көзқарасының өзегі, біртұтас христиан мәдениетінің негізі болды.

Орта ғасырдағы Батыс Еуропаның саясат тарихында римдік-католиктік шіркеудің, папалықтың және аксүйек феодалдардың арасында қоғамдағы басқарушы рөл үшін қиян-кескі күрес болып тұрды. Үкімет басында дін иелері ме әлде аксүйектер болуы керек пе деген сұрақ сол кездегі саяси білімнің негізгі мәселелерінің бірі болды.

Шіркеудің саяси талабын дұрысқа шығару мақсатымен оны жақтаушылар патшаға күдіретті шіркеу берді, ал оған мұндай абырой, беделді берген құдай. Сондықтан христиан патшалары шіркеу басшыларына бағынуы керек деп уағыздады. Бұған ақ-сүйектер көңісі келмей, билікті өз қолдарында ұстағысы келді.

Бұл заманда христиан дініне көп еңбек сіңірген **Аврелий Августин** (354—430) еді. Ол христиан фәлсафасының негізгі қағидаларын зерттеп, жетілдірді. Оның саяси көзқарастары “Құдай қаласы туралы” деген еңбегінде баяндалған.

Августин барлық әлеуметтік, мемлекеттік және құқықтық мекемелер мен заңдарды адамның күнәсінің нәтижесі деп санады. Оның ойынша, құдай адамға еріктің еркіндігін береді, яғни ол өз бетімен (күнәһар болып) немесе құдай жолымен өмір сүруге мүмкіндігі бар. Соған орай ол адамдарды құдай жолымен және адам жолымен өмір сүрушілер деп екі түрге бөлді. Бұл топтарды рәміз ретінде екі қала деп атайды. Біріншісін, болашақта құдаймен мәңгілік патшалық құратын, екіншісін, жын-шайтандармен

бірге мәңгілік жапа шегіп, сазайын тартатын адамдардың екі қоғамы деп түсіндірді.

Христиан дінінің саяси теориясын жасап, шынына жеткізген монах **Фома Аквинский** (1225—1274) болды. Оның саяси көзқарастары “Билеушілердің басқаруы туралы”, “Теологияның жиынтығы” деген еңбектерінде қаралды.

Аквинский өз шығармаларында Аристотельдің көзқарастарын католик дінінің қағидаларына бейімдегісі келді. Атап айтқанда, ол Аристотельдің адам қоғамдық және саяси тірі жәндік деген пікірін пайдаланды. Жалғыз адам өз мұқтаждығын, қажеттілігін жеке-дара қанағаттандыра алмайды. Сондықтан мемлекет болып бірігіп өмір сүру адамдардың пешенесіне әуел бастан жазылған деп түсіндірді. Мемлекеттік биліктің мақсаты — “ортақ игілікке” жету, адамдарға лайықты, ақылға сыйымды өмір сүруге жағдай жасау. Ол үшін феодалдық-сословиелік жіктелудің сақталуы шарт. Жоғарғы сословиеге бәрі бағынуы тиіс.

Фоманың ойынша, билік құдайдың күдіретімен орнайды. Сондықтан патшалық билік жоғары діни билікке бағынуы керек, оның түсіндіруінше, аспанда құдай, жерде Рим папасы билеуі тиіс.

Осыған ұқсас саяси көзқарас мұсылман дінінде де орын алды. Ислам саяси билік дін басыларының қолында болуын көздеді. Құранның талабы бойынша қай мұсылман болмасын Аллаға, оның өкіліне және билік иесіне бағынуы тиіс.

Алғашқы исламның үйретуінше діни билік те, ақсүйектік билік те пайғамбардың қолында болу керек, ал ол қайтыс болған соң пайғамбардың орынбасарлары — халифтарға көшуге тиіс. Басында солай болды да. Тіпті, мемлекет мүлкі де құдайдікі деп есептелді. Бірақ 945 жылдан бастап имамдар негізінен діни беделмен шектеліп, нағыз билік ақсүйек-сұлтандарға ауысты.

XX ғасырда феодализм ыдырап, капиталистік қатынастар пайда бола бастады. Жас буржуазияны жақтаушылар католик шіркеуінің озбырлығына, оның діни қатқан қағидаларына қарсы шығып, адам құқығын, ар-намысын қорғауға шақырды. Бұл дүниедегі қызықтан бас тартуды уағыздайтын католик көзқарастарына ақыл мен тәжірибенің күдіретіне сенуді қарсы қойды. Адам мәселесі, оның мемлекетпен арақатынасы саяси ілімде маңызды орын алады. Қоғамдық санада бұл бағыт “гуманизм” деп аталады. Жана буржуазиялық идеологияны жасау үшін антикалық дәуірдің үлгілерін, идеалын пайдаланғандықтан, бұл бағытты Қайта өрлеу деп те атайды. Алдыңғы қатарлы оқымыстылар шіркеу меке-

мелерін сол кездегі феодализмге, католик дініне қарсы бағытталған әлеуметтік-саяси қозғалыс — реформацияның тұрғысынан сынға алынды. Олардың талабы ертедегі христиан дініне сәйкес шіркеуді өзгерту және демократияландыру болды. Сонымен қатар гуманистердің көпшілігі халыққа сенбеді, бұқараның революцияшылдығынан қорықты. Осының бәрі гуманистер көзқарасында карама-қайшылықтар тудырды. Мұны біз олардың еңбектерінен де көреміз.

Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілі буржуазиялық саяси ғылымның негізін салушы *Никколо Макиавелли* (1469—1527) болды. Оның атақты шығармалары “Патша”, “Тит Ливийдің бірінші онкүндігі жөнінде ойлар”, “Флоренцияның тарихы”.

Макиавелли діни көзқарасқа қарсы болды. Шындықтың белгісі сенім емес, тәжірибе деп білді. Ол мемлекет деген атауды ғылымға, әдебиетке бірінші боп кіргізді. Мемлекетті билік жүргізуші мен оған бағыныштылардың қарым-қатынасы деп ұқты. Ол республикалық мемлекетті, еркіндікті, теңдікті қалады. Мемлекет ерікті болса ғана қуатты, абыройлы бола алады. Патша рақымсыз, саран, опасыз, қаһар болмай, қайырымды, адал, қамқоршыл, мырза болуға тырысуы керек. Бірақ елдің бірлігі мен қол астындағы адамдардың берілгендігіне келгенде, Макиавелли әділдік пен адамгершілік емес, алға қойған саяси мақсат тұрғысынан қарады. Ол мақсатқа жету үшін амал, айланын қай түрін болса да қолдануға кеңес берді. Мемлекеттің басын қосып, жаңарту үшін сөзге түсінбейтін кертартпалармен күресте жауыздық пен күшті пайдалануға болады. Қаталдық өзіне бағыныштылардың пайдасы үшін бір-ақ рет қолданылуы керек. Бірақ Макиавеллидің бұл ескертпесі көп жағдайда еске алынбай, “мақсат әдіс, тәсілді ақтайды” деген қағида кейін макиавеллизм деген атпен тарап кетті. Қайбір жауыз патшалар Макиавелли де қаталдықты қолдаған деп, өздерінің қарниеттерін ақтағылары келеді.

§ 3. Жаңа замандағы саяси ой

XVII ғасырда буржуазиялық революция Еуропа көлемінде ең бірінші Англияда болды. Ол феодализмге күйрете соққы беріп, капиталистік қатынастардың тез дамуына жол ашты.

Бұл дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі ағылшын ойшылы *Томас Гоббс* (1588—1679) еді. Оның ойынша, мемлекет қоғамдық

келісімнің негізінде жалпыға бірдей бейбіт өмір мен қауіпсіздікті сақтау үшін пайда болды. Қоғамдық келісім бойынша патшаға (не мемлекет ұйымдарына) жеке адамдардың құқы тапсырылады. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке берді. Ол монархиялық мемлекетті ұнатты.

Франциядағы буржуазиялық революцияның көрнекті өкілі *Шарль Луи Монтескье* (1689—1775) әр халықтың адамгершілік бейнесін, оның заңдарының айырмашылығын, қоғамның дамуын географиялық ортаға (ауа райына, топырағына, жер бедеріне, көлеміне, т.б.) байланыстырды. Бостандық — заң неге ерік берсе, соны істеу. Саяси бостандық экономиканың, өндірістің, сауданың дамуына әсер етеді. Ол сөз, баспасөз, ұждан бостандығын жақтады. Мемлекет азаматтарды өмірге қажетті қаражаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Бостандықты баянды ету мақсатында және төңкерістерге жол бермеу үшін билікті заң шығаратын, атқарушы және сот билігі етіп бөлу керек деді.

Францияның ойшыл-ағартушысы *Жан Жак Руссо* (1712—1778) ұсақ буржуазияның, шаруалардың мүддесін қорғады. Ол еркіндік пен теңдікті ең жоғарғы игілік деп санады. Еркіндіктің кепілі теңдік, ал теңдік саясатта ғана емес, мүлікте де болуға тиіс. Мемлекет шектен тыс байлық пен кедейлікке жібермей, адамдар арасында теңдікті сақтауы керек.

Руссо тікелей халық билігін ұсынды. Егер елдің жері үлкен болса, халықтың өкілдігін қолдануға болады. Бірақ бұл ретте депутат халық қызметшісі болуға тиіс. Руссо оқтын-оқтын халық жиналысын өткізіп, онда үкімет есеп беруін талап етті.

Жаңа заманды сөз еткенде ең алдымен Америка Құрама Штаттарындағы тәуелсіздік үшін күрес кезіндегі саяси ілімнің алатын орны зор.

XVII-XVIII ғасырларда Солтүстік Американың Атлантикалық жағалауы Британия колонияларына айналды. Колониялар метрополиялардан толық тәуелді болатын. 1775—1783 жылдары Америка халқының ағылшындарға қарсы тәуелсіздік үшін азаматтық соғысы болды. Бұл соғыс демократиялық идеялардың дамуына қуатты түрткі болды.

АҚШ-тағы қиян-кескі таптық күрес идеологияда да жаңғырық тапты. Алдыңғы қатарлы саяси пікірді Т. Джефферсон, Т. Пейн жақтаса, ірі буржуазияның саяси көзқарасын А. Гамильтон қорғады.

Америка халқының демократия жолында азаттық күресі *Томас Джефферсонның* (1743—1826) атына байланысты. Ол сол кездегі ұлы революциялық құжат — Америка Құрама Штаттарының “Тәуелсіздік Декларациясын” жазды. Мемлекеттік өкіметті құрап, оны бақылау құқынан еш адамды шеттетуге болмайды. Егер өкімет халық құқын қорласа, ондай үкіметті ауыстырып, өзінің қалауына сай өзгертуіне болады. Мұнда Джефферсон рақымсыз билеушіге қарсы халықтың көтеріліс жасауға құқы барлығын дәлелдеп, халық егемендігін жақтады. Бұл дүниежүзілік прогрестің рөлі АҚШ-тың Тәуелсіздік декларациясында одан әрі дамытылды. Онда теңдік, бостандық, көтеріліс жасауға құқы барлық халықтың ажыратылмайтын табиғи құқы деп есептелді. Адамдардың табиғи құқы мемлекет белгілеген заңдардан жоғары тұруы керек. Декларацияда жаратушы барлық адамдарды тең етіп жаратты және олардың өмірге, бостандыққа, бақытқа тырысуына құқы бар делінген.

Джефферсон үкімет тарапынан жеке адамның құқын бұзу қауіпі тумауы үшін мемлекеттік биліктің міндеттерін шектеуді талап етті. Ол ұсақ өндірушілердің мақсатын көздеп, фермерлердің демократиялық республикасын аңсады.

Тәуелсіздік үшін күрес кезінде өзінің батыл идеяларымен *Томас Пейн* (1737—1809) көзге түсті. Ол Америка халқын азаттық күреске, отаршылдардан бөлініп шығуға шақырды. Адамның табиғи құқына еркіндікті, теңдікті, сөз, баспасөз, дінге сену бостандығын, рақатқа, бақытқа жету, т.б. жатқызды.

Пейн бірінші болып қоғам мен мемлекетті ажыратты. Мемлекетті қоғам тудырады. Үкіметтің мақсаты — қауіпсіздік пен бостандықты қамтамасыз ету. Оның саяси мұраты — жалпыға бірдей сайлау құқы, тең өкілдігі бар демократиялық республика.

Пейн соғысқа қарсы болды, бейбітшілікке шақырды. Бейбітшілікті сақтамайтын үкімет құлатылуы керек. Бірақ ол әділетті соғысты, азаттық үшін соғысты қолдады.

Т. Джефферсон мен Т. Пейннің қажырлы еңбегінің арқасында жазылып, 1776 жылы 4 шілдеде бекітілген Америка Құрама Штаттарының Тәуелсіздік Декларациясының негізгі қағидалары мынадай: барлық адамдардың жаратылысынан өмір сүруге, бостандыққа, меншікке, бақытқа және қауіпсіздікке құқы бар; халық — өкіметтің қайнар көзі және егемендік соған тән, үкімет — халықтың қызметшісі; барлық мемлекеттік билік халықтың пайдасына жұмыс істеуі керек, егер олай болмаса, халық өзіне ұнамсыз

үкіметті жоюға еркі бар; билік заң шығаратын, атқарушы және сот өкіметі болып бөлінуі керек және т.б.

Жаңа заманда саяси санада айтарлықтай із қалдырған немістің классикалық философиясының негізін салушы *Иммануил Кант* (1724 — 1804). Оның саяси пікірлері “Космополиттік көзқарас жөніндегі жалпы тарихтың идеялары”, “Өмірлік бейбітшілікке” деген еңбектерінде баяндалған.

Канттың әлеуметтік көзқарасының негізгі қағидалары: әрбір адам ар-намысының, шексіз құндылықтың иесі; қандай игілікті жоспар болмасын адам оны жүзеге асыру жолында әдіс, айла, құрал болуға тиіс емес. Адам бір іс істегенде өнегелік, адамгершілік заңын басшылыққа алуы керек. Кант мұны “категориялық императив” деп айтады. Оның мәні — әрбір адамның іс-әрекеті басқаға үлгі боларлықтай болуға тиіс.

Кант басып алушы, тонаушылық соғысты, оған дайындықты әшкерелейді. Ол әр түрлі мемлекеттер үшін өзара пайдалы халықаралық сауда мен өзара қарым-қатынасты, бейбітшілікті орнату мен сақтаудың құралы деп біледі.

XVIII ғ. аяғы — XIX ғ. бірінші жартысында Батыс Еуропада капиталистік мәдениет заманалық екі қозғаушы күштің әсерімен ламыды. Оның біріншісі — капиталистік қатынастарға жол ашқан Ұлы Француз революциясы. Екіншісі — алдымен Англияда, сосын Франция және басқа Батыс Еуропа елдеріндегі күрделі өнеркәсіп өзгерістері (ірі машиналы индустрияның мануфактуралық өндірісті алмастыруы) капитализмді одан әрі нығайтты. Бұған орай жана қоғамдық құрылыс пайда болды. Өсіп келе жатқан буржуазия еркіндікке, жылдам алға дамуға, заңдылыққа тырысты. Сондықтан бұл кездегі буржуазиялық саяси идеологияның бас бағыты *либерализм* (ерікті, азат деген латын сөзінен шыққан) болды. Сонымен қатар капиталистер мен пролетариаттың арасындағы таптық күрестің үдеуіне байланысты кертартпалық пікірлер де туа бастады.

Пролетариат күресінің алғашқы кезеңінде өз үмітін *Сен-Симон*, *Фурье*, *Оуэн* сияқты *утопиялық социалистердің* іліміне артты. Олар буржуазия орнатқан тәртіптерді қатты сынады. Жұмысшы табының өмірі қаншалықты ауыр екенін сипаттады. Сен-Симон бірінші болып әркім қабілетіне қарай жұмыс істейтінін және еңбегіне қарай ақы алатын қоғамдық құрылымның болу мүмкіндігі туралы пікір айтты. Фурьеге дейін еңбекті адамға жіберілген қарғыс, жаза деп санайтын. Ал Фурье еңбекті адам үшін рақатқа айнала алатыны және айналуға тиіс екені жайында мәселе көтерді.

Ол еңбек ету құқын бірінші орынға қойды. Оуэн өнеркәсіп революциясының маңызын жоғары бағалады. Утопист-социалистер қала мен деревня арасындағы, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы қарама-қарсылықты жоюдың қажеттілігін ұсынды. Олар материалдық игіліктерді әділ бөлу мәселесіне баса назар аударды.

Утопист-социалистердің озық ойларымен қатар кемшіліктері де болды. Олар қоғамдық дамудың заңдылықтарын түсінбеді, қоғамдық өмірді қайта құрудың шынайы жолдарын көрмеді, жұмысшы табына тек жапа шегуші тап деп қарады.

§ 4. Марксистік саяси идеялар

XIX ғасырдың бірінші жартысында капиталистік өндіріс әдісінің қарқынды дамуы, буржуазиялық қоғамның тап қайшылықтарының шиеленісуі, пролетариаттың тез өсуі және оның тарихи күрес майданына шығуы марксизм теориясын тудырды.

Карл Маркс (1818—1883) философия мен саяси экономия саласында екі жаңалық жасады. Біріншісі — тарихты материалистік тұрғыдан түсіну. Оның мәні мынада. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігі болып табылатын материалдық тұрмыстың өндіріс әдісі қоғамдағы әлеуметтік, саяси және рухани процестерді туғызатындығын дәлелдеді. Капиталистік құрылыстың өндіргіш күштері үздіксіз дами отырып, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікке негізделген буржуазиялық өндірістік қатынастармен сөзсіз қайшылыққа келеді. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы тереңдеп келе жатқан антогонизмді тек пролетарлық революция ғана шеше алады, ол жұмысшы табының өкіметін орнатуға жеткізеді және қоғамды социалистік жолмен қайта құру үшін жол ашып береді деді. Екінші жаңалығы — капиталистік қанаудың сырын ашкерелеген қосымша күн туралы ілім болды.

Маркс пен Энгельс капитализмнің орнына социализм келеді, ол міндетті орындайтын қоғамдық күш — жұмысшы табы деп үйретті. Себебі, пролетариат — буржуазиялық қоғамның ең революцияшыл, ең ұйымдасқан, ең саналы және интернационалдық табы.

Маркс пен Энгельс тап күресі, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді жасады. Олар пролетариаттың өзінің меншікті саяси партиясы — Коммунистер партиясы

болуға тиіс, ол жұмысшы қозғалысына басшылық жасауға тиіс деген қағиданы негіздеді.

Маркс пен Энгельстің ізбасары В. И. Ленин (1870—1924) болды. Ол капитализм дамуының империалистік сатысының заңдылықтарын зерттеді. Жаңа тұрпатты партия туралы ілімді жасады және осындай партияның ұйымдастырушысы болды.

Ленин Маркс пен Энгельс жасаған социалистік революция теориясын дамытты. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын негіздеді. Социализмнің алдымен бірнеше елде немесе тіпті жеке бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы тұжырымдама жасады (бұған дейін марксистер социализмнің жеке бір елде немесе елдердің шағын тобында жеңуі мүмкін еместігі, дүниенің дамыған елдерінің көпшілігінде социализмнің бір мезгілде жеңуінің міндеттілігі туралы тезиске сүйенген болатын).

Ленин әр түрлі елдердің капитализмнен социализмге өту түрлерінің сан алуан болатындығы туралы қағиданы қолдады. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік түрі ретінде Кеңестерді ашты.

Жаңа қоғам құру ісін Ленин елді индустрияландырумен, ауыл шаруашылығын кооперациялаумен және мәдени революцияны жүзеге асырумен байланыстырды. Ол социализм орнатуда пролетарлық мемлекеттің ролін айқындап, өтпелі дәуірдегі тап күресінің ерекшеліктерін көрсетті.

Марксизм-ленинизм коммунизм кезінде мемлекет, саясат болмайды деп ұқты.

§ 5. Қазақ даласындағы саяси ой-пікірлер

Қазақ халқының рухани мұрасы да саяси ой-пікірлерге бай. Оның ішінде ең шоқтығы биігі ислам фәлсафасының негізін салушылардың бірі — біздің қандас бабамыз ұлы ойшыл әл-Фараби.

Қазақтың бірінші фәлсафашысы, әлеуметтанушысы, математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі *Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби* 870—950 жылдары өмір кешті. Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Фараб (кейінгі Отырар) қаласында туды. Жасында сонда оқу-тәрбие алып, кейін Бұхара, Александрия, Каир, Дамаск, Бағдат қалаларында тұрып, білімін ұштап, қызмет атқарды. Оны әріптестері көзі тірісінде-ақ “екінші Аристотель” деп атаған болатын.

Бабамыз ғылымның сан саласы бойынша 160-тан астам трактаттар жазып, артына мол мұра қалдырды. Саясаттануға байланысты “Рақымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы” “Азаматтық саясат”, “Бақытқа жету жолдары”, “Саясат туралы” деген еңбектері бар.

Ұлы ойшыл “Рақымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы” деген саяси трактатында мемлекетті адамдардың өз қажетін бірлесіп қоғамдық жолмен жақсылап қанағаттандыру үшін жасаған ұйымы деп білді. Оның пайда болуына тіршілік үшін күрес айтарлықтай ықпал етеді. Сондықтан адамдарды бір-біріне көмектестіріп, барлық жұрттың жақсы тұрмысына қам жеп, қамқорлық жасаған мемлекет қана өз міндетін атқара алады.

Әл-Фарабидың ойынша қоғамдағы барлық қиыншылықты жеңетін, бақытқа жеткізетін – ақыл-парасат, адамның ақыл-ойы. Сондықтан адам аянбай, тынбай ғылымды, білімді игеруі керек.

Әл-Фараби басқаруды қайырлы және қайырсыз етіп екіге бөледі. Қайырлы, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды.

Әл-Фараби алғашқылардың бірі болып адамды ардақтап, асқақтатты. Оның айтуында, адам бақытты болуға лайықты, сол бақытын ол табуға тиіс. Оған өзінің іс-әрекетінің, жұмысының, тынымсыз ізденуі мен оқу-үйрену нәтижесінде жетуге болады. Ал адам жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда ғана шын мәнінде бақытты өмір сүре алады деді.

Ұлы дана халықтар достығын насихаттады. “Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады” деген сөздері тап бүгінгі күнге сәйкес келіп тұрғандай ғой (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. А., 1972, 305-б.).

Бабамыздың “Ғылымды топтастыру және анықтау туралы кітап” деген еңбегін дүние жүзі ғалымдары жоғары бағалады. XI—XII ғасырларда ол көне грек, латын және т. б. тілдерге аударылып әлемге аян болды. Батыстың кейінгі зерттеушілері бұл трактатты орта ғасырдағы ғылымның энциклопедиясы деп атады.

Әл-Фарабидың бай мұрасы Шығыс халықтарының саяси санасын жетілдіріп, сан ғасырлар бойы ғылымның әр түрлі салаларын дамытуға игі әсерін тигізді.

Жүсіп Хасхаджиб Баласағуни (1021—1075) — аты әлемге әйгілі акын, фәлсафашы, қоғам қайраткері болған. Оның өмірбаяны туралы деректер аз. Жүсіп туралы мағлұматтарды біз оның негізгі еңбегі “Күтадғу білік” (“Бакытқа жеткізуші білік”, кейбіреулер “Бакыттылық жәйлі ілім” деп те аударып жүр) дастанынан білеміз. Бұл еңбектің ерекшелігі — ол сол кездегі ресми араб тілінде емес, өзінің ана тілі — түрік тілінде жазылғандығы. Ол, біріншіден, араб, парсы тілдерін жете білетін Жүсіптің өз еліне, өз тіліне деген сүйіспеншілігін, ұлтжандылығын білдірсе, екіншіден, сол кезде Орта Азияда билік құрған карахандықтар әулетіне (династиясына) түсінікті болу үшін жазылса керек.

Жүсіп дәуірінде карахандықтардың жеке өлке билеушілері өзара билікке таласып бастары қосылмады. Сондықтан “Күтадғу білікте” мемлекетті орталықтандыру, оның бірлігі, мемлекетті басқару мәселелеріне басым көңіл бөлінген. Ол — тек саяси трактат қана емес, онда өмірдің мән-мағынасына, адамның тағдыры, оның қоғамдағы орны мен рөлі, халықтың мінез-кұлқы, салт-санасы, әдет-ғұрпы және т. с. с. туралы көзқарастар жинақталған үлкен шығарма. Ол шындыққа, бакытқа жетудің адамгершілік жолдарын іздейді. Әділет, ақыл, рақымдылықты жырлайды. Өмірде әділ заңды, еркіндікті аңсайды.

Қазақ халқының ірі ойшылдарының біріне Қожа Ахмет Йассауи (1093—1157) жатады. Оның басты шығармасы “Диуани Хикмет” (“Даналық кітабы”). Ол еңбегінде әділдікті, имандылықты, шыншылдықты, мейірімділікті жырлайды.

“Ғаріп пақыр, жетімдердің көңілін көтер,

Қамқоршы бол, жаныңды да пида етер”, — деп кара халықтың қамқоршысы болуға, адамгершілікке шақырады.

“Көңіл бөлмей дүниеге адамдықтан кешіңдер,

Хақты сүйген адал құлдар халайықпен бір болар”, — деп адал басшы халқымен бір болып, соның тілегін тілеу керектігін баса айтады.

“Ей, мұсылман, тағат қылсаң, танбағын,

Ғазиз жаның — аманаты Алланың.

Харамдықпен, ұқ, жиған мал — жалғанын,

Қарыш атты жылан қылар малыңды”, —

деп дүниеқорлық, байлық сонына түспеуді, арамдықпен мал жи-
мауды уағыздайды, паракор әкімдердің о дүниеде тартар жаза-
сын естеріне салады.

Қазақ халқының рухани мұрасында мәңгілік із қалдырған аты
анызға айналған ақын, жырау Асанқайғы Сәбитұлы (XIV ғ. аяғы
– XV ғ. басы). Ол алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібекке
ақылшы, жас мемлекеттің жалынды жаршысы, ұраншысы бол-
ды. Оны Ш. Уәлиханов “көшпелілер философы” деп атаған. Хан
мен қарапайым халықтың арасында игілік үшін талас-тартыс, дау-
жанжал туғанда, оны ушықтырып, өрбітпей реттеудің жолын,
“ымыраға келу” теориясын ұсынған. Ол еліне мәңгілік азық бо-
ларлық жері шүйгін, ырысы мол қоныс, сыртқы жаудан қорған
боларлық қолайлы жер – “Жерұйықты” (“Жиделібайсын” деп те
айтады) іздеген, халқының болашағын ойлаған. “Жерұйықтың”
суы сүт, топырағы май, тасы алтын, ағаш басы толған жеміс-жи-
дек, жұт болмайтын, қайғы-қасіреттен аулақ құтты қоныс; ол
елді жау алмайды, онда ел аласы, ру таласы жоқ, жаугершілікті
білмейді. Асанқайғының мұндай жерді іздеуі әйгілі утопиялық
социалистер Томас Мордың “Утопиясы” мен Т. Кампанелланың
“Күн қаласындағы” саяси идеялармен үйлесіп, жымдасып жатыр.

Асанқайғы Жәнібек ханға арнауында:

*“Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқанымға көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
...Оны неге білмейсің?!” —*

деп шабылып жатқан халқын ойламай, өз күнін күйттеп жатқа-
нын, қызметкерлердің елді талап ішіп-жеп жатқанын ханның
бетіне басып, шенейді.

Қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған хандар да бар.
Оларға Қасым, Есім хандар жатады. “Қасым ханның қасқа жолы”,
“Есім ханның ескі жолы” деп халық олар жасаған заң, тәртіптерді
көпке дейін ұмытпаған. Бірақ өкінішке орай, олар бізге дейін
жетпеді. Ал Тәуке ханның “Жеті жарғысы” негізінен сақталған.

Жәңгірдің баласы *Тәуке хан* 1680 жылы таққа отырғанда казак хандығының ішкі және сыртқы саяси және экономикалық жағдайы ауыр еді. Рубасылар, сұлтаннар өзінше бөлек билегісі келді. Орта Азия билеушілерімен қарым-қатынас тұрақсыз еді. Мұның бәрі казак мемлекеттігінің тұтастығына, сыртқы шапқыншылықтан қорғануға нұқсан келтірді. Сондықтан хандық өкімет билігінің беделін көтеріп, ақсүйектердің бөлініп, оқшаулануын тоқтату, халықты біріктіру үшін Тәуке хан “*Жеті жарғы*” деп аталған казак әдет-ғұрып заңдарының жиынтығын жасатты. Онда құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылымның негізгі принциптері айқындалды. Атап айтқанда, жер дауы, жесір дауы, күн дауы, мал-мүлік дауы, ұрлық-қарлық, айып-жаза, алым-салық және т. б. қаралады. “Жеті жарғы” нормалары қаулаған дау-дамайларды тежеп, рулар арасындағы тартыстарды бәсеңдетті, қоғам ішіндегі алауыздық азайып, ел бейбіт өмір сүрді.

Тәуке хан “Халық кеңесі” мен “Билер кеңесін” тұрақты орган ретінде қалыптастырып, рөлін арттырды. Өз кеңесінде халықтың өзекжарды мәселелерін: көшқон, ел тыныштығы мен бірлігі, сыртқы жаудан қорғану және т. с. с. жүйелі түрде талқылап отырды.

Сайып келгенде, Тәуке хан казак қоғамына түбегейлі өзгерістер әкелген ірі реформатор болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында казак даласында саяси идеология ретінде ағартушылық кең өріс алды.

Бұл кезде казактың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ, саяхатшы, этнограф, Орта Азияның, Қазақстанның, Батыс Қытайдың тарихы мен мәдениетін зерттеуші *Шоқан Уәлиханов* (1835—1865) өмір сүрді. Ол атақты Абылай ханның шөбересі еді.

Шоқан өз өмірінің негізгі мақсаты — халыққа қызмет ету, оның мақсат-мүддесін патша шенеуніктері мен жергілікті байлардың зорлық-зомбылығынан қорғау, қолынан келгенше оның рухани және мәдени өркендеуіне ықпал жасау деп білді.

Шоқан Азия мен Қазақстан жағдайында халықты аяусыз қанап, соның нәтижесінде билеп-төстеушілердің орынсыз баюына жол ашатын нәрсе — олардың қолындағы шексіз билік деп ұқты. Сондықтан халықты қанаудан құтқару үшін бай-манаптардың билігін жою немесе тым болмаса олардың саяси үстемдігін шектеп, бұқара халықтың демократиялық құқығы мен бостандығын кеңейтпек болды. Жалпы, ол билікті халықтың еркімен шектеуді дұрыс деп санады.

Ғалым сол кездегі қазақ еліндегі тәртіпті өзгертпек болып, қоғамдық құрылысты жанартудың жолдарын іздеді. Бұл ретте ол революциялық емес, реформалық жолды қалады. Ал реформа жасау үшін халықтың талап-тілегін, мақсат-мүддесін, ұлттық мінез-құлқын жете зерттеу керек. Сонда ғана реформа тиімді болады деді.

Шоқан қоғамның прогресті түрде алға дамуы материалдық әлеуметтік жетілдіруге байланысты екенін терең түсінді. Сондықтан ол экономикалық, әлеуметтік, саяси реформаларға үлкен мән берді. “Сот реформасы жайында хат” деген еңбегінде ол: “Біздің заманымызда халыққа етене жақын, ең маңызды, соның мұқтажына тікелей қатысты реформа — экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформалар экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде көрінбек, өйткені әрбір жеке адам және бүкіл адам баласы қауымдасып өзінің түпкі мақсаты материалдық әлеуметтік жақсартуға тырысады. Прогресс дегеніміз де осыған сай келеді” — дейді (*Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1995, 127-бет*).

Бұл еңбегінде Шоқан патша үкіметінің соттық реформасына қарсылық білдіріп, қазақтар арасында өз тілінде өтетін, ертеден етене таныс билер сотының сақталуын талап етті. Оның ашықтығын, жариялылығын, демократиялық принциптерін жоғары бағалады.

Шоқан сол кездегі патриархтық-феодалдық қазақ қоғамын екі топқа: бір жағынан, сұлтандар мен билер, байлар мен қожалар болып, қазақ қоғамының мәртебелі тобына, екінші жағынан, “дала пролетариаты” деп атап, кедейлер тобына бөлді. Бұл топтардың мүдделері бір-біріне мүлдем қайшы деп білді.

Уәлиханов қазақ жеріне өктемдік пен заңсыздық әкелген патшалық отаршыл үкіметті батыл сынады. Қазақ халқының қараңғылығын пайдаланып “ашықтан-ашық аямай сорады” деп, халқын тонап жатқан патша шенеуніктері туралы ашына жазды.

Шоқан адамдардың адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін олар еркін болуы шарт деді. Ол еркіндікті де дұрыс пайдалана білу керек. Ол үшін халықтың сауаты жоғары болуы тиіс деп тұжырымдады.

Бұл кезде қазақ халқынан шыққан ұлы ұстаз *Ыбырай Алтынсарин* (1841—1889) де өмір сүрді. Ол халықты дүниеге “дұрыс көзқараспен” қарауға тәрбиелеуді өзінің негізгі мақсаты етіп қойды. Тек білім, ағартушылық қана бұқара халықты билеп-төстеу-

шілердің қысым-қыспағынан құтқара алады деп, барлық күш-жігерін олардың білімін көтеруге арнады. Адамдарды ойындағы бос қиялдардан арылып, дүниенің ақиқатына көздерін ашып, шын мәнінде алға жылжитын, прогрестік жолға түсіруге тырысты.

Ыбырай “Қазақ даласындағы жүт жөнінде” деген еңбегінде халқының болашағы отырықшылыққа көшу және егін шаруашылығымен айналысуда деп атап көрсетті. Бірақ оны өз еркімен, ықтиярымен біртіндеп істеуге тиіс. Сондықтан көшпелі қазақтарды күшпен отырықшылыққа айналдыруға болмайды деп, оған үзілді-кесілді қарсы шықты.

Ыбырай адамдарды іс-әрекетке ынталандырып, жұмылдыратын негізгі себеп — өмірлік қажеттіктер, атап айтқанда, өмір сүру, білім алу, мәдениетке ұмтылу және т.б. қажеттіліктер деп есептеді. Сондықтан да адамдар оларға талпынады. Бұл ұмтылыстан келіп, билеудің ескі түрлерін өзгерту қажеттілігі пайда болады деді.

Ыбырай қазақ қыздарын оқытуға ерекше көңіл бөлді. Сондықтан ол 1887 жылы Ырғызда 20 орындық интернат және қазақ қыздарына арнайы мектеп ашты. Ұлы ұстаздың қажырлы еңбегінің арқасында ХІХ ғасырдың 70—80 жылдарында қазақ даласында көптеген мектеп ашылды. Ол мектептердің мақсаты қазақ жастарын жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеу деп ұқты.

Бұл кезде қазақтың кемеңгер данасы, заңғар ақыны, асқан ағартушысы, жазба әдебиетіміздің негізін салушы *Абай Құнанбаев* (1845—1904) та өмір сүрген еді.

Абай қазақ даласында барлық жақсылықтың, жаналықтың жаршысы болды. Ол адамды “ақыл, білім, ерік” жоғары дәрежеге көтеріп, асқақтататындай қоғамның прогрестік дамуын аңсады. Игілікті, парасатты қоғам орнату Абай еңбектерінің басты бағытының бірі болды. Сондықтан ол барлық адамдарды өзінді өмірде қалай ұстадың, игілікке, ақылға сыйымды іс істедім бе деп күніне немесе аптасына, тым болмаса, айына бір рет өз-өзіне есеп беруге шақырды.

Абай патша өкіметінің сойылын соғып, байлардың мүддесін қорғайтын қарапайым халықты езуші старшина, би, болыс және т.б. атқамінерлер сияқты әлеуметтік топтың қоғам дамуына кедергі келтіріп отырғандығын жақсы түсіне білді. Сондықтан ол ел басқару жүйесіне жаңа заң, ережелер енгізуді армандап, сол жолда жүзден аса бабы бар ереже жасаған (*М. Әуезов. Шығармалар. Алматы, 1969, 12-том, 295-бет*).

Абай қандай адамның болмасын әлеуметтік жағдайын жақсартып, рухани гүлдендіретін еңбек, соның арқасында ол бүкіл адамзат қоғамына қызмет етеді деп санады. Одан әрі ол:

*“Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса сыйламай тұра алмас ел”, —*

деп еңбектің қандай түрі болса да пайдалы, одан арлануға болмайтындығын үйретті.

Абай еңбекшілердің хал-ахуалын, өмірін жақсарту үшін қоғамның экономикалық негізін өзгерту керек деп түсінді. Сондықтан ол қазақтардың прогресті дамуын егіншілік, қолөнері, сауда сияқты экономиканың үш тетігімен тығыз байланыстыра қарады. Данышпан атамыз:

*“Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған”, —*

деп көрегендік ойын түйеді. Ал қолөнері қандай жағдайда болсын адам қолында қалатындығын көрсете келіп, “алдау қоспай адал еңбегін сауған қолөнері — қазақтың әулиесі сол” деп жоғары бағалайды.

Акын өзгерістің негізгі күші ағартушылық деп ұқты, “Өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпак” сияқты кемшіліктерді көрсету арқылы халықты түзетуге тырысты. Ол үшін “Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым — ойлап қой” деп ақыл берді. Әсіресе, жастарға үлкен үміт артты. Адамның адамгершілік қасиетін арттыруға жұмылдырды.

*“Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос”, —*

деп, ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, ынтымақтастыққа шақырды. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татуластық, бірлік керектігіне назар аударды.

Сол кездегі тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын ескерте келіп, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеруге кеңес берген — Абай. Демек, қазақ қауымына әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған — ұлы Абай. Яғни, данышпан ақынымыздың айтқан өсиеттері, ақыл-кеңестері осы күнге дейін өз мағынасын жойған жоқ.

Қазақ халқының саяси санасының дамуына ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында пайда болған алғашқы зиялылар тобы да топ та зор ықпал етті. Оларға: *Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар* және басқалар жатады. Олар Ресейдің отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын басқарып, қазақ халқының ұлттық бірлесуін мұрат етті. Олар қазақ елінің өзін-өзі басқару, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, адам құқықтары мен бостандықтарын сыйлау, демократиялық принциптерді қазақ жеріне кіргізуді мақсат етті. Алаштың білімді де білікті асыл азаматтары қызыл империяның құрбаны болып кетті. Бірақ олардың ісі, саяси мұраты өлген жоқ. Олар туралы кейін саяси партияларды қарағанда тағы да тоқталамыз.

Қазақстан мен Ресей рухани мұрасына байланысты туған саяси теорияның бірі — Еуразиялық идея. Оның негізін 1921 жылдың 3 маусымында Софияда орыс эмигранттарының діни-философиялық үйірмелерінің мәжілісінде Н. С. Трубецкой мен П.Н. Савицкийлер салған. Бұл идеяны белгілі орыс ғалымы, тарих, география ғылымдарының докторы, академик Л. Н. Гумилев (1912–1992) одан әрі дамытып, осы геокеңістіктегі ұлттардың мәдени дәстүрлерінің тарихи тағдырын ұғынуларына жәрдемдесті. Олар Еуразиядағы әрбір халықтың құқығы мен ерекшелігін мойындайды. Бұл идеяның негізін салушылар көп ұлтты еуразиялық мәдениеттің негізі “материалдық база” немесе “мемлекет алдында бас июшілік” емес, ең алдымен рухтың биіктігі деп түсінеді.

КСРО ыдырап, қоғамның демократияланып жатқан жағдайында Еуразиялық одақ құру идеясын 1994 жылдың 28 наурызында Мәскеудің Мемлекеттік университетінің (МГУ) профессорлары мен оқытушылары алдында сөйлеген сөзінде Н. Назарбаев көтерді. Оның мақсаты Кеңес Одағының құлауына байланысты күйреген сауда-экономикалық және адами байланыстарды қалпына келтіру, өзара түсінісу, бірлесе қимыл жасау. 2000 жылдың 10 қазанында Астана қаласында Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мемлекеттері құрған саяси-экономикалық, интеграциялық (жинақтаушылық) ұйым — Еуразия экономикалық қауымдастығы құрылды. Бұл мемлекеттердің басшылары Кедендік одақ және біртұтас экономикалық кеңістік жөнінде келісім жасады.

§ 6. XX ғасырдағы саяси ілім

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында капиталистік елдерде орасан зор өзгерістер болды. Мемлекеттік-монополистік капитализм монополиялар мен мемлекеттің күшін біріктірді. Бұл системада байлық пен билік тоғысып, ат төбеліндей байлардың күдіретін одан әрі арттыра түсті. Буржуазиялық-мемлекеттік, әскери-өндірістік кешеннің ықпалы күшейді. Әлеуметтік қарым-қатынастарды зерттеуде социологиялық тәсілге ерекше көңіл бөлінді.

XX ғасырдың бірінші жартысында Батыс елдерінде *солидаризм* ілімі кең өріс алды. Бұл ілімнің негізін салушы француз ғалымы *Л. Дюгидің* (1859—1928) пікірінше әрбір тап өмірде өз міндетін атқаруы, қоғамның ынтымақтастығы мен үйлесушілігін қамтамасыз етуі қажет. Ол еңбектің қоғамдық бөлінуіне байланысты таптардың бірлесіп жұмыс істеуіне тура келеді. Бұл жағдай капитализмнің қолайсыз жақтарын революциясыз, бейбітшілік жолымен жеңуге мүмкіндік жасайды деп санады. Адамдарды әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға, оған зиян келтірерлік ештеңе жасамауға шақырды.

Дюги халықтың егемендігін сынады, оған жаңа саяси жүйе ретінде “синдикалистік федерализмді” қарсы қойды. Оның ойынша, синдикаттарды федерацияға біріктіру жергілікті мекемелерге орталық мекемелердің кейбір басқару міндеттерін береді, саяси плюрализмге әкеледі. Өскелең әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді іс жүзінде шешетін билік әр түрлі синдикаттарға бөлініп беріледі. Орталық үкіметтің жұмысы барлық синдикаттардың өкілдерінен құрылған заң шығарушы мекемесі арқылы бағдарланады. Дюгидің ойынша, осылайша капиталистік құрылыс сақталып, мемлекет ынтымақтастық құралына айналады.

Біздің ғасырымызда кең жайылған аристократиялық теорияның бірі — *элитаризм*. Элита деген сөз француз тілінде ең жақсы, іріктелген, сұрыпталған, тандауды деген мағынаны білдіреді. Бұл теория бұрыннан белгілі болатын. Бірақ жаңа жағдайда оны жаңғыртып, толықтырып, жетесіне жеткізгендер итальяндық саясатшылар Г. Моска мен В. Парето болды. Олардың ойынша, халық өзін-өзі басқара алмайды, оған қабілеті, бейімі жетпейді.

Г. Моска (1856—1941) “Саяси ілімнің негіздері” деген кітабында саясат қарама-қарсы екі таптың — үстемдік жүргізуші азшылық-

тың (элитанын) және оған бағынышты көпшіліктің (халық, еңбекшілер) — күресінің айналасында болатын жағдай деп түсіндіреді. Ол демократияға қарсы шықты. Демократияны көпіре сөйлеушілердің диктатураға жету жолында саясаттан хабары шамалы көпшілікті өз қулықтарына пайдаланатын утопия, сағым деп санады.

В. Парето (1848—1923) “Жалпы социология жөніндегі трактат” деген еңбегінде элита деген атауды саяси ілімге бірінші боп енгізді. Оның ойынша, саяси өмір дегеннің өзі таңдаулылар (элиталар) арасындағы күрес пен олардың орын алмасуы. Қоғамды саясат, экономика және ойшылдық саласында тамаша табысқа жеткен таңдаулылар билейді. Бірақ олар билікті алған соң ерте ме, кеш пе қол жеткен табыстарымен шектеліп, тынышталады. Өздерінің алғашқы сапасын, ізденімпаздығын, шығармашылық жігерін жоғалтады. Осындай кезде қоғамда билікке ұмтылған күшқуаты жеткілікті жаңа элита пайда болады. Бірақ билеуші элита онайлықпен берісе қоймайды. Сондықтан таңдаулылардың (элитанын) алмасуы күш, төңкеріс және революция арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Жалпы алғанда, бұл қоғам үшін пайдалы деп санады Парето. Олар қалай болғанда да (күшпен не бейбіт жолмен болсын) қоғамның дамуы элиталардың алмасуы арқылы жүзеге асады деп қорытады.

XX ғасырда саяси ілімде өзіндік із қалдырған немістің көрнекті саясаттанушысы, фәлсафашы, тарихшы, әлеуметтанушысы *Макс Вебер* (1864—1920) болды. Ол өзінің зерттеу қызметінің принципі ретінде плюрализм идеясын негіздеді. Оның іздеген басты мәселелері — қоғамның шаруашылық өмірінің, әр түрлі әлеуметтік топтардың материалдық және идеологиялық мүдделері мен діни сананың араларында қандай байланыстар бар, соларды ашуға тырысты. Дінді капитализмді тудыратын белсенді күш ретінде санады.

Вебер әлеуметтік құрылым мен таптық жанжалдарға елеулі көңіл бөлді. Бұл орайда Маркстің көзқарасына қарсы шығып, таптық ерекшеліктер мен жағдайлардың көп қырлы болатындығына баса назар аударды. Билікке қатынасына, мәртебесіндегі айырмашылықтарға және жекелеген топтардың абырой-атағына, діни және идеологиялық белгілеріне қарай бөлуді меншік қатынастарынан туатын өзгешеліктер сияқты өте-мөте маңызы бар деп есептеді. Саяси әлеуметтануда ол билеуші таптың әр түрлі топтарының мақсат-мүдделеріндегі айырмашылықтардан туатын

дау-дамай, шиеленістерді талдауға үлкен мән берді. Өзі өмір сүрген кездегі мемлекеттің саяси өміріндегі негізгі дау-жанжалдың себебі саяси партиялар мен бюрократтық аппараттың арасындағы күрестен пайда болады деп ұқты. Ол социалистік қоғамдық қатынастардың жеңуіне сенбеді, оған бюрократияның өте мықтылығы туралы тезисті қарсы қойды. Болашақ қоғам жұмысшы табының диктатурасы емес, шенеуніктердің диктатурасы болады деді. Ол қазіргі әлеуметтанудың дамуына айтарлықтай ықпал етті.

Империалистік буржуазияның мүддесін көздейтін реакцияшыл саяси бағытқа *фашизм* жатады. Оның негізгі белгілері — еңбекшілерді басып-жаншуда зорлық-зомбылықтың шектен тыс түрлерін пайдалану, қоғам және адам өмірін қатаң қадағалау және т.б. Сыртқы саясатта фашизм басқа елдердің жерін басып алуға бағытталады. Бұл мақсатын іске асыру үшін ол *геосаясат* деген теорияны ойлап шығарды (негізін салушы *Ф. Ратцель*). Бұл теория бойынша мемлекеттің өмірі қауіпсіз, сенімді болу үшін оған жеткілікті географиялық кеңістік, жер қажет. Ал ол болмаса сондай жерді қарудың күшімен қамтамасыз етуі керек. Бұл реакцияшыл теорияны кезінде италия, неміс фашистері басшылыққа алса, қазір Израиль іске асырып отыр. Кейбір жерлерде жаңа фашистік (неофашистік) идеялар етек алуда.

XX ғасырда, әсіресе, біздің елімізге көп қайғы-қасірет әкелген *тоталитаризм теориясы* дамыды. Ол — мемлекет тарапынан қоғамның және әр адамзаттың өмірін қатаң бақылауға алатын мемлекеттік-саяси құрылыс. Тоталитарлық мемлекет қоғаммен тұтасып кетеді. Бір партия, бір идеология үстемдік етеді. Ол адамның жеке басының құндылығын бағаламайды, оны мемлекеттің құралы ретінде пайдаланады. Ол туралы қоғамның саяси жүйесін сөз еткенде толығырақ тоқталамыз.

XX ғасырда *либералдық* және *консервативтік* идеялар одан әрмен дамиды. XVIII, XIX ғасырлардағы либерализммен салыстырғанда мұнда жаңа қағидалар енеді. Оны жақтаушылар мемлекеттің реттеушілік қызметіне көп мән бере бастайды. Сол арқылы әлеуметтік әділеттілікті орнатуға, орташа тапты қалыптастыруға елеулі көңіл бөледі. Ол “аралас экономиканы”, саяси әділеттілікті, пікір алуандығын және т.б. алға тартады. Консерваторлар болса мемлекеттік реттеуге қарсы. Керісінше, ол ештеңеге араласпауы керек, шексіз бәсеке бостандығы берілгені дұрыс деп санайды. Әр адам мемлекетке сенбей өз тіршілігін өзі ойла-

сын. Тегін білім беруді, медициналық қызмет көрсетуді, жұмыссыздарға жәрдем беруді және т.с.с. азайтуды жақтайды. Сонда адамдар ізденіп, іскерлігін арттырып, жағдайын түзейді деп тұжырымдайды.

Сонымен, саясаттанудың қалыптасуы мен дамуының қысқаша тарихы осындай. Оны білмей, адамзат тарихының бұрынғысы, бүгінгісі және болашағын білу қиын. Оны оқып-білу — қазіргі қоғамдық және саяси құрылыстың мәнін түсінуге, онда әркімнің өз орнын анықтауға, егеменді еліміздің азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет құруына белсене араласуына септігін тигізері сөзсіз.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Саяси ғылымның тарихын оқып-білудің маңызы неде?
2. Аристотель мемлекеттің түрін бөлгенде қандай өлшемді басшылыққа алды?
3. Платон, Аристотель, Цицерон жеке меншікке қалай қарады? Неге?
4. Платон мен Аристотель мемлекеттік басқарудың түрі ретінде демократияға не себепті қарсы болды?
5. Ортағасырлық саяси идеялардың ерекшеліктері неде?
6. “Макиавеллизм” деген не?
7. Утопиялық социалистердің саяси көзқарастарындағы кемшіліктер қандай? Олардың еңбектеріндегі жалпыадамзаттық идеяларға нелерді жатқызар едіңіз?
8. Қоғамдық келісім теориясы деп нені айтады?
9. Марксизм саяси өмірді танып білуге қандай үлес қосты? Қазіргі кезде марксизмнің дағдарысқа ұшырау себебі неде?
10. Асанқайғы мен утопист социалистер көзқарастарында қандай ортақтық бар деп ойлайсыз?
11. Қазақ халқының рухани мұрасындағы саяси ойларға не жатады?
12. Батыс Еуропадағы Қайта өркендеу дәуіріндегі процестермен қазіргі біздің елдегі саяси процестердің арасында ұқсастық бар ма? Болса қандай?

3-т а р а у. САЯСИ БИЛІК

§ 1. Билік ұғымы және ол туралы тұжырымдамалар

Саясаттануда саяси билік теориясы негізгі орын алады. Ол саясатпен тығыз байланысты және саясаттын, саяси институттар мен барлық саясат әлемінің мәнін түсініп-білуге мүмкіндік береді. Себебі, саясаттын негізгі мәселесі — билік, ал мазмұны — билік үшін күрес және билікті жүргізу. Шығыстың көрнекті ойшылы *Ибн-Халдун* (1332—1406) адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі — ол билік үшін күреседі деген екен.

Ағылшынның ең ірі фәлсафашыларының бірі, қоғам қайраткері болған *Бертран Рассел* (1872—1970) физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деп дұрыс айтқан. Ал Американың әйгілі әлеуметтанушысы *Талкотт Парсонс* (1902—1979) экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те соншалықты орын алады деген. Сондықтан бұл курстағы басқа тақырыптардың бәрі билікке байланысты келеді.

Билік жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі анықтамалар мен тұжырымдамалар бар. Солардың негізгілеріне қысқаша тоқтала кетейік.

1. *Телеологиялық* анықтама билікті белгілі бір мақсатқа, белгілеген нәтижеге, қорытындыға жету мүмкіндігі деп түсіндіреді. Мысалы, ағылшын фәлсафашысы *Т. Гоббс* (1588—1679) билік болашақта игілікке жетудің құралы және өмірдің өзі өле-өлгенше билік үшін үздіксіз ұмтылыс деп жазды.

2. *Бихевиористік* анықтама бойынша билік деп басқа адамдардың жүріс-тұрысын, өзін-өзі ұстауын өзгерту мүмкіндігіне негізделген іс-әрекеттің ерекше түрі.

3. *Инструменталистік* анықтама билікті белгілі бір құралдарды, амалдарды (зорлық-зомбылық, күштеу сияқты шараларды) пайдалану, қолдану мүмкіндігі деп біледі. Мәселен, Американың

белгілі саясаттанушысы *Р. Даль* (1915 жылы туған) билік бір адамға екінші адамды өз еркімен жасамайтын іс-әрекетті жасауға мәжбүр ету мүмкіндігін береді дейді.

4. *Структуралистік* анықтама билікті басқарушы мен бағынушының арасындағы қатынастың ерекше түрі деп ұғады. Олар кейбір адамдарды туғанынан, табиғатынан әміршіл, басқарғысы келіп тұратын болады, ал басқалары көнбіс, көнгіш, басқа біреу өз ыркын билеп, басқарып, жол көрсетіп тұрғанын ұнатады, қалайды дейді. Солардың арасында, олардың ойынша, билік қатынастары туады.

5. *Конфликтілік* анықтама билікті дау-жанжал жағдайында игілікті бөлуді реттейтін мүмкіндік, шиеленісті шешудің құралы деп түсіндіреді.

6. Біраз ғалымдар билікті кең мағынасында басқаларға тигізілетін жалпы *ықпал* ретінде қарайды.

7. П. Моррис, А. Гидденс сияқтылар, жоғарыдағы көзқараспен келіспей, билікті біреуге немесе бірденеге тигізетін жай ғана ықпал, әсер емес, оларды өзгертуге бағытталған іс-әрекет дейді.

8. Америка саясаттанушылары Г. Лассуэлл мен А. Каплан “Билік және қоғам” деген кітабында билікті шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі ретінде сипаттайды.

Сонымен, біз билік туралы ғалымдардың арасында ортақ пікір, анықтама жоқ екенін байқадық. Батыстың әлеуметтанушысы Р. Мартин билік махаббат сияқты, күнделікті тілімізде жиі пайдаланылады, іштей сезіледі, бірақ сирек аныкталады деп бекер айтпаған. Оның себебі, француздың саясаттанушысы Ж. К. Шевалье айтқандай, адамдарды биліктің жалпы ұғымының айналасындағы айтыс-тартыстан гөрі нақтылы, шын мәніндегі биліктің өзі көбірек ойландырған, магнитше тартқан.

Дегенмен, ғылым болғандықтан анықтама беріледі. Мысалы, “Философиялық энциклопедиялық сөздікте” билік туралы былай делінген: “Сөздің жалпы мағынасында билік өз еркінде жүзеге асыруға қабілеттілік пен мүмкіндік, адамдардың жүріс-тұрысы, іс-әрекетіне қайсыбір амал-әдістер — бедел, құқық, күштеу арқылы шешуші ықпал жасау” (“*Философский энциклопедический словарь*”. М., 1983, 85-бет). Біздіңше, билік деп біреудің екіншілерге әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеті, қызметіне ықпал етуін айтады.

Билік адамзат қоғамымен бірге пайда болады және оның даму барысында бола бермек. Ол ең алдымен қоғамдық өндірісті ұйымдастыру үшін керек. Онсыз барлық қатысушы адамдарды

біртұтас ерікке бағындыру қиын. Билік адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, адамдар, қоғам және мемлекеттік саяси институттар арасындағы қатынастарды реттеуге міндетті. Ол қоғамның тұтастығы мен бірлігін қолдау үшін керек.

Алғашқы қауымдық қоғамда билік қоғамдық сипатта болды. Ол кезде билікті қауым бастығын сайлайтын ру-ру мен тайпалардың барлық мүшелері бірігіп іске асыратын. Әлеуметтік бөлшектену өрістеп, мемлекеттің пайда болуына байланысты ру басшыларының адамгершілік беделі төмендеп, оның орнына ақсүйектер билігінің беделі ұлғайды. Биліктің аппараты дүниеге келді, адамдарды еркінен тыс, ықтиярсыз еркіне көндірген мекемелер пайда болды. Олар мемлекет ретінде қоғамнан дараланып, окшаланып, оның үстінен қарайтын органға айналды. Күлдық қоғамда саясат, саяси билік пайда болды. Сондықтан саяси биліктің пайда болуын қазіргі саясаттануда мемлекеттің пайда болуымен байланыстырады.

Әдетте, “билік” деген сөз әр түрлі мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына, объектісіне байланысты былай етіп бөледі: ата-аналар билігі, мемлекеттік, экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық, әскери, рухани билік және т.т. Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең басты түріне жатады.

Биліктің басқа түрлерімен салыстарғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар: оның өктемдік сипаты (ол басқа биліктерден жоғары тұрады, оның шешімдерін қалғандары орындайды), оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың ерекше тобының болуы, оның көпшілік адамдардың мүддесін қозғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органдарының тәуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке-дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы және т.б.

Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқықты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті. Бұл теңсіздік неден туады? Ол үшін саяси биліктің қарамағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс-құралдары бар. Оған жататындар:

1. *Экономикалық қор.* Қандай саяси билік болмасын оған қаржы-қаражат керек. Мысалы, сайлау науқанын өткізу үшін ондаған миллион ақша жұмсалады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат жетіспегендіктен шет елдерде үміткерлер жеке бай адамдар-

дың, бірлестіктердің көмегіне сүйенеді. Билеуші аппаратты ұстау үшін қаншама қаржы кетеді. Оның үстіне, әдетте, билік басына келген топ өзінің экономикалық бағдарламасымен келеді. Мысалы, АҚШ-тың көрнекті президенттері: Ф. Рузвельт “Жаңа бағыт”, Дж. Кеннеди “Жаңа шеп”, Л. Джонсон “Кедейлікке қарсы соғыс” және т.с.с. бағдарламаларды алға тартқан. Оларды жүзеге асыруға қыруар ақша іздестіруге тура келеді.

Экономикалық қорға қоғамдық өндіріс пен тұтынуға керек басқа да материалдық құндылықтар, құнарлы, шұрайлы жерлер, пайдалы қазба байлықтары және т.б. кіреді.

2. *Әлеуметтік әдіс-құралдар.* Үстемдік етіп отырған билік өзін қолдайтын, оның одан әрі өмір сүруіне мүдделі адамдар іздейді. Ондай рөлді ең алдымен оның мәртебелі, абыройлы, жалақысы мол қызметтерді атқаратын, көптеген жеңілдіктермен пайдаланатын қызметкерлері орындайды. Қазіргі Батыс елдерінде үстемдік етіп отырған саяси билікті сақтауға халықтың көпшілігі мүдделі. Себебі, оларда орта деңгейде тұратын адамдар көп, саяси билік басына келгендер соларға арқа сүйейді, көпшілікті мұқтаждық жағдайға жібермейді, елдерінде әлеуметтік әділеттілік, халықты сақтандыру кең дамыған. Мысалы, зейнеткер жұмыс істеп жүргенде алған жалақысының 90%-ға дейінгісін ала алады, неше түрлі қайырымдылық қорлары жұмыс істейді және т.с.с.

3. *Қуш жұмсау құралдары.* Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді. Оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура және т.т. Тарихи тәжірибеге сүйенсек, саяси билік оларды өз мақсаттарына әсіресе экономикалық және саяси дағдарыстар кезінде жиі пайдаланады. Оның арнайы дайындалған адамдары болады.

4. *Ақпарат құралдары.* Қоғамдық пікір тудырып, саяси өмірге ықпал ету жағынан оны төртінші билік деп те атайды. Кейбір саяси қайраткерлер кім теледидарды бақыласа, сол бүкіл елді бақылай алады деп санайды. Шынында да, олардың мүмкіншіліктері мол. Әсіресе, әрбір үйде радио, теледидар бар кезде адамдар өз елдеріндегі жағдайды ғана емес, дүние жүзінде не болып, не қойып жатқанын көріп-біліп отырады. Ақпарат құралдарының маңызы шын мәнінде сөз, баспасөз бостандығы берілген, оппозициялық партиялар бар елдерде арта түседі.

5. Ақпарат құралдарымен қатар билікті жүргізуде *информациялық қордың* да маңызы зор. Білім мен ғылыми мағлұматты алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға шығуда. Кейбір ғалымдардың (жапондықтардың) айтуынша, информация кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады дейді.

Саяси билік әлеуметтік институттар арқылы жұмыс істейді. Ол ұйымдар, мекемелер, техникалық, информациялық, адамдық жайттар, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру мен реттеуді қамтамасыз ететін ережелер арқылы іске асады.

Биліктің қайнар көзі. бастауына бедел, күш, байлық, заң, адамның қоғамдағы алатын орны, ұйым, мүдде, білім және хабарлама ақпараттар жатады.

Билікті жүзеге асырғанда құқық, бедел, сендіру, әдет-ғұрып, дәстүр, амал-айла, қулық, күштеу, зорлау, еріксіз көндіру сияқты әдіс-амалдар пайдаланылады. Оны жүзеге асырудың түрлеріне үстемдік жүргізу, басшылық ету, үйлестіру, ұйымдастыру, бақылау жатады.

§ 2. Биліктің қызметтері мен жіктелуі

Саяси биліктің өзіндік қызметтері болады. Оған жататындар: қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру; оның саяси өмірін ұйымдастыру (ол мемлекет пен қоғам, таптар мен топтар, ассоциациялар, саяси институттар, мемлекеттік басқару органдары мен аппараттары, партиялар, азаматтар және т. б. арасындағы қатынастарды қамтиды); әр түрлі деңгейдегі қоғам мен мемлекеттің істерін басқару; өкімет органдары, саяси емес процестерге басшылық жасау; саяси және басқа қатынастарды бақылау және түптеп келгенде, белгілі бір қоғамға сәйкес басқарудың түрін, саяси тәртіпті және мемлекеттік құрылысты (монархиялық, республикалық), ашық не жабық (басқа мемлекеттерден оқшауланып, қоршауланып алған, авторитарлық) қоғамды құру, қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қолдау; дау-дамай, шиеленістерді ашып, оларға шек қою және дер кезінде шешу; қоғамдық келісімге, мәмілеге келу және т. б.

Қоғамда билік өзара тығыз байланыстағы 3 деңгейде ұйымдас-тырылып, жұмыс істейді: 1) жоғары орталық саяси институттар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, саяси партиялар мен қоғам-

дық ұйымдарды басқару органдары кіретін өте ірі деңгей; 2) орта буынды аппараттар мен мекемелерді қамтитын және аймақтық, облыстық, аудандық шеңбердегі жергілікті әкімшілік билік (әр түрлі мекемелер, агенттіктер, комиссиялар, кеңестер, префектуралар және т. б. мекемелер) кіретін орта деңгей; 3) адамдар, кішігірім топтар, ұйымдар, одақтар, өндіріс және басқа ұжымдар арасындағы қоғамдық қатынастардың негізі, арқауы болып табылатын, саяси және қоғамдық өзін-өзі басқару өрісін құрайтын кіші деңгей.

Билік мәселесін қарастырғанда саяси биліктің “субъектісі” және “иелік етуші” деген ұғымдарға назар аударуға тура келеді.

Субъект деп іс-әрекетті жасаушы, объекті өзгертуші жеке адам, әлеуметтік топ, тап, партия, мемлекетті айтады. Саяси билікті жүзеге асыру үшін арнайы ұйымдар мен мекемелер құрылып, субъект оларға өкілдік береді. Олар билікті қолданушы, қорғаушы, “иелік етуші” болып есептеледі. Басқа сөзбен айтқанда, субъект билікті “иелік етушілер” арқылы жүргізеді. Сондықтан мұны түсінбейтін адамдар билікке “иелік етушілерді” биліктің өзімен шатастырады немесе “иелік етушілерді” билік субъектісінен тәуелсіз деп санайды. Мысалы, мұндай адамдар кез келген шенеунікті, ұйым немесе мекеменің, саяси, әкімшілік, шаруашылық бастықтарын билік иесі деп ұғады. Олардың іс-әрекеттері туралы шағым арыз беруге болмайтын сияқты көрінеді. Мұндай түсінік субъекті енжарлыққа, керенаулыққа әкеліп соқтырады, биліктен шеттетіледі. Олар өз тағдырын белсенді түрде өзі шешетін мүмкіншілігіне сенімі азаяды.

Биліктің субъектісіне жеке адам немесе партиялар, ұйымдар және т. б. жатады дедік. Бірақ олар бәрі бірдей билік жүргізе алмайды. Сондықтан мұндай құқық адамдардың, ұжымдардың, партиялардың, таптардың, топтардың белгілі бір бөлігіне ғана беріледі. Бұдан келіп билік етуге сенім білдіру мәселесі туады.

Демократиялық саяси жүйе ойдағыдай өз ісін атқаруы үшін, әдетте, мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігі етіп үш тармаққа бөледі. Оның негізін салушы ағылшын ойшылы *Джон Локк* (1632—1704) пен француз ғалымы *Ш. Л. Монтескье* (1689—1753) болды.

Заң шығарушы билік (парламент) заң шығарумен, оны бекіту, өзгерту немесе жоюмен айналысады. Ол заң қабылдайды, салық салуды анықтайды, үкіметті тағайындайды, бюджетті бекітеді, соғыс ашып және армияны қамтамасыз етеді, сауданы реттейді,

сотты ұйымдастырады, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, саясаттың маңызды ішкі және сыртқы бағытын айқындайды. Оның жұмысына конституция атынан ерекше органдар (конституциялық қадағалау, конституциялық сот) бақылау жасайды.

Атқарушы билікке үкімет пен әкімшілік жатады. Оларды заң шығарушы өкілдік органдар қалыптастырады. Атқарушы билік заң шығарушы биліктің бақылауында болып, олардың алдында есеп береді. Оның жұмысы заңға негізделіп, заң шеңберінде іс істеуі керек. Сырттай қарағанда ол заң шығарушы билікке тәуелді. Бірақ іс жүзінде ол саяси жүйенің маңызды бөлігіне айналған және қоғамдық өмірде зор рөл атқарады. Үкімет саяси шешімдер қабылдайды (бірақ олар конституция шеңберінде болуы және заңға негізделуі керек). Ал әкімшілік ол шешімдерді жүзеге асырады.

Соттық билік адамдардың құқығын қорғайды, заңды бұрмалаушылықтан сақтайды, парламент не президент қабылдаған заңдардың, конституциялық жарғылардың сәйкестігін анықтайды. Оны халық немесе өкілетті мекемелер қалыптастырады. Ол заң шығарушы немесе атқарушы билікке тәуелсіз. Өз жұмысында тек заңды ғана басшылыққа алады. Егер жоғарғы сот мемлекеттік органның немесе қызмет адамының шешімін конституцияға қарсы десе, ол шешім толығымен күшін жояды. Соттың маңызды принциптеріне жариялылық, айыпкердің өзін қорғауға және сот үкімін бұздыру туралы шағым арыз беруге құқығы жатады.

Біраз елдерде соттың тәуелсіздігін және әділдігін қамтамасыз ету үшін ант берген әділ сот құрылады. Мұндай жағдайда сот процесінде судьяларға тәуелсіз, арнаулы ант берген азаматтардан тұратын қазылар алқасы қатысады. Олар айыпкердің кінәсы жөнінде шешім қабылдайды. Соның негізінде судьялар үкім шығарады.

Қазіргі кезде биліктің үш тармағы жөнінде саясатшы ғалымдардың арасында әр түрлі көзқарастар бар. Олардың кейбіреуі билік санын көбейткісі келсе, екіншілері кеміткісі келеді.

Билік санын көбейткісі келгендер төртінші билік деп ақпарат құралдарын атайды. Олардың қазіргі кезде, өмірдің демократияланып жатқан дәуірінде алар орны зор. Әсіресе, сөз, баспасөз бостандығы шын мәнінде беріліп, радио мен теледидарды пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілген елдерде азаматтардың өзіндік санасының өсуіне, қоғамның ісіне белсенді араласуына, адамдар-

дың басшылығы мен жауапкершілігін тәрбиелеуде ақпарат құралдарының мүмкіншілігі ерекше. Ел басқарушы шенеуніктердің қылмысты істерін қалт жібермей әшкерелеп отырса (сондықтан олардан қаймықса), халықтың мұнын мұндаса, шынында да, төртінші билік емей немене?

Бесінші деп сайлаушылар билігін айтады. Мұнда сайлаушылардың еркі, талап-тілектерімен қатар кейбір елдерде сайлаушылар соты да бар.

Алтыншыға бақылау билігін жатқызады. Қайсыбір елдерде карамағында аппараты бар Бас бақылаушы да болады.

Жетінші саяси билік дейді. Мұнда билікті жүргізіп отырған басқарушы партия туралы сөз болып отыр.

Кейбіреулер биліктің ерекше түрі деп әскери билікті атап жүр.

Сонымен қатар мемлекеттік билік санын қысқартқысы келетіндер де бар. Мысалы, француздың белгілі саясаткерлері Р. Арон, Ж. Бурдо және тағы басқалар мемлекетте екі-ақ билік, атап айтқанда, заң шығарушы және оған бағынышты әкімшілік билік болады дейді. Сот билігін жоққа шығармайды, бірақ оны әкімшілік билікке қосады.

Дегенмен, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінде үш тармақты билік қалыптасқан. Мемлекетті басқару ыңғайлы болу үшін ол биліктер орталық (жоғары) және жергілікті билік болып бөлінеді.

Биліктің кейпін, сырт бейнесін, қоғамдағы рөлін, жұмысын және болашағын бағалау үшін оны жүйелеп, топтастырудың мәні зор. Әр түрлі билік өзара байланысты бірқатар белгілермен өзгешеленеді. Атап айтқанда: 1) институционалданған (өзінің басқарушы және тәуелді құрылым деңгейі бар әр түрлі мекемелер түрінде ұйымдасқан, төмен шенділердің жоғары шенділерге бағынышты болып, араларында билеу-бағыну қатынастары орнаған) және институционалданбаған (биресми, басқарушы және атқарушы топтар анық, ашық көрсетілмеген) биліктің түрі (мәселен, саяси ассоциациялардағы билік, биресми топтарды және т. б. басқару); 2) жұмыс істеу саласына байланысты билік саяси және саяси емес болып бөлінеді. Мысалы, соңғысына экономикалық, ата-аналар, корпорациялар және т. б. билігі жатады; 3) құқықтық шегіне, күдіретінің мөлшері мен саласына қарай билік мемлекеттік, ассоциативтік (партиялық, топтық, жергілікті әкімшіліктің және т. б. билігі) болып, сыртқы саясат қатынаста-

рындағы, дүниежүзілік ұйымдар мен одақтардың халықаралық билігі болып жіктеледі; 4) биліктің субъектісі бойынша парламенттік, үкіметтік, соттық, дербес (монархиялық — корольдік, патшалық және т. б. — президенттік), ұжымдық (партиялық, басқарушы топтардың алқалық, халықтық, таптық және т. б. билігі) болып топталады; 5) қолданылатын әдіс, тәсіліне қарай үстемдік, озбырлық, басқа түрлерді еріксіз көндіру, сендіру, ерік, бедел және т. б. билігі болып бөлінеді; 6) әлеуметтік түріне қарай феодалдық, буржуазиялық және т. с. с. билігі болып жүйеленеді.

§ 3. Саяси билік пен мемлекеттік билік. Биліктің легитимдігі

Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Бұл мәселенің үлкен астары бар. Себебі, бұрынғы кеңестік дәуірде бұл ұғымдарды теңестіріп, бірыңғайлау саяси жүйенің барлық құрылымын мемлекеттендіруінің тәсілдемелік негізі болды.

Саяси билік таптық, топтық жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді. Ал **мемлекеттік билікке** барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке-дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады. Бұдан біз саяси биліктің мағынасының мемлекеттік биліктен кең екендігін байқаймыз. Себебі, біріншіден, саяси билік адамзат тарихының барлық кезеңдерінде болған. Мысалы, алғашқы адамдық қауым кезінде ақсақалдар кеңесінің, веченің (Ежелгі Русьтегі азаматтар жиналысының түрі), вече соттарының және т. б. билігі болды. Екіншіден, саяси билік тек мемлекеттік аппарат арқылы ғана емес, сонымен бірге партиялар, кәсіподақтар, халықаралық ұйымдар (БҰҰ, НАТО және т. б.) сияқты саяси жүйенің басқа элементтері арқылы да билігін жүргізеді. Үшіншіден, мемлекеттік билік, жоғарыда көрсетілгеніндей, ерекше күштеу аппаратына сүйенеді және оның билігіне қоғамның барлық мүшелері тегіс бағынады. Мемлекеттік билік саяси биліктің ең жоғары, ең толық, ең дамыған түрі, оның өзегі болып табылады.

Мемлекеттік биліктің заңдылығы оның легитимдігінен білінеді. **Легитимдік** (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) *дегеніміз халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы.*

Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін мынандай екі шарт қажет: 1) ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне қарай орындалуы керек. Яғни, мемлекеттік биліктің иесін тура немесе жанама түрде белгілі бір мезгілге халық сайлауы керек және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы тиіс; 2) мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Немістің көрнекті ғалымы Макс Вебер билік басына келудегі легитимдіктің мінсіз түрлері ретінде үш үлгісін көрсетті. Ең біріншісі — *әдет-ғұрыптық легитимдік*. Ол сонау ерте заманнан бастап халықтың санасына сіңген, әбден бойлары үйреніп, дұрыс деп тапқан салт-дәстүрлерге сүйенді. Сондықтан, мысалы, (кейбір елдерде қазір де) хан, сұлтан, патша, шах, әмір және т. б. билігін халық дұрыс, заңды деп түсінді. Билік әкеден балаға мирас болып қалып келді, оны жұрт ата-салтымыз деп мойындап отырды.

Екінші түріне *харизматикалық легитимдік* жатады. Мұнда өзінің ерекше батырлығымен, адалдылығымен немесе басқа үлгілі қабілет-қасиеттерімен көзге түскен адамды басшы етіп жариялап, соның соңынан ереді. Халық тек сол көсемге беріліп, соған ғана сенеді. Мысалы, Мұхаммед пайғамбар, Ганди, аятолла Хомейни және т. б. Ол адамдар жеке басқа табыну дәрежесіне жетті. Харизма деген сөздің өзі де көсемге, мемлекеттік басқарушының жеке басына табыну деген мағынаны білдіреді.

Үшінші түріне Вебер *ақыл-парасаттың, құқықтың легитимдігін* жатқызады. Онда саяси билік салт-дәстүрге немесе тарихи тұлғаға байланысты емес, қазіргі саяси құрылым орнатқан құқықтық ережелерге, тәртіптің ақыл-ойға сыйымдылығына негізделеді. Мұндай легитимділік саяси биліктің пайда болуы және өмір сүруі демократиялық талаптарға сәйкес келе ме, жоқ па сонымен анықталады.

Легитимдіктің алдыңғы екі түрі құлдық және феодалдық қоғамдарға тән болса, үшінші түрі қазіргі дамыған елдерге тән. Шығыс елдерінің саяси қайраткерлері биліктің легитимділігіне зор назар аударады. Себебі, халық қазіргі үстемдік етіп тұрған саяси тәртіпке сенуі керек. Сонда ғана оны жұртшылық қолдайды және ол тиімді қызмет атқарады.

Мемлекеттік құқықтық тәртіптің легитимдігінің ең биік дәрежесіне конституция жатады. 1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының

жана Конституциясы саяси билікке нақтылы легитимдік берді. Онда Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Республика Президенті мемлекет басшысы, оның ең жоғары лауазымды тұлғасы болып табылады. Ол — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі. Парламент — заң шығару функциясын жүзеге асыратын республиканың ең жоғары өкілді органы. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға арналған. Конституциялық Кеңес республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясы үстінен қарауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып саналады.

Саяси билік мәселесін сөз еткенде оның принциптеріне тоқталмауға болмайды. Олар қоғамдық өмірдің қолайлы, орнықты қалпын қамтамасыз ету үшін қажет. Оған мыналар жатады: легитимдік принципі (яғни, билік заңға, заң шығаруға сүйенгенде ғана өзін сенімді, еркін сезіне алады), қорғау принципі (билікті сан түрлі әдістермен қолда ұстай білу және оны арттыра білу керек), ұтымдылық принципі (билік батымды, өтімді, ықпалды, табанды болғаны жөн, онсыз билік билік бола алмайды), сыр бермеу принципі (билік үшін ең қауіпті нәрсе — шындықты уақытынан бұрын айтып қою).

Қолдағы билікті атқара да білу керек. Бұл оңай шаруа емес, тіпті ең қиыны десе де болады. Себебі, кемшіліктің көбі билікті қолдану барысында жіберіледі. Билікті атқару тегігіне заң жүзінде рұқсат етілген әлеуметтік іс-әрекеттер жатады. Оның да өзіндік принциптері бар. Оларға жататындар: іштей еріксіздік (әміршінің өз билігі өзінде бола бермейді), сақтық (саяси іс-әрекетті алдын ала парасатты түрде дәлме-дәл есептеп алған дұрыс), қызметтестік (биліктің мықтылығы бірлесіп іс басқара білуде), шыдамдылық (әмірші төзімді, тілектес, мейірбанды болуға тиіс), ымыраға

келушілік (биліктің қисыны жағдайға байланысты болуы мүмкін; сондықтан өкім жүргізушіге келісімге, ымыраға келуге, бірлестіктерге, блоктарға енуге немесе олардан іргені аулақ салуға тура келеді), жауапкершілік (әмірші шексіз билікке қызықпай, жауапкершілігін сезінгені абзал), ұлылық (билік жүргізуші өзінің ішкі маңыздылығымен, ұлылығымен, айбындылығымен бағаланады), мәдениеттілік, табандылық, тұрақтылық, өзара сындылық және т. с. с. Билік — дәйектілігімен, іс-әрекетінің қисындылығымен қадірлі. Керек кезінде соңғы қорытынды сөзді айта білгеннің де маңызы зор.

Қоғамдық өмірді билік арқылы реттеп, жөнге келтірудің бірнеше түрі бар. Мысалы, бұрынғы Кеңес өкіметі кезінде билік түгелдей топтастырылған болатын. Әлеуметтік бастамалар шығару, шешімдер қабылдау және т. б. бәрі қатал орталықтанған еді. Бұл билік қоғамның прогресті дамуына жол бермейді. Ал кейбіреулер биліктің қай түріне болмасын қарсы шығып, анархизмді уағыздайды. Бұл жолдың да болашағы жоқ. Сондықтан алдыңғы қатарлы дамыған елдер биліктің орталықтануы мен шоғырлануынан саналы түрде бас тартып, барлық адамдардың өкімет шешімдерін қабылдауға, билікке қатысуын қалайды. Содан да болар қоғамның қарқындап дамуына жағдай жасап, халықтың тыныс-тіршілігіне жайлы саналатын қазіргі өркениетті елдер деп аталып жүрген мемлекеттердегі демократиялық республика, конституциялық монархия және т. б. сияқты биліктердің түрлері дұрыс деп саналуда.

§ 4. Биліктің түрлері

Биліктің жүзеге асырылу тәсіліне және құрылысына қарай басқару түрі және мемлекеттік құрылысы болып бөлінеді.

Басқару түрі жоғарғы өкімет билігі кімнің қолында екендігін көрсетеді. Соған байланысты мемлекет монархиялық және республикалық болып екіге бөлінеді.

Монархия деп мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара, бір билеушінің қолында болып, ол өкеден балаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Оны хан, патша, император, король деп атауы мүмкін. (Монарх мемлекет басшысы болған кезде оған сол елдің король, император, ұлы герцог сияқты құрметті атағы бірге беріледі).

Монархия өз кезегінде абсолюттік (шексіз) және конституциялық болып екіге бөлінеді. *Абсолюттік монархия* деп жоғарғы өкімет билігі бүтіндей, тұтас, формальды түрде де шектелместен бір адамның (монархтың) қолында тұрған қоғамдық құрылысты айтады. Ертеде басқарудың мұндай түрі кең тараған, соның ішінде Ресейде де (Романовтар династиясы басқарған шақта) болатын. Қазіргі дамыған елдердің ешқайсысында басқарудың мұндай түрі жоқ. *Конституциялық монархияда* монархтың билігі белгілі дәрежеде заң шығаратын билік парламентпен шектеледі. Басқарудың мұндай түрі алғаш рет Англияда пайда болды және қазірдің өзінде ойдағыдай қызмет етуде. Қазір конституциялық монархиялық құрылыс Бельгия, Голландия, Дания, Иордания, Испания, Норвегия, Непал, Люксембург, Марокко, Сауд Аравиясы, Швеция, Жапония және т. б. елдерде сақталған.

Республика деп мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер (Парламент) арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтады.

Республика *президенттік, парламенттік және аралас (немесе жартылай президенттік)* болып үшке бөлінеді. *Президенттік* басқаруда, әдетте, мемлекеттің де, үкіметтің де басшысы президент болып саналады. Оны парламент немесе халық сайлауы мүмкін. Егер президентті парламент немесе соның негізінде құрылған коллегия сайласа, оны “парламенттік президент” дейді. Ол — салтанатты өкілдігі бар символдық қайраткер. Конституция бойынша оған белгілі бір құқықтар беріледі. Бірақ ол құқықтарды жүзеге асыру үшін тиісті құжатқа премьер-министр немесе министрлердің біреуінің қойылған қолы керек. Онсыз күші болмайды. Басқа сөзбен айтқанда, ондай президенттің билігі шамалы болады. Мысалы, Үндістанда, Италияда солай.

Ал егер президентті жалпыға бірдей, тікелей, кұпия сайлау арқылы халық сайласа, ондай мемлекетті президенттік республика дейді. Ондай президенттің билігі зор. Мысалы, АҚШ, Франция т. б. елдерде. Мұнда атқарушы билік тікелей парламентке бағынбайды. Президент үкіметті өзі тағайындап, өзі басқарады. Мұндай билік алғаш рет АҚШ-та орнады. Бұл елдің басқаруы президенттік демократияның ішінде ең үлгілісіне жататындықтан оған толығырақ тоқталайық. АҚШ-та президент 4 жылға сайланады. Онда премьер-министр болмайды. Президент мемлекетті де, үкіметті де басқарады. Ол департаменттердің (министерство-

лардың аты) басшыларын, министрлер кабинетін және үкіметті тағайындайды. Олар тек Президентке ғана есеп береді. Оның қылмыскерге кешірім жасауға, марапаттауға, халықаралық келіссөздерді жүргізуге құқығы бар. Атқарушы билік шеңберіндегі шешімдердің бәрін президент қабылдайды. Ол саясаттың ішкі және сыртқы басты бағыттарын айқындайды, тұрақтылықты бейнелейді. Ал үкімет бұл кезде күнделікті істермен, елді басқару мәселелерімен айналысады. Президенттік билік төрелік ететін әділ қазы сияқты рөлді атқарады. Мысалы, экономикалық бағыт қиыншылықтар тудырса, үкімет алмасуы мүмкін. Жана үкімет басқа саясат жүргізеді, ал мемлекеттің бастығы баяғы орнында қала береді. Бұдан біз президенттік басқарудың билігі зор екенін көреміз. Бірақ бұл биліктің де шегі бар. Ең алдымен президенттің заң шығаруға өкілеттігі жоқ. Ол бюджетті де шеше алмайды (оны Конгресс шешеді). Парламент президенттің қай тағайындауын болса да бұза алады (оны “право вето” деп атайды). Конгресс президентті орнынан ала алады (оны “импичмент” дейді). Мысалы, АҚШ-тың бұрынғы президентінің бірі Р. Никсон “уотергейт ісі” үшін (“Уотергейт” қонақ үйінде орналасқан демократтардың штаб-пәтеріне жасырын тыңдау құрылғысын қоймақ болғаны үшін) отставкаға кетуге мәжбүр болды. Егер президент конституцияны бұзса, не мемлекетке опасыздық жасаса, Конгресс оны жұмыстан босата алады. Бірақ ол президенттің саясатымен келіспесе, ол үшін оны босата алмайды. Президенттік республика Латын Америкасы елдерінде кең тараған. Ондай билік Ресейде, Қазақстан және ТМД елдерінің басқа республикаларында да орнауда.

Парламенттік тәртіпте елдің жоғарғы басшысы парламентке бағынады. Онда заң шығарушы билік те, атқарушы билік те парламентке тәуелді. Ол салықты белгілейді, бюджетті бекітеді, соттарды құрады, сауданы реттейді, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, соғыс аша алады, әскерді қамтамасыз етеді және т. б.

Қазіргі кезде көптеген елдердің парламенті екі палатадан тұрады. Феодалдық мемлекеттерде ол елдің өкілдігін үйлестіруге мүмкіндік берді. АҚШ-та, Францияда оны үстемдік етуші топтар заңгерлерді “шектен тыс демократияландыруға” жібермеу үшін парламент ішінде қосымша тежеу факторы ретінде пайдаланды.

Төменгі палата жалпыға бірдей тікелей сайлау арқылы қалыптасады. Жоғарғы палатаның құрылуы әр түрлі болады. Мысалы,

Англияда парламенттің жоғарғы палатасына (Лордтар палатасы) мұрагерлікпен өмір бойы болатын пэрлер (жоғарғы аристократтық атақ), ондай құқығы жоқ пэрлер және Англия шіркеуінің жоғарғы шенділері кіреді. АҚШ-та сенатқа (Конгрестің жоғарғы палатасы) әр штаттан (халық санына байланысты емес) екі өкілден сайланады. Германияда жоғарғы палатаның депутаттарын әр жердің үкіметі тағайындайды.

Көп елдерде белгілі бір дәрежедегі адамдарды парламентке сайламау заң жүзінде ескерілген. Әдетте, бұл ереже мемлекеттік, қарулы күштер, сот қызметкерлеріне қолданылады. Сонымен қатар депутаттың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықты өрбітпеу үшін парламент мүшелеріне олардың мерзімі өткенше мемлекеттік және жеке меншік фирмаларда, компанияларда қызмет етуге тыйым салынады. Саясаткерлер мен заңгерлердің қызмет бабындағы мәліметтерді өздерінің жеке басының баюына пайдалануларына рұқсат етілмейді.

Парламент бірпартиялық және екіпартиялық болуы мүмкін. Бір партиялық парламент, әдетте, кішкентай елдерде кездеседі. Мысалы, Финляндияда солай, ірі және дамыған елдерде екі партиялық парламент болып келеді. Мысалы, АҚШ-та, Англияда, Германияда, Францияда және т. б. елдердегі сияқты.

Парламенттің мезгіл-мезгіл үкіметтен есеп беруді талап етуіне, ең маңызды саяси шараларды бекітуге, үкіметке сенім білдірмеуге құқығы бар. Мұнда ең маңызды нәрсе — үкіметке сенім білдіріле ме, жоқ па, ол дауыс беру арқылы шешіледі. Сондықтан күрес дауысты көбірек арудың айналасында болады. Мысалы, Германия, Ұлыбритания және т. б. елдерде демократиялық парламенттік тәртіптің өмір сүруі олардың парламентте көпшілік дауыс алуынан. Егер сенімсіздік білдірілсе, кабинеттің отставкаға кетуіне тура келеді.

Әр елде Парламентті әр түрлі атайды. Мысалы, АҚШ, Филиппинде және Латын Америкасының көптеген елдерінде оны Конгресс, Польша мен Финляндияда — Сейм, Иран мен Түркияда — Мәжіліс, Израильде — Кнессет, Швецияда — Риксдаг, Францияда — Ұлттық жиналыс дейді.

Республиканың үшінші түріне аралас (оны жартылай президенттік немесе президенттік-парламенттік деп атайды) республика жатады. Мұнда президенттік те, Парламенттік те түрлердің белгілері кездеседі. Үкіметке екі жақты (Президенттің алдында да және парламенттің алдында да) жауапкершілік

жүктеледі. Республиканың классикалық ондай түріне Франция жатады. Сонымен қатар оған Австрия, Ирландия, Португалия, Польша, Финляндия және т.б. мемлекеттерді жатқызуға болады.

Билік басқару түрімен қатар құрылысына қарай да ерекшеленеді. Мемлекет құрылысы орталық өкімет пен жергілікті биліктің міндеттер өрісінің арақатынасын білдіреді. *Ол унитарлық, федеративтік және конфедеративтік болып үш түрге бөлінеді.*

Унитарлық (латынның біртұтас, біріккен деген сөзінен) құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның жері, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Мысалы, ондай мемлекеттерге Греция, Италия, Қазақстан, Польша, Финляндия, Франция, Ұлыбритания, Швеция және т. б. жатады.

Федерация деп белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жана бір мемлекетті құруын айтады. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттерінің арасындағы айырмашылықтар жалпымемлекеттік конституциямен реттеледі. Әрбір субъектінің өзінің жоғарғы билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот) органдары болады. Бірақ олар орталық институттарға бағынуы тиіс. Мысалы, мұндай федеративтік мемлекеттерге Австралия, Австрия, АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Канада, Малайзия, Мексика, Нигерия, Ресей және т. б. жатады.

Конфедерация деп өздерінің кейбір амал-әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір максаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы және т. с. с.) жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдер одағын айтады. Онда жалпыодақтық азаматтық немесе ол одаққа кірген мүшелердің бәріне міндетті заң шығарушы билік болмайды. Оның алған шешімдері оған кірген мүшелердің бекітуінен өтуі керек. Конфедерация өмірде сирек кездеседі. Мысалы, ол 1848 жылға дейін Швейцарияда, 1778—1787 жылдарда Солтүстік Америка штаттарында, 1981—1989 жылдары Сенегамбияда болды. Қазір конфедерацияға ұқсас құрылымды Еуропалық одақ құрмақ ойы бар.

Мемлекеттер басқару түрі, өзіндік құрылысымен ғана емес саяси тәртібі жағынан да ерекшеленеді. Бірақ біз ол жөнінде “Қоғамның саяси жүйесін” талдағанда қараған болатынбыз. Сондықтан оған қазір тоқталмаймыз.

§ 5. Саяси тәртіп (режим)

Саяси тәртіп деп саяси билік, қоғамды басқарудың әдіс-тәсілдер жиынтығын, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің демократиялық дәрежесін айтады.

Қазіргі саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы (антидемократиялық) деп үлкен екі топқа бөледі.

Демократиялық тәртіпке халықты биліктің қайнар көзі деп санап, оған мемлекеттік істерді шешуге құқық берілген және ол үшін қажетті жағдайлар жасалған биліктің түрі, қоғамның мемлекеттік-саяси құрылысы жатады. Мұндай тәртіпте азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктеріне кепілдік беріледі, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін көздеуші саяси партиялар, ұйымдар, мекемелер кедергісіз жұмыс істейді. Саяси өмір демократиялық негізде кең өріс алады. Саясат мәселелері ашық талқыланады, биліктің шектен тыс шоғырлануына жол берілмейтіндей тетік жасалады, азаматтарға қолайлы құқықтар мен еркіндіктер, олардың саяси көңілін білдіру түрлері айқындалады, жалпыға бірдей сайлау құқығы орнатылады.

Сонымен қатар демократиялық тәртіп мынадай белгілермен сипатталады:

1. Адал, шынайы сайыс арқылы, жүйелі түрде өткізілетін сайлау. Ол амал-айласыз, қулық-сұмдықсыз жүргізілсе және оны шынайы өткізудің жолы табылғанда ғана адал болады. Егер мемлекеттік билік бір партияның қолында болса да сайлау адалдыққа жатпайды. Шынайы сайыс арқылы дегенде өзінің кандидатурасын еркін ұсынуға мүмкіндігі бар әр түрлі топтар мен жеке тұлғалар болуын айтады. Егер бір топтар қатысып, екіншілері қатыса алмайтындай болса, ондай сайлау жарыс арқылы өтпегені. Жүйелі түрде деп сайлаудың белгілі бір мерзімде өткізілуін айтады.

2. Үкіметтің сайлау арқылы дүниеге келуі. Демократияны қамтамасыз ету үшін сайлаудың жүйелі түрде жүргізілуі жеткіліксіз. Мысалы, Латын Америкасында сайлау жиі болып тұрады, бірақ содан кейін көп ұзамай әскери төңкеріс жасалып, билік басына басқа біреу келіп отырып алады. Бұл дұрыс емес. Себебі өкімет басына сайлау арқылы келу керек.

3. Демократия жеке тұлғалар мен аз ғана адамдардың да құқығын қорғайды. Әдетте, демократияға азшылықтың көпшілікке бағынуын айтады. Бірақ ол аз. Көпшіліктің үкіметі жеке тұлғалар мен аз ғана адамдардың құқығын қорғағанда ғана демократиялы бола алады.

Демократиялық тәртіп президенттік және парламенттік болып екіге бөлінеді. Олар туралы келесі тақырыпта арнайы сөз болады.

Антидемократиялық тәртіп тоталитарлық және авторитарлық болып бөлінеді.

Тоталитарлық (латынның бүтіндей, тұтас, жалпы деген сөзінен) тәртіп деп қоғам, адам өмірінің барлық салалары тұтасымен мемлекеттік бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылымды айтады. Онда өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі және т.б. — бәрі тегіс бақылаудың астында болады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, демократиялық ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық полициялық бақылау орнайды.

Тоталитарлық тәртіпте жалғыз көпшілік партия қалыптасады. Билікті сол жүргізеді. Ол партия оған кірген мүшелердің өз еркімен және демократиялық жолмен ұйымдаспайды. Көсемнің ыркымен, соның айналасында (Гитлер, Сталин) құрылады.

Ондай қоғамда идеологияның рөлі үстемдік етеді. Ол барлық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады. Солардың күшімен жұртшылықты өз теориясының “шындығына” сендіруге тырысады. Идеологияны көсем анықтайды. Ол өз әрекеттерін биік бір арман, мұратқа жету мақсатымен бүркемелейді. Ол Гитлердің айтқанындай, басқалармен салыстырғанда бір нәсіл не ұлттың (немістердің) пешенесіне жазылған артықшылығы, Франконның христиандық қоғамы, Сталиннің бұрмаланған социализм идеялары сияқты болуы мүмкін. Басқаша ойлауға мүмкіндік бермейді.

Авторитарлық тәртіп деп күштеуге, жеке адамның билігіне негізделген мемлекеттік-саяси құрылысты айтады. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент жойылмайды, дегенмен, ол кеңесші органға айналады. Тоталитарлықпен салыстырғанда авторитарлық тәртіпте бірынғай идеология, көпшілік партия болмайды. Экономика қатал бақылауға алынбайды, күштеу әдістері де азырақ қолданылады. Әдетте, ол саяси процеске белсенді араласатын әскер күшіне сүйенеді. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси құқықтары мен бостандықтары шектеледі, оппозицияға тыйым салынады. Сайланбалы мемлекет органдары азаяды. Олардың жұмыстары мемлекет басшысының ыркына бейімделеді. Авторитарлық тәртіпке, мысалы, Пиночет кезіндегі Чилиді, Франко кезіндегі Испанияны, қазіргі Иорданияны, Индонезияны,

Морокко, Кувейтті, Сауд Аравиясын және т.б. жатқызуға болады. Мұндай тәртіп, әсіресе, Латын Америкасында жиі кездеседі.

Тоталитарлық және авторитарлық саяси тәртіппен демократиялық тәртіпке көшу әр елде әр түрлі өтеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия, Италия, Жапонияда буржуазиялық демократиялық тәртіп АҚШ-тың әскери күшінің көмегінің арқасында орнады. Португалия, Испания, Грецияда мұндай ауысу дамыған капиталистік елдердің қаржылық-экономикалық, саяси және моральдық-психологиялық қолдауының, сүйемелдеуінің арқасында жүзеге асты. Қазір Шығыс Еуропа елдері мен бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының демократиялық тәртіпке өту барысында Батыстың көмегіне сенуге болады. Бірақ ол үшін бұл елдер Батыстың талабына сәйкес дамуы шарт. Сол елдердің қатарына біздің Қазақстан да қосылады. Біз үшін либералдық демократияға өту қосымша қиындықтар тудырады. Себебі, бізде нарықтық экономика айтарлықтай қалыптаспаған. Оның үстіне, еліміздің саяси мәдениеті әлі жеткілікті дамымаған. Сондықтан демократиялық жолға түсу ұзақ та күрделі болмақ.

Сайып келгенде, саяси жүйе қоғамның күрделі, сан қырлы құрылымы болып табылады. Ол орасан зор үйлестіру және жинақтау қызметін атқарады. Жалпы қоғамның және оның әлеуметтік топтары мен жеке адамдарының өміршең, тұрақты дамуы саяси жүйенің қаншалықты орнықты, жақсы жұмыс істеуіне байланысты. Оны толық түсіну үшін саяси жүйенің құрамдас элементтерін, әсіресе мемлекетті оқып білу керек. Оны келесі тақырыпта қараймыз.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қоғам биліксіз өмір сүре ала ма? Неге?
2. Биліктің қандай анықтамаларын білесіз?
3. Саяси биліктің экономикалық, идеологиялық, діни биліктерден айырмасы неде?
4. Биліктің қорына нелер жатады? Неге?
5. “Егемендік” деген не? Мемлекеттік билік не себепті егеменді болуы керек?
6. Биліктің легитимдігіне не жатады?
7. Билік легитимдігінің қандай түрлерін білесіз?
8. Саяси билік пен мемлекеттік биліктің айырмасы неде?
9. Қазіргі Қазақстандағы билік легитимдігінің түрі қандай?
10. Қазақстандағы қазіргі саяси тәртіп биліктің қандай қорларын пайдаланады?
11. Қазақстандағы билік түрі қандай?

§ 1. Саяси жүйе туралы ұғым

“Жүйе” ұғымын ХХ ғасырдың 20 жылдары ғылыми айналымға алғаш енгізген неміс биологы Л. Фон Борталанфи (1901–1972). Ол бұл терминді клетканың сыртқы ортамен алмасу процесін көрсету үшін пайдаланды. Ғалым жүйеге өзара байланыста болатын элементтердің біртұтас жиынтығы ретінде қарады. Жүйенің бір элементі өзгеріске ұшыраса, барлық тұтастық өзгереді. Жүйе сыртқы дабылдарға және өзінің ішкі элементтерінің талаптарына жауап қайтару арқасында дамиды.

Кейін жүйелік тәсіл қоғамдық ғылымдарда пайдаланыла бастады. Социологияда қоғамды жүйелік түрде талдаған –Т. Парсонс. Ол қоғамды өзара байланыста болатын 4 жүйешіктен (экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани) тұрады деді. Жүйешіктің әрқайсысы белгілі бір қызметті атқарады, іштен және сырттан түсетін талаптарға құлақ асып, жауап қайтарады. Олар қосылып жалпы қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Саяси жүйе теориясының пайда болғанына көп уақыт болған жоқ. Оны ХХ ғасырдың 50 жылдарында Американың саясаттанушысы Давид Истон ойлап тапты. Ол саяси жүйенің қызмет ету тетіктерін былай сипаттайды. Саяси жүйе сыртқы ортамен «кіріс», «шығыс» принциптері арқылы байланысады.

“Кірістің” 2 түрі бар: талап және қолдау. Талапты халықтың билік органдарына қоғамдағы құндылықтардың, қазына мен қаржының, қоғамдық қордың әділетті, дұрыс немесе әділетсіз, бұрыс бөлінуі туралы пікірі, билік органдарына үндеуі деуге болады. Ол қоғамда белгілі бір қажеттіліктің, мұқтаждықтың бар екендігін білдіреді және әр түрлі болады. Мысалы, еңбекақыны көтеру, жұмыс күнін қысқарту, әлеуметтік салаға қаржыны көбейту, білім алу мүмкіндігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғау және т.б. Мұндай талаптар көбейіп, оларға билік органдары назар аудармаса, саяси жүйе әлсірейді.

Қолдау қоғам мүшелерінің саяси жүйеге ниеттестігін, адалдығын, саяси институттарға сенетіндігін білдіреді. Ол үстемдік етіп отырған саяси жүйені күшейтеді. Қолдауға, мысалы, салықты дер кезінде төлеу, әскерлік міндетті атқару, ұлтжандылық білдіру, сайлауға белсене қатысу, қабылданған шешімдерді, заңдарды уақытында бұлжытпай орындау және т.б. жатады.

Халықтың әр түрлі жіктерінен түскен талаптарға саяси жүйе қандай типке жатуына байланысты әр түрлі қарайды. Мысалы, антидемократиялық, тоталитарлық саяси жүйе адамдардың талап-тілектеріне билікке көрсетілген наразылық ретінде қарайды. Сондықтан олардың әділдігіне сенімсіздік білдіріп, әр түрлі айла-тәсілмен басып-жаншуға тырысады. Демократиялық, конституциялық саяси жүйе халықтың мұқтаждығына, тілек-талаптарына жауап беруді, оларды мүмкіншілігінше қанағаттандыруды өз қызметін атқару деп түсінеді.

Шығыс – саяси жүйе жұмысының нәтижесі. Онда саяси жүйе түскен талап-тілектерге сәйкес саяси шешімдер қабылдайды, оларды жүзеге асыру жоспары қарастырылады. Оны халықтың талап-тілектеріне жауап деп түсінуге болады. Мысалы, шығысқа қабылданып жатқан заңдарды, атқарушы биліктің қаулыларын, соттардың шешімдерін және т.б. жатқызуға болады. Саяси жүйе орасан зор әлеуметтік мәлімет, хабарламаларды қарастырып, оларды нақтылы шешімдерге айналдырады. Олар жаңа талаптарды тудыруы мүмкін. Сөйтіп “кіріс” пен “шығыс” әрдайым бір-біріне әсер етіп отырады. Саяси өмірдегі бұл кері байланыс қабылданған шешімдердің дұрыстығын тексеру, оларды түзету, қателерді жою, қолдауды ұйымдастыру үшін үлкен маңызы бар. Кері байланыстың бұрын таңдалған бағыттан бас тартып, басқа бағдар алуға, жаңа мақсат қойып, оған жету жолын таңдауға да мәні зор.

Егер билік басындағылар қоғам мүшелерінің талаптарын тыңдамаса, оның шешімдері қолдау таппайды. Егер талаптар шамадан тыс көп болмаса және “кіріс” пен “шығыстың” әрекеттері дер кезінде өзара үйлестіріліп отырса, саяси жүйе тиянақты қызмет атқарады.

Д. Истонның идеяларын Г. Алмонд одан әрі дамытты. XX ғ. 50-60 жылдары көптеген бұрын отаршылдықта болған Африка, Латын Америкасы елдері егемендігін алып жаңа даму жолына түскен. Олардың біразы батыс саяси жүйесін қабылдады. Алайда ол келеңсіз зардаптарға әкелді. Д. Истон соны зерттеді. Батыс елдерінің саяси институттары бөтен әлеуметтік-экономикалық және мәдени-діни ортада өзінің көптеген қызметтерін ойдағыдай атқара алмады. Ең алдымен қоғамның тұрақты дамуына қол жетпеді. Мұндай тәжірибені сараптау негізінде салыстырмалы зерттеулер дами бастады. Оған Д. Истон басшылық етті.

Ол саяси жүйеге рөлдер мен олардың өзара қатынасының жиынтығы ретінде қарады. Олар үкіметтік институттар арқылы

ғана емес, басқа да саяси астары бар құрылымдар арқылы да жүзеге асырылады. Бұл құрылымдарды талдағанда ол 2 деңгейді – институционалдық және бағдарлық – баса айтты.

Егер біріншісі мемлекеттік және мемлекеттік емес институттарды зерттеуге көңіл бөлсе, екіншісі саяси мәдениетті құрайтын саяси құрылымды зерделеді. Құрылым деп Д. Истон өзара байланысты рөлдер жиынтығын түсінді.

Саяси жүйенің өзіндік мүмкіндіктері де бар. *Д. Истон* мен *Г. Алмонд* (1911 жылы туған) олардың төрт түрін көрсетеді: 1) топтар мен жеке адамдардың жүріс-тұрысын басқаруға байланысты реттеу мүмкіндігі; 2) өзінің қызмет етуіне қажетті экономикалық және басқа қорларды табуға байланысты қысымдық мүмкіндігі; 3) қорларды, игіліктерді, қызметті, үздік (озаттық) белгілерді және т.с.с. бөлу және қайта бөлу мүмкіндігі; 4) әлеуметтік ортаның талаптарына әрқашан жауап берерлік, өзгерген жағдайларға бейімдеушілік мүмкіндігі. Үндістан саясатшысы *П. Шарон* бұл төртеуіне бесіншісін – ішкі жағдайын басқара алатын өзін-өзі реттеу мүмкіндігін қосады. Осының бәрі, сайып келгенде, үстемдік етіп отырған қоғамның біртұтас өзін-өзі басқаратын әлеуметтік организм ретінде қызмет етуін қамтамасыз етуі керек.

Саяси жүйе төмендегідей қызметтерді атқарады:

1. Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің тәртіпке келтірілген, ережелерде, қалыптарда бекітілген, яғни институционалданған түрі. Сондықтан ол конституцияға негізделген жалпыға міндетті заңдар шығарады. Сол арқылы қоғамда тәртіп орнайды. Егер оны бұзушылар болса, оларға тиісті шара қолданылады.

2. Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат-мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларын басқарады. Ол әлеуметтік институттар қызметінің мақсаттарын айқындайды, солардың негізінде оларды орындаудың саяси жобаларын жасайды.

3. Саяси жүйе қоғамда жинақтаушылық, топтастырушылық қызметті атқарады. Ол ортақ әлеуметтік-саяси мақсаттар мен құндылықтардың айналасында барлық әлеуметтік топтар, таптар, жіктердің белгілі бір бірлестігін қамтамасыз етеді.

4. Экономиканың қалыпты жұмыс істеп, прогресті дамуына қажетті саяси жағдай жасау. Мысалы, саяси жүйе өндіріс құралдарына меншік түрлерін құқықтық тұрғыдан бекітеді, қаржы жүйесін реттейді, салық саясатын жүргізеді.

5. Қоғамды, оның мүшелерін ішкі және сыртқы бүліндіргіш әрекеттерден қорғау. Мысалы, ұйымдасқан қылмыс, сыртқы агрессиядан (әскери, экономикалық, информациялық) және т.с.с.

Сонымен, *қоғамның саяси жүйесі* деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығын айтады. Бұл жүйе саяси деп аталады. Себебі мемлекеттік істер алға қойған мақсатты, амал-әдістерді, оларға жету жолдарын қамтитын арнайы жете зерттелген шаралар, саяси бағыт арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар оны жүйе дейді. Өйткені оған мемлекеттен басқа мемлекеттік билікке ықпал ету үшін басқалармен бәсекеге түсетін, одақтарға кіретін, мәмілеге келетін мемлекеттік емес көптеген ұйымдар да кіреді. Бұл саяси қатынастардың күрделі көрінісі жүйелілікті, тұтастықты білдіреді.

§ 2. Саяси жүйенің құрылымы

Зерттеушілер саяси жүйенің мынадай негізгі төрт бөлігін атайды: 1) саяси институттар; 2) саяси қатынастар; 3) саяси ережелер; 4) саяси мәдениет. Соларға қысқаша сипаттама берелік.

Саяси институттарға (ұйымдар, мекемелер) мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар, кооперативтік, жастар, әйелдер, т.б. ұйымдар мен бірлестіктер жатады. Бұл ұйымдардың бәрі таптық, топтық, ұлттық, жыныстық, кәсіби, жас мөлшеріне қарай және т.с.с. байланысты пайда болатын көптеген әлеуметтік мақсат-мүдделерді білдіріп, қорғау үшін құрылады.

Солардың ішіндегі ең негізгісі — мемлекет. Ол қоғамда белгілі бір тәртіпті орнатады, оны басқарады, экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғайды. Ол үшін мемлекеттің арнайы аппараты, еріксіз көндіретін күштеу, зорлау органдары (әскер, сот, полиция, милиция және т.т.) болады. Солардың көмегімен ол адамдардың жүріс-тұрыс, іс-әрекетін реттейді. Мемлекет қоғам атынан оның ішкі және сыртқы саясатын атқара алады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың арасында қазіргі қоғамның саяси өмірінде ең үлкен рөл атқаратындар — саяси партиялар. Олар мемлекеттік билікті жүзеге асыруға, саяси жүйені, идеологиялар мен доктриналарды, қоғамдық пікірді, саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға ат салысады.

Қоғамның ең бұқаралық ұйымына кәсіптік одақтар жатады. Олардың ықпалы әр елде әр түрлі. Біздің елімізде олар халық шаруашылығын өркендетудің маңызды міндеттерін шешуге қатысады. Еңбекшілердің заңды талаптарын қорғайды, еңбек заңдарының қатаң сақталуын қалағалайды. Олардың денсаулығын сақтауға, мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуге қамқорлық жасайды. Тұрғын үйлерді бөлу, балабақшасына орналастыру, мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстарын басқарады. Қазір оның ықпалы төмендеп кетті.

Қоғамның саяси жүйесіне діни ұйымдар да кіреді. Олардың рөлі, әсіресе, феодалдық қоғамда зор болды. Ол кезде олар ақсүйектер билігін де өздеріне қаратқысы келді. Сондықтан олар мемлекеттік билікпен қатар өздерінің заң шығарушы, атқарушы, сот билігін де құрды. Олардың ішіндегі ең озбыры католик шіркеуінің XIII ғасырда өздеріне қарсыларды ерекше қатал қудалаған сот, полиция ұйымы — инквизиция еді. Олар 5 миллионға жуық адамды қуғын-сүргінге салып, біразын тірідей отқа жағып жіберді. Капитализм кезінде дін орындарының әсері әлдеқайда бәсеңдеді, бірақ саяси өмірде ықпалын тоқтатқан жоқ. Бұрынғы Кеңестер Одағы кезінде олар қатты қудаланған болатын. Қазіргі кезде жағдай өзгерді. Қайткен күнде де соңында миллиондаған дінге сенушілері бар ұйыммен санаспауға болмайды.

Жоғарыда көрсетілген ұйымдардың ішінде мемлекет пен саяси партиялардың саяси жүйеге тікелей қатынасы бар. Кәсіподақтар мен шіркеудің тура болмағанмен жанама қатынасын байқаймыз. Олардың қатарына жастар одағын, еңбек ұжымдарын, кооперативтерді жатқызуға болады. Солармен қатар биліктен алшақ, дегенмен, белгілі бір жағдайларда оған ықпал да жасай алатын ұйымдар бар. Оларға жазушылар, суретшілер, композиторлар одағы, ғылыми-техникалық қоғамдар, көптеген ерікті, спорт, мәдени және т.б. ұйымдар жатады.

Қоғамдық жүйенің екінші бөлігін *саяси қатынастар* құрайды. Оған таптардың, этникалық бірлестіктердің, тұлғалар мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің арасындағы қатынастар кіреді. Олардың басқа (экономикалық, ұлттық, діни, отбасылық және т.с.с.) қатынастардан айырмашылығы мұнда олардың саяси және мемлекеттік билікке қатынасы көрініс береді.

Саяси жүйенің үшінші бөлігі болып *саяси ережелер (нормалар)* есептеледі. Олар саяси институттардың өзара бірлесіп әрекет етуін қамтамасыз етеді және саяси жүйенің ережелік негізін құрайды. Олардың ішіндегі ең маңыздысына Конституция және

соған сүйенетін заңдар мен басқа нормативтік актілер жатады. Оларға белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін мемлекет тарапынан шаралар қолданылады. Сонымен қатар саяси қызметті атқару үшін қоғамдық ұйымдар жасаған және солардың ішіндегі қатынастарды реттеуге арналған ережелердің де маңызы зор. Оларға ең алдымен сол ұйымдардың жарғылық ережелері жатады.

Саяси жүйенің төртінші белгісі — *саяси мәдениет*. Ол саяси сана мен іс-әрекетте, саяси көзқарастарда, идеяларда, теорияларда, саяси тұғырнамаларда, бағдарламаларда, шешімдерде, саяси ережелерге қатынаста көрініс табады. Саяси мәдениеттің реттеушілік қызметі адамдардың іс-әрекетіне және олардың ұйымдарына ететін әсерінен білінеді. Сонымен бірге бұрынғы және қазіргі саяси жүйе және оның элементтеріне, саяси қызметкерлер, басқару аппаратының лауазымды адамдарына, саяси-басқару шешімдерін дайындау және қабылдау процесіне және т.б. ықпал етуінен де байқалады.

Саяси жүйенің көрсетілген бұл төрт бөлігі үздіксіз дамып отырады. Олар өздеріне тән арнайы әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, белгілі бір мақсаттар мен қызметтерді атқарады. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Саяси жүйенің басты қызметі — қазына, байлықты бөлу саласына бақылау жасау. Олардың дұрыс бөлінбеуі ел ішінде әр түрлі әлеуметтік топтар арасында алақөздік, дау-дамай тудыруы мүмкін. Саяси жүйе оған жібермей, қайшылықтарды киюластырып, келістіріп, шиеленістерді өршітпей, өрбітпей, жан-жақты бітістіріп отырғанда ғана өз рөлін ойдағыдай атқарады.

Саяси жүйе қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына бағыт беріп, ықпал етеді, оларды басқарады. Қоғам дамуының мақсатын айқындайды. Мақсатына байланысты саясат экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ұлттық, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Әдетте, мақсаттарды саяси партиялар зерттеп дайындайды. Парламенттік сайлауда жеңген партияның саяси бағыты мемлекеттің еріксіз мәжбүр ететін күштеріне (әскер, милиция) сүйеніп жалпыға міндетті мемлекеттік жарлық сипатын алады. Мемлекеттік басқару органдары қоғамды қабылдаған шешімдерді орындауға жұмылдырады, қоғамдық процестерге әсер ететін негізгі тетікке айналады.

Біз осыған дейін бір мемлекеттің ішіндегі саяси жүйе туралы сөз еттік. Сонымен қатар саяси жүйе дүниежүзілік (БҰҰ), аймақтық (Еуропалық одақ, НАТО және т.б.), екі жақты (“Шығыс пен Батыс” қатынастары) болуы да мүмкін.

§ 3. Саяси жүйенің жіктелуі

Саяси жүйенің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Олар бұл мәселеге әр жақтан қарайды, әр түрлі өлшемді (критерийді) пайдаланады. Мысалы, марксизм формациялық көзқарасты басшылыққа алып (өндіріс тәсілінің және қоғамның таптық құрылымының өзгешеліктеріне қарай) оны құлдық, феодалдық, капиталистік және коммунистік саяси жүйе деп бөледі.

Ал У. Ростоу және т.б. “экономикалық өсу сатысы” деген тұжырымдаманы алға тартады. Олардың ойынша, адамзаттың даму тарихы мынадай бес сатыдан тұрады: 1) дәстүрлі қоғам; 2) өтпелі қоғам; 3) алға басу (жылжу) қоғамы; 4) индустриалдық және 5) индустрияланғаннан кейінгі (постиндустриалдық) қоғам. Бірінші сатыға алғашқы қауымдық, рулық және феодалдық қоғамның бір бөлігін, екінші сатыға өндірістік революцияны, үшіншісіне 70-80 жылдардағы капитализмді, төртіншісіне 2000 жылға дейінгі капитализмді жатқызады. Бұлайша сатыға бөлудің өлшемі ретінде техникалық даму деңгейін алады. Марксизмнің басшылыққа алатын өндірістік қатынастарымен олар санаспайды.

Саяси жүйені оның саяси тәртібіне (режиміне) қарай тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық деп бөледі. Мұнда топтастырудың негізіне билік, тұлға және қоғам арасындағы өзара іс-әрекеттің сипаты мен тәсілі негізге алынады. Тоталитарлық саяси жүйеде жеке адам мен қоғам толығымен билікке бағынады. Мемлекет қоғамдық өмірдің барлық саласын өзінің бақылауына алады. Авторитарлық саяси жүйеде билік басындағы жеке адам немесе адамдар тобы шексіз билікке ие болады. Парламент, оппозициялық партиялар болғанымен олардың ықпалы шамалы келеді. Мемлекеттің сайланбалы органдары, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері шектеледі. Демократиялық тәртіпте тұлға құқығы биік тұрады, билік жұмысын қоғам бақылауға алады. Онда биліктің өкілдік органдарын жалпыға бірдей сайлау арқылы халық сайлайды, азаматтарға саяси құқықтар мен еркіндіктер беріледі, елде заңдылық билейді.

Француз саясаттанушысы Ж. Блондель саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі: 1) либералдық демократия. Ол саяси, мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі, жекешіллік, еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады; 2) коммунистік жүйе. Ол әлеуметтік игілікті тең бөлуге бағдар ұсатайды; 3) дәстүрлі саяси жүйе. Ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді; 4) дамып келе жатқан елдерде қалыптаса баста-

ған саяси жүйе. Онда авторитарлық басқару белен алады; 5) авторитарлық-консервативтік жүйе. Онда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік сақталады, халықтың саяси билікке қатысуына шек қойылады.

Батыс саясаттанушыларының арасында саяси мәдениеттің жағдайына қарай, құндылықтар жүйесінің негізінде саяси жүйені жіктеудің төмендегідей 4 түрі кең тараған: ағылшын-америкалық, құрылықтық-еуропалық, индустрияланбаған немесе жарым-жартылай индустрияланған, тоталитарлық.

Саяси жүйенің ағылшын-америкалық түрі ондағы саяси мәдениеттің бірыңғайлығымен, біртектілігімен сипатталады. Бұл елдерде мемлекеттің алдына қойған саяси мақсат-мұратын және оған жетудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін халықтың бәрі қолдайды. Ол мәдениет еркіндік, қауіпсіздік, тиімді есепқорлық, пысықтық, ұқыптылық сияқты либералдық құндылықтарға негізделеді. Билік тармақталған, ол толығымен жүзеге асады. Мұндай жүйе тұрақты және тиімді қызмет атқарады. Оған АҚШ-ты, Англия, Австралия, Канаданы жатқызуға болады.

Құрылықтық (континенталдық) – еуропалық саяси жүйенің саяси мәдениеті, ұстанатын құндылықтары әр түрлі келеді. Онда ескі мәдениеттің журналдары мен жана мәдениет астарласып жатады. Алайда оның бәрінің либералдық құндылықтарға, заңдылыққа сүйенген ортақ негізі бар. Сондықтан олар өзара келісім тауып, жымдасып жатады.

Индустрияланбаған немесе жарым-жартылай индустрияланған саяси жүйеге аралас мәдениет тән. Онда батыстың құндылықтары, этникалық салт-дәстүрлер, діни әдет-ғұрыптар шоғырланған. Құрылықтық-еуропалық саяси жүйемен салыстырғанда онда ортақ негіз жоқ. Заң шығарушы, атқарушы, сот биліктері жете тармақталмаған. Олар бірінің ісіне бірі араласа береді. Бұл елдерде авторитарлық тәртіп, күшке сүйену бой алған. Бұған Азия, Африка, Латын Америкасының көптеген елдері жатады.

Тоталитарлық жүйеде саяси мәдениеттің таптық сипаты бар. Сырттай қарағанда ол біртектес сияқты. Оның құндылықтарын қоғамның барлық мүшелері мойындайды. Бірақ оны еріксіз жасайды. Билеуші партия саяси жүйенің барлық элементтерінің іс-әрекетіне бақылау жасайды.

Саяси жүйені жіктеудің тағы басқа да түрлері бар. Ол мәселенің көпқырлығын көрсетеді. Сондықтан саяси жүйені топтастырғанда әр түрлі өлшемді, белгілерді, тәсілдерді басшылыққа ала отырып қарастырған жөн.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. “Қоғамның саяси жүйесі” деп нені айтады?
2. Саяси жүйе қандай қызметтерді атқарады?
3. Саяси жүйенің басты элементіне не жатады? Неге?
4. Г. Алмонд пен Д. Истонның саяси жүйе теорияларындағы айырмашылықтар қандай?
5. Саяси жүйені жіктегенде қандай өлшем қолданылады?
6. Саяси жүйені топтастырудың қандай түрлерін білесіз?
7. Қазақстанның қазіргі саяси жүйесі қандай түрге жатады?
8. Саяси жүйенің қандай түрі тұрақты келеді? Неге?

5 - т а р а у. ДЕМОКРАТИЯ

§ 1. Демократия туралы ұғым және оның белгілері

Демократия деген сөз гректің “*демос*” — халық және “*кратос*” — билік деген сөздерінен тұрады, яғни халық билігі деген мағынаны білдіреді.

Қазір бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады: 1) мемлекеттің түрпаты (типi) мен жалпы саяси жүйесі; 2) мүшелерінің теңдігіне, басқару органдарының мерзімді сайлануы және көпшілік дауыспен шешімдер қабылдау принциптеріне негізделген кез келген ұйымның ұйымдастырылу түрі; 3) қоғамдық құрылымның мұраты (идеалы) және соған сәйкес көзқарастар.

Демократияның көпшілік таныған бірыңғай анықтамасы жоқ. Әр дәуірдегі ойшылдар оны әр түрлі түсінген. Оның үстіне әр түрлі елдерде олардың ұлттық, тарихи және т. б. ерекшеліктеріне байланысты демократия сан түрлі рен алуы мүмкін. Дегенмен, демократиялық мемлекеттердің көп түрлілігіне карамастан, олардың ортақ белгілері болады. Ондай белгілерге төмендегілер жатады.

1. Халықтың заң жүзінде мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы саналуы. Ол мемлекетте ұйымдастырушы, конституциялық биліктің халыққа тән екендігіне көз жеткізеді. Ол жоғары органдарға өз өкілдерін сайлайды және жүйелі түрде ауыстырып отырады. Бірталай мемлекеттерде халықтың бастамасымен және референдум арқылы заңдар жетілдіріледі және қабылданады. Сондықтан АҚШ-тың төртінші президенті А. Линкольн демократияға “халық үшін халық сайлаған халық билігін” жатқызды.

2. Халық билігін орнату үшін оған жағдай жасау керек. Ондай жағдай *теңдік* болған жерде ғана болады. Б. з. б. V ғасырда өмір сүрген гректің атакты тарихшысы *Геродот* сол кездің өзінде демократия деп теңдікке негізделген мемлекетті айтады деген болатын. Теңдік барлық салада — халық жиналысында, мемлекеттік істерге қатысуда, заң шығаруда, оны орындауда және т. т. болуға тиіс.

3. Табиғатына, әлеуметтік, саяси, мәдени және т. с. с. ерекшеліктеріне байланысты адамдар әр түрлі болды. Солардың бәрін қалай теңдестіруге болады? Ол үшін *заң, құқық алдындағы теңдік* болуы керек. Заң және құқық — жалпы және барлығына бірдей қоғамдық және саяси өмірдегі демократиялықтың негізі және қорғаушысы. Олар қоғамдағы қатынастарды реттейді, жүріс-тұрыс, іс-әрекеттер ережелерін орнатады. Қажетті деген іс-әрекеттерге рұқсат етеді. Ол тәртіптерге қайшы келген іс-әрекеттерге тыйым салады, оларды бұзғандарды жазалайды. Бірақ қоғам біреулерге рұқсат етілгенді екіншілерге рұқсат етпеуі, біреулерге басымдық беріп, басқаларға қысым көрсетуі мүмкін. Билік иелері (күштілер, байлар, ақсүйектер) заң мен құқықты өз мақсаттарында пайдаланғылары келеді. Сондықтан құқықтық теңсіздікті болдырмау керек. Оны қалай жасауға болады?

4. Оның кепілі — *әділеттілік*. Әділеттіліктің де бірыңғай ұғымы жоқ. Ол жөнінде әр түрлі тарихи дәуірлерде әр қоғамның өзіндік түсінігі болады. Мысалы, алғашқы қауымдық қоғамда қарт, ауру адамдарды өлтіру әділеттілікке жатты. Инквизацияны жақтаушылар үшін діннен безгендерді тірідей отқа жағу — әділетті іс. Кеңес заманында еріксіз ұжымдастыру барысында казак халқының жартысына жуығы қырылып, біразы босып кетті. 1986 жылы желтоқсанда жастарды қырғынға ұшырату біреулерге әділетті көрінді. Әйтпесе, сол жазалаушылар жазасын алулары керек емес пе? Сайып келгенде, әділеттілік қоғамдық қатынастармен, қоғамдағы саяси құрылыспен, оның мемлекеттілігінің түрпатымен, саяси мәдениетінің дәрежесімен айқындалады.

5. Ал казак жастары болса желтоқсан көтерілісінде *бостандық, еркіндік* үшін алаңға шыққан болатын. Бұл — демократияның бесінші белгісі. Казак халқы еркіндікке жету үшін ғасырлар бойы күрессе, аламзат қоғамына демократияны шектейтін, теңдік пен әділдікті бұзатын, қанаудың, тәуелділіктің барлық түрлерінен азат етілу үшін мыңдаған жылдар бойы күресуіне, реформалар, революциялар, өзгерістер жасауына, сан рет жеңілуге, жеңіске

жетуге тура келді. Теңдікке, әділеттілікке, еркіндікке, демократияға, олардың принциптеріне сәйкес өмір сүруге үйрету және үйрену керек. Құқық пен заң адамды күйзелу, қорқыныш, заңсыздықтан құтқаруға міндетті. Сайып келгенде, осының бәрі еркіндік, бостандыққа байланысты.

Сонымен біз халықтың мемлекеттік билікті жүргізуге қатысу керектігі, құқық, теңдік, еркіндік жөнінде әңгіме еттік. Осы принциптердің бәрі түгел болғанда ғана әділдік болады. Бұл — әділдіктің демократиялық түсінігі. Ол, өкінішке орай, адамзаттың басқа да арман-мұраттары сияқты бірден толық орындала бермейді.

Жоғарыда көрсетілген белгілермен қатар демократиялық принципке *жүйелі түрде мемлекеттің негізгі органдарын сайлау* жатады. Ең алдымен жоғарғы заң органы сайланбалы болуға тиіс. Одан соң төменгі өзін-өзі басқаратын органдарға дейін сайланбалы болғаны дұрыс.

Сонымен қатар шешім қабылдағанда ерте заманнан демократияға *азшылықтың көпшілікке бағынуы* жататын. Кейінірек мұндай бағыну шектелді, *азшылықтың өз пікірі болуы, оны сыйлау, онымен санасу* керектігі мойындалды.

Қазіргі демократиялық процесте мынадай демократиялық рәсімдер де қарастырылған: барлық сайлаушылардың тең дауыс құқығы, сайлаудың еркіндігі, балама үміткердің болуы, тізім бойынша сайламау, демократияның үздіксіз қоғамдық бақылау аясында болуы, мемлекеттің дау-дамай, шиеленістерді реттеудегі ықпалды тетіктерін табуы және т. с. с.

Демократия болу үшін саяси, экономикалық, құқықтық, мәдени, идеологиялық кепілдіктер жүйесі болуы шарт. Оның маңызды кепілдігіне әр түрлі демократиялық елдерде қалыптасып жатқан азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттер жатады.

Сонымен, *демократия* деп халық билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылысты айтамыз.

Халықтың билігі ретіндегі демократия көбіне утопиялық арман-аңсарды білдіреді. Кейбіреулер оған жақындайды, кейбіреулерге көкжиекте көрініп тұрғандай көрінеді, біреулерге оған жету жолы оңайырақ, кейбіреулерге қиынға түседі. Дегенмен, ол — шындық, өмірдегі бағдар, нысана, қоғамның саяси дамуының мақсаты. Ағылшынның көп жылдар Премьер-Министрі болған Уинстон Черчилльдің айтуы бойынша, “демократияның көп кемші-

ліктері бар, бірақ оның ең құндылығы сонда — бұдан артықты бүгінге дейін ешкім ойлап тапқан жоқ”.

§ 2. Демократияның антикалық теориясы

Демократиялық мемлекеттің ең бірінші түріне Афины республикасы жатады. Ол б. з. б. V ғасырда пайда болды. Онда жоғарғы билік ұдайы шақырылып тұратын халық кеңесінің қолында еді. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына байланысты барлық мәселелерді шешетін. Мысалы, оған басқарушы қызмет адамдарын сайлау және олардың жұмысына бақылау жасау; салық мөлшері және мемлекеттік қаржы-қаражатты жұмсау тәртібі; соғыс ашу және келісімге келу; одақтастарды айқындау; басшылардың іс-әрекеттерін айыптау немесе ақтау және т. с. с. жататын. Халық кеңесіне 20 жасқа жеткен афинылық әрбір азамат қатыса алатын. Саясатқа қатынасу оның бірден-бір лайықты ісі болып саналатын. Бірақ онда толық құқықты азаматтар көп болған жоқ. Құлдардың, әйелдердің, басқа қалалардан Афиныға көшіп келгендердің мұндай құқығы болмады. Көшіп келгендердің жеке бастары бос болғанымен халық кеңесіне, сотқа қатыстырылмады, мемлекеттік қызметтерге сайланбады. Олар тек мемлекетке сіңірген ерен еңбегінің, асқан зор қызметінің арқасында ғана ондай дәрежеге жететін. Толық құқықты азаматтар көп болса, оларды басқару қиынға түседі деп, ондайлардың санын аса көбейтпеді.

Халық кеңесімен қатар демократиялық жолмен сайланатын бесжүздік (бес жүз адамнан тұратын) кеңесі де болды. Ол атқарушы орган ретінде күнделікті басқару мәселелерімен шұғылданды. Сонымен бірге ол халық кеңесінде қаралатын істерді дайындады.

Афины мемлекеттік құрылысының үшінші маңызды демократиялық органын он бөлімнен тұратын халық соты құрды. Істің қандай бөлімде қаралатындығы сот болатын күні жеребе арқылы шешілетін. Бұл пара алушылық сияқты зиянды әдеттерге жол бере қоймайды. Оның үстіне сот мәжілістері ашық жүргізілетін. Ол да сотты әділ жүргізуге кепілдік ететін. Заңдар халық жиналысында қабылданатын. Афинының азаматтары өзін еркін санайтын. Себебі, олар жеке адамдарға емес, заңға ғана бағынатын. Олар соғыс кезінде болсын, бейбіт шақта болсын мемлекетке қызмет ететін.

Ежелгі грек полисінде мемлекет қауым сияқты еді. Қауымның тіршілік негізінде жерге қоғамдық меншік жатты. Әрбір толық құқықты азамат меншікке иелік етіп, жерді пайдалана алатын. Өзіне тиісті үлесін қожасы мұра етіп қалдыра алатын, сатқысы келсе сататын. Бірақ ол жер өңделмесе, қауым оны басқа біреуге бере алатын.

Полисте азаматтық қоғам мен мемлекет ажыратылмады. Азамат және мемлекеттің құқығы мен міндеттері біртұтас еді. Сондықтан өз құқығын басқа біреуге беру деген ойға да келмеді. Ондай жағдайда азамат толық құқығынан айырылғандай болып көрінетін.

Антикалық демократия тура демократияға жатты. Әрбір еркін азамат мемлекеттік билеуге қатысуға құқықты және міндетті болатын. Сондықтан адам мен мемлекеттің арасында қазіргідей партия, парламент, бюрократия сияқтылар болған жоқ.

Афинылық демократия Периклдің (б.з.б. 490—429) басшылық еткен дәуірінде әсіресе гүлденіп өркендеді. Бұл кез афинылық демократияның алтын ғасыры болып саналады. Шынында да, асқан саясаткер, керемет шешен, білімді де білгір Перикл халық көсемі болып есептелді және тиранияға қарсы тұрды. Оның басшылығымен жүргізілген реформаларда билікті барлық ерікті адамдарға мүмкіндігінше біркелкі бөліп беру қарастырылды. Ол орта және ұсақ жер иелерін демократияның тірегі ретінде санап, оларды қолдады.

Ол өлгеннен кейінгі жылдары саяси және экономикалық теңдік біртіндеп бұзылып, жойыла бастады. Азаматтардың мүлік теңсіздігі ұлғайды, әдет-ғұрып бүлініп, көпшілік тарапынан азшылыққа бассыздық, зорлық-зомбылық көбейді. Осының бәрі демократиялық принциптерді әлсіретіп, төмендетті.

Б.з.б. 322 жылы афинылық демократия құлап, қала Македонияға тәуелді болып қалды. Афиныда демократиялық басқару түрі сақталып, бірақ халық кеңесі шын мәніндегі биліктен айрылды.

Афиныдағы сияқты демократиялық мемлекет Ежелгі Римде де болды. Мұнда демократия одан әрі дамыды. Институционалдық және әлеуметтік билік бөлінді. Басы бос, бірақ саяси тең құқы жоқ төменгі топтың адамдары мен ақсүйектер арасындағы дау-жанжалдың нәтижесінде *халықтық трибуна* деп аталған, халық билігін білдіретін жаңа орган пайда болды. Соның арқасында адамзат тарихында бірінші болып биліктің аралас түрі дүниеге келді.

Сонымен, мемлекеттік биліктің демократиялық түрі алғаш рет Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде пайда болды. Жоғарыда көрсетілгендей, олар көптеген жақсы жақтарымен сипатталады. Сонымен қатар олардың осал жерлері де бар. Ең алдымен азаматтық құқық барлық адамда болған жоқ. Қоғам адамдардың ішкі өміріне көп араласты. Биліктің шексіздігі және өмірдің барлық саласына араласуы демократияны көпшіліктің рақымсыздығына, жауыздығына (деспотияға) айналуына мүмкіндік тудырды. Биліктің мұндай түрінде халық заң бойынша емес, зорлықпен шексіз үстемдік құратын жауыз патша сияқты болып, ал қоғамдық құрылыс көбіне тирания сияқты болып көрінді. Демократияның мұндай түрі тобырды басқаратын көпірме, лепірме, даурықпаларға (демагогтарға) қолайлы болды. Сондықтан Аристотель демократияны жалпы халықтың игілігін ойлап, ұстамды, ұтымды, баянды шешім қабылдай алмайтын тобырдың билігі деп сипаттады. Демократия барлық адамдарды теңдестіреді, стихиялы шешім қабылдатады, қызмет адамдарын қабілетіне, біліміне қарай емес жеребемен қойдырады деп Платон да жақтырмады. Сондықтан ол демократияға жақсыдан нашарлау, жаманнан тәуірлеу биліктің түрі деп қарады. Дегенмен, антикалық демократияны саясатшылар, тарихшылар, фөлсафашылар ғасырлар бойы зейін қойып зерттеп, оған сүйеніп, жүгініп келді. Ежелгі грек, рим демократиясының нышандары жаңа тарихқа енді. Мысалы, қазір ең демократияшыл елдер қатарындағы АҚШ-та римдік саяси жүйенің принциптері жаңа деңгейде қайталанғандай: президенттік билік — патшалық билікті, сенат — аристократияны, өкілдер палатасы — халық трибунасын бейнелеп тұрғандай. Заңның үстемдігі, заң алдындағы барлық азаматтардың теңдігі, саяси құқықтардың теңдігі және т.б. сияқты антикалық дәуірде бастау алып қалыптасқан ұғымдар қазір демократиялық үрдістің ажырамас бөліктеріне айналды.

§ 3. Жаңа дәуірдегі демократияның классикалық теориясы

Жаңа дәуірдегі демократияның классикалық теориясы да антикалық идеялардан бастау алды. Бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар. Оның өзгешелігі ең алдымен барлық адамдар)тен, бәрі де саяси шешімдерді қабылдауға қатысуы керек деген тезиске байланысты. Оны “қоғамдық келісім” деген еңбегінде

Ж. Ж. Руссо жан-жақты қарастырды. Оның ойынша, саяси процеске тартылған өз бетінше саналы іс-әрекет жасайтын, ақылды адамдар қосылғанда жана сапа пайда болады. Олар жиналып ортақ игілік идеясын ойлап табады. Бұл идея саясаттың басшы принципіне айналады және ортақ ерік, жігер, қайрат негізінде қалыптасады. Адамдар не жақсы, не жаман екенін бірігіп анықтайды. Бәрі бас қосқан пікір сайыстан кейін нашар жақтары алынып тасталып, жақсылыққа жету жолдары іздестіріледі. Сөйтіп, жалпы жұрттың ықтиярын, көзқарастарын жинап, топтастырып ортақ игілікке жетудің шешімін қабылдайды.

Бұл тұжырымдама XIX ғасырға дейін басымдық етті. Классикалық фәлсафаның негізін салушылар ортақ игілік идеясын барлық адамдар үшін жоғары бақытқа, игілікке жету деп түсіндірді. Бірақ Руссо да, демократияның классикалық теориясының негізін қалаушылар да адамның ұтымды, баянды (рационалды) жағын асыра бағалады. Олар қарапайым адамдардың кәсіби саясаткерлер тарапынан етілетін айла-шарғыларына, қулықтарына оңай түсіп қалатындарын, азаматтардың күнделікті өміріне тікелей байланысты емес өзгерістерге немқұрайды, селқос қарайтынын ескермеді. Бұған алғаш назар аударған австрия социологы **Иозеф Шумпетер** (1883—1950) болды. Ол өзінің атымен аталған демократияның “шумпетерлік” теориясын жасады. Оның ойынша, жалпы ықтиярлық, тілек барлық халықтың еркімен қалыптаспайды, оны жасайтын соған мүдделі кәсіби топтар. Демек, демократия ешқашан халықтың басқаруы емес. Халық тек белгілі бір арадағы институтты сайлайды. Ол өз кезегінде ұлттық атқарушы органды немесе үкіметті қалыптастырады. Бұдан кейін көпшілік іс жүзінде саясаттан шеттейді. Сондықтан демократиялық тәсіл — Шумпетердің ойынша, жеке адамдардың халық даусын алу үшін бәсекелік күрес нәтижесінде жететін институционалданған шаралар жүйесі. Қорыта келгенде, Шумпетер бойынша, басқаратын халық емес, жеке адамдардың арасында бәсекелік күрес жүреді, ал халық бұл күресте солардың біріне дауыс береді. Мұндай жағдайда біртұтас ерік, жалпыға бірдей игілік жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Мүдделерінің сәйкестігіне қарай топтар құрылады және солардың арасында күрес жүреді. Сөйтіп, Шумпетердің тұжырымдамасында либералдық демократия принциптері қалыптасады.

Либерализм тұлғаның еркіндігін, оның мемлекеттік тираниядан сақталуын көзделді, жеке адамды қоғам мен мемлекеттен ажы-

ратты, мемлекет пен азаматтық қоғамның ара жігін ашып көрсетті, барлық азаматтардың саяси теңдігін жария етті, азшылықтың құқығын қорғады, тұлғаның түбегейлі, ажырамас құқықтарын белгіледі, оны саяси жүйенің негізгі элементі ретінде бекітті.

Либералдық принципте халықтың, көпшіліктің орнына жеке адам алға тартылады. Жеке адам мен халық орын ауыстырады. Тұлғалар билікке таласады, халық дауыс береді. Саяси процесте тұңғыш рет *саяси жетекші* мәселесі көтеріледі. Қоғамның экономикалық саласында да, саяси саласында да еркін бәсеке пайда болады. Алғашында, еркін бәсеке экономикада жеке тауар өндірушілер мен меншік иелерінің деңгейінде жүрді, кейін ол акционерлік қоғамдар, корпорациялар, концерндер және т.б. түріне айналды. Саяси өмір шеңберінде жеке бәсекелестік партиялар немесе әлеуметтік топтар, кейін келе әр түрлі топтардың жалпы мақсатқа жету үшін жасаған бірліктерінің түрінде жүргізілетін болды. Басқа сөзбен айтқанда, идеялар мен саяси серкелер сатып алушылар (сайлаушылар) үшін күресуге айналды.

Мұндай жағдайда халыққа екі-ақ қызмет атқаруға тура келді: 1) саяси серкелерді, басшыларды сайлау; 2) оларды орнынан алу. Бұл теория бойынша орнынан сайлау арқылы алынады. Сайлаушылар мен олардың сайлаған өкілдерінің арақатынасы жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі — депутаттарға қатал талап-тілектер қоюды көздейді. Екіншілері — мұны дұрыс санамайды. Себебі, олардың ойынша, өмірдің барлық жағдайларына аманат беру мүмкін емес. Оның үстіне, сайлаушы өз ауданы, облысына қатысты мәселелерді аманат етеді, ал парламенттегі саясатшы тұтас халық, ел мүддесін ойлауы керек. Нақтылы тарихи жағдайда аумақ пен ел мүддесінің тоғысу дәрежесін ол өзі табуы керек.

Шумпетердің ойынша, демократияның ойдағыдай жұмыс істеуі үшін төрт жағдай керек:

1. Манызды мемлекеттік қызметтерге сайлауға болатын айтарлықтай білікті, маман өкілдер тобы болуға тиіс. Мысалы, Англияда Шумпетер олардың тобына ең алдымен ақсүйектерді жатқызады.

2. Саяси органдар халық, негізінен, жақсы қабылдап, оларға өз көзқарастарын айта алатын шешімдер қабылдауы керек. Олай болмаса, шешімдердің легитимдігі жөнді болмайды, сондықтан елдегі саяси тәртіптің тұрақтылығына нұқсан келеді.

3. Жауапкершілікті толық сезінетін, қызмет орнының абыройын жоғары бағалайтын дайындығы бар жақсы ұйымдасқан бюрократия болуы керек. Себебі, ол маман емес ынталы адамдарға қарағанда мемлекетті көш ілгері басқарады. Ол өз құрамын орта таптың өкілдерімен толықтырғаны жөн.

4. Саяси теорияның ғана емес, саяси мәдениеттің де элементі болып табылатын демократиялық өзін-өзі бақылау болғаны өте маңызды. Саяси процеске әрбір қатысушы өз еркімен өзін-өзі тежемесе қандай демократия болмасын алысқа кете алмайды. Билеуші топ болсын, оппозиция және басқа дау-жанжалға қатысушы топтар болсын ең алдымен ұлттық мүддені бірдей түсініп, жоғары қоюлары абзал.

§ 4. Демократияның алуан түрлілік және төбе топ теориялары

Алуан түрліліктің (плюрализмнің) элементтері демократияның классикалық теориясын қалаушылардың еңбектерінде байқалған. Оған ең алдымен *Дж. Локк пен Ш. Л. Монтескье* атап көрсеткен биліктің тармақталу теориясы кіреді.

АҚШ Конституциясы авторларының бірі *Дж. Мэдисон* (1751—1836) мынадай идеяны ұсынды: қоғамда өзіндік мүдделері бар әр түрлі топтар болған сайын, олардың ішіндегі бір топ басымдық ету қаупі азаяды да, сонымен бірге басқа топтардың сенімді қорғалуына кепілдік көбейеді. Ол антикалық полистегі саяси тәртіптің жаппай, барлығын қамтитын бір пікірлілігінен іс жүзінде бас тартты. Оның орнына демократияның дарашылдық және либералдық принциптерін ұштастырып, мемлекеттік билікті алға тартты.

Сөйтіп, саяси теорияда тұңғыш рет халық, яғни көпшіліктің билігін дәріптеудің орнына азшылықтың мүддесін қорғау идеясына қадам жасалды.

Демократияның алуан түрлілік теориясы саяси процеске барлық азаматтардың тікелей қатысу теориясынан бас тартты. Демократияның антикалық және классикалық теорияларында жеке азамат бас кейіпкер болатын. Енді сол дауыс беруге ғана қатысады. Өкілдік демократия оны шешімдер қабылдаудан ығыстырады. Яғни, азамат саяси процестің негізгі тұлғасы болуынан қалады. Демократияның алуан түрлілік теориясы саяси процестің өзін

бұрынғыдай жеке адамдардың қатынасы ретінде карамайды, топтардың және топ мүдделерінің өзара қатынасы ретінде қарайды. Сонымен бұл теорияны жақтаушылар қазіргі демократиялық мемлекетте саясатты жеке тұлға емес, халық емес, топ деп тұжырымдайды. Бұл теория дарашылдық және ұжымдық теориялардың арасында ортанғы орынды алып тұрғандай.

Қоғамда экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және т.б. көптеген мүдделер болатыны белгілі. Соларға байланысты әр түрлі топтар пайда болады. Қандай адам болмасын осындай белгілі бір топтың (отбасылық, этникалық, мамандық, діни, аймақтық және т.с.с.) өкілі болып табылады. Ол сол топта тұлға ретінде қалыптасады. Топ арқылы тұлға өз мүддесін білдіріп, оны қорғауға мүмкіндік алады. Демократияның міндеті — қоғамдағы алуан түрлілікті ынталандыру, барлық азаматтарға бірігуге, өз мүдделерін ашық айтуға мүмкіндік беру, саяси шешімдерде өзара мәмілеге келу арқылы олардың тепе-теңдігін табу.

Саясатта топтың қатынас тұжырымдамасын жасаған *Артур Бентли* (1870—1957). Ол кең мағынасындағы мемлекеттің мақсаты — саяси процеске әр түрлі топтардың мүдделерін тартып, оларды келісімге келтіру. Мемлекетке либерализм сияқты “түнгі күзетші” ретінде емес, топтың мүдделер күресіне бақылау жасайтын, қоғамда әлеуметтік әділеттілікті қолдайтын қазы ретінде қарайды.

Демократияның алуан түрлілік теориясының тағы бір ерекшелігі — биліктің араласуы, сінуі (диффузиялануы), яғни саяси жүйеде биліктің ыдырауы, бөлініп-бөлініп кетуі. Мысалы, АҚШ-та билік орталықта президент пен конгрестің арасында ғана емес, орталықтан штаттарға (федералдық принцип), саяси процеске қатысушы әр түрлі топтар, партиялар арасында бөлініп берілген.

Демократияның *төбе топ (элитарлық)* теориясы жоғарыда көрсетілген теорияға ұқсас. Ол халықтың саясаттан шеттетілуімен келіседі. Сонымен қатар саяси шешімдерді аз ғана, санаулы адамдар қабылдайды дейді. Олардың айтуынша, саяси процеске таңдаулы, іріктелген, қалаулы топтар арасындағы күрес жатады.

Бұл теорияны жақтаушылар халыққа өз мүдделерін қорғап, саяси шешім қабылдаушы кәсіби саясаткерлерге жүктеуге көздерін жеткізгілері, сендіргілері келеді. Себебі, ысылған, төселген, жоғары кәсіби маман ғана саяси шешімдерді қабылдаудың

еркіндігі мен мүмкіндіктерін сақтай отыра демократиялық тетіктерді ұтымды пайдалана алады. Төбе топтар өзара күресе берсін, ал халықтың оған ақылы жетпейді, ол қызба келеді, көңіл күйдін жетегінде лепірме серкелердің қулығына еріп кетеді деп түсіндіреді.

Жоғарыда аталған теориялардан басқа демократияның *марксистік теориясы* бар. Ол Руссоның ұжымдық теориясына ұқсас. Бірақ марксистер демократияның таптық мәніне баса көңіл бөледі.

Францияның саясатшысы М. Рокар “*ақпараттық демократия*” деген тұжырымдаманы шығарды. Оның ойынша, қазіргі демократия сайланған адамдар, ақпарат құралдары және сайлаушылар арасындағы өзара байланыс негізінде құралады. Халық өзінің таңдау құқығын ақпарат хабарларының еркін таралу жағдайында ғана іске асыра алады.

Соңғы кезде демократияның *экономикалық теориясы* алға тартылып жүр. Ол саясат билік қатынастарын нарықтық қатынастармен байланыстырады. Мысалы, Американың президенті Б. Клинтон жақында қазіргі Батыс демократиясын нарықтық демократия деп атады.

Демократияны тура, плебисцитарлық, өкілдік демократия деп бөледі. **Тура демократияда** халық маңызды саяси шешімдерді қабылдауда, билік жүргізуде тікелей қатысады. Оның жақсы жақтары: халықты саясаттан шеттетпейді, саяси жүйенің тұрақтылығын және басқарудың ұтымдылығын арттырады; халықтың белсенділігін дамытып, тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне, танытуына жол ашады; саяси институттар мен қызмет адамдарын бақылаудың ықпалдылығын қамтамасыз етеді, билік пұрсатын теріс пайдаланудан сақтайды, басқарушы төбе топтың халықтан алшақтауына, шенеуніктердің бюрократталуына жібермейді.

Тура демократияға референдум, плебисциттер жатады. Референдумға маңызды заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы мәселені түпкілікті шешу үшін сайлаушылардың көңілін білдіруі жатады. Ол парламент, үкімет басшысы немесе халықтың бастамасымен өткізілуі мүмкін. Тура демократия Франция, Италия елдерінде кең тараған. Италияда екінші дүниежүзілік соғыстан кейін референдум арқылы монархиялық билік тоқтатылды. Қазақстан Республикасында референдум арқылы Президенттің өкілдігі ұзартылды, 1995 жылғы Конституция қабылданды.

Плебиситарлық демократияда азаматтардың саяси ықпалы кемиді. Оларға сайлау арқылы заңның немесе басқа шешімнің жобасын қабылдау немесе қабылдамау құқығы беріледі. Оны әдетте президент, үкімет, партия немесе басқа бастамашы топ дайындайды. Мұнда халықтың жобаны дайындауға қатынасу мүмкіндігі өте аз. Оны біраз жағдайларда екі үшты сұрақтар қою және т.с.с. арқылы ұйымдастырушылар айналасын асыру үшін де пайдаланады.

Өкілдік демократияда халықтың еркі депутаттарға және биліктің өкілетті органдарына беріледі. Азаматтар өздерінің көзқарастарының, мақсаттарының, бағдарламаларының жақындығына байланысты депутаттарды сайлайды, оларға өз мүдделерін қорғауды сеніп тапсырады. Оның жақсы жақтары — еңбектің айқын бөлінуі, шешім қабылдайтын адамдардың құзыреттілігі мен жауапкершілігі. Осал жағы — сайлау аралығында халықтың биліктен шеттетілуі, басқарудың бюрократиялануы, авторитарлық үрдістің өрістеуі және т.б.

Біздің Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялап, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет құруда. Қазақстан Республикасында адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетілген, олар заң мен сот алдында теңдестірілген. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

Сонымен қатар, демократия — тарихи құбылыс. Оны бір қоғамнан екіншісіне қалай болса солай көшіре салуға болмайды. Оны осы ғасырдың 60 жылдары егемендіктерін алған “үшінші елдерді” “демократияландыру” тәжірибесі ашық көрсетті. Дамыған елдердің саяси жүйесін азаттық алған елдерге тікелей көшіруге тырысушылықтан ештеңе шыққан жоқ. Бұл сәтсіздікті ол кезде Азия — Африка елдері артта қалған, олар өркениеттілікке өсіп жетулері керек деп түсіндіріліп келді. Мәселе онда емес еді. Басқа әлеуметтік құрылымы, саяси үрдісі бар жерге өзге тәртіпті еріксіз телігеннің нәтижесі еді. Сондықтан біздің еліміз де саяси, әлеуметтік, экономикалық мақсаттарды, демократиялық теориялардың даму жолдарын, оның іс жүзінде іске асқан елдердегі тәжірибелерін, туған жеріміздің бай тарихын, тамаша тағылымын, сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды, еліміздің ерекшеліктерін ескере отырып, демократияның өзімізге лайықты жүйесін қалыптастырғанымыз ләзім.

Қоғам демократиялық жағдайда өмір сүруге үйренуі керек. Оған тез жету оңай емес. Дегенмен, ол өркениетті елдердің тарихи тәжірибелерінен белгілі болғандықтан демократияның өз өміршеңдігін дәлелдеген рәсімдерін, тәртіп, қағидаларын тезірек кіргізіп, тиімді және нысаналы пайдаланған абзал.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. “Демократия” сөзі қазір қандай мағынаны білдіреді?
2. Демократияның белгілеріне не жатады?
3. Демократияның антикалық теориясы немен ерекшеленеді?
4. Жана дәуірден демократияның классикалық теориясының айырмасы неде?
5. Демократияның алуан түрлілігіне не жатады?
6. Демократияның төбе топ теориясы деген не?
7. Тура демократия, плебисцитарлық демократия, өкілдік демократиялардың айырмалары қандай?
8. Басқа тәртіптермен салыстырғанда демократия не себепті ең жақсысы болып есептеледі?

6 - т а р а у. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

§ 1. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні

Мемлекет деген ұғым екі мағынада қолданылады: 1) кең мағынасында үлкен әлеуметтік топтың ұйымын білдіреді де “халық”, “қоғам”, “ел” деген ұғымдарға сәйкес келеді; 2) тар мағынасында басқару құрылымының, мемлекеттік аппараттың жиынтығын білдіріп, “үкімет”, “әкімшілік” деген ұғымдарға сай келеді. Саясаттануда екінші мағынасында пайдаланылады. Бұдан кейінгі жерде біз де сол көзқарасты ұстанамыз.

Мемлекет — саяси жүйенің басты элементі, оның негізгі ұйымы. Ол — керек кезінде арнаулы күштеу органдарын пайдалана отырып, өз аумағында тұратын адамдардың мүддесін қорғауға тиіс және соған орай олардың арасындағы арақатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттейтін қоғамдық механизм.

Мемлекет алғашқы қауымдық қоғамда болған жоқ. Ол күлнеленушілік қоғамда дүниеге келді. Оның пайда болуы және мәні жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. Солардың ішінде ең кең тарағандары мыналар:

1. Теологиялық теория. Оның негізін салушылар А. Августин мен Ф. Аквинский мемлекеттің пайда болуын құдайдың күдіретімен түсіндірді.

2. Патриархтық теория. Оның негізін салушы XVIII ғ. өмір сүрген ағылшын ойшылы Роберт Филмер мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан үлкен қауымдастыққа, олардың одан әрі мемлекетке дейін бірігуінен деп санайды. Осыған ұқсас идеяны Аристотель де айтқан болатын.

3. Қоғамдық келісім теориясы (Т. Гоббс, Г. Гроций, Ж. Ж. Руссо) егеменді өмірші мен оның қол астындағы адамдардың келісімінің арқасында мемлекет пайда болды дейді.

4. “Зорлық жасау” теориясы (Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский) бір елді екінші елдің басып алуының нәтижесінде арадағы қатынастарды реттеу үшін мемлекет пайда болды деп пайымдайды.

5. Географиялық теория (А. Ратцель, В. Соловьев, Б. Чичерин) мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның (ауа райы, жер бедері және т.б.) өзгешеліктерінен деп түсіндіреді.

6. Психологиялық теория адамдарға бағыну мен құлшылық ету қажеттігі мәңгі бақи тән болған дегенді айтады.

7. Марксистік теория мемлекеттің пайда болуын жеке меншік пен таптардың шығуымен байланыстырады. Ол экономика жағынан үстемдік етуші таптың саяси үстемдігін қамтамасыз ету үшін және басқа таптардың қарсылығын басу үшін керек деп санайды. Ф. Энгельс мемлекет әрдайым “ең қуатты, экономикалық жағынан үстем таптың мемлекеті болып табылады, сондай-ақ ол тап мемлекеттің көмегімен саяси жағынан да үстем тап болып алады және осы арқылы езілген тапты басып-жаныштау және қанау үшін жаңа құралдарға ие болады” деп жазды. (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 171-бет).

8. Қазіргі шетелдік зерттеушілер мемлекеттің мәні таптық күресті бітістіруде, татуластыруда деп біледі. Оған барлық халықтың, ұлттың мүддесіне сай келетін қоғамдық тәртіпті жасайтын ұйым, құрал ретінде қарайды. Қоғамға қауіпті әлеуметтік шиеленістерді асқындырмауға тырысып және оларды бейбіт саяси жолмен шешу үшін мемлекет негізгі әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарға белсене араласып, ортадағы әділ төреші сияқты болуы керек дейді.

Сонымен мемлекет деп белгілі бір аумақ шеңберінде адамдардың әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен

қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін айтамыз.

§ 2. Мемлекеттің белгілері мен қызметтері

Мемлекеттің бірнеше белгілері бар.

1. Аумақтық (территориялық) бөліну. Алғашқы қауымдық қоғамда халық қандас туысқандығы жағынан ұйымдасып, ру-ру, тайпа-тайпа болып тұратын. Жоғарғы өкімет халық жиналысының қолында болған, яғни ол не шешсе, сол орындалатын. Ер-азаматтар қаруын қасында сақтаған, тосыннан жау шапса, дер кезінде тойтарыс беру керек болған. Сондықтан халықтан оқшау қарулы күштер болмаған.

Қоғам таптарға бөлінгеннен кейін жағдай өзгерген. Өндірістің өркендеуі, еңбектің бөлінуі, сауданың өсуі, халықтың көбеюі ру мен тайпаның бұрынғы бірлігін бұзды. Түрлі рулар мен тайпалардың мүшелері кәсіптеріне қарай қоныстана бастайды. Соның арқасында олар бір-бірімен араласады. Қолөнер мен сауда өркендеген соң қалалар пайда болады. Бұларға басқа ру, тайпалардан көптеген келімсек халық келіп қосылады. Ру жағынан бөлінудің орнына халық аумағы бойынша бөліне бастайды. Штаттар, губерниялар, болыстар пайда болады. Мемлекеттің заңдары мен өкілеттілігі сол аумақта тұратын адамдардың бәріне де қатысты.

2. Ерекше өкімет аппараты (жария билік). Құлдық дәуірінде құл иеленушілер мен құлдардың арасында тап күресі күшейді. Аз ғана құл иеленушілерге мыңдаған құлдарды бағындырып, дегенін істету үшін бұқара халықтан бөлек, оның үстінен қарайтын айрықша өкімет аппараты керек болды. Ол өзінің үстемдігін қарулы әскер, шенеуніктік аппарат, полиция, сот, барлау, шіркеу, баспасөз және т.б. құралдары арқылы жүзеге асырды. Алғашқы қауымдық қоғамда олар болмаған.

3. Мемлекеттің егемендігі. Ол — ішкі және сыртқы істерін атқарудағы толық тәуелсіздігі, дербестігі. Сондықтан ол бүкіл қоғам атынан ресми істі жүргізе алады. Өзінің аумағындағы барлық адамдарға, ұйымдар мен мекемелерге міндетті заңдар мен ережелерді шығаруға мемлекеттің ғана құқығы бар.

4. Ашық күш қолдану, зорлықпен еріксіз көндіру. Қылмыс жасағандарды еркінен айырудан бастап, өлім жазасына дейін кесе алады. Оны орындауға жоғарыда екінші белгісінде көрсетілген құралдары бар.

5. Салық салу. Орасан үлкен мемлекеттік аппаратты ұстау үшін халықтан салық алынады. Бертін келе қазынанын тапшылығын толтыру үшін заем шығарып жаздыртады. Салық пен заем рулық құрылысқа жат құбылыс болатын.

6. Мемлекеттің міндетті түрде мүшесі, азаматы болуы. Жалпы мемлекет болу үшін оның өз аумағында (жерінде) тұратын халқы болуы керек. Ол халық бірұлтты немесе көпұлтты болуы мүмкін. Халықсыз мемлекет болмайтыны белгілі. Алайда мемлекетсіз халық болуы мүмкін. Мысалы, 1948 жылға дейін еврейлердің мемлекеті болмады. Ал курд халқының өлі күнге дейін өз мемлекеті жоқ.

Мемлекетте тұратын адамдар сол елдің азаматы болуы керек. Мысалы, партияға, кәсіподаққа, т.т. кірсең де, кірмесен де өз еркінде. Ал мемлекеттің аумағында тұрған соң, сол елде туған соң, сол елдің азаматы боласың. Азаматтығы жоқ адам (апатри-дизм) құқықтық жағынан қорғансыз келеді. Ал азамат болсаң сол елдің заңын орындауға мәжбүрсің. Орындамасаң мемлекеттің күштеу органдары жауапқа тартады.

Осы көрсетілген белгілер мемлекетті басқа ұйым, мекеме, бірлестіктерден ерекшелендіреді.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы міндетті қызметтері (функциялары) болады.

Ішкі қызметтеріне мыналар жатады:

а) экономикалық салада мемлекет кәсіпкер, жоспаршы, үйлестіруші ретінде мәселелерді шешеді. Экономиканы нарықпен қатар мемлекет те реттейді. Оны мемлекеттік тапсырыс, салық, несие, экономикалық бағдарлама және т.б арқылы жасайды. Халық шаруашылығының әр түрлі салаларының арасындағы байланыстарды реттеуге, экономикалық интеграцияны өрістетуге, ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін енгізуге т.с.с. қатысады;

ә) әлеуметтік өмірді ұйымдастырады. Халықтың әл-ауқатын, өмір деңгейін көтеру, денсаулықты сақтау ісін жақсарту, тұрмыс қажетін өтеуді жетілдірумен т.б. айналысады;

б) заңдылықты қамтамасыз етеді. Ел ішінде қарапайым тәртіпті сақтауға, қылмысқа қарсы күресті өрістетуге, әкімшілік зорлыққа жол бермеуге т. с. с. басшылық етеді;

в) мәдени-тәрбиелік салада мемлекет халыққа білім беру және оқу-ағарту ісін, ғылымды, әдебиет пен өнерді дамыту жөнінде қамқорлық жасайды.

Сонымен қатар мемлекет бір топтын, таптын негізінде басқарушы күшті қалыптастыруға қатысады, бюджет саясатын жүзеге асырады, қарулы күштерді құрып, ұстап, пайдаланады.

Мемлекеттің *сыртқы міндеттеріне* жататындар: а) мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау; ә) өзін-өзі билеу, егемендігін сақтау, басқа елдермен тиімді қарым-қатынасты орнату, олармен бірге алынған міндеттердің екі жаққа бірдейлігін қамтамасыз ету; б) өз елінің саяси мүддесінің ықпалдылығына, ұтымдылығына, өтімділігіне, тиімділігіне жағдай жасау, басқа елдердегі жаналықтар туралы өз еліне дер кезінде мәліметтер беру және т. б.

Сайып келгенде, мемлекеттің ең басты міндеті — қоғамның тұрақтылығын орнатып, қалыпты тіршілігіне жағдай жасау. Ол әр түрлі топтарға, таптарға, жіктерге бөлінген қоғамның бірлігін қамтамасыз етуге тиіс.

§ 3. Қазіргі сайлау жүйесі

Өркениетті, демократиялы қоғамда саяси процеске қатысудың негізгі түріне сайлау жүйесі жатады. Сайлау арқылы азаматтар мемлекеттің өкілетті, заң, сот, атқару органдарын қалыптастыруға қатысады. Ол азаматтардың саяси құқығының жүзеге асырылуын білдіреді. Сайлау барысында халықтың қалауы бойынша басқарушы элита алмасады, билік бір қолдан екіншілерге бейбіт жолмен беріледі. Сонымен қатар ол халықтың басқарушы элита өз жұмысын қалай атқарып отырғандығына бақылау жасау мүмкіндігін де береді.

Сайлау жүйесі деп өкілетті және басқа мемлекеттің сайланбалы билік органдарын құру жолдарын, түрлерін, әдіс-тәсілдерін анықтайтын, тәртіпке келтірілген нормалар, ережелер жиынтығын айтады. Жалпы алғанда сайлау жүйесіне мемлекеттік қызмет орнына үміткерлерді (кандидаттарды) ұсынудың тәртібі, процесі және негізгі принциптері, оны ұйымдастыру, материалдық жағынан қамтамасыз ету, сайлаушылармен жұмыс жүргізу және т.б. шаралар кіреді.

Сайлау жүйесінің негізгі қағидалары әдетте конституцияда анықталады және арнайы заңда нақтыланады. Мұндай құқықтық нормалардың жиынтығын сайлау құқығы дейді. Оның 2 түрі бар: 1) белсенді түрі, 2) бәсең түрі. Белсенді түрі азаматтардың сай-

лау құқығын білдіреді. Бәсең (енжар) түрі олардың сайлану құқығын қамтиды. Сайлау құқығында солар реттеледі.

Берілген дауысты есептеу тәсілі мен соның нәтижесінде орындарды бөлу принципіне қарай сайлау жүйелері мажоритарлық, пропорционалдық және аралас түрі болып бөлінеді.

Мажоритарлық сайлау жүйесінде әрбір округте депутаттық орындар белгіленген дауыстың көпшілігіне ие болған үміткерге тиеді. Қалғандары билік органдарына кіре алмайды.

Мажоритарлық жүйенің 2 түрі бар: абсолютті және салыстырмалы. Абсолютті жүйеде сайланды деп басым көпшілік дауысты (50 пайыз және бір дауыс) алған талапкер саналады. Мұнда дауысты үміткердің көбі бірінші кезекте ала бермейді. Сондықтан сайлаудың екінші туры өткізіледі. Мұнда бірінші турда көп дауыс алған 2 үміткердің қайсысы көп дауыс алса, сол сайланған болып есептеледі.

Мажоритарлық жүйенің салыстырмалы көпшілік түрінде қай үміткер көбірек дауыс жинаса, сол сайланады. Онда 50 пайыздан артық дауыс алу шарт емес.

Мажоритарлық жүйенің абсолютті және салыстырмалы түрлерінде сайлау округтері бір мандатты келеді, яғни әрбір округтен бір ғана депутат сайланады. Мәселен, мұндай мажоритарлық жүйе АҚШ, Англия, Франция, Жапонияда дамыған.

Сайлаудың мажоритарлық жүйесі қарапайым және оңай сияқты көрінеді. Оның үстіне парламентте көш бастаушы партия тұрақты үкімет қалыптастыра алады. Сондықтан ол жүйе кеңірек тараған. Алайда оның кемшіліктері де бар. Оның ең бастысы – сайлаушылардың қалған 49 пайызының (ал салыстырмалы көпшілік жүйесінде одан да көп азаматтардың) еркі, ықтияры ескерілмейді.

Пропорционалдық жүйенің мажоритарлықтан айырмасы – ол көпшілік принципіне негізделмейді. Ол жинаған дауыс пен жеңіп алған мандаттың (депутаттық орынның) арасындағы пропорционалдықты басшылыққа алады. Мұнда депутаттық мандат жеке үміткерлердің арасында емес, партиялардың арасында оларға берілген дауыс санына сәйкес бөлінеді. Сайлау кезінде қай партия көп дауыс алса, соншалықты оның мүшелері депутат болады. Бұл жүйеде сайлау округінен бір емес, парламенттің бірнеше депутаты сайланады. Сайлаушылар партиялық тізімге, нақтырақ айтқанда бағдарламаға дауыс береді. Мұндай сайлау жүйесі Еуропа елдерінде (Ұлыбритания мен Франциядан басқа) кең дамыған.

Сайлаудың пропорционалдық жүйесінің кемшілігі – сайлаушы партияға дауыс бергендіктен жеке үміткермен кездесе алмайды.

Мажоритарлық және пропорционалдық жүйелердің кемшіліктерін жою үшін аралас сайлау жүйелері қолданылады. Онда депутаттық мандаттың бір бөлігі мажоритарлық жүйе принципі арқылы жеңіп алынады, екінші бөлігі партия тізімі бойынша сайлауға байланысты бөлінеді. Ұсақ партиялардың өкілдерін шектеу үшін мұндайда төменгі шек қойылады. Мысалы, Германияда 5 пайыздан кем дауыс алған партияның өкілеттілігі шектеледі, яғни парламентте орын ала алмайды. Бұл жүйе тұрақты үкімет құруға мүмкіндік береді.

Еліміздің сайлау жүйесіне келсек Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға қатысуға құқығы бар. Сайлау жалпыға бірдей, тең және сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы – Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатыса алады.

Бәсең сайлау құқығы – Республика азаматтарының Конституцияда белгіленген шектеулермен Президент, Парламент және мәслихаттың депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болып сайлану құқығы. Мәселен, 1999 жылдың 10 қаңтарында мажоритарлық жүйенің абсолютті түрі бойынша Н. Ә. Назарбаев мезгілінен бұрын жетіжылдық мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. (Бұған дейін 1990 жылғы сәуірінде Жоғарғы Кеңес Президент етіп сайлаған. 1991 жылдың желтоқсанынан Қазақстан Республикасының Президенті. 1995 жылғы референдумда Президенттің өкілеттілігі ұзартылған).

Еліміздің кәсіби Парламенті тұңғыш рет 1994 жылғы 7 наурызда сайланған. Бірақ 1995 жылғы наурызда Конституциялық Сот оны заңсыз деп, таратып жіберді. 1995 жылы жаңа Конституция бойынша екі палаталы Парламент сайланды. Жоғарғы палата (Сенат) 47 депутаттан тұрды, оның 7 сенаторын Президент тағайындайды. Төменгі палата (Мәжіліс) 67 депутаттан тұрады. 1999 жылы Жаңа парламенттік сайлау болды. Парламент мүшелерінің бір бөлігі партиялық тізім бойынша сайланды.

Конституцияда Президенттікке және Парламент депутаттарына үміткерлер үшін жас шегі және сол лауазымда болу мерзімінің шегі белгіленген. Қазақстан Республикасының Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған мемлекеттік тілді еркін менгерген әрі Қазақстанда кемінде 15 жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады. Мәжіліс депутаты болып 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады. Сенат депутаты болып азаматтықта кем дегенде 5 жыл тұрған, 30 жасқа толған, жоғары білімі және кем дегенде 5 жыл жұмыс стажы бар, Республикада кем дегенде 3 жыл тұрақты тұратын азамат сайлана алады. Мәслихат депутаты болып Қазақстан Республикасының 20-ға толған азаматы сайлана алады.

§ 4. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет

Азаматтық қоғамның пайда болуы жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Біреулері оны буржуазиялық қоғамның жемісі дей келіп, нарықтық қатынастармен байланыстырады. Екіншілері ондай қоғам белгілі бір шамада қашан болмасын болған дейді.

Азаматтық қоғам идеясы өте ертеде пайда болған. Аристотель еңбектерінің өзінде біз азаматтық қоғамдағы меншіктің рөлі туралы пікірлерін кездестіреміз. Ол кім меншікке не болса, сол ізгіліктің, адамгершіліктің де иесі болады деп жазды.

Кейінірек бұл мәселеге елеулі үлес қосқандар: Т. Гоббс, Ш. Монтескье, Ж. Ж. Руссо, Т. Пейн және т. б. Дегенмен, азаматтық қоғам тұғырнамасын жасауда ерекше еңбек еткен немістің атақты фәлсафашысы – Гегель. Оның ойынша, азаматтық қоғам мемлекеттен тәуелсіз нарықтық экономиканы, әлеуметтік топтарды, таптарды, корпорацияларды, институттарды қамтиды. Олардың мақсаты қоғамның өміршеңдігін және азаматтық құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуде.

Азаматтық қоғам деп мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтады. Ол жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына өте-мөте шек қойылады. Ал олардың атқаратын міндеттерін азаматтар өз еркімен оларға берген және орындалуын өздері тексереді.

Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар (отбасы, кооперациялар, ассоциациялар, қоғамдық ұйымдар, кәсіби, шығармашылық, спорттық, этникалық және басқа бірлестіктер), азаматтардың өндірістік және жеке өмірі, олардың әдет-ғұрпы, салттары кіреді.

Азаматтық қоғамда адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрін еркін таңдауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Олар мемлекет тарапынан қатан тәртіпке алынудан сенімді түрде қорғалады. Адамның жалпы құқықтары сақталады, бұзылмайды.

Азаматтық қоғам экономикасының негізі — әр түрлі меншіктегі көп укладты экономика. Бұл қоғамның әрбір мүшесінің нақтылы меншігі болады және оны өз қалауына сай пайдалана алады. Сондықтан мұнда белсенді іскерлікке, тапқырлыққа, жемісті еңбек етуге кең жол ашылады.

Саяси өмірде азаматтық қоғам барлық азаматтарға мемлекеттік және қоғамдық істерге еркін қатынасуына жағдай жасайды. Мұндай қоғамда адамның халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай төмендегідей азаматтық құқықтары жүзеге асырылады:

— ұлттық-этникалық, саяси, діни, жастық, жыныстық белгілері бойынша қандай да болсын алалаушылыққа жол берілмейді;

— жеке тұлға мен азаматтық абыройы болып саналатын пәтер үйі мен мүлкі, мамандық таңдау еркіндігі, тұратын мекенін анықтау, ел-жұртқа келіп-кету, хатта жазылған және телефонмен сөйлеген сөз құпиялылығы, сөз, баспасөз және хабарлама бостандығы заң жүзінде сенімді қорғалады;

— адам өзінің көзқарасы мен рухани мүдделерін өзі шешеді;

— азаматтық құқықтар сот органдары мен қоғамдық ұйымдар жағынан толық қорғалады.

Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуы өзгеше жағдайда өтіп отыр. Кенестік кезеңде қоғам өмірі барынша мемлекеттендірілген болатын. Ол жүйе күйрегеннен кейін азаматтық қоғамға өтуге “жоғарыдағы” мемлекеттің өзі ұйтқы болып отыр. Халықтың сана-сезімі, жүріс-тұрысы әлі ондай деңгейге көтеріле қойған жоқ. Сондықтан біраз уақытқа дейін, белгілі бір сапалық деңгейге қол жеткізгенше бұл процеске мемлекеттің елеулі ықпалы болмақ.

Еліміздің 1995 жылғы Конституциясы Қазақстанда әлеуметтік бағдарды нарық экономикасы мен жеке адамның автоном-

миясын тұрақты қалыптастыру үшін оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалады. Оған тең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншік пен жеке меншікті, адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешенін; отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын; идеологиялық және саяси әр алуандықты және тағы басқа да жана Конституцияда бекітілген қазақстандық азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғы шарттарын жатқызуға болады.

Азаматтық қоғам материалдық, мәдени жоғары дамыған шақта құқықтық мемлекетке айналады. *Құқықтық мемлекет деп демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі де тең саналатын, жеке адамның құқығы жан-жақты қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылысты айтады.* Заң үстемдігінің мызғымастығы елдің Конституциясында бекітіліп, басқа заңдар мен ережелік актілерге таралады. Заңдар халықтың еркін білдіреді және оны барлық адамдар, мемлекеттік органдар мен мекемелер орындауға міндетті. Мұнда мемлекет пен азаматтар екі жақты өзара жауаптылықта болады. Билік шын мәнінде бөлінеді, олардың міндеттері мен қызметтеріне шек қойылады, өзара бақылау қамтамасыз етіледі.

Мұнда бір таптың, партияның, топтың, идеологияның үстемдігіне жол берілмейді. Адам құқығы биік дәрежеде сақталды. Барлық азаматтар шын мәнінде мемлекеттік және қоғамдық істерге қатыса алады. Атқарушы биліктің барлық жұмысы ашық атқарылады, оның жұмысы жұртшылықтың бақылауында болады. Пікір алуандығы кең өріс алады. Бұл мемлекетте адамның адамгершілік қасиеттері, борыш сезімі, жауапкершілігі биік дамыды.

Құқықтық мемлекет жоғары өкіметтің қаулы-қарарларымен кіргізілмейді. Ол үшін мемлекет жан-жақты дамып, пісіп жетілуі керек.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Мемлекеттің пайда болуы туралы қандай теорияларды білесіз? Оның қайсысы дұрыс деп санайсыз? Неге?
2. Мемлекеттің басқа саяси ұйымдардан айырмасы қандай?
3. Мемлекет кімге қызмет етуі керек: өзіне-өзі, адамдардың бір тобына, бүкіл қоғамға ма? Ойыңызды дәлелденіз.
4. Қоғамдық өмірдің мемлекеттенуі деген не? Ол қандай жағдайда пайда болады?
5. Мемлекеттің белгілері қандай? Бұл белгілерсіз мемлекет бола ала ма?

6. Мемлекет қандай қызметтерді атқарады (ішкі, сыртқы)?
7. Сайлау жүйесі деп нені айтады?
8. Сайлау жүйесінің қандай түрлерін білесіз, олар немен ерекшеленеді?
9. Азаматтық қоғам деген не?
10. Құқықтық мемлекеттің айырмашылығы неде?

7 - т а р а у. САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚОЗҒАЛЫСТАР

§ 1. Саяси партиялардың пайда болуы, мәні және қызметтері

Саяси жүйеге мемлекетпен қатар саяси партиялар да кіреді. “Партия” деген сөз латын тілінен шыққан, *балу, бөлшек* деген мағынаны білдіреді.

Тарихқа белгілі алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грецияда пайда болды. Олардың мүшелері аз, тұрақтылығы шамалы, жөнді ұйымдаспаған шағын топтар болатын. Олар, негізінен, күл иеленушілердің әр түрлі ағымдарының мүдделерін қорғады. Мұндай партиялар феодалдық қоғамда да болды. Бірақ шексіз әкімшілік билеген дәуірде олардың айтарлықтай маңызы болмады. Еңбекші топтар болса экономикалық бытыраңқылық пен рухани езгінің астында еді. Сондықтан олардың саяси партиялар құруға мүмкіндіктері жоқ болатын. Олардың мүддесін ара-тұра билеуші топтың алдыңғы қатарлы мүшелері қорғады.

Қазіргі біздің түсінігіміздегідей саяси партиялар Еуропада ХІХ ғ. екінші жартысында пайда бола бастады. Бұған сол кезде болған буржуазиялық революциялар тікелей ықпал етті. Мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу түрі және жүзеге асырылуы ретінде парламенттер мен парламентаризм дүниеге келді. Жалпыға бірдей сайлау құқығының енгізілуі бұқара халықтың саясатқа қатысу аясын одан әрі кеңейте түсті. Жұмысшы табының ұйымшылдығы күшейді. Олар парламентте өз мүдделерін қорғайтын көпшілік партияларды құра бастады. Саясатқа көптеген адамдар тартылып, әлеуметтік қайшылықтар шиеленіседі. Осыған байланысты саяси партиялардың рөлі одан әрі өсті. Олар саясаттың негізгі субъектісіне айналды.

Бірақ саяси партиялар бірден көпшілік партия бола қалған жоқ. Оның ұзақ тарихы бар. Мысалы, немістің көрнекті саясат-

танушысы Макс Вебер саяси партиялардың дамуында мынадай кезендерді атап көрсетті: 1) аристократиялық үйірмелер; 2) саяси клубтар; 3) көпшілік партиялар.

Саяси клубтардың аристократиялық үйірмелерден айырмашылығы — олар ең алдымен буржуазияның мүддесін білдірді. (Ал аристократиялық үйірмелер жер иелерінің мақсатын қорғаған болатын). Олардың тұрақты идеологиялық байланыстары мен дамыған ұйымы болды. Мұның бәрі оларға қоғамдық жұмысты кең өрістетуіне мүмкіндік туғызды.

Ал көпшілік партиялардың саяси клубтардан ерекшелігі — олар жұмысын тек сайлау кезінде ғана емес, сонымен қатар әдеттегі, дағдылы уақытта да көпшілікке ықпал етуге тырысты. Өз қатарына барынша көбірек адамдарды тартты. Өздерінің үгіт-насихат жұмысында саяси ағартушылық, үгіт, тәрбие, мәдени қызмет т. с. с. саяси әсер етудің бай мүмкіндіктерін пайдаланды.

Дегенмен, көрсетілген үш кезенді толығымен Ұлыбританияның екі партиясы ғана басынан кешірді. Олар либералдық (виги) және консервативтік (тори) партиялары. Ал қазір өмір сүріп отырған партиялардың көбінің даму жолы қысқа. Олардың біразы екі сатысынан өтсе, біразы бірден көпшілік партия болып қалыптасты.

Бірінші саяси көпшілік партия болып 1861 жылы Англияда либералдық партия құрылды. Сонымен қатар мұндай партиялардың дамуына жұмысшы қозғалысы да зор әсер етті. Жұмысшылардың өзіндік жарғысы, кең тараған жергілікті ұйымдары бар, жазба түрде мүшелік жарна төлейтін, мерзімімен съездер өткізетін партиялары ұйымдасады. Бірінші көпшілік жұмысшы партиясы болып 1863 жылы Жалпы Германияның Жұмысшы Одағы (Ф. Лассальдың басшылығымен) құрылды. ХІХ ғ. аяғына қарай Батыс Еуропа елдерінде түгелге жақын көпшілік партиялар пайда болды. Мұндай партиялар басқа континенттерде де құрыла бастады.

Американың белгілі саясаттанушысы *Дж. Ла Паломбараның* ойынша партиялар мынадай 4 белгімен сипатталады: 1) партия белгілі бір идеологияны қорғайды немесе кем дегенде адамды, дүниені ерекше көре біледі; 2) партия — адамдарды жергілікті ұйымнан бастап, халықаралық дәрежеге дейін саясаттың әр түрлі деңгейінде әжептәуір ұзақ біріктіретін ұйым; 3) партияның мақсаты — билікті қолға алып, жүзеге асыру (көбінесе ол коалициялық жолмен жасалады); 4) әр партия өзіне халықтың дауыс беруінен бастап, мүше болуына дейінгі қолдауын қамтамасыз еткісі келеді.

Саяси партия тапты немесе әлеуметтік топты ұйымдастырады, олардың саяси сауаттылығын арттырады, жұмысына ұйымшылдық және мақсаттылық сипат береді. Оның белгілі бір идеологиясы болады. Ол идеология-саясаттың басты принциптерін белгілеуге, саяси партияның ұйымдық құрылысы мен практикалық іс-әрекетін анықтауға негіз болады. Олар партияның бағдарламалары мен жарғыларында айқындалады.

Саяси жүйеде партиялар үлкен әлеуметтік жіктердің (топтардың, таптардың, бірлестіктердің) мүддесін көздейді. Партиялардың өмір сүруінің өзі сол жіктеудің арасында дау-жанжалдардың тууы мен оларды шешу қажеттігінен шығады.

Поляктың белгілі саясаттанушысы *А. Боднардың* көрсеткеніндей, қазіргі қоғамда саяси партиялар мынадай қызметтерді атқарады:

а) қоғамның ірі топтарының мақсат-мүдделерін анықтау, тұжырымдау және негіздеу;

ә) олардың белсенділігін арттырып, жинақтау;

б) саяси идеология мен саяси ілімдерді жасау;

в) саяси жүйелерді, оның жалпы принциптерін, элементтерін, құрылымдарын қалыптастыруға қатысу және т. б.;

г) мемлекетте билік үшін күреске қатынасу және оның жұмысының бағдарламасын жасау;

д) мемлекеттік билікті іске асыруға қатынасу;

е) қоғамдық пікірді қалыптастыру;

ж) жалпы қоғамды, яки оның белгілі бір бөлігін (топты, тапты, жікті) саяси тәрбиелеу;

и) мемлекеттің, кәсіподақтарының, қоғамдық ұйымдардың аппараты үшін кадрлар даярлау мен ұсыну және т. т.

Сонымен қатар партиялар сайлау науқанын дайындау мен өткізу, өз мүшелерінің санын көбейту, орталық және жергілікті ұйымдардың материалдық ахуалын күшейту, өз еліндегі және шетелдердің мақсаттары жақын партияларымен байланысты нығайтумен үнемі айналысады.

Қазіргі демократиялық қоғамдағы партияның маңызды міндеті — азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы байланысты баянды ету. Партиялар арқылы әр түрлі әлеуметтік топтар өздерінің саяси талаптарын мәлімдейді. Бұрынғы әлеуметтік-экономикалық саясатты одан әрі жүргізу немесе оны өзгерту керектігі жөнінде өздерінің көзқарастарын білдіреді. Соның арқасында қоғамның саяси саласындағы қайшылықтардың басы

ашылады, әлеуметтік қопарылысқа соқтырарлық өткір, ойда жоқ шиеленістердің мүмкіншілігі азаяды.

Қоғамның қай жігіне партияның ықпалы күшті жүріп, олардан ұзақ уақыт қолдау тапса, сол топ партияның әлеуметтік негізін қалайды. Ал оған сайлау кезінде әрдайым даусын беруші сайлаушылар оның электоратын (латынның сайлаушылар тобы деген сөзінен) күрайды. Еуропадағы социал-демократиялық партиялардың дәстүрлі әлеуметтік негізіне жұмысшылар жата-тын. Либералдық-демократиялық партияларды орта жіктегі қыз-меткерлер, зиялы қауым, ұсақ кәсіпкерлер және т. б. қолдайтын. Аграрлық партия шаруаларға сүйенетін. Консервативтік партия-лар ірі меншік иелерін, шаруалар мен орта буындылардың бір бөлігін тірек ететін. ХХ ғ. ортасынан бастап жағдай өзгерді. Ірі партиялар сайлауда халықтың әр түрлі топтарының даусын жи-нады. Демек, солардың мүддесін де көздейді.

Сонымен, *партия деп мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеоло-гия негізінде құралған адамдардың ерікті одағын айтады*. Партиялар сайлауға, мемлекеттік органдар құруға, мемлекеттік маңызды шешімдер қабылдауға және оларды іс жүзіне асыруға белсене қатынасады.

§ 2. Саяси партиялардың жіктелуі

Саяси партияларды жіктеп, жүйелеудің көптеген белгілері мен өлшемдері бар. Мысалы, институционалдық тәсіл партияларды топ-тастырғанда ұйымдастыру ерекшелігін басшылыққа алады, ли-бералдық дәстүр идеологиялық байланыстардың сипатына бас-ты назар аударады, марксистер болса таптық белгілеріне айрық-ша мән береді.

Бұл мәселені терең зерттеген саясаттанушылардың бірі фран-цуз ғалымы М. Дюверже ХХ ғасырдың 50 жылдарында сайлау-шылар мен белсенділер санына байланысты партияларды кадр-лық және бұқаралық деп екіге бөледі (оларды ұйымдық қалып-тасқан және ұйымдық қалыптаспаған деп те атайды). *Кадрлық* деп қатарында сайлаушылардың 10%-ынан кемі ғана болатын, мүше саны аз партияны айтады. Бірақ ол ұйымдастырылуымен және тәртібімен көзге түседі. Оның әрбір мүшесінің партия билеті бо-лады, мүшелік жарналарын уақтылы төлейді, жарғысында қара-

лған тәртіпті мүлтіксіз орындайды. Мысалы, оған Австрия халық партиясы, Англия консерваторлар партиясы, ГФР-дің Христиандық-демократиялық одағы, Жапония либералдық-демократиялық партиясы, Француз коммунистік партиясы, Швеция орталық партиясы жатады. *Бұқаралық* партияда оны үнемі жақтап дауыс беретін сайлаушылары, мүшелері, белсенділері көп болады. Бірақ олардың ресми мүшелері болмайды. Партбилет алып, мүшелік жарна төлемейді. Мысалы, мұндайларға АҚШ-тың республикалық және демократиялық партиялары, Англия лейбористер партиясы т. т.

60 жылдардың аяғында жоғарыда аты аталған Ла Паломбаранын көрсеткен екі партиясынан басқа *амбебап* партиялар (универсалдық немесе сайлаушылар партиясы) деген үшінші түрін бөліп шығарды. Олардың ерекшелігі — партияның мүше санын емес, сайлаушылар санын көбейтуге тырысуда. Онда әлеуметтік, этникалық, діни және т. б. өзгешеліктеріне мән берілмейді. Мұндай партиялардың саны соңғы жылдары Еуропа мен Америка елдерінде тез етек алуда.

Саяси жүйедегі рөлі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды төрт түрге топтастырады:

1. *Авангардтық партиялар* (лениндік тұжырымдама). Олардың ұйымы жоғары орталықтанумен сипатталады, өзінің барлық мүшелерінен партияның жұмысына белсенді қатынасуын талап етеді. Мысалы, Үндістанның ұлттық конгресс партиясы, бұрынғы СОКП.

2. *Сайлаушылар партиясы*. Олардың негізгі мақсаты үміткерлердің сайлау алдындағы науқанын ұйымдастыру: қаржы жинау, үгіт жүргізу, т. т. Оларда тұрақты мүшелік, идеологиялық негіз, ұйымдық құрылым жоқ. Мысалы, АҚШ-тағы республикалық және демократиялық партиялар. Сондықтан американдық азамат “Мен демократиялық партияның мүшесімін” демейді, “Мен демократтар үшін дауыс беремін” дейді.

3. *Парламенттік партия*. Ол негізгі екі қызметті атқарады: сайлауға дайындалу және парламентке бақылау жасау. Мәселелерді алдын ала талқылап, қабылданатын шешімдерді сәйкестеу, келістіру үшін партиялар парламенттер мен муниципалитеттерде (жергілікті өзін-өзі басқару органы) жіктер (фракциялар) жасайды. Премьер-Министрдің кандидатурасы мен үкімет құрамы парламенттегі көпшілікке байланысты. Мысалы, Германияда, Италияда, Ұлыбританияда, Францияда солай.

4. *Қауымдастық партиясы*. Ол адамдарды белгілі бір саяси жолды ұстанғандығына қарай емес, ортақ көзқарас, ұқсас мүдделеріне орай өзара қатынасып, маңызды мәселелерді талқылау үшін біріктіріледі. Мысалы, оларға “Жасылдар” партиясы, балаларды, малдарды, жануарларды қорғау партиялары, соғысқа, ядролық қаруға қарсы қозғалыстар жатады.

Саяси идеологиясына қарай партияларды 5 түрге жүйелеп жүр.

1. *Коммунистік партиялар мен солшыл радикалдық бағыттағы партиялар*. Олар К. Маркстің ілімін басшылыққа алады. Жеке меншіксіз, тапсыз қоғам құруға тырысады. Басқа партиялар коммунистік партияның басқарушы рөлін мойындауы керек. Мысалы, Қытай, Солтүстік Корея, Куба, бұрынғы КСРО. Батыста мұндай партиялардың айтарлықтай салмағы жоқ.

2. *Социал-демократиялық (немесе социалистік, лейбористік) партиялар*. Олар қазіргі капиталистік қоғамды еңбекші халықтың мүддесіне сай ұдайы реформалап, өзгертіп отыруға тырысады. Олардың басты құндылықтары: бостандық, әділеттілік, ынтымақтастық, теңдік. Оған жататындар: Австрияның, Германияның, Швецияның социал-демократиялық партиялары, Ұлыбританияның лейбористік партиясы және т. б.

Қазіргі кезде адамзатты айнала қоршаған орта күннен-күнге нашарлап, азып-тозып бара жатқаны баршаға аян. Сондықтан Еуропада социал-демократтардың әлеуметтік және экологиялық жағынан жанарған индустриялық мәдениеттілік орнатпақ та ойлары бар.

3. *Буржуазиялық-демократиялық партиялар*. Олар ХІХ ғасырда Еуропа мен Солтүстік Америкада бір кезде пайда болды. Мынандай принциптерді басшылыққа алады: қоғамда билік үшін әрқашан ашық күрес жүруі керек, өкіметке жалпыға бірдей сайлау арқылы жету, парламентте көпшілік дауыс алған партия немесе партиялық бірлестік өкіметті билейді, басқарушы партияға (партияларға) қарсы үздіксіз ашық оппозиция жұмыс істейді. Заң алдында бәрінің де тең болғанын, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығын қалайды. Мысалы, Германияның еркін демократиялық партиясы, Ұлыбританияның социал-либералдық партиясы және т.б.

4. *Консервативтік партиялар*. Негізінен ірі буржуазияның мүддесін қорғайды. Әлеуметтік теңсіздікті сақтағысы келеді, адамдық және азаматтық ар-намыс, плюрализм, ынтымақтастықты жақтайды. Мысалы, АҚШ-тың республикалық партиясы, Гер-

манияның Христиандық-әлеуметтік одағы мен Христиандық-демократиялық одағының блогы, Ұлыбританияның консервативтік партиясы, т.т.

5. *Фашистік партиялар*. Олар жеке мүдденен мемлекеттік мүдденің басым болғанын, басқаруда қатан орталықтандырылды, адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуді қалайды. Ұлтшылдықты уағыздайды. Бұл тоталитарлық немесе авторитарлық жүйеге жол ашады. Фашистік партиялар кезінде Германия мен Италияда болған. Бірақ сол елдерде және т.б. жанарған неофашистік ұйымдардың пайда болуы сақтандырады.

Партияларды басты идеологиялық бағытына қарай революциялық, реформистік, консервативтік, реакциялық деп те бөліп жүр. Революциялық партиялар қоғамдық өмірді түбегейлі өзгертуге тырысады. Реформистік партиялар қоғамда маңызды өзгерістер жасамақ, бірақ оның негізгі құрылысын сақтап қалмақ. Консервативтік партиялар қазіргі әлеуметтік өмірдің негізгі сипат, ерекшеліктерін тұрақты сақтап қалмақ. Реакциялық партиялар — қоғам дамуындағы өтіп кеткен формацияларға не дәуірлерге қайтып оралуды көксеушілер.

Қандай саяси тәртіпті қолдауына байланысты партиялар демократиялық, авторитарлық, тоталитарлық болып жіктеледі. Демократиялық партиялар басқа партияларға төзімділікпен, түсіністікпен қарайды, пікір алалығын жақтайды. Идеологиялық факторға онша мән бермейді. Тоталитарлық партиялар, керісінше саяси жүйенің басқа элементтерін өзіне бағындыруға тырысады. Әсіре идеологияланған, қатан тәртіпке негізделген бірпартиялық жүйе құруға тырысады. Авторитарлық партиялар, әдетте, дамып келе жатқан елдерде пайда болады және отаршылыққа қарсы бағытталады. Олардың көбі ең алдымен өз елдерінің саяси және экономикалық тәуелсіздігі, әлеуметтік прогресі үшін күреседі. Өз әрекеттерінде көбінесе күшке сүйенеді.

Саяси өмірдегі алатын орны, билікті жүзеге асыруға қатысына қарай саяси партиялар билеуші және оппозициялық (латынның “қарсы қою” деген сөзінен шыққан) болып бөлінеді. *Билеуші партиялардың* қолдарына мемлекеттік билік тигендіктен оларға бүкіл қоғам дамуының басты бағыттары мен сипатын айқындауға мүмкіндік туады. Яғни, олар басқа партиялардың үстінен билікке ие болады. Мұндай мүмкіндігі жоқ қалған партиялар өз мүдделерін басқа жолмен қорғайды. Олар бұл мақсатта өздерінің конституциялық құқығын, парламент мінбесін, бұқаралық ақпарат құрал-

дарын пайдаланады. Белгілі бір қоғамдық пікір тудырып билеуші партияға сырттай ықпал жасайды. Мұндай саяси партияларды *опозициялық* деп атайды. Олар басқарушы партияның саясатын сын көзбен бағалайды. Қоғамның даму бағдарламасын жасайды, басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарға өздерінің көзқарастарын білдіреді. Жалпы оларға қарсыластық қасиет тән келеді.

Жұмыс істеу жағдайына, заңның рұқсат етуіне байланысты партияларды ресми, жартылай ресми, құпия деп жіктейді. Егер қоғамдық-саяси өмірге қатынасуына заң жүзінде рұқсат етіліп, мемлекеттік тіркеуден өтсе, ол *ресми партия* болып саналады. Ол жұмысын ашық жүргізеді. Бірақ формальды түрде рұқсат етілсе, оны толық танылды деуге болмайды. Біраз жағдайларда партияға сырттай мойындаған сынай білдіріп, шын мәнінде, жұмысына шек қойып, кедергілер жасалады. Мұндай партияларды *жартылай ресми* деуге болады. Ал егер партияға заң бойынша тыйым салынып, жұмысын астыртын, жасырын жүргізсе, ол *құпия партияға* жатады. Әдетте, олар үстемдік етіп отырған құрылысты күшпен өзгертуді мақсат етіп қояды. Егер құпия партияны халық шынымен қолдап, беделі зор болса, оны ресми мойындамағанымен жұмысын тоқтата алмайды. Оның айғақтығын құпия жағдайда жүріп отаршылдыққа қарсы қажырлы күрес жүргізген көптеген ұлт-азаттық партиялардың даму жолынан байқауға болады.

Партиялар жиылып, партиялық жүйені құрады. Сондықтан оларды жіктеудің де мәні зор. *Партиялық жүйе* деп мемлекеттік мекемелерді қалыптастыруға шынымен мүмкіндігі бар, елдің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ете алатын *саяси партиялар жиынтығын* айтады. Ел ішінде қанша партиялар болуы және олардың қайсысы партиялық жүйеге енуі сол елдің тарихи дәстүріне, әлеуметтік-экономикалық шиеленістер сипатына, негізгі әлеуметтік күштердің арасалмағына байланысты. Оған халықтың бір ұлтты әлде көп ұлтты, бір дінге әлде көп дінге бағынуы да әсер етеді.

Билік үшін күреске қатысып жүрген саяси партиялардың саны жағынан олар көппартиялық, екіпартиялық және бірпартиялық болып топтастырылады.

Көппартиялық деп мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әр түрлі мүдделері мен пікір алалығын пайдалана отырып басқару түрін айтады. Онда үш және одан артық партия қатысады. Бұл — адамзаттың қоғамдық басқаруда ойлап тапқан өркениетті түрі. Дегенмен, орыстың белгілі саясат-

шысы Б. Чичерин айтқандай, көппартиялықтың өзіндік жағымды және жағымсыз жақтары бар. Жағымды жағына жататындары — онда саяси мәселелер жан-жақты қаралады. Кемшіліктерді кешірмейтін оппозициялық партиялардың болуы үкіметті тиімді жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Бюрократияның өрістеуіне тежеу салынады. Партияны тәртіпке шақырады. Билік басына кездейсоқ емес нағыз дарынды адамдардың келуіне мүмкіндік тудырады. Ұнамсыз жағына жататындар — өмірдегі көп мәселелерге өз партиясының тұрғысынан ғана қарайды. Бар ойы қарсы партияны жеңуге арналып, ол жолда алдау-арбау, өсек-өтірік сияқты жат қылықтар мен тәсілдер пайдаланылып жатады. Дегенмен, қазіргі таңда көппартиялық саяси өмірдің тәуір жетілген түрінің бірі болып танылады. Ондайларға Австрия, Бельгия, Дания, Нидерландыдағы көппартиялықты жатқызуға болады.

Екіпартиялық жүйеде (бипартизм) басқа да кішігірім партиялар болуы мүмкін, бірақ билік үшін нағыз бәсекелестік ең ірі екі партияның арасында жүреді. Мұнда жалпыға бірдей тікелей сайлау нәтижесінде екі партияның бірі өзінен-өзі автоматты түрде парламентте көпшілік орынды қамтамасыз етеді. Ол Министрлер Кабинетінің орнықтылығын қамтамасыз етеді. Себебі, ол үкіметті заң бойынша көрсетілген мерзімі біткенше қызметін атқаруына мүмкіндік береді. Ол мемлекет басшысын сайлауға жіберілген қаржыны да үнемдейді. Өйткені ол орынға сайлауда жеңіске жеткен партияның серкесі ие болады. Бипартиялық көппартиялықтағы сияқты өзінің жіберген қателіктерін бірге билеген басқа партияларға аударып сала алмайды. Бұған мысал ретінде АҚШ-тағы республикалық және демократиялық, Ұлыбританияда — консерваторлар мен лейбористер, Германияда — христиандық демократтар мен социал-демократтар жатады. Саяси күреске басқа да партиялар араласады. Бірақ, әдетте, олар шешуші рөл атқармайды және жеңіске жетерлік мүмкіндіктері де жоқ. Дегенмен, мұндай жүйенің өміршендігін аты аталған елдердің өмірі дәлелдеп отыр.

Бірпартиялық жүйе өзінен басқа, әсіресе бәсекелес партияларды болдырмайды. Ол тоталитарлық және авторитарлық қоғамдарға тән. Мұндай тәртіпте басқарушы партия бақылаушы және сынаушы оппозициялық партиялардың жоқтығын пайдаланып, саяси билікті бүтіндей қолына алып, басқа мемлекеттік органдарды ығыстырады. Ондай партия бұрын КСРО-да болды, қазір Қытай, КХДР, Кубада бар.

Демек, партиялық жүйе әр түрлі болады. Сондықтан солардың ішінде ең тәуірі, тиімдісі қайсысы деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған бірыңғай кесіп жауап беру, бір үлгіні ұсыну дұрыстыққа жатпайды. Әйтсе де партиялық бірлестіктердің тиімділігіне жалпы өлшеуіш боларлық жағдайлар мыналар. Олар халықтың әлеуметтік мүдделері мен мұқтаждықтарын бірінші сезініп, қамтамасыз етуге тырысуы ләзім. Партия арқылы шешімдер қабылдағанда азаматтардың барынша мол қажеттіктерін қамту. Үкімет бағытын сын көзбен түзету және басқарушы топтың жұмысына демократиялық бақылау жасау және т.с.с.

Саяси партиялардың ішінде фракциялар (латынның “бөлшектену”, “бөлектену” деген сөзінен) болуы мүмкін. Бұл сөз екі мағынада қолданылады: 1) бір партияның парламентте, мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда өздерінің саяси нұсқау, мақсаттарын ұйымшылдықпен жүргізу үшін құрған ұйымы; 2) бір партияның ішінде өзіндік бағыты, құрылысы, тәртібі бар, бірақ сол партияның қатарынан шықпаған мүшелердің бөлігі. Мұндай жағдай азшылықтың құқы бұрмаланған кезде дүниеге келуі мүмкін. Әдетте, ол өтпелі кезендерде пайда болады және ұзаққа созылмайды.

Мемлекеттік билікті жүзеге асыру үшін партиялар коалиция (латынның “бірлестік” деген сөзінен) құруы мүмкін. *Коалиция деп жалпы мақсатқа жету үшін партиялардың жасаған бірлігін айтады.* Оның мынадай түрлері болады:

а) парламентке қатысатын партиялардың ешқайсысы өз алдына бөлек, дербес басқара алмайтындай жағдайда (дауыстың аздығынан) құралған көппартиялық коалиция;

ә) екі күшті партияның әрқайсысы өкіметті өз қолына алып билей алатындай жағдайда екіпартиялық коалиция орнайды. Мұндайда бір партия парламентте көпшілік дауыс алады да, екіншісі оппозицияда болады. Егер екеуінің де парламенттегі орны тең болса, үкіметті құру үшін басқа кішірек партиямен келісімге келуге мәжбүр болады. Мұндайды түрін өзгерткен екіпартиялық коалиция дейді;

б) билік үшін бәсеке екі партия одағының арасында болса, оны екі блоктық коалиция дейді. Мұндай коалиция әсіресе Францияға тән. Онда президенттік, парламенттік, кантондық сайлаулар кезінде екі блок құрылады. Оң блокқа гольдыктар, жискарлықтар (Францияның бұрынғы президенттері Де Голь мен Жискар де Эстеннің фамилияларынан шыққан), т.б. кіреді де, сол блокқа социалистер, коммунистер, солшыл радикалдар жатады;

в) егер дербес партия ұзақ уақыт (20—30 жыл бойы) билік етсе, оны басымдық коалициясы дейді. Мысалы, Швеция социал-демократиялық партиясы 1932 жылдан 1976 жылға дейін, содан кейін 1982 жылдан осы уақытқа дейін билік басында. Жапонияда либералдық-демократиялық партия 1955 жылдан бері өкімет басында келеді.

Саяси партиялардың жұмысы әдетте құқықпен немесе Конституциямен реттеледі. Себебі, олардың жұмысы саяси жүйенің принциптері мен мақсаттарына қайшы келмеуі керек. Оларға жататындар: қоғамдық өмірде партияның орнын конституциялық жолмен рұқсат ету; саяси жүйеде партияның жұмыс істеу жағдайын белгілеу; сайлау жүйесінің жұмысына партиялардың қатысуы; мемлекеттік өкімет органдарында партиялардың өкілдік ету тәсілдері; мемлекеттік бюджеттен партиялардың қызметін қаржыландыру. Бірқатар Батыс елдерінде (Германия, Италия, Швеция, т.б.) 60—70 жылдардан бастап саяси партиялар мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Кейбір елдерде заң бойынша саяси партиялардың сайлау науқанына арнайы қаржы бөлінеді. Бұл конституцияда көрсетілген міндеттерді орындау және қиянат етушілікке жол бермеу (мысалы, саяси партияларды құрғанда әлдеқандай кішігірім топтардың немесе жеке адамдардың ықпалын азайту, не болмаса қызметкерлердің, қоғам қайраткерлерінің сатылғыштығына жол бермеу және т.б.) үшін керек деп саналады.

Бірқатар елдердің (Германия, Үндістан, Ұлыбритания, Франция) заңдарында радио мен теледидарды кеңінен пайдалануға мол құқық берілген. Мұның бәрі сайлау науқанында және т.б. жұмыс бабында партияларға тең жағдай қамтамасыз етілгендігі деп саналады.

§ 3. Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуы

XX ғасырдың басында Қазақстанның экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайы ауырлап кетті. Ресейдің отаршылдық езгісі күшейе берді, одан қоныс аударған қоныс аударушылар қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алуын көбейтті, халықтың жағдайы төмендей түсті. Сондықтан қазақтың зиялылары тығарықтан шығудың жолын іздеді. Алғашында олар үміттерін Ресейдің кадет партиясына артты. 1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында А. Бөкейхановтың бастауымен Қазақстанның

5 облысының “делегаттар съезі” шақырылды. Онда кадет партиясының бөлімі (филиалы) құрылып, сол партияның бағдарламасын қабылдады. Бірақ кадеттер болсын, Уақытша үкімет болсын 1917 жылдың ақпан революциясынан кейін де біздің өңіріміздегі ұлттық, аграрлық және т.б. мәселелерді шешуге тырыспады. Ал қазақтардың өзін-өзі билеуі немесе автономиясы туралы сөз де қозғалмады. Осының бәрі А. Бөкейхановты кадет партиясынан шығып, жаңа “Алаш” партиясын құруға мәжбүр етті. Ол туралы “Қазақ” газетінің 1917 жылғы 256-санында арнайы мақала шықты.

Бірінші бүкілқазақтық съезд Орынборда 1917 жылы шілденің 21—26 арасында өтті. Күн тәртібінде 14 мәселе қаралды. Бірақ делегаттар басты назарды ұлттық автономия, жер, Құрылтай жиналысын дайындау және қазақтың саяси партиясын құру мәселелеріне аударды.

1917 жылы 21 қазанда “Қазақ” газетінде “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасы басылып шықты. Оның ең маңызды баптарына мыналар жатады: Ресей демократиялық федеративтік республика, ал оған кіретін мемлекеттер тәуелсіз болуы керек; Ресей республикасында дініне, шыққан тегіне, жынысына қарамай бәрі де тең; онда теңдік, жеке адамның дербес құқылығы, сөз, баспасөз, одақтар еркіндігі қолданылады; дін мемлекеттен бөлінеді, барлық діндер тең, қазақтардың өзіндік муфтияты болуы керек; билік пен сот әр халықтың ерекшелігіне сай құрылуы, би мен қазы жергілікті халықтың тілін білуі тиіс, барлық оқу орындарында ақысыз білім және ол барлық адамдардың игілігі болуы керек және басқалар.

1917 жылы желтоқсан айының бас кезінде Орынборда екінші жалпықазақтық съезі шақырылды. Онда Алашорда үкіметі құрылды. Басшысы болып А. Бөкейханов сайланды. Бірақ ол үкіметтің өмірі қысқа болды да, мақсатына жете алмады. 1918 жылы қарашада Алашорда үкіметі кеңестік әскерлердің күшімен талқандалды, “Алаш” партиясының басшылары мен мүшелері репрессияға ұшырады.

“Алаш” партиясы жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Біреулері (В. Григорьев, П. Пахмурный, А. Сармурзин) бұрынғы коммунистік идеологияның тұрғысынан оны “буржуазиялық-ұлтшыл” партия ретінде қарайды. Екіншілері (М. Қозыбаев, М. Қойгелдиев) оны ұлттық-демократиялық партия деп санайды. Шынында да, алаштықтар капитализмді құру немесе тек

таза ұлттық мемлекетті орнатуды өздеріне бағдарламалық мұрат етіп қойған жоқ. Олар саяси еркіндікті аңсады, өркениетті адамгершілікті қоғам құрғылары келді. Бұл буржуазиялық-ұлтшылдық емес, жалпы демократиялық мақсатқа жатады.

“Алаш” теориясы сияқты 1917 жылдың күзінде Қазақстанда “Үш жүз” деген партия құрылды. Оның басшысы Қ. Тоғысов деген болатын. Ол большевиктерге бағдар ұстап, “Алаш” партиясының басты оппоненті болды.

1918 жылы 1 қаңтарда Семейде большевиктердің партия ұйымы құрылды. Ал Кеңес өкіметі кезінде, көпшілікке белгілі, жалғыз басқарушы партия СОКП болды.

Қазақстан тарихында шұғыл бетбұрыс болып, өшпес із қалдырған Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Ол жалғыз біздің елді ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағына кірген елдердің барлығын дүр сілкіндірді. Қазақ жастары бірінші болып “орталықтың” отаршыл саясаты мен өкімшіл-өміршіл жүйесіне ашық қарсылық білдіріп, тайсалмастан, батыл шеруге шықты. Бұл көтеріліс азаттық жолындағы күреске, жаңа саяси ұйымдар мен қозғалыстардың пайда болуына түрткі болды. 1987 жылы шілдеде СОКП Орталық Комитетінің қазақ халқын ұлтшыл деп кінәлаған қаулысы жағдайды одан әрі асқындырып жіберді. Қазақтың ұлттық санасын дамыту, өзінің шыққан тегіне бет бұру, тілін, дінін, ұлттық мәдениетін дамыту керектігін дәлелдеп, алға тартып бастамашы топтар пайда бола бастады. Осы мәселелерді бірінші болып көтерген “Желтоқсан” қозғалысы дүниеге келді, кейін (1990 ж. мамырда) соның негізінде осы аттас партия құрылды.

Республиканың саяси өмірінде “Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы” заңы айтарлықтай рөл атқарды. Ол азаматтарға қоғамдық ұйымдар құру еркіндігіне кепілдік берді. Бейресми саяси партиялар мен бірлестіктер заңды жұмыс істеуіне мәртебе алды. Олар тіркеуден өткеннен кейін халық депутаттығына талапкерлерді ұсынуға құқылы.

Республикадағы алғашқы қоғамдық-саяси құрылымдар Коммунистік партияға оппозиция ретінде пайда болды. Кейінірек, тәуелсіздікті алып, жаңа конституцияға дайындыққа байланысты саяси күрестің басты мәселелері болып азаматтық, мемлекеттік тіл, жердің жеке меншікке сатылуы және т.б. қойылды.

Егер Республика аумағында белді рөл атқарған (көбі әлі де атқарып жүрген) бірнеше партиялардың бағыт-бағдарламаларына, іс-әрекеттеріне тоқталсақ, олар мыналар:

Ұлттық-демократиялық “Желтоқсан” партиясы. Жоғарыда айтылғандай, бұл қозғалыстың тууына түрткі болған 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары болды. Ұйымдасуы жағынан бұл қозғалыс 1989 жылдың көктемінде қалыптасты. 1990 жылғы мамырда “Әділет”, “Азамат”, “Жерұйық”, “Кәусар бұлақ”, “Форум” сияқты қоғамдық ұйымдардың бастамасымен құрылтай съезі шақырылды. Сонда “Желтоқсан” қоғамдық комитетінің негізінде осы аттас партияның құрылғаны туралы декларация қабылданды.

Партияның бағдарламасында республиканың саяси және экономикалық егемендігі үшін, мемлекеттік тіл қазақ тілі болуын, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары құрбандарын орынсыз тағылған кінәдан толық ақтау, оларға саяси құрбандар мәртебесін беру, Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын отандықтармен тығыз байланыс ұйымдастыру, ислам дінінің қайта өркендеуі жолында күрес жүргізу көрсетілген.

Қазақстанның республикалық “Азат” партиясы. Ол өзінің тарихын 1990 жылғы шілдеде болған Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысының құрылтай конференциясынан бастайды. 1991 жылғы 4 қыркүйекте “Азат” қозғалысының құрылтай конференциясында парламент түрпатындағы Қазақстанның республикалық “Азат” партиясының пайда болғаны туралы шешім қабылданды. Ол бағдарламасында Қазақстанның шын мәніндегі егемендігін қамтамасыз етуді, аумақтық тұтастығын сақтауды, елдің қоғамдық тұрмысын демократияландыруды, қазақ тілін, ұлттық дәстүрді дамытуды және т.б. мақсат етіп қояды.

Жалпы алғанда ұлттық-демократиялық “Желтоқсан” партиясы, Қазақстанның республикалық “Азат” партиясы, “Алаш” ұлт-бостандық партиялары ұлттық және ұлттық-демократиялық түрде қалыптасып, негізінен Кенес Одағы кезінде қысымшылықты көп көрген қазақ халқына басымдықтар беріп, тілін, дінін, мәдениетін дамытуға жағдай жасауға үлкен мән берді. Ол кезде бұрынғы әдетке салып сепаратистік пиғылдағы ұйымдар бас көтеріп тұратын. Бұл партиялардың ондай іс-әрекеттеріне қаймықпай қарсы тұрып, тойтарыс беріп тұрғанын айтқан жөн.

Қазақстанның социал-демократиялық партиясы. 1990 жылғы 26-27 мамырында құрылды. Бағдарламасында батыс елдеріндегі осы аттас партиялардай бостандық, ынтымақтастық, әділеттілік идеяларын ту етеді. Бұл партия тұрмыс сапасын жақсарту, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру және т.б. мақсаттарды көздейді.

Қазақстанның социалистік партиясы. 1991 жылғы 7 қыркүйекте құрылды. Онда Қазақстан Коммунистік партиясының кезектен тыс (төтенше) съезі өтіп, оның мүшелері өзін-өзі өшкерелеген идеологиядан бас тартып, соның негізінде Қазақстанның социалистік партиясының пайда болғанын жариялады. Бағдарламасында мынадай стратегиялық мақсаттарды қояды: саяси салада шынайы демократияны, құқықтық мемлекетті, биліктің бөлінуін, саяси алуан түрлілікті, ұлттардың теңдігін және дінге сенім бостандығын жақтайды, экономика саласында – қатаң қаржы саясатын, салық реформасын, меншікті мемлекетсіздендіру және жекешелендіру, еркін бағаны енгізу, әлеуметтік салада – халықтың осал жігін – аналар мен балаларды әлеуметтік қорғау, жұмыссыздықты болдырмау. Сонымен қатар бұл партия ТМД елдерінің аясында неғұрлым тығыз интеграция жасауға, ұлттық шеңберден тыс құрылымдар құруға қарсы еместігін білдіреді. Өздерін Коммунистік партияның мирасқорымыз деп санайды.

“Қазақстанның Халық конгресі” партиясы 1991 жылғы 5 қазанда өткен құрылтай съезінде құрылды. Өзін центристік либералдық-демократиялық партиямын деп санайды. Ол азаматтық, құқықтық қоғам орнатуды қалайды. Қазақстан жағдайына сәйкес келетін мемлекеттік биліктің түрі деп Президенттік республиканы және 2 Палаталық Парламентті түсінеді. Экономикалық салада әлеуметтік бағытталған мемлекет реттейтін нарықтық экономиканы құруды дұрыс көреді. Біздің мемлекетіміздің экономикалық және мәдени гүлденуінің негізгі шарты азаматтық келісім деп біліп, ұлтаралық түсінушілікті қамтамасыз етуге басты көңіл бөледі. Ол шығармашылық зиялы қауым мен кәсіпкерлік топтарға бағдар ұстайды.

“Қазақстанның Халық бірлігі” одағы 1993 жылғы 6 ақпанында өткен құрылтай конференциясында дүниеге келді. Оған көптеген шенеуніктер кірді. Сондықтан бұл партияны қарсыластары “номенклатуралық партия”, “үкімет партиясы” деп атады. Бұл партия Президент Н. Ә. Назарбаевтың көзқарасын жақтайды. Ол өзін әлеуметтік бағдар ұстаған, нарықтық экономикаға сүйенген демократиялық қоғам қалыптастыруды қолдайтын саяси ұйым деп жариялады. Ол көппартиялық жүйе жасауды, әлеуметтік серіктестік пен азаматтық келісімді, саяси және ұлтаралық тұрақтылықты, Қазақстанның әлемде саяси салмағының күшеюін, оның гүлденуін қалайды. 1995 жылдың қаңтарында болған съезінде одақты партия деп атауға шешім қабылданған. 1999 жылы наурыз айында бұл партия “Отан” партиясының құрамына кірді.

2002 жылғы шілденің 15-інде «Саяси партиялар туралы» жана Заң қабылданды. Оған дейін елімізде 19 партия болған. Соңғы Заң бойынша партия болу үшін оның 50 мың мүшесі болуы керек. Соған орай қазір 12 партия тіркеуден өтті. Оларға Қазақстанның социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, Республиканың саяси «Отан» партиясы, Қазақстанның Коммунистік партиясы, Қазақстанның демократиялық «Ақ жол» партиясы, «Асар» республикалық партиясы, Қазақстанның Аграрлық партиясы, Қазақстанның Азаматтық партиясы, Қазақстанның Демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы және т.б. жатады.

Мемлекеттік тіркеуден бірінші болып өткен «Ақ жол» партиясы. Оның басшылары — кезінде билік басында қызмет істеген, саяси тәжірибелері бар, қырықтың қырқасына шыққан белгілі азаматтар. Олардың әр салада, әсіресе саяси-экономикалық реформаларға байланысты өздерінің көзқарастары, тұжырымдамалары бар. Үкіметтің басқан ізін бағып, көбіне сыни пікір айтып отырады. «Ақ жол Қазақстан», «Эпоха» сияқты басылымдары бар.

Қазіргі электораты (сайлаушылары) көп, 170 мыңнан астам мүшесі бар Республикалық саяси «Отан» партиясы. Оның дүниеге келіп, қалыптасуына Н. Назарбаев көп күш жұмсады. Тіпті ол партияның төрағасы болып та сайланған болатын. Бірақ Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президент ешқандай партияға мүше бола алмайтындықтан ол бұл партиядағы мүшелігін тоқтатты. Бұл партиядағылардың басым көпшілігі — мемлекеттік қызметкерлер мен билік басына жақын адамдар. Сондықтан оны билік партиясы деп те атайды. Оның іс-әрекетін жұртшылыққа жеткізіп, үгіт-насихат жүргізетін бұқаралық ақпарат құралдары, әр түрлі басылымдар мен телеарналар жетіп артылады. Бұл партия кәсіпкерлікті, орта және шағын бизнесті дамытуға, елде әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға басты назар аударады.

«Отан» партиясына жақын тұрған — Қазақстанның Азаматтық партиясы. Ол негізінен ірі өндіріс орындарының қызметкерлері мен жұмысшыларына сүйенеді. Сондықтан олар қаржыдан тарлық көрмейді. Сондай-ақ оларды шетелдік инвесторлар қатты қолдайды. Соған орай бұл партия парламентте тікелей шетелдік капиталдың мүддесін көздеп, мейлінше, соларға тиімді заңдарды қабылдауға ұмтылады¹.

¹Егемен Қазақстан. 2003. 10 шілде.

“Асар” партиясының бағдарламасына карағанда ол “оншылдар” (“Отан”, Аграрлық, Азаматтық партиялар) мен “солшылдардың” (“Ақ жол”, Қазақстан коммунистік партиясы, Қазақстанның патриоттық партиясы) арасындағы центристік бағытты ұстанбақ. Елімізде болашақта күшті саяси-әлеуметтенген мемлекет орнатпақ. Республикамызда өндіріс орындарын ашып, оны шикізат өндіру көзінен күткармақ. Жерді жекеменшікке беруді дұрыс деп санайды.

Қазақстан Коммунистік партиясын негізінен бұрынғы коммунистер құрайды. Басым көпшілігі – зейнеткерлер. Бұл партия үкіметтің істеген ісін әрдайым сынға алып, оппозициялық сынап білдіреді.

Қалған партияларды көпшілік жұрт жөнлі біле бермейді. Ғани Қасымов болмаса, олардың бағыт-бағдармаларын оқып, байыбына бара бермейді.

Қазіргі кездегі негізгі мәселе — республикамызда тәуелсіз әлеуметтік бағыт алған, демократиялық, құқықтық мемлекет құру. Оған еліміздегі ешқандай партияның дауы, қарсылығы жоқ, бәрі де мойындайды. Әнгіме тек оны қалай жүзеге асыру керек, ол жолда қандай тәсілдер мен құралдарды пайдаланған жөн: бағыл, түбегейлі түрде ме әлде ақырын, бірте-бірте ме немесе тағы басқа ма?

Сонымен қатар республикадағы барлық партиялар өздерінің бағдарламаларында демократиялық құндылықтарды жақтайтындығын, нарықтық экономикаға тырысатындығын білдіріп, Қазақстанда азаматтық келісім мен тұрақтылық болғанын қалайды.

Республикадағы партиялардың саны үнемі өсуде. Бірақ көппартиялықтың қалыптасу процесі ақырын және күрделі өтуде. Күрделілігі сол — көптеген партиялар саяси процеске шын мәнінде тығыз араласпайды, қоғаммен дамыған байланыс жүйесі жоқ. Партиялар арасында әдеттегідей өркениетті қатынастар мен байланыстар әлі орнамаған. Сондықтан Қазақстанда қалыптасқан көппартиялық туралы айту әлі ерте сияқты.

Оның себептері қандай? Ең алдымен, республикада пікір алғандығының тарихи дәстүрінің болмауы, саяси мәдениеттің төмендігі, құқықтық негіздің әлсіздігі. Оның үстіне, кейбір партиялар пікірлестердің бірлестігі ретінде қалыптаспады, “жоғарғы” жақтың ұйғарымымен жасалады. Оларды болашақ сайлауда өз кандидатурасын ұсыну үшін құрады. Сондықтан жергілікті жерде халықтың біразы ондай партиялардың барын да білмейді.

Көптеген партиялардың өз мақсат, бағдарламаларын насихаттап, үгіт жүргізерлік мүмкіндіктері аз. Олардың баспалары, радио, теледидарларда каналдары не мерзімді уақыттары жоқ.

Қазақстанда көппартиялықтың бұдан әрі даму бағыты қандай болмақ деген сұрақ тууы мүмкін. Топтық мүдделердің жіктелуіне қарай бағыт-бағдары жақын партиялар бір-біріне жақындай түсуі, жинақталуы, жаңа партиялардың дүниеге келуі, кейбіреуінің саяси сахнадан кетуі мүмкін. Болашақ партиялар көбіне жан-жақтылық сипат алатындай сынайы бар.

Қазақстанның Конституциясы елдегі конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, Республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік ала ауыздық туғызу және заң жүзінде көрсетілген әскери құрылымдарды ұйымдастыруға тыйым салады. Басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіподақтарының, діни негіздегі партиялардың жұмысы, сонымен қатар саяси партиялар мен кәсіподақтарды шетел мемлекеттері жеке халықаралық ұйымдарының қаржыландыруына рұқсат етілмейді.

Сонымен қазіргі қоғамның өмірінде саяси партиялар алдыңғы қатардағы орынның бірін алады. Олар осы мемлекеттік билікті қорғап, нығайту немесе оны өзгерту үшін құрылады. Партиялар бұқара халықтың мүддесін топтап, жинақтай білгенде күшейе түседі. Олар қоғамның саяси дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады.

§ 4. Қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар

Саяси қозғалыс деп өкімет билігі үшін күрес арқылы қазіргі жағдайды өзгертуге немесе үкіметке ықпал жасай отырып, оны нығайтуға тырысқан қоғамдық күштерді айтады. Басқа қоғамдық ағымдармен салыстырғанда саяси қозғалыстың айырмасы ол өкімет үшін немесе үкіметті жүзеге асыру тәсіліне ықпал ету үшін күреседі, яғни ол бұл жолда саяси тәсілдерді пайдаланады.

Саяси қозғалыстардың пайда болуына төмендегідей саяси жағдайлар себеп болады: 1) жеке адам өз ойын, көзқарасын өкімет орындарына тікелей жеткізе алмайды. Сондықтан өзі сияқтылармен топтасады; 2) экономикалық және әлеуметтік қайшылықтар, наразылықтар себеп болады. Мысалы, Жана Өзендегі (1989) әлеуметтік жағдайға наразылықтан онда “Бірлік” деген ұйым құрылды, ал Шевченко (қазіргі Ақтау) қаласында сол уақытта

“Парасат” деген ұйым дүниеге келді; 3) ұлттық мәселелердің шешілмеуі. Мысалы, Қазақстанда “Азат”, “Желтоқсан” партиялары солай туған болатын.

Мәселен, Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысы қоғамдық-саяси ұйым ретінде 1990 жылдың I шілдесінде құрылды. Басты мақсатын “Халықаралық, Одақтық шартпен біріккен ерікті де тәуелсіз жаңа қоғамдастық шеңберінде Қазақстанның шынайы мемлекеттік егемендігіне қол жеткізу” деп біледі. Бұл қозғалыс Қазақстанды, қазақ халқын отаршылдық пен тоталитаризм зардаптарынан арылту үшін қажетті заңдардың қабылдануы, олардың дұрыс орындалуы жөнінде халыққа үндеулер таратып, үкіметке осы жөнінде өз ұсыныстарын жасады, “Желтоқсан”, “Алаш” партияларымен бірге сепаратистік пиғылдағы ұйымдарға (славяндық “Лад”, “Русская община”, казактар бірлестіктері) олардың осы тұрғыдағы іс-әрекеттеріне бірнеше рет тойтарыс беруге белсене кірісті.

Саяси қозғалыстар көпшілік партияны құру жолында алғашқы саты болуы мүмкін. Қозғалыстың партияға тән ұйымы, жұмысының бірыңғай бағдарламасы, басқаруда айқын принциптері болмайды. Әдетте, оның әділеттілік, бостандық, қарусыздану, бейбітшілік үшін күрес, ұлттың жаңарып өрлеуі, айналадағы ортаны қорғау т.с.с. жалпыхалықтық, адамзаттық талаптарға негізделген басты мақсаты қалыптасады. Бұл ұрандар көпшіліктің көңілінен шығып, бастарын қосады, тіпті өзара айтарлықтай айырмашылықтары бар қоғамдық таптарды да біріктіруі мүмкін. Көбіне қозғалыстар стихиялы түрде пайда болады.

Қоғамдық құрылысқа қатынасына қарай саяси қозғалыстар консервативтік, реформистік, революциялық және контрреволюциялық болып бөлінеді. Олардың ұстанатын принциптері саяси партиялардағы сияқты. (Олар жөнінде біз партиялардың жіктелуінде айтқан болатынбыз, сондықтан қазір тоқталмаймыз).

Саяси қозғалыс бір қалыпта тұрмайды. Ол дамып, өзгеріп отырады және мынадай сатылардан тұрады: қозғалысқа қажеттілік және оның пайда болуы; үгіт-насихат, әрекет ету сатысы; дамыған жұмыс кезеңі; саяси қозғалыстың өшу сатысы.

Қоғамдық ұйымдарға халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген, оған материалдық көмек көрсететін, өзін-өзі басқаратын адамдардың бірлестігі жатады.

Саяси қозғалыстар сияқты қоғамдық ұйымдар да адамдардың мүдделерін іске асырудың құралы ретінде пайда болады. Қазіргі заманда ондай ұйымдар мен қозғалыстар өте көп. Ол қоғамның саяси өміріне қатысушы адамдардың мақсаттары мен қарым-қатынастарының әр алуандығын білдіреді.

Қоғамдық ұйымдар бірлесе амал, әрекет жасау үшін халықаралық, жалпымемлекеттік, аймақтық, ұлттық, жергілікті көлемде ресми және бейресми сипаттағы одақтарға, халықаралық ұйымдарға бірігуі мүмкін.

Қоғамдық ұйымдар әр түрлі келеді. Оған: партиялар, кәсіподақтар, жастар ұйымдары, кооперативтік бірлестіктер, шығармашылық (творчестволық) одақтар, әр түрлі ерікті қоғамдар (ғылыми, ғылыми-техникалық, мәдени-ағарту, спорттық, қорғаныс және т.б.) жатады. Қоғамдық ұйымдар арқылы миллиондаған адамдар өзін-өзі басқаруға белсенді қатысып, өмір мектебінен өтеді.

Қоғамдық ұйымдар мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Қоғамдық-саяси мүдделеріне сай құрылған ұйымдар. Бұған алдына саяси мақсаттар қойған ұйымдар жатады.

2. Экономикалық мүддесіне қарай құрылған ұйымдар.

3. Таптық белгісіне сай ұйымдар (кәсіподақтар, шаруалар одағы).

4. Қызмет түріне қарай құрылған ұйымдар (ғылыми-техникалық, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, ұлттық-мәдени, спорттық, қорғаныс, діни, т.б.).

Көпшілік ұйымдардың ішінде айрықша көзге түсетіні — кәсіподақтар. *Кәсіподақ* — бір мамандықтың немесе өндірістің бір саласында еңбек ететін адамдарды біріктіретін қоғамдық ұйым. Алғаш рет кәсіподақтар капитализмге тұңғыш аяқ басқан Англияда XVIII ғ. басында пайда болды. Кейінірек олар өнеркәсібі дамыған барлық елдерде қалыптасады. Себебі, капитализмнің әкелген аяусыз қанауына төтеп беру үшін жалданушы жұмыскерлер бірігіп, ұйымдасқан түрде өз мүдделерін қорғауға мәжбүр болды. Кәсіподақтар олардың еңбегі мен тұрмысын жақсарту, жоғын жоқтау жолында өкілі, қорғаны болды. Кәсіподақтар өзіне мүше болса да, болмаса да еңбекшілердің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қорғайды. Олар жеке адамның өмір сүруіне қажет ілімдер, ережелер мен айлықтар жүйесін меңгеруге, еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәдени деңгейін көтеруге көмектеседі.

Кәсіподақтар өз қызметінде жұмысшы табына сүйенген саяси партиялармен тығыз ынтымақтастықта болып, солармен бірлесе жұмыс істеген елдерде ең үлкен рөл атқарады. Кәсіподақтар мен партиялар арасында мұндай келісе қимылдау, әсіресе, Ұлыбритания, Германия, Скандинавия елдеріне тән. Бұл елдерде жұмысшы табының арасында социал-демократтардың ықпалы жоғары. Олар кәсіподақтарға айтарлықтай идеологиялық және саяси әсер етеді. Кәсіподақтар камкоршы партияны күшейте түсуге және олардың өкімет басында ұзағырақ болуына мүмкіндік жасауға тырысады. Бұл үшін олар жұмыс берушілермен ымыраға келіп, еңбек нарқында тыныштықты сақтауға күш салады. Осының нәтижесінде олар капиталистік жүйемен біршама экономикалық одаққа кіргендей болады. Мұндайларды “жауапты” кәсіпорындар деп атайды.

Сонымен қатар үкіметке қарсы күрес жүргізуші партиялармен сыбайласқан кәсіподақтар да болады. Олар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына тікелей әсер етпейді. (Мысалы, Италияда). Мемлекет тарапынан олардың күресіне көмек жасалмайды. Сондықтан олар өкіметке қаймықпай қарсы тұрып, өз жақтастарын батыл шараларға шақыруы мүмкін. Мұндайларды “жауапсыз” кәсіподақтар дейді.

Біздің республикамызда кәсіподақтар мемлекеттік және қоғамдық істерді шешуге араласады. Еңбекшілердің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту, олардың материалдық және мәдени дәрежесін арттыруға басты көңіл бөледі. Олар еңбек және демалыс жағдайларын жүйеге келтіретін заңдар мен қаулыларды, ұжымдық шарттарды жасауға тікелей қатысады, әлеуметтік камсыздандыру ісін басқарады, еңбек сақтау мен техника қауіпсіздігінің ережелері сақталуын қадағалауды іске асырады. Шаруашылық басшыларын тағайындау мен босату мәселелері кәсіподақтармен келісіп шешіледі.

Кәсіподақтар өз міндеттерін үш түрлі жолмен шешеді. Біріншісі — жұмысшылардың экономикалық, әлеуметтік тұрмыс жағдайын түзетуде өкіметтен жекелеген жеңілдіктерге жетуі. Бірақ бұл жолдан үлкен өзгерістер күтуге болмайды.

Екіншісі — үздіксіз ереуілге шығып, өкіметке күшпен қысым жасау. Бірақ бұдан экономикаға нұқсан келеді.

Үшіншісі — кәсіподақтардың өз көзқарасын өкіметтің саясатымен сәйкестендіріп, мемлекет, кәсіпкерлердің өкілдерімен бірлесе отырып, өзара тиімді шешім іздестіру.

Аталған үш жолдың ішінде қазіргі кезде пайдалысы үшінші жол деп жүр. Мұны, әсіресе, өкімет басында социал-демократтар отырған елдерде кеңінен қолданады.

Қоғамдық бірлестіктердің көпшілігі саяси өмірде белсенділік танытқанымен, тікелей саясатқа араласа қоймайды. Шет елдерде солардың ішінде белдісіне *қысымшы топтар* (группы давления) жатады. Іс жүзінде олар парламент пен үкіметке кеңес беру және оларды арнаулы нормативтік қызмет мәселелері бойынша тиісті ақпараттармен қамтамасыз ету үшін құрылады. Қысымшы топтар өз аттарынан сайлауға қатынаспайды. Олар мемлекеттік органдарға идеологиялық ықпал жасаудан бастап, сатып алуға дейінгі қысым көрсетудің алуан түрлерін пайдаланады. АҚШ-та бұларды лоббистік ұйымдар, мүдделі топтар деп атайды. Ұлыбританияда оларды парламент агенттері дейді. Олар көбінесе мүдделерінің ортақтығы негізінде және бұл топ пен билік органдарының арасында байланыс болғанда пайда болады.

Қоғамдық қозғалыстардың ішінде кең тарағанының бірі — “*Халық майдандары*”. Оларға жалпы қоғамға қатысы бар, әлеуметтік таптардың барлығының немесе көпшілігінің мүддесін қамтитын мәселелерді шешуге бағытталған бірлестіктер жатады. Олар жалпыдемократиялық принциптердің негізінде құралады және жұмыс істейді. Онда қатал айқындалған ұйымның түрі мен мүшелігі болмайды. Оның құрамына қалың бұқара халықтың мүддесін көздейтін саяси партиялар, кәсіпорындар, жастар және т.б. ұйымдар да кіруі мүмкін. Халық майдандарының мынадай түрлері болады:

1. Қоғамда терең батыл өзгерістер кезінде саяси күштер дүниеге келіп, қалыптасады. Сол саяси күштерден пайда болған халық майдандары. Бұған мысал ретінде Африка, Азия елдерінде ұлттық азаттық алу барысында пайда болған халық майдандарын келтіруге болады. Олардан кейін әлеуметтік топтардың бөлшектенуі және саяси партиялардың мақсатының өзгеру барысында басқа қозғалыстар шығуы мүмкін.

2. Өздерінің саяси ықпалы жетіспегенде маңызды мақсатқа жету, саяси билікті алу үшін саяси партиялардың немесе олардың көсемдерінің бастауымен құрылған халық майдандары. Мысалы, оған 80 жылдары КСРО-да пайда болған халық майдандарын жатқызуға болады.

3. Соғысқа, фашизмге қарсы, демократияны қорғау үшін интернационалдық негізде қалыптасқан халық майдандары. Олар осы

ғасырдың 30 жылдарында капиталистік елдерде пайда болып, соғыс алдындағы жылдары фашизмге қарсы күресті басқарады. Мысалы, Францияда халық майдандары 1936 жылдың көктемінде парламент сайлауында және оған сүйенген үкімет бұл елде фашизмнің дамуына жол бермеді. 1936—39 жылдары Испанияда халық майдандары бұқара халықты топтастырып, оларды фашизм мен реакцияға қарсы күреске жұмылдырды. Жалпы екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашизм мен реакцияға қарсы күресте көптеген елдердің халық майдандары асқан зор рөл атқарды. Халық майдандарының ерлігі 1991 жылы тамыз айында Ресейде төңкеріс жасауға тырысқан бүлікшілерден демократияны қорғауда да айқын көрінді.

Бейресми бірлестіктер жастардың, студенттердің арасында да кең орын алады. Олар алдына қойған мақсаты мен түрі, іс-әрекеті мен тұрақтылығы, оған қатысушылардың жасы мен жынысы жағынан әр алуан.

Олардың ішінде қоғамдық-саяси, экологиялық, экономикалық, әлеуметтік, діни, спорттық т.б. мәселелермен айналысатындары да бар. Бірақ көбі мәдени-шығармашылық және бос уақыттарын қалай өткізуге арналады. Оған әуесқой ән шығарушылар, орындаушылар клубтары, өнер, театр, кино, би және т.с.с. төңірегіндегі шығармашылық бірлестіктер, кейбір орындаушылар мен спорт клубының жанкүйерлерінің бірлестігі жатады.

Белгілі жастар қозғалысына “металлистер”, “фанаттар”, “панкілер”, “хиппилер”, “рокерлер”, “брейкерлер”, “пашифистер” және т.с.с. жатады.

Басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар баршылық. Алдына қойған мақсаттарына қарай оларды былайша топтастыруға болады:

1) экологиялық бағыттағы ұйымдар. Оларға жататындар: “Невада – Семей” қозғалысы, “Арал – Азия – Қазақстан” халықаралық қоғамдық комитеті, “Табиғат” комитеті және т.б.;

2) ұлт мәселелерін шешуге тырысқан топтар. Оларға: Қазақстанның “Азат” азаматтық қозғалысы, славяндардың республикалық қоғамдық “Лад” қозғалысы, “Русская община”, “Единство” қоғамдық бірлестігі, республикадағы казактар қозғалысы, неміс, ұйғыр, грек, кәріс және т.б. мәдениет орталықтары;

3) тарихи-ағартушылық қоғамдар: “Мемориал”, “Әділет”, “Ақиқат” және т.с.с.;

4) әлеуметтік талаптар қойған ұйымдар: “Атамекен”, “Алтын бесік”, “Жерұйық”, “Шанырақ” және т.б.

Бұлардың көбі заман талабына сай пайда болып, өз мақсаттарын орындауына байланысты өмір сахнасынан кетті, бірталайы іс-әрекеттерін әлі де атқаруда.

Сонымен қатар республикада ардагерлер, әйелдер, жастар одақтары және т.б. көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар бар. Осылардың бәрі, сайып келгенде, әрқайсысының өз ерекшеліктері болуына қарамастан еңбекшілердің белсенділігін арттырып, Қазақстанның гүлденіп өркендеуіне, тұрақты дамуына үлестерін қосқанда ғана мақсаттарына жетпек.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Саяси партия дегеніміз не?
2. Басқа қоғамдық-саяси ұйымдардан партияның айырмасы неде?
3. Саяси партиялар не себепті пайда болды? Қазіргі қоғам саяси партияларсыз, қоғамдық-саяси қозғалыстарсыз өмір сүре ала ма?
3. Партияның негізгі қызметтері қандай?
4. Партияларды жіктеу неге негізделеді?
5. Партиялық жүйе деп нені айтады?
6. Бірпартиялық, екіпартиялық және көппартиялық жүйелердің басым және осал жақтары қандай?
7. Партия санының көптігі көппартиялық жүйені білдіре ме?
8. Қазақстанда көппартиялық жүйе құрылды деп айта аласыз ба?

Ш б ө л і м. САЯСАТТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ. АДАМ ЖӘНЕ САЯСАТ

8 - т а р а у. САЯСИ ЭЛИТА ЖӘНЕ САЯСИ ТОП БАСТАУШЫЛЫҚ

§ 1. Саяси элитаның түсінігі мен қызметі

“Элита” термині француздың “*elite*” деген сөзінен шыққан, сұрыпталған, тандалған, іріктелген деген мағынаны білдіреді. XVIII ғасырдан бастап ол сөзбен жоғары сапалы товарларды атады. XX ғ. бастап саясаттану мен әлеуметтануда білімі, байлығы, беделі, билігі жоғары адамдардың азғантай әлеуметтік тобын білдіреді.

Тарихи жағынан алғанда адамдарды ел билеуші таңдаулыларға және олардың дегенін істейтін бағаныштыларға бөлу идеясы өте ертеден бастау алады. Мысалы, Конфуций (б.з.б. 551–479) адамдарды асыл азаматтарға (билеуші элитаға) және төменгі (қарапайым) адамдарға бөлді. Платон билеуші-философтарға, әскерлерге, егіншілер мен кәсіпшілерге ажыратты. Алайда элитарлық теорияны көзқарастар жүйесі ретінде XX ғ. басында италия ғалымдары Г. Моска, В. Парето, неміс Р. Михельс және т.б. қалыптастырды.

Гаэтано Моска (1854–1941) элита теориясын “Саяси ғылым негіздері” (1896) деген еңбегінде негіздеді. Онда ол қоғам басқарушылар мен басқарылушыларға бөлінеді деді. Оған үйтқы болатын қасиеттерге әскери ерлікті, байлықты, діни дәрежені (мәртебені) жатқызды. Осы үш қасиет, оның ойынша, адамға басқарушылар (элита) қатарына кіруге есік ашады.

“Элита” терминін ғылыми айналымға енгізген *Вальфредо Парето* (1848–1923). “Жалпыға бірдей социология трактатында” (1916) ол “элиталардың айналу” теориясын жасады. Ол бойынша элита билік басына алдыңғы қатарлы идеяны ұсынуының арқасында келеді. Ол идея жүзеге асқанда олардың энергиясы азайып, ізденісі баяулай бастайды. Олардың орнына жаңа идеямен жаңа элита билік басына келеді. Мұндай алмасу қоғамда өрқашан болмақ. Яғни, дейді олар, бір элита екіншіні алмастырып, жаңарып, қоғамды алға жылжытып отырады.

Роберт Михельс (1876—1936) “Саяси партиялар, Демократияның олигархиялық үрдістері туралы очерк” (1911) деген еңбегінде “олигархияның темірдей заңын” шығарды. Оның ойынша, бұқара халықтың өзін-өзі ұйымдастыруға және басқаруға қабілеті жетпейді. Парламенттік демократия жағдайында кейбіреулер жұртшылықтың қолдауына ие болды. Сөйтіп кәсіби дайындалған адамдардан тұратын басқару аппараты пайда болады. Ол көпшіліктен біртіндеп алшақтайды, қоғамның қарапайым мүшелеріне өздерін қарсы қояды. Соның нәтижесінде билікті өз қолдарынан шығармай, сақтап қалуға тырысатын томаға-тұйық дөңгелек, шеңбер пайда болады. Мұнда ат төбеліндей байлар саяси және экономикалық билікке ие болады. Халықтың егемендігі, билігі дегеннің бәрі бос қиял. “Олигархияның темірдей заңы” осы дейді Р. Михельс.

Американың саясаттанушысы *Райт Миллс* (1916—1962) “Билеуші элита” атты еңбегінде АҚШ-тың XX ғ. ортасындағы элитасына талдау жасайды. Ол элитаны мәртебелер және стратегиялық рөлдер атқаратын топ деп анықтайды. Оның ойынша, қоғам үшін ең маңызды рөл атқаратын саяси, экономикалық және әскери институттар. Соған орай билік элитасын мемлекет, корпорациялар және әскери басшылар құрайды.

Франция саясаттанушысы Р.-Ж. Шварценбергер “Абсолюттік құқық” деген еңбегінде қазіргі элитаны жабық каста ретінде сипаттайды. Францияда ол саясаткерлерден, жоғары әкімшіліктерден және іскер адамдардан тұратын биліктің үшбұрышын құрайды. Олар үкіметті қалыптастырады, мемлекетті билейді, ірі корпорациялар мен банктерді басқарады.

Сонда қоғамда саяси элитаны тудыратын факторлар қандай? Оларға мыналар жатады: 1) қоғамға арнайы білімі, тәжірибесі, қабілеті бар кәсіби басқарушылар керек; 2) адамдардың психологиялық (туа біткен) және әлеуметтік (оқу, тәрбие барысында қолы жеткен) теңсіздіктері; 3) қоғамда басқарушы еңбек жоғары бағаланады және ынталандырылады; 4) бұқара халықтың саяси енжарлығы, селқостығы (күнделікті өмірде әркім саясаттан шалғай өз жұмысымен айналысады).

Саяси элита стратегиялық мақсатты айқындайды, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын белгілейді, өз жоспарларын жүзеге асырудың тетіктерін табады, қоғам алдына қойылған мақсаттардың жүзеге асуына бақылау жасайды.

Сонымен, саяси элита деп қазына-байлықты, қаржы-қаражатты бөлуге байланысты және т.б. саяси маңызды шешімдер қабыл-

дауға қатысты жоғары мәртебесі мен ықпалы бар ұйымдасқан топты айтады.

Қазіргі саясаттану ғылымында білімнің *элитология* деген арнайы саласы бар. Ол элиталардың қалыптасу жағдайын, оның қоғамдағы рөлін, әлеуметтік-саяси процестерге ықпал ету әдіс-тәсілдерін және т.б. зерттейді.

§ 2. Саяси элиталардың қалыптасуы мен жіктелуі

Саяси элиталарды қалыптастырудың, жоғары лауазымды қызметке іріктеп алудың 2 түрі бар: антрепренерлық және гильдия жүйесі. Антрепренерлық түрде басқарушы қызметке үміткердің ерекше қасиеттері, көпшілік жұртқа ұнай білу қабілеті басты орын алады. Мұнда кандидаттың байлығына, кәсібіне, біліміне, мамандығына, т.с.с. онша мән берілмейді. Ол ең алдымен өзінің тапқырлығын, жасампаздығын, белсенділігін көрсете білуі қажет. Мысалы, АҚШ-та актер болған Рональд Рейган да президенттікке сайланды. Элитаны қалыптастырудың бұл түрі өзінің ашықтығымен, демократиялығымен, үміткерге қойылатын шектеулердің аздығымен сипатталады. Сондықтан тұрақты демократиялық елдерде бұл түр кең тараған.

Саяси элиталарға сұрыптаудың мұндай түрінің кемшілігі – саясатқа сырттай жағымды көрінгенімен шын мәнінде кездейсоқ, принципсіз, ұрыншак, авантюрист адамдардың билік басына келуі. Ондай адамдардың іс-әрекетін болжап, пішіп болмайды. Сондықтан қоғам өмірінде дау-жанжалдар, саяси шиеленістердің мүмкіндігі көбейеді.

Гильдия жүйесінде үміткер билік сатысы бойынша баяу болса да анық көтеріліп отырады. Мұнда жоғары лауазымды қызметке үміткерге көптеген талаптар қойылады. Оған кандидаттық білімі, адамдар арасындағы жұмыс тәжірибесі, партиялық стажы және т.с.с. жатуы мүмкін. Талапкерлер белгілі бір таптың, топтың, тектің, партияның мүшелерінің арасынан шығуы керек. Сондықтан билік басына таңдаудың бұл түрі жабық болып саналады.

Гильдия жүйесі бәсекелестікке жол бермейді, билеушіні түйық қоғамдық топтан іріктеп алатын, кертартпа түр. Оның артықшылығы – саясаткердің болашақ іс-әрекетін алдын ала болжауға, соған орай шара қолдануға болады. Билеуші элитаның арасында дау-жанжалдың мүмкіндігін кемітеді. Осындай жүйенің бір

түріне бұрынғы социалистік елдерде кең тараған номенклатуралық элита жатады.

Қалай болғанда да қоғам саяси элитасыз, кәсіби маманданған басқарушыларсыз өз қызметін толық атқара алмайды. Орыс философы Н. А. Бердяев қоғамның даму деңгейі мен саяси элита санының арасында өзара байланыс барлығын ашып, “элита коэффициентін” шығарды. Ол жоғары зерделі, зияткерлік бөлігінің халықтың жалпы сауатты санымен салыстырғанда бір пайызын құраса, ол қоғам өмірін тоқырауға әкеледі. Ал элитаның коэффициенті 5 пайыздан асса, қоғам дамуының жоғары мүмкіндігі барлығын айғақтайды дейді ғалым.

Саяси элита әр түрлі келеді. Сондықтан ол жіктеледі, топтастырылады. Билікке иелігіне қарай басқарушы және оппозициялық элита деп бөледі. Басқарушы элита деп мемлекеттік билікке ие, маңызды саяси шешімдерді қабылдаушыларды айтады. Олардың қатарына ене алмай қалған, бірақ сол үшін күрес жүргізетіндер билік басындағылардың іс-әрекетін сынап, оқылықтарын тауып, қателіктерін көрсетеді. Оларды оппозициялық немесе контрэлита деп атайды.

Саяси элитаның жанару, қайта жасақталу тәсіліне сай ашық және жабық элита деп бөледі. Ашық элитада барлық әлеуметтік топ өкілдеріне есік ашық. Жабық элитада ол белгілі бір таптан, тектен шыққандармен ғана толықтырылады. Мысалы, гильдия жүйесі.

Индия саясаттанушысы П. Шаран билік ету қорына байланысты элитаны дәстүрлі және қазіргі деп бөледі. Дәстүрлі элитаға дін, салт, жол-жораға байланысты бөлінуді кіргізеді. Оған жоғары дін басыларын, ақсүйектерді, дамып келе жатқан елдердегі әскери басшыларды жатқызады. Қазіргі элитаға заңға, формалды ережелерге сүйенушілерді жатқызып, оларды өз кезегінде 4 топқа бөледі: 1) билік құрылымдарын басқаратын, маңызды шешімдер қабылдайтын жоғарғы элита; 2) мемлекет қызметкерлерінің жоғары жігін (министрліктер, ведомстволар, комитеттер басшылары) құрайтын әкімшілік элита; 3) белгілі бір табысы, кәсіби мәртебесі және білімі бар адамдар (жоғары қызметкерлер, менеджерлер, ғалымдар, зияткерлер); 4) жоғарыда көрсетілген үш көрсеткіштің (табысы, кәсіби мәртебесі, білімі) біреуі немесе екеуі жетіспейтін аралық (маргиналды) жағдайдағы адамдар.

Қоғамның толыққанды өркендеп, қарқынды дамуы үшін элитамен кереғарлыққа келіп, күреспей, қудаламай, шектеулер қойып, шеңберін тарылтпай, зиялы зерделі қауымның, дарынды

тұлғалардың өзін-өзі көрсетіп, халыққа, еліне қызмет етуіне жағдай жасап, сапасын арттыра түскен абзал.

Біздің Қазақстандағы элитаға келсек, еліміз егемендігін алғанымен билеуші топ онша өзгере қойған жоқ. Олардың көбі Кеңес Одағы кезінде номенклатуралық қызметтер атқарып, коммунистік партия ыдырағаннан кейін мемлекеттік институттарға (Президент, Үкімет әкімшілігіне) қызметке көшті. 1993 жылғы Конституция бойынша биліктің 3 тармағы тең делінді. Алайда шын мәнінде билік атқарушы органның қолына тиді. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы Президенттік билікті бекітіп, атқарушы биліктің мәртебесін арттыра түсті. Жекешелендіру кезінде халықтың еңбегімен жасалған мүлікке ие болды.

Қазақстан қазіргі элитасына кімдер жатады десек, оған Президент аппаратының құрамы (Президент, оның әкімшілігінің бастығы, орынбасарлары, бөлім басшылары, көмекшілері, кеңесшілері), Парламент, министрліктер басшылары мен орынбасарлары, дипломатиялық элита кіреді. Олардың арасында тиімді несиелер алып, бизнеспен айналысып, байығандар баршылық. Олар қаржы-қаражат, экономикалық қорлар, қажетті мағлұматтарға иелік етеді.

Аймақтық элитаға облыс әкімдері жатады.

Билеуші элитаға тарту, оларды жаңғырту мәселесіне келсек, жоғары басшыларға берілген немесе солардың балаларымен толығуда. Олар орындарынан босатылса, келесі лауазымды орынға отырады. Соның салдарында ол “сырттан келетін” адамдарға жабық элитаға айналды. Шынайы көппартиялық болмаған соң, саяси билікке олардың ықпалы шамалы. Сыбайлас жемқорлықтың саны көбеюде. Билік басындағылардың көбі өз күнін күйттеп, жалпы халықтың жағдайы төмендеп, жұмыссыздық белең алуға.

Мұндай жағдайды болдырмай, тығырықтан шығу, саяси элитаның саны мен сапасын көтеру үшін оларды ашық, жариялылық жағдайында, зерделі, білімді, білікті, еліне, халқына шынайы жаны ашып, қызмет ететін азаматтардан тандаған жөн.

§ 3. Саяси жетекшілік туралы ұғым

Саяси іс-әрекетті жүзеге асыруда саяси жетекшілердің, топ бастаушылардың (лидер), серкелердің орны ерекше. Оған халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді

жия білген адам жатады. Ол алға қойған мақсатқа жету үшін қаланын, аймақтың, мемлекеттің көлемінде адамдардың күш-жігерін біріктіріп, белсенді ықпал ете алады. Соңғы кезде бұл атаудың мағынасы кеңейе түсті. Өйткені саяси топ бастаушыға басқарушы қызметті ресми түрде атқармайтын, бірақ саяси өмірде беделді, аты шыққан адамдарды да жатқызып жүр.

Саяси жетекшіліктің, топ бастарлықтың (лидерліктің) табиғатын, сыр-сипатын ғалымдар ерте заманнан-ақ білгілері келген. Солардың ішінде ерекше көзге түсетін Н. Макиавеллидің “Патша” деген еңбегіндегі тиімді басшылық. Ол басшы мен бағынушының өзара қатынасына негізделген мынадай төрт ережеден тұрады: 1) басшының билігі оны жақтаушылардың қолдауына сүйенеді; 2) бағынушылар өз басшысынан нені күтеді және өз кезегінде басшы олардан нені күтуі мүмкін — соны білулері керек; 3) топ бастаушының қандай жағдай болмасын аман қаларлық қайрат-жігері, қабілеті болуға тиіс; 4) басқарушы өз жақтастарына даналық пен әділеттіліктің үлгісі болуы керек.

Кейін келе топ бастаушылықтың табиғаты әр түрлі түсіндірілді. Қазір саяси топ бастаушылар деп қоғамдық-саяси ұйымға, қозғалысқа, мемлекетке әрдайым және шешуші ықпал ететін тұлғаны айтады.

Саяси топ бастаушылар, әдетте, мынадай қызметтерді атқарады: қоғамның түбегейлі құндылықтары мен арман-ансарлары негізінде әр түрлі топтардың басын біріктіріп, мүдделерін үйлестіру, топтастыру; халықтың, топтардың қажеттіктерін өтейтін және қарыштап алға басуға мүмкіндік тудыратын саяси бағыт-бағдарлама жасау; қоғам алдындағы мақсаттарды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін айқындау; халықты ынталандыру арқылы қажетті өзгерістерді іске асыру; жұртшылықпен, әр түрлі ұйымдар, топтармен тығыз байланыс жасау негізінде өзін-өзі саяси ұйымдастырудың тұрақты түрлерін қамтамасыз ету; әділдіктің, заңдылықтың, тәртіптің кепілі болу.

Саяси көсем қандай кезде пайда болады? Халықтың немесе үлкен топтың өмірінде бір кездерде маңызды жағдайлар, оқиғалар кездеседі. Сонда көш бастайтын көсемге қажеттілік пайда болады. Сонымен қатар топ бастаушы өзін-өзі көрсете білуі үшін қоғамға белгілі бір саяси және азаматтық еркіндікте болуға тиіс. Оған пікір еркіндігі, көппартиялылық, парламент пен партиялардың ішінде жікшілдікке мүмкіндік беру, тағы басқалар жатады. Мұндай жағдайда әлеуметтік мүдделерді бейнелейтін адамдардың саяси ойының таласы, бәсекесі толассыз жүріп жатады. Ал тоталитарлық және авторитарлық жағдайда саяси көсемдер емес,

диктатура, номенклатура мен бюрократия жеңеді. Олар билік басына демократиялық жолмен, жетекшілікке жету заңдылықтары арқылы емес, қулық-сұмдық, зорлық-зомбылық әрекеттерді пайдаланып жетеді. Саяси топ бастаушы (көсем) болудың 2 жолы бар: 1) көпшілік халықтың мақсат-мүддесін кездейсоқ дөп басып, ойынан шығу; 2) ол мүдделерді мақсатты түрде талмай зерттеу нәтижесінде.

Саяси жетекшіге қарама-қарсы ұғым — саяси бастаушы, көсем-сымақ. Ол ұғым ХІХ ғасырда пайда болды. Оған популистік тұрғыда іс-әрекет етуші адамдар жатады. Оның негізгі ерекшеліктері: көпшіліктің тап қазіргі қарапайым талаптарын желеу етіп құптау; өз басының атын шығару үшін адамдардың үлкен тобының сыншылдық сезімге берілген (араздыққа, қастыққа, қорқынышқа, үрейге, өшпенділікке негізделген) жағдайын пайдалану; көпшілікке жалпақтап, жағымпаздану, тобыр тіліндегі сөздерді, тіркестерді қолдану; асыра сілтеп уәде беру; халықтың сауаты аз бөлігіне шағыну және т. б. Биліктен айырылып қалмау үшін ол тобырдың талабын қанағаттандыруға тырысады. Ол қоғамдық пікірдің алдына шықпай, ығында жүреді.

Саяси бастаушы көбіне бүлдірушілік идеяларды пайдаланып өзінің атын шығарады, мансап құрады. Өйткені көпшілік, әлетте, жасампаздықтан гөрі қиратып, бүлдіру идеяларын онай және жылдам қабылдайды.

Өмір дәлелдегендей, кейбір саяси бастаушылардың тағдыры кездейсоқ туады. Олар өз басының іскерлігі, абыройының арқасында емес, белгілі бір тарихи уақытта белгілі бір желіге (струя) кез келіп қалудан.

Бұрынғы Кеңес Одағының күйреуі, егемендік алған республикалардағы өмірдің демократиялануы саяси жетекшілерге сұранысты көбейтті. Оның үстіне бұрын орнаған байланыстардың үзілуі, нағыз нарықтық реттеу тетіктерін жете білместік және т. б. себептер өндірістің құлдырауына, халықтың әл-ауқатының нашарлауына әкеліп соқтырды. Мұның бәрі жұртшылықтың наразылығын тудырды. Соның нәтижесінде саяси және әлеуметтік жағынан пісіп жетілмеген көсемсымақтар пайда болады. Бұл шыннайы өмірді және қолда бар тәжірибені зер салып зерттеуді, саралауды талап етеді.

ТМД елдеріндегі ереуілдер көрсеткендей, саяси бастаушы болу онай да, сенімсіз де. Себебі “сүйікті” деп тауып, қолпаштап көтерген жұрт егер айтқанын істеп, дегеніне жүрмесе немесе өзіндік бөлек іс-әрекет жасаса, сырт айналуы оп-онай.

Саяси көсемді саяси бастаушыдан (көсемсымақтан) қалай айыруға болады? Ол қиын емес. Оның негізгі ерекшелігі — саяси көсемнің жұмысында әрдайым жаңа идеялар ұсынып отыру қабілетінде.

XIX ғасыр аяғында-ақ саясаткерлердің арасында бұл туралы пікірлер айтылған. Егер халық көсемнің идеяларын толығымен түсініп, қабылдаса, онда оның керегі не? Мұндай жағдайда ол не халық арасында сініп кетуі керек немесе жаңа идеялар ұсынып және оның жүзеге асу тетіктерін көрсетіп, өзінің алдыңғы қатарлы рөлін әрқашан дәлелдеп отыруы керек. Яғни, саяси көсем халықтың мақсат-мүддесін жай ғана біліп, жинап, құптап қана қоймай, оларды жаңаша ұғынып, дамытып, дәлелдеп, түзетіп отыруы керек.

Саясаткердің жаңашыл дүние тануы оның бағдарламасында, саяси сенімінде білінеді. Барлық даңқты саяси көсемдердің тарихта қалуына олардың саяси бағдарламаларының пайдалы, жемісті, өзіндік ерекшеліктері себепші болды.

Саяси тұғырнаманың жаңашыл, бәсекелестікте тойтарыс бере аларлықтай “күшті” болуы үшін мынандай талаптарға жауап беруі керек. Ең алдымен, әр түрлі әлеуметтік топтар мен қоғамдық бірлестіктердің басын қосып, олардың қолдауын қамтамасыз ететін, бірден көзге түсерлік басты мақсаты болғаны шарт. Екіншіден, қойған мақсатқа жетудің терең талданған тетігі, нақтылы жолдары көрсетілуі тиіс. Үшіншіден, егер бағдарламада көрсетілген мақсаттар орындалған жағдайда ол әрбір сайлаушыға, отбасына, ұжымға қандай экономикалық, әлеуметтік, рухани игіліктер әкелетіні түсіндірілгені жөн.

§ 4. Саяси жетекшіліктің жіктелуі және топ бастаушылардың жеке қасиеттері

Саяси жетекшілікті ғалымдар жіктегенде мынандай принциптерді негізге алып жүр:

- 1) тарихи принцип. Мұнда жетекшінің тұрпатын (типін) дәуірмен байланыстырады, ол өмір сүрген әлеуметтік ортаның жемісі ретінде қаралады;
- 2) ықпал ету көлеміне қарай жалпыұлттық, аймақтық, қалалық, аудандық саяси жетекші болып бөлінеді;
- 3) таптық принцип. Бұған жұмысшылар, шаруалар, буржуазияның, әлеуметтік топтың жетекшілері жатады;

4) қазіргі әлеуметтік құрылысқа қатынасы жағынан оны жақтайтын, оған қарсы шығатындар болып бөлінеді;

5) қабілеттілігі жағынан өзінің жеке басының қасиеттері, дарындылығының арқасында немесе жағдайға қарай көтерілген жетекші дейді;

6) бастамашы, рух беруші жетекші немесе басталған істі орындаушы ретінде де топтастырады.

Саяси топ бастаушыларды топтастыруға алғаш қадам жасаған немістің әлеуметтанушысы — *М. Вебер*. Ол саяси серкелерді “бедел” ұғымына негіздеп былай жіктеді: 1) билік өкеден балаға мирас ретінде қалатын әдет-ғұрып жетекшілігі; 2) ерекше қадір-қасиеті, қабілетіне (ақылдылығына, батырлығына т. т.) байланысты билік басына келген харизматикалық топ бастар; 3) Конституция негізінде сайлау арқылы басшылық орынға келген саяси серкелер.

Қазіргі кезде саяси жетекшілерді жіктеудің кең тараған түрін американдық профессор Дж. Херманн ұсынды. Ол саяси топ бастаушыларды бейнесі (имиджі) бойынша былай жіктейді:

1) *ту көтерер саяси жетекші*. Оның өмірге өз көзқарасы, болашаққа болжамы бар және оған жету жолдарын да біледі. Ол өмірде болып жатқан оқиғалардың сипатын жақсы түсінеді, оны өзгертудің жолын, қарқынын айқындайды. Мысалы, Үндістанда ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы болған Махатма Ганди, негрлердің азаматтық құқығы үшін күрескен Мартин Лютер Кинг, Иран халқының көсемі Аятолла Хомейни;

2) *қызмет етуші топ бастар*. Ол өзінің жолын қуушылардың мүддесін дәлме-дәл білдіре білудің арқасында құрметке бөленеді. Мысалы, Л. И. Брежнев, К. У. Черненко, Д. А. Қонаевтар Коммунистік партияның сондай өкілдері болатын;

3) *саудагер топ бастар*. Оның ерекшелігі — алдына қойған жоспарды іске асыруға соңына ергендердің бәрін жұмылдырып, сендіре білу қабілетінде. Мысалы, Американың 40-президенті Р. Рейган, Ресей президенті Б. Н. Ельцин.

4) *өрт сөндіруші топ бастар*. Ол уақыттың талабына сай өз жақтастарының жинақтап қойған сауалына, қысылтаян жағдайларда шапшаң шешім тауып, жол көрсете алады. Мысалы, Д. Буш, Б. Клинтон, Я. Арафат.

Әрине, өмірде бұл көрсетілген төрт түрі теориядағыдай таза калпында емес, көбіне аралас күйде кездеседі.

Қызметті атқару тәсіліне қарай авторитарлық және демократиялық жетекші деп бөлінеді. *Авторитарлық* жетекші өз жұмы-

сында күш қолдануға сүйеніп, жалғыз өзі басқарғысы келеді. *Демократиялық жетекші* болса, алдағы мақсатты белгілегенде және оны іске асырғанда қасындағы адамдарды қатынастырып, олармен ақылдаса отырып шешеді.

Түріне қарай “формальды”, “формальсыз” деп бөліп жүр. *Формальды жетекші* белгіленген ережелер арқылы басшылық орынға тағайындалады. *Формальсыз жетекшіні* қатысушылар өздері таңдайды. Ондай серкелер, әдетте, кішкентай топтарға тән келеді. Ал ұйымдасқан үлкен топтарда, әлбетте, формальды басшылар болады. Мысалы, әскербасшылары, кәсіподақ, корпорация басшылары және т. б. Саяси қауымдастықтың жоғарғы құрылымы — үкімет болып есептеледі.

Саяси серкенің жұмысы мынандай кезеңдерден тұратын үш қызметті атқарады:

1) “диагностикалық” міндет: саяси серкелер қалыптасайын деп келе жатқан жағдайды зерттеу арқылы оған баға береді; яғни “диагноз” қояды;

2) саясатты белгілеу: жетекші өз табының, жақтастарының мақсатына сай шешілетіндей саясатты тауып, соны орындауға тапсырма береді;

3) іске тарту: жетекші өзінің белгілеген саясатын іске асыруға тырысады. Ол үшін өзінің тобы, жақтастары оның іс-әрекет жоспарын қолдауы керек. Соның арқасында оны жүзеге асыруға жұмылдырылады.

Қоғам болған соң, оның өзіне тән қиыншылықтары, қайшылықтары болмай қоймайды. Оларды мемлекет байқап, дер кезінде шара қолданып, өрістетпеуге тырысады. Бірақ бүкіл мәселе онай шешіле бермейді. Кейде мәселенің түйіні шешілмей дертке айнала бастайды. Мұны көрген саяси серкелер бірінші байқап, мәселені көтереді. Олар жағдайды өзгертудің жолын көрсетеді. Егер олардың ұсынған жолы көпшілік жұрттың көңілінен шығып, қолдау тапса, қоғамдық қозғалыс пайда болуы мүмкін. Оны басқаратын серкелердің шығуы өзінен-өзі түсінікті. Мұндай қозғалыстардың өрісі ауқымды болып, түбегейлі жетістіктерге жетсе, қоғамның саяси мәдениетінде айтарлықтай өзгерістер де болуы ықтимал.

Әлеуметтік жүйенің қандай субъектісі болмасын — жеке тұлға, адамдар тобы, партия, тап, халық майданы немесе тағы басқа ұйымдар сияқты қоғамдық құрамалар — жетекші бола алады. Жетекшіліктің күші өз жақтастарының түпкілікті мақсат мүддесін іске асыра білуінде.

Саяси серке адамдардың көңіл-күйін, ой-арманын, үмітін, ұмтылысын, зәрулігін қай сәтте болмасын мүлтіксіз сезініп отыруы керек. Ол басқаларға жақын жолдасындай қарап, халықтың мұқтаждығын қанағаттандыратарлықтай қамқоршыл болса, қалың жұрт оны шексіз сенімге бөлейді.

Нағыз саяси серке шиеленіс, кикілжіндерді дер кезінде түсіне біліп, өрістетпей, уақытында жоя білуімен сипатталады. Одан да жақсысы саяси дау-жанжалдардың алдын ала білгені жөн. Саяси тәжірибеде дау-дамайға қатысушылардың өзін-өзі ұстауының бірқатар дәстүрлі түрлері бар. Оған шегіну, бәсекелесті таптап, басып тастау, ымыраға келу жатады.

Нағыз серке осының бәрін есепке алады. Ол шиеленісті шешудің ең қолайлы тәсілі — оған қатысушылардың қай жағы болмасын ұтыста болатындай жағдайды іздестіру керектігіне олардың көздерін жеткізе білуде. Ол үшін жетекші саяси кикілжінге қатысушылардың назарын тек өзінің ғана емес, сонымен қатар басқаның да пайдасын ойлайтындай жағдай тудырады. Тіпті, қиын жағдай болса ол, тым болмаса, саяси тепе-теңдікті сақтауға тырысады.

Қоғамдық процесті басқаруға қатысушылардың бәрі бір-біріне барынша қатал, сын көзбен қарайды. Бірақ одан орынсыз күдік, шүбәлану немесе қызғаншақтық тумауы тиіс. Әлемдік тәжірибеде саясаттың қайсыбір субъектісі болмасын қоғамдық-саяси қажеттілігі, пайдалылығы бар деген ұғым бар. Әрбір субъект, қандай ресми тұлға не топ болсын, егер оның іс-әрекеті заңға сәйкес келмегендігі немесе қоғамға зиян келтіретіндей құзыретсіздігі дәлелденбесе, саяси қызметке еркін араласа алады.

Серкенің рөлі әсіресе өзгерісті дәуір, өтпелі кезеңде зор болады. Мұндай жағдайда оған нақтылы мақсаттарды дұрыс түсініп, жылдам шешім қабылдауға тура келеді. Сонысымен көзге түседі.

Саяси серкеге қандай қызметтер лайықты? Олардың ішінде негізгілері мыналар: белгілі бір топтың көзқарастарын ескеру, білдіру және қорғау; қоғамның мүддесін өзінен жоғары қою; іс-әрекеттерді ұйымдастыра білу; білімділік; көрегендік; шешендік; саяси мәдениеттілігі, әдептілік, өзіл-оспақты түсіне білуі; өзіне назар аудара білушілік және т. б.

Сонымен қатар әр түрлі дәуір, әлеуметтік топтар мен таптар әр түрлі қасиеттері бар жетекшілерді қалайды. Айталық, футбол командасының капитанына бір қасиеттер жарасса, ғылыми ұжым-

ды басқаруға олар ыңғайсыз болуы мүмкін, ал саяси ұйымдарға жетекшілік етуге үшінші қасиеттер қажет болады.

Саяси қайраткерлердің мәртебесі (статус) бірдей болғанмен, олар өз рөлін әр түрлі түсінуі мүмкін. Біреулері шын мәніндегі саяси серке болса, біразы соларға ұқсамаз болады.

Ұқсамаздар өзінен артық, ақылдырақ біреудің рөлін ойнайды. Ондай саяси қайраткерлер ең алдымен қалай да жұртқа ұнау, соның арқасында өзіне пайдалы саяси бейне (имидж) жасау үшін қам жейді. Ол халық арасында кең тараған ой-пікірлерді жылдам қағып алады, оның ойынан сөзі жүйрік келеді. Мұндай адамды көбіне *популист* деп атайды. Ол күрделі мәселелерді сырттай қарағанда тартымды ұрандармен түсіндіруге тырысады. Әдетте, өз бағдарламасына тоқталмай, қарсы жақты, саяси бәсекелесін аяусыз сынайды. Сайлау алдында орындалу, орындалмауына қарамай уәде бергіш келеді.

Саяси серкелікті сөз еткенде *қоғамның қозғаушы күшіне* тоқталмауға болмайды. Көптеген шетелдердің ғалымдары ондай күшке ұлы тұлғаларды жатқызады. Мысалы, Американың фәлсафашысы Дж. Дьюи: “Қоғам өзінің дамуында ұлы көсемдерден серпін, қозғаушы күш алып, бір сатыдан екінші сатыға көтеріледі. Сондықтан ол кездейсоқ себептерге байланысты дамиды” деп пайымдайды. Сол елдің фәлсафашысы Синди Хук “Тарихтағы батыр” деген еңбегінде тарих ұлы адамдардың еңбегінің нәтижесінде дамиды және оған тек серкелер ғана әсер ете алады деп есептейді. Фрейд батырға табыну жастық шақтан қалыптасады деген болатын. Хук соның сөзін қайталап, бала ең алдымен ата-анасынан, одан соң мұғалім немесе қойған сұрақтарына жауап беретін басқа адамнан тәуелді келеді. Сондықтан тобыр өзін бастайтын көсемді іздейді. Ол отбасында әке қандай рөл атқарса, қоғамда серке сондай рөл атқарады деп тұжырымдайды.

Шетелдерде бұған жақын “элиталар” теориясы бар. Ол жөнінде біз бұрынырақ сөз еткеніміз.

Марксистер тарихтың қозғаушы күші халық дейді. Шын мәнінде, ұлы тұлғалар белгілі жағдайда шешуші рөл атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар ол объективтік жағдайды өз бетімен қалай болса солай өзгерте алмайды.

Ұлы тұлғаларды шексіз дәріптеу жеке басқа табынуға әкеліп соқтырады. Ол азаматтардың демократиялық құқықтары тапталған елдерде дамиды. Тарих көрсеткендей, қандай басшы болмасын оның ақыл-ойы миллиондаған адамдардың тәжірибесіне жетпейді.

Жеке баска табыну көбіне бірпартиялық әкімшілік кезінде бірқатар социалистік елдерде етек алды. Мысалы, оларға жататындар: Сталин, Мао-Цзе-Дун, Ким-Ир-Сен, Броз Тито, Энвер Ходжа және т. б. Жеке баска табынушылық тумауы үшін демократияны барынша дамыту, адамзаттық, құқықтық мемлекетті орнату қажет.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Саяси элита дегеніміз не? Ол не үшін керек?
2. Қоғам дамуындағы саяси элитаның рөлі неде?
3. Саяси элиталар жөнінде қандай теориялар бар, олардың ерекшеліктері қандай?
4. Қоғамның түбегейлі өзгеру жағдайында саяси элитаның қызметінде тиімді бағыттарға нелерді жатқызасыз?
5. Қазіргі Қазақстан элитасына кімдерді жатқызар едіңіз?
6. Топ бастаушы (лидер) болу үшін қандай қасиеттер керек? Неге байланысты олардың рөлі арта түседі?
7. Саяси лидердің қызметтері қандай?
8. Лидердің басқарушыдан айырмасы неде?
9. Қазақстанға қандай лидер керек деп ойлайсыз?

9 - т а р а у. АДАМ ЖӘНЕ САЯСАТ. САЯСАТ СУБЪЕКТІЛЕРІ

§ 1. Тұлға — саясаттың субъектісі мен объектісі

Саясаттың субъектісіне әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер, саяси партиялар, қозғалыстар жатады. Олар жөнінде кейінгі тақырыптарда сөз болады. Қазір саясаттың алғашқы, бірінші субъектісі мен объектісі — адамға тоқталайық.

Мәселе түсінікті болу үшін әңгімені “тұлға”, “субъект”, “объект” деген терминдернен білдіреді, содан бастайық.

Тұлға деп қоғамдық өмірдің нақтылы тарихи жағдайлары қалыптастырған, саналы іс-әрекет ете алатын, өз жүріс-тұрысына жауап беретін, еңбек етіп, қарым-қатынас жасаушы, айналадағыны танып-білуші жеке адамды айтады.

Субъект (латынның негізінде жату деген сөзінен) деп белсенді іс-әрекет жасаушы, сана мен жігері бар жеке адам немесе әлеуметтік топты айтады.

Объект (латынның қарсы қою деген сөзінен) деп субъектінің танымдық және басқа іс-әрекеті неге бағытталса, соны айтады.

Басқа сөзбен айтқанда, объект — зерттелетін зат. Сонда саясаттанудың объектісіне саясат, саясат әлемі жатады.

Саясаттың субъектісі дегенде өз мүдделеріне байланысты саяси өмірге белсене араласып, басқалардың санасына, іс-әрекетіне, жағдайына ықпал ететін, саяси қатынастарға белгілі өзгерістер енгізетін, саясатты жасайтын адам, ұйым не әлеуметтік топты айтады. Саясат субъектісінің құрамы, іс-әрекеттерінің түрлері мен тәсілдері, көздеген мақсат-мүдделері және т. б. қоғамның нақты, тарихи жағдайымен айқындалады.

Кәдімгі, қарапайым, демократиялық жолмен дамыған елде саясат адам үшін және адам арқылы жасалады. Себебі, әлеуметтік топтар, қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар қаншалықты маңызды орын алғанымен солардың бәрі адамдардан, олардың іс-әрекетінен тұрады. Олай болса, саясаттың бас субъектісі адам дейтініміз содан.

Адамдарды саяси жұмысқа итермелейтін негізгі себеп — мұқтаждық пен мүдде. Мұқтаждыққа өмірде керек, бірақ қолда жоқ зәрулік жатады. Ол табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Табиғи зәрулікке тамақ ішу, киім кию, баспана және т. с. с. мұқтаждықтар жатады. Әлеуметтік мұқтаждық қоғамда пайда болады. Оған еңбек ету, басқа адамдармен қатынаста болу, қоғамдық өмірге араласу және т. б. қажеттіліктер кіреді. Мұқтаждықты адам сезініп, оны өтеуге тырысса, ол — мүддеге айналады.

Қандай адам болмасын белгілі бір әлеуметтік топқа, тапқа, ұлтқа, мемлекетке жатады. Осының өзі де өмір жағдайы мен жүріс-тұрысына, саясатқа араласуына әсер етпей қоймайды. Таптың, топтың және т. б. өкілі ретінде жеке адам саясатқа жанама түрде тартылады. Сонымен қатар ол басқаларға қарап еліктеп, белгілі амал, әрекет жасайды, оны өзінше дәлелдейді. Сөйтіп, ол саясатқа тікелей қатысады, саясаттың субъектісіне айналады.

Тұлғаның қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуының жан-жақты маңызы бар. Мұндай қатынас арқылы адамның барлық қабілетін дамытуға мүмкіндік жасалады. Азаматтық қоғам мен саяси институттардың арасында тығыз байланыс орнайды. Қоғам мүшелері мемлекет істерін басқару арқылы өз мүдделерін қанағаттандыруға, мемлекет құрылымдарының қызметіне бақылау жасауға, олардың бюрократияланып, шектен шыкпауына әсер етеді.

Саясатпен кәсіби айналыспайтын “орташа” адам саясаттың толық субъектісі болуы үшін ол әлеуметтік мұқтаждықтар мен

мүддені, ондағы қайшылықтардың неден туғанын және оларды жою жолдарын өз басының пайдасы әлеуметтік мүдденің мүмкіншілігімен каншалықты сәйкес келетінін білуі керек. Сонымен қатар ол саяси “ойындардың” ережелері мен тетіктерінен хабары болуы керек. Бұл “ойында” оның қандай орында болғысы келеді және оған қандай мүмкіншілігі бар, қандай мақсат қойып, оны қандай әдіспен жүзеге асыруға болатынын білуі тиіс.

Жеке адамдардың саяси белсенділігі мен ететін ықпалы әр түрлі. Саясатқа қатысу шамасына қарай оларды мынадай түрлерге бөлуге болады: а) саясатқа айтарлықтай әсер етпейтін, оған селқос қарап, белсенділік білдірмейтін қоғамның қатардағы қарапайым мүшесі; ә) қоғамдық ұйымға, қозғалысқа кіретін, бірақ саяси жұмысқа тура араласпайтын (шешімдер қабылдамайтын) азамат; б) саяси ұйымдардың (партияның және т. б.) мүшесі болып есептелетін, саяси өмірге саналы түрде, өз еркімен тікелей араласатын адам; в) қоғамдық, әсіресе саяси қайраткер; г) саяси қызметтің арқасында күн көріп, табыс тауып, оны өмірінің мақсатына айналдырған кәсіби саясатшы; д) ұйымдастырушы, идеялық, ресми не бейресми, абырой, бедел, ең “соңғы саты” болып саналатын саяси басшы, көсем.

Жеке адамның саяси белсенділікке қатысу мүмкіндігі молайып, биіктеген сайын, оның қоғамдағы орны да жоғары болады. Адамның әлеуметтік және саяси мәртебесі оның саяси субъектілігінің негізгі өлшемі болып саналатын азаматтық-құқықтық заңда айқындалады.

Адамның саяси өмірге қатысуға мүмкіндік беретін құқығы конституциялық сипаттағы қарапайым демократиялық еркіндікке (бірлестіктер құруға, дінге кіруге, өз көзқарастарын ашық айтуға, жиналыстар мен демонстрациялар сияқты жұрт алдында манифестация жасауға, сайлауға және сайлануға т. с. с. құқылыққа) тікелей байланысты. Мұнда мемлекет мекемелерінің, сот ұйымдарының және т. б. қызметін тексеруге жанама кепілдік беретін құқық та жатады. Бұл құқықтардың сырт (формальдық) кепілі — заңдар мен сот практикасы. Ал негізгі материалды кепіліне құқықтық тәртіпті бұрмалауға жол бермейтін саяси және қоғамдық ұйымдардың қызметі жатады. Сонымен бірге мұнда, бірінші жағынан, әлеуметтік топтар мен азаматтардың арасындағы тұрақты өзара байланысы және екінші жағынан, олардың жоғарыда көрсетілген ұйымдармен байланысы кіреді.

Тұлғаның саяси өмірге белсенді араласуы үшін материалдық, әлеуметтік-мәдени, саяси-құқықтық алғышарттар қажет. Ең алдымен, адамның ішер тамағы, киер киімі, жатар орны, тұрмыс жағдайы, белгілі бір дәрежеде білімі, кәсіби дайындығы, саяси мәдениеті болуы керек. Шетелдің зерттеушілерінің анықтағанындай, қоғам бай болған сайын, ол демократиялық дамуға бейім келеді екен. Мемлекеттің жақсы тұрмысы оны демократиялық негізде тиімді басқаруға керекті көпшілікке жоғары білім, кәсіби дайындықты қамтамасыз етеді. Білімді адамның мәдениеті де жоғары болады. Ленин айтпақшы, сауатсыз адам саясаттан тыс қалады, ол саяси амал-айла, қулықтың құрбаны болады. Бұлармен қатар саясатқа белсенді қатысуға саяси-құқықтық алғышарттар да әсер етеді. Оған қоғамдағы демократиялық саяси тәртіп, жоғары саяси мәдениет, билік құрылымдарының қалыптасуында, саяси басқару шешімдерін қабылдап, іске асыруда қоғам мүшелерінің қатысуы және т. б. жатады. Егер жоғарыда көрсетілгендей алғышарттар болмаса, тұлғаның қоғамдық саяси өмірге белсене қатынасып, оның нағыз субъектісіне айнала қоюы қиынға түседі. Сондықтан шын демократиялық мемлекет өз мүшелерінің жалпы мәдениетін, оның ішінде саяси сауатын көтеруге тырысады.

§ 2. Жеке адамның құқығы мен бостандықтары

Саяси ғылымда негізгі орын алатын және мәні өте зор мәселелердің бірі — жеке адамның құқығы мен бостандықтары. *Жеке адамның құқығы* деп кісіге белгілі игілік алуды қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастарын айтады. *Жеке адамның бостандығына* кісіге өз білгенінше істеуге мүмкіндік беретін, мемлекет пен адамдардың арақатынасының принциптері жатады.

Бұл мәселеге адамдар өте ертеде-ақ назар аударған болатын. Ежелгі грек фәлсафашылары (философтары) барлық адам дүниеге келгенде тең болып туады. Сондықтан олардың бәрінің де тең табиғи құқығы бар деген ойды өрістетті. Аристотель болса саяси құқықты табиғи және шартты құқық етіп екіге бөлді. Ол табиғи құқықты мемлекет орнатқан құқықтан жоғары қойды. Табиғи құқық шартты құқыққа үлгі болуға тиіс деп санады. Себебі, шартты құқық жиірек өзгеріп отырады және олар өкімет жұмысы мен адамдар арасындағы келісімнің нәтижесінде пайда болады.

Бірақ феодализм дәуірінде адам құқығы жөнінде мүлдем басқаша ұғым пайда болады. Адам туғанынан тең деп үйрететін табиғи құқық жоққа шығарылды. Ал құқықтың өзін хан, патшалардың қол астындағы адамдарға жасап отырған рақымы деп түсіндірілді. Әр сословиенің өзіне тән құқығы болды.

Біздің қазіргі ұғымымыздағыдай адам құқығы капитализм дәуірінде дүниеге келген либерализммен тығыз байланысты. Либералдар монархияның билігін парламент арқылы шектеп, сайлау құқығын кеңейтуді және саяси бостандықты өрістетуді талап еткен болатын.

Жеке адам құқығы мәселесіне аса зор үлес қосып, тарихта өшпес аттарын қалдырған ойшылдарға Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж. Ж. Руссо, И. Кант, Т. Джефферсон, Т. Пейн және т. б. жатады. Олар адам құқығының негізгі қағидаларын ең алғаш анықтап, белгілеп берді. Олардың ішіндегі ең құндылары Америка Құрама Штаттарының Тәуелсіздік Декларациясына енді (ол 1776 жылдың 4 шілдесінде бекітілді). Декларацияның негізгі баптарына барлық адамдардың өмір сүруге, еркіндікке, жеке меншікке, бақытқа және қауіпсіздікке туғанынан тең құқығы бар; өкімет билігінің қайнар көзі — халық, үкімет — халықтың қызметшісі; барлық мемлекеттік өкімет халықтың мүддесіне жұмыс істеуге тиіс, ал егер олар бұл сенімді ақтамаса, халықтың ондай ұнамсыз, лайықсыз үкіметті жоюға еркі бар; өкіметтің заң шығарушы, атқарушы, сот билігі болып бөлінуі керектігі және т. с. с. жатады. Бұл қағидалар одан әрі АҚШ-тың Конституциясы мен құқықтар туралы Билінде дамытылды. (Билль деп ағылшын парламентінде немесе Американың конгресінде қаралуға ұсынылған заң жобасын айтады.) Мысалы, Билльде жоғарыда айтылған баптармен қатар қандай адам болмасын шынайы, ашық, әділ сотқа құқығы бар деп көрсетілген. Ол жеке адамның еркіндігіне өкімет тарапынан қандай болмасын озбырлық байқалатын болса, одан қорғай алады. Құқық туралы Билльде үкімет өз жұмысын халық алдында ашық жүргізуі керектігі талап етілген. Жұрт үкіметтің не істеп жатқанын әрдайым біліп тұруы керек және оны дер кезінде сынға алып тұруға тиіс.

АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясында көрсетілгендей, негізгі баптар конституциялық түрде 1789 жылы Францияның адам және азаматтар құқығының Декларациясында да бекітілді. Олармен салыстырғанда қазіргі кездегі жеке адамның құқығы туралы ұғым анағұрлым ауқымды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс, одан кейін екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Еуропадағы демократияның әлсіздігін байқатты. Сондықтан алдыңғы қатарлы күштер адам құқықтарын әлемдік деңгейде қорғау үшін өзара келісіп, ынтымақтасып іс-қимыл жасау керектігін түсінеді. 1942 жылы 1 қаңтарда гитлершілдікке қарсы коалицияға кірген 26 мемлекет нацизмге қарсы адам өмірі, бостандығы, тәуелсіздігі, оның құқықтары мен әділеттілік үшін күресуге Декларация қабылдады.

Екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен кейін бұл мәселеге ерекше зор мән берілді. Оған себеп болғандар: 1) соғыс кезінде гитлерлік Германия мен Еуропаның басқа елдерінде адам құқықтарының сақталмауы ондаған миллион әр түрлі халықтардың өкілдерінің өмірлерін алып кетті; 2) Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде демократиялық және жұмысшы қозғалыстарының өріс алып, қысым көрсетуі және соның нәтижесінде қабылданған демократиялық реформалар; 3) бұрынғы отар елдерде ұлт-азаттық көтерілістің күшеюі және олардың біразының тәуелсіздік алуы.

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының халықаралық Декларациясын қабылдады. Онда адам құқықтары аталып қана қойған жоқ, оларды қорғау шаралары да қарастырылған. Бұл Декларация және басқа адам құқықтары жөніндегі келісімдер міндетті түрдегі заңдық құжаттарға жатпайды. Дегенмен, оларды мойындап, қол қойған елдер онда көрсетілген тәртіптерді сақтаулары тиіс.

Халықаралық ұйымдар одан кейін де бірқатар маңызды құжаттар қабылдады. Мысалы, оларға 1948 жылы геноцидтің алдын алу және ол үшін жаза қолдану туралы Конвенция, 1965 жылы нәсілдік алалаушылықтың барлық түрін болдырмау туралы Конвенция, Бала құқықтары туралы Конвенция, Әйелдер жағдайы туралы Конвенция және т. б. жатады. Бұл құқықтарды сақтамаған мемлекеттерге ықпал жасау шаралары да қарастырылған. БҰҰ шешімі бойынша 10 желтоқсан жыл сайын дүние жүзінде адам құқығының күні ретінде атап өтіледі.

Қазіргі саяси ғылымда адам құқығына байланысты әр түрлі көзқарастар бар. Оларға табиғи-тарихи, заңдық-позитивтік және марксистік түсініктер жатады.

Табиғи-тарихи бағытта жақтаушылардың ойынша, адамның табиғи құқықтарының пайда болуы мемлекетке не заңға байланысты емес. Бұл құқықтарға адам дүниеге келгеннен-ақ, жаратылысынан не болып туады, олар адамға туғанынан тән. Мемлекет

бұл құқықтарды сыйлап, қамтамасыз етуі немесе оларды бұзуы, басып-жаншуы мүмкін, бірақ оларды ешқашан еш адамнан тартып ала алмайды. Олар адамның табиғи, ажырамас құқығы болып табылады және әділеттіліктің табиғи, жалпыға бірдей және өзгермейтін заңдары деп есептеледі.

Заңдылық-позитивтік бағытты қолдаушылар, керісінше, азаматтардың құқығынын пайда болар, шығар жері, көзі мемлекетте деп санайды. Жеке адамның құқығына тек қана мемлекет кепіл келтіріп, шарт бола алады. Олардың ойынша, құқық пен заңның арасында айтарлықтай айырма жоқ. Жеке адамның құқығы құқықтың басқа жүйелерінен бөлек ерекшеленбейді және ол мемлекеттік құқықтың үстінен карап, жоғары тұра алмайды. Азаматтардың құқықтарының өзі мемлекеттің мақсат-мүддесіне және мүмкіншілігіне сәйкес өзгеріп отырады.

Марксизм де адам құқығын мемлекеттік құқыққа бағындырып, тәуелді етеді. Бірақ заңдық-позитивтік бағытпен салыстырғанда, ол құқықтың әлеуметтік-экономикалық, әсіресе таптық мәні бар деп сипаттайды. Ол құқықты үстем таптың заңға айналдырған еркі, қалауы деп үйретеді. Марксизм коммунистік қоғамда мемлекет те, саясат та, құқық та болмайды деп уағыздайды. Соған орай ол жеке адамның құқығына жөнді мән де берген жоқ. Бұдан марксизм жеке адамның еркі мен құқығы жөнінде ештеме демеді деуге болмайды. Олар туралы бұрынғы Кеңес Одағының заңдарында бірталай баптар болды. Себебі, дүние жүзінің халықтарының алдында өзін-өзі өшкерелегісі келмеді, демократиялық мемлекет болып көрінгісі келді. Адамдарға берілген бостандық пен құқықты партия мен үкіметтің өз азаматтарына жасап отырған игілігі ретінде көрсетті. Бірақ тоталитарлық тәртіп кезінде оның бәрі сөз жүзінде ғана қалып отырды. Шын мәнінде, өмірінің барлық салалары, әсіресе бостандықты сүйіп, ол туралы ойын ашық айтуға тырысқан (Сахаров сияқты) азаматтардың жеке өмірі, тыныс-тіршілігі қатаң тоталитарлық бақылаудың астында болды, жеке адамның құқығы мемлекетке түгелдей тәуелді еді.

Қазіргі кезде әлемдік саяси ғылымда адам құқығына табиғи-тарихи тұрғыдан карап, соған орай түсіну басым. Жалпы алғанда, “адам құқығы” деген ұғымның өзі кең және тар мағынада қолданылады. Оның кең мағынасына жеке адамның құқығы мен бостандықтарының өте бай барлық түрдегі жиынтығы кіреді. Тар мағынасында мемлекет тарапынан берілмеген, ол тек конституциялық-құқықтық түрде жеке мемлекеттік шеңберде бекітілген

күқықты білдіреді. Оған ең алдымен өмірге келген қандай адам болмасын өмір сүруге күқығы барлығы жатады. Одан басқа адам күқығына кіретін жайлар мыналар: барлық адамдардың заң алдындағы теңдігі; тәннің дербес күқығы (төнге зәбір келтіруге болмайды); адамзаттық ар-намысты сыйлау, оны қорламау; негізсіз, заңсыз тұтқындамау немесе ұстамау; дінге сену және ұждан бостандығы; ата-аналардың балаларын тәрбиелеуі; қанаушыларға қарсылық көрсету күқығы және т. с. с.

§ 3. Жеке адамның күқықтарының жіктелуі

Қазіргі саяси ғылымдарда жеке адамның күқықтарын жіктеудің бірнеше түрлері бар. Солардың ішінде кең тарағаны — барлық күқықтарды негативтік және позитивтік (қолданушы) етіп бөлу. *Негативтік* мағынада бостандық мемлекет тарапынан жеке адамға зорлықтың, шектеудің жоқтығын білдіреді. Бұл еркіндік үкімет жағынан адамды қажетсіз әрекеттерден, бостандықты бұзып, бұрмалайтын жағдайлардан сақтайды. Оларды жүзеге асыру мемлекеттің қаржы-қаражатына, елдің әлеуметтік-экономикалық дәрежесіне, жағдайына байланысты емес. Бұлар, негізінен абсолюттік, позитивтік күқықтарды басшылыққа алатын күқықтар болып есептеледі. Мұны, әсіресе, АҚШ-тың конституциялық күқықтары туралы Билльден анық аңғаруға болады. Мысалы, оның бірінші бабында (түзетуінде) былай делінген: “Конгресс белгілі бір дінді белгілемеу немесе оған ерікті түрде кіруге рұқсат етпеу, сөз және баспасөз бостандығына немесе халықтың бейбіт түрде жиналып үкіметке қиянат етушілікті тоқтату жөнінде коллективтік арнаулы өтінішпен баруына тыйым салу туралы заң қабылдамауға тиіс”. Бұдан біз мемлекеттің “не істемеу керек” екендігін білеміз.

Позитивтік мағынада күқықтар таңдау, талғау еркіндігін, ең бастысы адамның өз мақсатына жете алушылықты, жеке дамуға қабілеттілігін көрсете білуді білдіреді. Негативтік күқықтармен салыстырғанда мұнда мемлекеттің, ұйымдардың, адамдардың азаматтарды қайсыбір игіліктермен қамтамасыз ету, белгілі әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік жасауды көрсетеді. Мысалы, бұған әлеуметтік көмек көрсетуге, білімге, денсаулықты қорғауға, лайықты тіршілік дәрежесінде өмір сүруге күқықтылық және т. б. жатады. Негативтік күқықпен салыстырғанда позитивтік күқықты қамтамасыз етіп, іске асыру қиын. Себебі, біріншісінде

мемлекет тарапынан ешқандай іс-әрекеттің керегі жоқ. Тек қана ол табиғи құқыққа араласып, бөгет жасамаса болғаны. Ал позитивтік құқықта, керісінше, мемлекет жоғарыда көрсетілген және т. б. құқықтарды іске асыру үшін қыруар жұмыс атқаруына тура келеді. Ондай мемлекетте жеткілікті жағдай, қаражаты, мүмкіншіліктері болуы керек.

Сонымен негативтік құқықта біз мемлекеттің “не істемеу керектігі” жөнінде білсек, позитивтік құқықта оның “не істеу керектігіне” көзіміз жетеді. Негативтік құқықты жақтаушылар позитивтік құқыққа адамдардың арасындағы “табиғи” қарым-қатынастарды бұрмалау деп қарайды.

Адамдардың құқықтары мен бостандықтары әр түрлі болады. Орындалу, іске асырылу ортасына қарай олар азаматтық (жеке, дербес), саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтар болып бөлінеді.

Азаматтық құқықты сөз еткенде оны азаматтардың құқығымен араластырмаған жөн. Азаматтардың құқығына мемлекеттің қол астындағы азаматтардың барлық құқықтарының жиынтығы жатады. Азаматтық құқыққа табиғи, адамнан ажыратылмайтын, негізінен, негативтік құқыққа жататын адамдардың құқықтары кіреді. Оған өмір сүруге, еркіндікке, жеке адамның дербес құқылығы, ар-намысты және ізгілікті аты мен атағын, қадір-қасиетін сақтауға, айыпталушыны қорғауға бағытталған әділ, тәуелсіз және ашық сотқа жазылған хат және телефон арқылы сөйлескен сөздің құпиялығына, бір жерден екінші жерге еркін барып келуіне, тұрақты қоныс таңдауына, оның ішінде қандай мемлекеттен болмасын біржолата кетуіне немесе келгің келгенде қайтып оралу бостандығы және т. б. құқықтар жатады.

Саяси құқықтар азаматтардың мемлекетті басқаруға және қоғам өміріне белсенді қатысуын белгілейді. Оған сайлауға және сайлануға құқықтық; одақтар мен ассоциацияларға, демонстрациялар мен шерулерге, жиналыстар мен жиындарға, митингілер мен пикеттерге еркіндік; ақпарат хабарлар құқы, сөз, пікір, оның ішінде баспасөз, радио, теледидар арқылы айтылатын сөз, дінге сену бостандығы және т. б. жатады. Әрине, бұдан ауызға келгенді айта беруге болады деген ұғым тумамайды. Ең алдымен, конституциялық заңдылықты, қоғамдық тәртіпті сақтау керек. Елдің прогресті дамуы, жалпыхалықтық гуманистік тұрғыдан әрекет жасау керек. Бірақ бұрынғы Кеңес Одағы кезінде адамдардың саяси құқықтары езіліп, жаншылды, еркін дамуына мүмкіншілік

жасалмады. Коммунистік партия оған мүдделі болмады да. Себебі, адамдар өздерінің саяси құқықтарын білсе, оның өрістеуіне жағдай жасалса, бұрынғы Одақта орын алған көптеген жауыздыққа жол берілмеген болар еді.

Экономикалық құқыққа жеке адамның тұтыну заттарын, жеке меншігін, жұмыс күшін, іскерлігін, еркін пайдалана алуы жатады. Бұрынғы Одақ кезінде жеке меншікке тыйым салынып, оған капиталистік системаның, буржуазиялық жолмен баюдың, қанаудың белгісі деп қарап, дамуына жол берілмегені мәлім. Бұл адамдардың жұмысқа деген ынтасын, ықыласын түсірді, жауапсыздықты туғызды, материалдық байлық жетіспеді, ақыры, елді аздырып-тоздыруға әкеліп соқтырды.

Әрине, жеке меншікті қалай болса солай дамытып қоя беруге және болмайды. Демократиялық жолмен дамып келе жатқан елдерде жеке меншік мемлекеттің бақылауына алынады. Мысалы, Германия, Франция, Италия, Швеция және т. б. елдердің заңдарында жеке меншік жалпы қоғамның, халықтың мүддесіне сәйкес пайдалануы керектігі көрсетіле келіп, оны қаншалықты дамытуға болатындығы, яғни шегі белгіленеді. Бұдан жеке меншікті, жер жүзі мойындаған дара адамның жеке меншікке құқықтығын жоққа шығаруға мүлдем болмайды. Әсіресе, біз сияқты бұрынғы тоталитарлық жүйенің құрсауынан жаңа босаған шақта жеке меншікті, іскерлікті дамытудың маңызы өте зор.

Әлеуметтік құқық әрбір адамға лайықты өмір деңгейін және әлеуметтік қорғануды қамтамасыз етуді білдіреді. Мұнда пәтер-үйге, дем алуға, денсаулықты қорғауға, қоршаған ортаның жайлы болуына, азаматтарды қартайғанда, сондай-ақ ауырып-сырқағанда және еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда материалдық жағынан қамтамасыз етілу құқықтары жатады. Ол мемлекеттің әрбір мұқтаж адамды күнелтуге керек қаржымен, адамшылық абыройын қорғауға тиіс, қарапайым қажеттілігін қанағаттандыратын әлеуметтік қамсыздандыру құқын анықтайды.

Мәдени құқық адамның рухани дамуын өрбітіп, өрістетуге бағытталады. Оған білім алуға, мәдени қазыналарды көруге рұқсат, өнер мен техникалық жасампаздыққа, қоғамның мәдени өміріне еркін араласуға құқығы және т. б. жатады.

Адам құқығы мен бостандығының жүзеге асырылуын оның қоғам мен мемлекеттің алдындағы міндеттерінен ажыратып қарауға болмайды. Олар өзара тығыз байланысты. Бұл міндеттердің орындалуы жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету үшін қажет.

“Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясымен” салыстырғанда жеке адамның көпшілік мақұлдаған міндеттері жоқ. Дегенмен, қазіргі демократиялық мемлекеттердің конституцияларында, әдетте, мынадай міндеттер аталады: заңды бұзбау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу; полициялық ұйғарым, бұйрықтарға бағыну және орындау; әскерлік борышты өтеу; заң жүзінде белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу; қоршаған ортаны, табиғатты, мәдени ескерткіштерді қорғау және т. т. Кейбір елдерде азаматтардың міндетті түрде сайлауға қатысуға тиістілігі көрсетіледі. Жапония, Италия және т. б. елдердің конституцияларында еңбек ету, Италияда балаларды тәрбиелеу, Жапония, Уругвайда өз денсаулығы жөнінде қам жеп уақытында тексеріліп, емделіп отыру керектігі енгізілген. Бірақ ол міндеттер орындалмаса, ол үшін әдетте адамдарды жауапкершілікке тартпайды.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша әркімнің өмір сүруге, өзінің жеке басының бостандығына, ар-ождан бостандығына құқығы бар. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Әркімнің жеке өміріне, өзінің жеке отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқығы бар. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі. Қазақстан мемлекеті адам құқығы мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қарамастан мойындайды, кепілдік береді әрі қорғайды.

1993 жылғы егеменді Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясында негізгі міндеттерге республика азаматтары мемлекеттік нышандары — Елтаңбаны, Туды, Әнұранды құрметтеу, қастер түту кіргізілген. Ондай бап Қазақстан Республикасының жана Конституциясында да бар. Бұл ереже мемлекеттің абыройын, беделін нығайтуға, арттыруға бағытталған және біздің мемлекетіміздің белгілерін құрметтеу сезімін дамытуға әсер етеді, адамдарды ұлтжандылыққа баулиды.

Республикамыздың Негізгі Заңын сөз еткенде оған демократиялық елдерде көрсетілген құқықтар мен бостандықтардың кейбірі кірмей қалған ғой деген ой тууы мүмкін. Шынында, ол солай да. Бірақ бұл жерде еліміздің өтпелі кезеңде тұрғанын, демократиялық жолға жана қадам басқанымызды, көп кепілдікті

беруге республикамыздың әлі материалдық жақтан, я басқа жақтан болсын, әлі шамасы келмейтінін естен шығармау керек. Келешекте олар да төлқұжатымызға кіретініне сенеміз.

Адам құқығының жүзеге асып, орындалуы бойынша қай елдің болмасын даму өрісін, адамгершілік, парасаттылығын байқауға болады. Ондай елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуы да жоғары болмақ. Ол елде кертартпа, тоталитарлық тәртіпке де жол беріле қоймайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғам мен мемлекет өмірінде біздің әрқайсымыздың құқығымыз бен бостандығымызды қорғау үшін, лайықты өмір сүру жолында елімізде жүргізіліп жатқан түбегейлі реформалардың табысты болуы үшін қажетті тәртіп орнатуға мүмкіндік береді деп сенеміз. Ол — біздің республикамызда әр адам құрметке бөленеді деп болашаққа зор үмітпен қарауымыздың кепілі.

Адам құқығының іске асып, орындалуының өте зор маңызы бар. Ол бойынша қай елдің болмасын даму өрісін, адамгершілік, парасаттылығын байқауға болады. Ол арқылы адам ардақталып, асқақтатылады, мерей, мәртебесі көтеріледі. Ондай елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуы да жоғары болады. Ол елде кертартпа, тоталитарлық тәртіпке де жол беріле қоймайды.

Жалпы дүниежүзілік мөлшерде алсақ, адам құқын орындау халықтар арасында сенімді нығайтуға, адамгершілік қатынастарды дамытуға, бейбітшілікті сақтауға кепіл бола алады. Ол адамға өзінің жеке және қоғамдық өмірінің саналы жасаушысы, ішкі және сыртқы саясаттың толық субъектісі болуына, мемлекеттің бірқалыпты прогресті дамуына жағдай жасайды. Адам құқығының қамтамасыз етілу деңгейі қоғамның даму дәрежесі мен демократиялылығын көрсетеді.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар.

1. “Саясаттың субъектісі”, “саясаттың объектісі” деп нені айтады?
2. Тұлғаға кім жатады?
3. Тұлғаның қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуының маңызы неде?
4. Жеке адамның қандай негізгі құқықтары мен бостандықтары білесіз?
5. Жеке адамның құқықтары қалай жіктеледі?
6. Қазіргі қоғам қалай жіктеледі, оның өлшемі қандай?
7. Қазақстан Республикасындағы ұлттық-мемлекеттік жағдайыны ерекшеліктері қандай?
8. Қазақстандағы ұлттық саясаттың негізгі бағыттарына не жатады?

§ 1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен жіктелуі

Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен жіктелуін оқып-білудің мәні зор. Себебі, қоғам өзінің қандай әлеуметтік топтардан, ал олар қандай жай-күй, жағдайда тұратындығын білуі керек. Олардың іс-әрекеті барлық қоғам институттарының қызмет ету сапасын, қоғам дамуының бағытын анықтайды. Қоғамның тұрпаты, саяси және мемлекеттік құрылымы оның қандай әлеуметтік топтардан тұратындығына, олардың қайсысы жетекшілік, қайсысы тәуелді жағдайда екендігіне байланысты.

Адамның қоғамдағы орны көптеген әлеуметтік белгілерімен сипатталады. Оған ұлты, тұратын жері, қоғамдық өндіріске қатысуы (не қатыспауы), қоғамдық еңбек бөлісіндегі орны (өндіріс құралдарына меншік қатынасы, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы рөлі, еңбектің мазмұны мен сипаты), кәсібі, білімі, табыс мөлшері, саяси билікті іске асыруға қатынасы және т. б. жатады.

Осындай бір немесе бірнеше әлеуметтік белгілермен бірлескен адамдар жиынтығын *әлеуметтік топ* дейді. Мысалы, жұмысшы, шаруа, зиялылар, студенттер, зейнеткерлер, ауыл адамдары, казактар, орыстар, немістер және т. с. с. Өзінің қоғамдағы орнына байланысты олар бір уақытта әр түрлі әлеуметтік топтардың мүшесі бола алды. Мысалы, студент, казак, үлкен қаланың тұрғындары, т. б.

Адамдардың қоғамдық жағдайындағы ортақ өмір ерекшеліктері, әлеуметтік бір топқа енуі олардың әлеуметтік мүшелерін бірлестіреді. Олар адамдар мен әлеуметтік топтардың өз өмірлік жағдайын, мүмкіншілігін нығайтуда, кеңейтуде көрініс табады. Оған әр түрлі деңгейде табысқа, билікке, кәсіпке, білімге, мәртебеге және т. с. с. ие болу мүмкіншіліктері жатады.

Адамдар саяси процесте белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі немесе мүшесі ретінде қатысады. Олар жалпы қоғамдық өмірдің, оның ішінде саяси процестің басты субъектісі болып табылады. Сондықтан қандай болмасын саяси іс-қимылдың сыртында біреулердің топтық мүддесі тұрады.

Еңбектің қоғамдық бөлінуі негізінде жұмыс істейтін әлеуметтік топтар мен олардың өзара қатынас жүйесінің жиынтығын

қоғамның әлеуметтік құрылымы дейді. Қоғамдық өмірді әр түрлі әлеуметтік топтардың өзара әрекеттестігінің нәтижесі деуге болады. Адамның қоғамдық жағдайындағы негізгі белгілеріне қарай қоғам құрылымының негізгі түрлерін атауға болады. Оған әлеуметтік-демографиялық (жынысы мен жасына қарай әлеуметтік топқа бөлу), әлеуметтік-таптық, кәсіби және елді мекендік құрылым жатады.

Марксистік қоғамтану әлеуметтік құрылымының негізгі түрі деп қоғамның таптық құрылымын санады. Өйткені ол қоғамдық өмірдің ең маңызды саласы қоғамдық өндіріс жүйесінде құрылады.

В. И. Ленин “Ұлы бастама” деген еңбегінде таптарға мынандай анықтама береді: “Таптар деп адамдардың үлкен топтарын, қоғамдық өндірістің тарихи белгілі бір жүйесінде олардың алатын орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына олардың (көбінесе заңмен бекітіліп, қалыптасқан) қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы олардың рөліне қарай, ал олай болса, қоғамдық байлықтан олардың алып отырған үлесінің мөлшеріне және ол үлесті алу әдістеріне қарай айырылатын топтарын айтады”. (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 39-том, 16-бет). Мұнда таптың негізгі белгісі ретінде өндіріс құрал-жабдықтарына қатынастың бірдей болмауы көрсетіледі. Қалған белгілердің бәрі соған байланысты дейді. Ол адамның қоғамдық өндіріс жүйесіндегі орнын және оның жалпы әлеуметтік жағдайын айқындайды деп санайды. Әрине, қоғамдық жағдайда бұл белгінің мәні зор. Бірақ сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік жіктелуге басқа да белгілер шешуші рөл атқарады. Мысалы, билік құрылымындағы орны мен рөлі, табысының мөлшері, әлеуметтік мәртебесі т.с.с. Ал оларды адамның немесе әлеуметтік топтың қоғамдық өндіріс жүйесінен әрқашан тікелей туады деп айту қиын. Әлеуметтік құрылымды және қоғамның әлеуметтік бөлінуін зерттеу үшін ХХ ғасырда әлеуметтік стратификациялану деген ұғым кіргізілді. “Страт” латын тілінде жік, қабат деген сөзден туған, геологияда жер қыртысының қабаттарын білдіретін ұғым ретінде қолданылады.

Әлеуметтік жіктелуге (стратификациялануға) қоғамның құрамына кіретін белгілі бір топтардың жиынтығы жатады. Әлеуметтік құрылымды зерттегенде волонтаризм (ерікке ырық берушілік) болмауы үшін, қоғамдағы барлық жіктерді (топтарды) қарастырып, оларды бір белгі, өлшем арқылы салыстыру керек. Соның арқасында әлеуметтік топтарды және олардың қоғамдағы жағдайын айтарлықтай толық және терең сипаттайтындай өлшемді

тандап алған жөн. Әлеуметтік жіктелу теориясы, міне, осы талаптарға сай келетін әдістемелік және теориялық құрал. Ол әлеуметтік топтарды жіктегенде мынандай белгілерді (өлшемдерді) басшылыққа алады: меншікке ие болудың сипаты, табыстың мөлшері, биліктің аумағы, мәртебесі, ұлттық ерекшеліктері және т.б. Егер топтар бір белгінің негізінде жіктелсе (мысалы, табысының мөлшеріне, билік жүргізуге қатысына қарай т.т.) ол бір өлшемдік жіктеуге жатады. Егер бірнеше белгінің негізінде болса, ол көп өлшемдік жіктелу болады.

Әлеуметтік жіктелу теориясы адамды қызметкер ретінде де, тұтынушы ретінде де қарастырады. Ол билік жүйесіндегі барлық жағдайын, басқара алатын объектісінің (өндіріс құралдары мен тұтыну заттарының) аумағы мен түрлерін, қоғамнан ала алатын игілік мөлшерінің барлық түрлерін ескереді. Осылардың арқасында ол қоғамдағы әлеуметтік жіктелу жүйесін және қалыптасқан теңсіздікті жан-жақты зерттеп білуге мүмкіндік береді.

Қоғам үздіксіз дамып, өзгеріп отырады ғой. Марксистік тапқа бөлу теориясы ол өзгерісті байқап, көрсетуге икемсіз болатын. Ал әлеуметтік жіктелу теориясы, біріншіден, бұл өзгерістерді дер кезінде көрсете біледі. Екіншіден, қоғамның әлеуметтік топтарының қазіргі калпы, бейнесі жөнінде толығырақ мағлұмат береді.

Шетелде әлеуметтік жіктелу теориясы жүз жылға жуық табысты пайдаланылып келеді. Ал Кеңес Одағында оны марксистік-лениндік таптар мен тап күресі теориясына қарсы қойып, қолданбады. Себебі, бұл әдісті пайдаланса, бұрынғы КСРО-дағы әлеуметтік жіктелу мен теңсіздіктің бет пердесі ашылып қалған болар еді. Сондықтан коммунистік идеологияның оны қолдануға, насихаттауға, таратуға мүддесі болмады, керісінше, өнін өзгертіп, бұрмалауға тырысты.

§ 2. Кеңестік қоғамдағы және біздің қазіргі кездегі әлеуметтік жіктелуіміз

Біз егеменді ел болдық. Бірақ оған көп болған жоқ. Мұндай аз уақыттың ішінде әлеуметтік құрылыс жылдам өзгере қоймайтыны белгілі. Оның тамыры әріде, Кеңестік қоғамнан басталады. Сондықтан сөзді де содан басталық.

Бұрынғы Кеңес өкіметі кезінде марксистік идеологияға сәйкес КСРО-да мынадай әлеуметтік-таптық құрылым бар деп есептелді:

1) мемлекеттік немесе жалпыхалықтық меншікпен байланысты жұмысшы табы; 2) колхоздық-кооперативтік меншікпен байланысты шаруалар; 3) ешқандай меншікпен байланысты емес зиялылар (ол лениндік анықтама бойынша тапқа жатпады, оны жік деп атады). Жұмысшылар қоғамдық қатынастардың дамуына шешуші ықпал ететін жалпыхалықтық меншікпен байланысты болғандықтан, ол қоғамда жетекшілік рөл атқарады делінді. Шын мәнінде, бұлай жіктеу шындықтан алшақ еді. Себебі, жұмысшы табы мен шаруаларды меншік иелері дегенмен, өмірде олай емес еді. Қоғамдық меншіктің иесі еңбек адамдары емес негізінен мемлекет болатын. Сондықтан олар өз еңбегінің жемісін көруден, мемлекетті басқарудан шеттетіледі. Ал жұмысшы табы болса табыс мөлшері жағынан да, әлеуметтік мәртебесі жағынан да, билік жүйесіндегі орны жағынан да кеңестік қоғамда жетекші рөлді атқарған жоқ.

КСРО заманының әлеуметтік жағдайын зерттеуде елеулі еңбек еткен белгілі әлеуметтанушы – Т. И. Заславская. Ол 1991 жылы Кеңес қоғамының 70 жылдық даму кезеңін қорытындылай келіп, оның әлеуметтік құрылымын 3 топқа: жоғарғы тап, төменгі тап және оларды бөліп тұрған жік деп бөледі. Жоғарғы таптың негізін партияның, әскери, мемлекеттік және шаруашылық бюрократиясын біріктіретін номенклатура (жоғарғы партиялық, өкімет органдарының шешімі бойынша басқарушы қызметті атқаратын қызметкерлер) құрайды. Ол ұлттық байлықтың, меншіктің иесі болды және оның көпшілігін өз мақсатына пайдаланды. Өйткені номенклатуралық қызметкерлер жоғары еңбек ақы алумен қатар қосымша игіліктерге ие еді. Олардың қызметтік машинасы мен жүргізушісі, жабдықталған пәтері, қала сыртындағы үйлері, соларға ғана қызмет ететін жабық дүкендері мен ательелері, емханалары, демалыс орындары және т.с.с. болды.

Төменгі тапқа Заславская мемлекеттің жалдамалы еңбеккерлерін: жұмысшыларды, шаруаларды, зиялыларды жатқызады. Олардың меншігі мен саяси құқықтары жоқ. Бұл таптың өмір салты жеткіліксіз табыспен, ішіп-жеу, тұтыну құрамының мұрдымсыздығымен, үй-жайының тарлығымен, дәрігерлік қызмет көрсету дәрежесінің шамалылығымен, нашар денсаулығымен сипатталады.

Жоғарғы және төменгі таптардың арасындағы әлеуметтік жікке номенклатураға қызмет ететін орта деңгейдегі басшылар, идеология қызметкерлері, партиялық журналистер, арнаулы

емханалардың дәрігерлері, жазушылар, артистер, дипломаттар, КГБ, МВД-ның қызметкерлері, әскер мен флоттың командирлері және т.б. кіргізеді. Сырттай қарағанда бұл жік шетелдердегі орташа тап сияқты болып көрінеді. Ал, шын мәнінде, олай емес. Себебі, Батыста орташа таптың негізін саяси және әлеуметтік тәуелсіздікті қамтамасыз ететін жеке меншік құрайды. Ал біздің қызмет көрсетуші жіктің жеке меншігі болған жоқ, ол қоғамдық меншікті басқарып, оған иелік еткен жоқ. Сондықтан ол жоғарғы таптан толық тәуелді болатын.

Біздің Қазақстанға келсек, еліміздің егемендігін алғаннан кейінгі кезеңде меншік иесі жоғарғы тап пайда болды. Оның негізін баяғы партиялық кеңестік номенклатура қалайды. Олар экономикалық реформа басталар кезде экономикада, саясатта, мәдениетте басты қызметтерді атқарды. Сондықтан кәсіпорындарды жекешелендіру, жеке меншікке айналдыру олар үшін өте қолайлы болып шыға келді. Бұл тапқа солармен қатар көленкелі экономиканың пысықтары, алыпсатарлықпен айналысып байыған кулар және т.с.с. кіреді. Бұл таптың өкілдері халықтың 1—3 пайызын құрайды.

Қазіргі жағдайда нарықтық экономикаға, әр түрлі меншіктің дамуына, саяси алуандыққа, көппартиялыққа өтуге байланысты әлеуметтік бөліну күшейе түсуде. Республикамызда бұрыннан белгілі жұмысшылар мен шаруалардан басқа фермерлер, жалгерлер, кооператив мүшелері, жеке және ұжымдық меншік иелері, жеке саудамен айналысатын құрылымдар және т.с.с. пайда болуда.

Республикамызда бастамашылыққа, өзін-өзі басқаруға жол ашылууда. Сонымен қатар ол кәсіби дайындығына және жеке басының қасиетіне жоғары талап қояды. Тапқырлық білдіріп, еңбегін жеделдетуге тырысқан, ондай мүмкіншіліктері бар адамдар елімізде болып жатқан оң өзгерістерді жақтауда. Сонымен бірге бұрынғы теңгермешілік өмірді ансаушылар да жеткілікті. Нарыққа, бұрынғы экономикалық байланыстардың үзілуіне байланысты жұмыссыздық көбейді. Өтпелі кезеңде көпшілік халықтың, әсіресе, ғылым қызметкерлерінің, дәрігерлер, мұғалімдер, зейнеткерлер, студенттердің әл-ахуалы көп төмендеп кетті. Өмір деңгейі төмен топтардың күнделікті бағаның өсуінің алдында қорқынышы зор. Егер олар әлеуметтік қамсыздандырылмаса, еліміздің жылдам демократиялық дамуы қиынға түседі. Мамандығы төмен, нашар қамсыздандырылған, саяси сауаты аз адамдар

неше түрлі реакцияшыл шовинистік, ұлтшылдық пиғылдағы партиялар мен элементтердің соңынан еріп кетуі мүмкін.

Көрсетілген қиындықтарды бір сәтте өзгертуге, әрине, болмайды. Ол үшін орынды саяси, экономикалық, әлеуметтік саясат жүргізу қажет. Қазіргі өркеніетті елдердің даму тарихы көрсетіп отырғандай, қоғамның тірегі, елдің саяси тұрақтылығын қамтамасыз ететін — орташа тап.

Өзінің білімділігі, іскерлігіне байланысты ол қоғамның демократиялық дамуына, нарықтық экономиканың қалыптасуына негіз болады. Сондықтан біздің басым бағытымыздың бірі — осы орташа таптың буынын бекітіп, күшейту. Ол үшін ұсақ және орта кәсіпшілікті қолдау, еркін кәсіпшілікті дамыту, халықтың кәсіптік білімін арттыру және т.б. көптеген қомақты істер тындыруға тура келеді.

§ 3. Әлеуметтік бірлестіктер жүйесіндегі ұлттың орны

XX ғасыр әдеттен тыс ғажайып жағдайларға толы. Сонын бірі — этникалық жаңару, қайта өркендеу мәселесі (этнос деген грек сөзі, тайпа, халық деген мағынаны білдіреді). Бір жағынан, біздің заманымыз дүние жүзіндегі барлық адамдардың тағдыры бір, ортақ, өзара тығыз байланысты және тәуелді екендігін түсініп-білу, сезінумен сипатталады. Екінші жағынан, барлық континенттерде адамдардың ықыласы кенеттен өзінің этникалық және аймақтық құрамына деген ұмтылыспен, өзінің түп тамырын, шығу тарихын зерттеп, білуге тырысушылықпен ерекшеленеді.

Мұны немен түсіндіруге болады? Ғылыми-техникалық революцияның салдарында пайда болған өмірдің біркелкілік пен бір үлгілікке еткен жауабы ма? Әлдебір кездегі қор болған тарихи және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді көксеу ме? Өз ұлтына, оның тағдырына ортақтастықты сезіну арқылы жалғыздықтан құтылуға, өмірден қағажу қалмауға тырысу ма? Әлде өз халқының музыка тілі мен әніне деген үміт, сенім бе?

Бір кезде баянды, берік мызғымастай болып тұрған мемлекеттерде қарулы қақтығыстар бүрк етіп, олардың тұтастығына не себептен қауіп төнеді? Бұл жағдай экономикалық және әлеуметтік күйзелістерді басынан кешіріп отырған бұрынғы Кеңестер Одағы, Югославия, Чехословакия сияқты елдерде ғана емес, сонымен

катар Бельгия, Канада, Ұлыбритания сияқты бұл жағынан әбден сәтті дамып, өркендеп келе жатқан елдерге де тән. Мұны немен, қайтіп түсіндіруге болады? Қоя берсек, сұрақ көп. Мұның бәрі бұл тақырыптың әлі толық зерттелмегендігін және де өзек жарды, шешуін күтіп тұрған күрделі мәселе екендігін білдіреді.

Ұлт деп жер, тіл, экономикалық қатынастар, мәдениет ерекшеліктері мен психологиялық құрылымының ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи әлеуметтік-этникалық бірлестігін айтады. Әлеуметтік аспект ұлтты өндірістік қатынастармен байланысқан қоғамдық таптардан тұратын әлеуметтік-экономикалық тұтастық етіп танытады. Ол белгілі бір жүйенің ұлттарында қандай ортақтық бар, оларды өзара, шын мәнінде, не жақындастырып, туыстастыратындығын білдіреді. Ұлттың құрамында тіл, жер, ұлттық сана-сезім, мәдениет этникалық аспектіні көрсетеді. Ол арқылы біз ұлттардың бір-бірінен қандай ерекшелігі бар екендігін, қалайша ажыратылатындығын білеміз.

Ұлттық саясат деп адамдардың ұлттық мұқтаждығын өтеуге, ұлттық қатынастарды реттеуге бағытталған қоғамдық, ең алдымен әлеуметтік-құқықтық әрекеттердің ерекше түрін айтады. Бұл мұқтаждықтардың табиғатын тану үшін әлі зерттеулер жүргізу керек. Дегенмен, оған азаматтық ар-намысқа тырысу, этнопсихологиялық бірлікті, табиғи-тарихи ортақтықты сезіну кіретіні анық.

Соңғы онжылдықтарда Батыс саясаттануында *этникалық саясат* деген жана бағыт пайда болды. Ол — дүние жүзіндегі болып жатқан этникалық дау-жанжалдарды, ұлттық шиеленістерді түсіндіруге, оларды шешу жолдарын анықтап, сондай-ақ белгілі бір аймақтарда мұндай дау-дамайлардың болуын алдын ала болжай білуге арналған жалпы теория. Бұл теория этникалық дау-жанжалдарға плюралистік қоғамда әрдайым кездесіп тұратын әдеттегі жағдай сияқты қарайды.

Ұлттық саясат әр елде әр кезеңде әр түрлі болуы мүмкін. Бүгінгі таңда бұл салада ассимиляция, сегрегация, геноцид сияқты саясаттар белгілі.

Ассимиляция деп бір халықтың өз тілін, мәдениетін, ұлттық сана-сезімін жоғалтып, екінші халыққа сіңіп кетуін айтады. Бұл саясат оны заң жүзінде сіңіскен халықпен тең деп санайды, бірақ оның өзіндік ерекшелігін танып, мойындамайды.

Сегрегация деп елдің халқын нәсілі бойынша еріксіз топтарға бөлушілікті айтады. Бұл адамдар арасындағы айырмашылықты

бекітіп, “екінші” халықты теңдік жөнінде қандай болмасын мәселе көтеруге мүмкіншілік бермейді. Соңғы кезге дейін сегрегация Оңтүстік Африка Республикасында бой көрсетті. Әдетте, ұлттық топты алалау нәсілдің теңдік принципін формальды түрде мойындаумен қатар жүрді.

Геноцид деп адамдарды шығу тегіне, бір ұлттың өкілі болуына байланысты қыруды немесе қудалауды айтады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл белгілі бір әлеуметтік, мәдени немесе биологиялық топтың қатарына жатуын кінәлаудың жасырын түрі. Мұнда ұлттық немесе нәсілдік топқа енуді желеу етіп, бір халықты түгелдей жауапкершілікке тарту жатыр.

Мысалы, мұндай саясатқа 1915 жылы түрік мемлекетінің армяндарды, фашистік Германияның еврейлер мен цыгандарды қыруы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ішінара славян халықтарын қырғынға ұшырату (онда беларусь халқының төрттен бірі қырылды) жатады. Бұрынғы Кеңес мемлекетінің тарихында жаппай жауапқа тарту репрессияға ұшыраған халықтарға қолданылды. Оған Поволжьеде тұрған кеңестік немістер, қырымдық татарлар, месхеттік түріктер, шешендер, ингуштер, карашайлықтар, калмақтар, корейліктер және т.б. халықтардың тағдыры мысал бола алады.

Қазіргі кезде мемлекетаралық және мемлекет ішіндегі қатынастардың демократияланып, адамгершілік көзқарастарын басшылыққа алған шақта ұлттардың теңдігі мен өздерінің мемлекеттік құрылысын өздері шешу құқығына, ұлттық автономия мен федерация қағидаларына негізделген саясатты көпшілік оң қабылдап, дұрыс деп тауып отыр. Ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылымын өзі шешу мәселесі алғашында Европада буржуазиялық-демократиялық революциялардың жеңуіне байланысты пайда болды. Ең бірінші бұл пікір 1776 жылы Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздігі туралы Хартиясында жарық көрді.

Ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу принципінің заңдық және саяси жағы бар. Заң жүзінде қай халық пен ұлт болмасын өз мемлекеттік құрылысын өзі шешуге тиіс. Бұл құқықтың қандай түрде шешілуі (халық не ұлт бөлініп шыға ма, федерация құра ма, әлде басқа жол таба ма) мәселенің саяси жағына жатады. Қазіргі кезде федерализм принцип ретінде, федерация мемлекеттік өкіметтің ұйымдастырылу түрі ретінде саясатшылардың, фәлсафашылардың (философтардың), социологтардың, мемлекеттанушылардың және т.б. ілімнің әр түрлі саладағы ғалымдарын толғандырып жүрген мәселе.

XX ғасырдың бірінші жартысында барлық елдердің дамуы өкіметтің, биліктің бір ортаға бағынып, шоғырлануымен сипатталады. Ал 60 жылдардың аяғынан бастап, керісінше, үлкен орталықтар ыдырап, жергілікті жерлер билікті өздері алуға тырысу, автономия, федерациялар құрушылық көбейді. *Федерализм деп автономиялық, тәуелсіз құрылымдар одағын айтады.* Мұнда біреу біреуді бағындыру арқылы емес, мемлекетаралық одақтардың құрылуы мәселелерді үйлестіру арқылы шешуді басты мақсат деп санайды. Федерация мүшелерінің арасында бәрінің мүмкіншіліктері бірдей, тепе-теңдік болғаны, алаланбағаны жөн. Кейде арасалмақтың уақытша бұзылуы мүмкін. Бірақ біреуінің шектен тыс күшеюі барлық одақтың тұтастығына нұқсан келтіреді. Бұлай болмауы үшін жоғарғы және жергілікті екі өкіметтің арақатынасы, олардың міндеттері және т.б. конституциясында айқындалуы керек. Екі биліктің қайсысы болмасын шектен тыс басымдыққа ие болмауға тиіс, олай болса, екінші жақтың конституциялық құқығы бұзылады, арада кикілжің пайда болады.

§ 4. Қазақстандағы ұлттық қатынас мәселелері

Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде Қазақстан Ресей империясына тәуелді басқа елдер сияқты езгінің астында болды. Ол патша өкіметінің отаршылдық саясатын одан әрмен жүргізді. Адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы — Кеңес халқын құрамыз деген желеумен орыстандыру саясатын жүзеге асырмақ болды. Тарихымыз аяусыз бұрмаланды. Тілімізден, дінімізден айырылып қала жаздап, рухани мәдениетіміз небір зобаланды басынан кешірді.

Қазақстанға КСРО-ның барлық аймақтарынан ондаған, жүздеген мың, тіпті, кейбір тұтас халықтарды кіндік кескен жерлерінен айырып, жер аударып, “халықтар түрмесіне” айналдырды. Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Сан мыңдаған жандар қырылып, сан мыңдаған жандар ата-жұртын тастап көшуге мәжбүр болды, орта жолда олардың көпшілігі қырылып қалды. 1916 — 1922 жылдары 900 мың қазақ түрлі қазаға ұшырады. 1931—1933 жылдары қазақтарды отырықшыландырамыз және республикада ұжымдастыру жүргіземіз деп, қолдарындағы малдарын сыпырып алып, елімізді адам айтқысыз ашаршылыққа душар еткізді. Соның нәтижесінде зұлматқа қазақ халқының 2,5 млн. адамы, яғни 52%-ы опат болды (*“Егеменді Қазақ-*

стан”, 10 қазан, 1992 жыл). 200 мың адам қуғын-сүргінде шет жерге ауды. Отызыншы жылдарда 18 мыңдай қазақ ГУЛАГ арқылы өтіп, азап шекті. Сталиндік репрессия жылдарында мыңдаған қазақ зиялыларын, ұлт мүддесін қорғаған аяулы да абзал азаматтарды “буржуазияшыл-ұлтшылдар”, “халық жаулары” деп атып жіберді. Комсомолдық құрылыстар, тың игеру және т.с.с шығарып республикамызға орыс тілділерді үсті-үстіне төкті. Соның нәтижесінде қазақтар республика халқының жартысынан да азайып қалды.

Республикамыз, негізінен, шикізат өндірілетін ауданға айналдырылды. Мысалы, бізден КСРО-ның басқа жерлеріне тасып әкетілетін өнімнің 70%-ы шикізат, 12%-ы жартылай дайын түрінде болған. Олардың құны өте төмен еді. Бізден алған өнімді Орталық шетелге жоғары бағамен сататын. Айталық, Ақтөбе облысындағы тау-кен комбинаты КСРО-дағы хром кенінің 95%-ын шығаратын. Комбинатқа оның тоннасына 27 сом төлейтін. Ал КСРО-ның Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі шетелдерге оны 23 есе қымбат бағамен валютаға сататын. Балқаштың мысын 16 есе артық бағамен сататын. Олардан түскен валютадан Қазақстанға бір тиын берілмейтін. Республикамызда жанағы аталған хром кенінен басқа Кеңес Одағында өндірілетін сары фосфордың 90%-ы, мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның — 60%-ы, цинктің 40%-ы өндірілетін. Олардан бөтен алтын, күміс, мұнай, көмір, темір және т.б. өз алдына өндіріліп, орталыққа жөнелтіліп жатты. Бірақ сессия сайын Қазақстан дотацияда отыр, Орталықтан жәрдем қаржы алып жатыр деп көзге шұқып отырды. Осылардың бәрі ұлтаралық қатынастарға өз әсерін тигізбей, кедергісін келтірмей қалмады.

Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейін жағдай өзгере бастады. Аяулы ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Туған жерімізде бірталай өркенді өзгерістер болып жатыр. Солардың ішінде ең бастыларының бірі тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Республика халқының жартысына жақыны орыс тілділер болғандықтан болар, Қазақ Республикасының жаңа Конституциясының 7-бабында “Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады” делінген. (*Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 1999, 8-бет*). Ата Заңның 14-бабында: “1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына,

жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды” деп атап көрсетілген. *(Бұл да сонда, 9—10-бет).*

Елімізде этносаяси процестің негізгі субъектісіне мемлекет, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестіктері, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар жатады. Тіл туралы, иммиграция туралы заңдар қабылданды. Республикада әр түрлі ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істейді. 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ол елдегі барлық этностардың мақсат-мүдделерін қорғайды, олардың дамуын жалпы саяси, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы реттейді.

Республикамызда әрбір азаматтың қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі ұйғаруға және оны көрсетуге немесе көрсетпеуіне болады. Әркімнің ана тілі мен өзінің төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас тілін, тәрбиені, оқуды және шығармашылықты еркін тандап алуға құқығы бар.

Қазақстанда қазір 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың әрқайсысы өз ұлтының көркеюін қалайды, өз ана тілінде сөйлегілері келеді, өздерінің балаларын, немерелерін өз ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениетіне сай тәрбиелеп, баулығылары келуі — табиғи, заңды нәрсе. Сондықтан біз өзге ұлт өкілдерін кемсітпеуіміз, шеттетпеуіміз керек. Өйтсек, оларды өз ұлтымызға қарсы қойып, ашындырып аламыз. Сондықтан осы атамекеннің иесі — қазақ халқы республикамыздағы басқа халықтардың басын қосып, оларға ұйтқы болып, бір қоғамға топтастыруға тырысқанымыз абзал. Біз Қазақ Республикасын мекендеуші әр халықтың санасында “қазақстандық ұлтжандылық”, “жалпықазақстандық мақтаныш” рухын, сезімін оятып, қалыптастырғанымыз жөн.

Республикамыздың гүлденуі оның саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, мәдени жетістіктеріне байланысты. Сонда оның әрбір адамы да ауқатты, жақсы тұрады. Сондықтан мұнда тұрған әр халықтың өкілі жалпы Қазақстанның, әр облыс, аудан, елді мекеннің табысына қуанып, соған қажырлы еңбегімен аянбай-талмай үлес қосу керектігін сезінуі тиіс. Мұның бәрі дұрыс жүргізілген ұлттық саясат нәтижесінде ғана іске асады.

Сайып келгенде, біз құрып жатқан құқықтық қоғамның ең жоғарғы құндылығы — адам. Мұнда оның қай ұлт-ұлысқа, дінге жататыны есептелмейді. Біздің міндетіміз — этникалық өзіндік өзгешеліктерді дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени алуан түрлілігін сақтау. Сонда ғана еліміз ұлтаралық келісімі жарасқан, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты аймақ болып, әлемде беделі артпак.

§ 5. Қоғамның саяси өміріндегі діннің орны

Қоғамның саяси өмірінде дін де айтарлықтай орын алады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде дін қудалауға түсіп, саяси өмірден шеттетілуінің, атеистік (құдайға сенбеушілік) идеологияның үстемдік етуінің салқыны елімізде әлі айыға қойған жоқ. Сондықтан біздің жұртшылыққа бұл мәселені толық түсіне қою онай емес. Ал шетелдерде діни идеологияның адамдар іс-әрекетіне елеулі ықпалы бар және ол түрлі түрде көрініс береді. Мысалы, Италияда жастардың 80%-ы дінге сенеді, олардың 67,3%-ы өз өмірлерінде құдай маңызды рөл атқарады деп есептейді. Бұдан олар үшін дүниеге діни көзқараспен қараудың ерекше орын алатындығын байқаймыз.

АҚШ-тағы ұлт-азаттық күрес кезінде діни қайраткерлердің көбі революцияға қатысып, құлдықты жоюға, спирт ішімдіктерін тыюға, әйелдерге дауыс беру құқығын беруге және т.с.с. шақырды. Кейбір діндер әділеттілікті бұзған, құдай жолынан тайған басшыларды биліктен қууға халықтың құқығы бар деді. Бірқатар діндер еңбекқорлықты құдайға құлшылық етудің әдісі ретінде қарайды. Кейбір мұсылман елдерінде ислам мемлекетін құру, ел Конституциясының Құранға сәйкес келуін талап ету, шариат заңдарын сақтау идеялары діннің саяси процесіне ықпал ететіндігін байқатады. Оның мысалы ретінде Иран мемлекетін айтса да болады.

Мұнда көңіл аударатын тағы бір мәселе — мемлекет пен діннің ара қатынасы. Адамзат тарихында ол 3 түрлі шешіліп келді: 1) мемлекеттік билікті діннің орталығына айналдыру, 2) мемлекетті діни мекемелерге бағындыру, 3) мемлекет пен діннің одағы. Қазір ол негізінен 2 түрлі шешіледі: 1) мемлекет пен діннің имандылық одағының негізінде, 2) мемлекет пен діннің бөлінуі, бір-бірінің ісіне араласпауы. Алайда өз қызметін толық атқару үшін

мемлекетке дін қажет. Өйткені дін қоғамда этикалық қызметтерді атқарып, имандылық ережелерін қалыптастырады. Ол халықты тәрбиелейді, адамгершілік көзқарасты қалыптастырады. Дін әділетті, қайырымды болуға, кісі ақысын жемеуге, өтірік айтпауға, туыстарын, үлкендерді сыйлауға, ұрлық-қарлық жасамауға және т.с.с. үйретеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сәйкес әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ол әркімнің дінге көзқарасын дербес белгілеуге, діннің кез келгенін уағыздауға, ұстануға немесе ұстанбауға құқығы бар екендігін білдіреді.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін қоғам мен мемлекет өмірінің демократиялануы діни жағдайларға да игі әсерін тигізді. Дінге сенушілер көптен күткен бостандықтарын алды, елімізде діни өмір жандана бастады. 1992 жылдың 15 қаңтарында “Дін ұстану бостандығы және діни бірлестіктер туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Ол діни бірлестіктер қызметін құқықтық жағынан реттейді. Азаматтарды дінге деген көзқарасына қарап олардың құқықтарын шектеу немесе осыған байланысты жауыздық пен алауыздықты тудыру, не азаматтардың сезіміне кір келтіру Қазақстан Республикасының Заңы бойынша жауапқа тартылады.

Соңғы кезде елімізде дінге сенушілердің саны көбеюде. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, қазір олар халықтың 35—40 пайызын құрайды. Республикамызда 2000-ға жуық діни бірлестіктер жұмыс істейді. Елімізде көптеген діни мектептер ашылуда, бірқатар жастар шетел діни оқу орындарында оқуда. Шамасы келгендер Меккеге барып, қажылық жасауда. Мұның бәрі елімізде дінге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, халқымыз адамзат өркениетінің, рухани байлығының бір көзі — дінімен қайта қауышуда.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы деген не?
2. Қоғамның әлеуметтік құрылымы қалай жіктеледі?
3. Республикамыздағы әлеуметтік құрылымның даму үрдісін (тенденциясын) қалай түсінесіз?
4. Ұлттық саясат деп нені айтады?
5. Тұлға өзінің ұлтын қандай белгілерге байланысты анықтайды?
6. Адамдар қауымдастығының қандай түрлерін білесіз?
7. Қоғамның саяси өміріндегі діннің орны қандай?

II - т а р а у. САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ

§ 1. Саяси сана және саяси идеология

Саяси сана деп өмірдегі саяси қатынастарды бейнелейтін, оларды түсініп-сезінетін, адамдардың бұл саладағы іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік сезімдер, түсініктер, көзқарастар жиынтығын айтады. Ол мемлекеттің, қоғамның саяси жүйесінің пайда болуымен бірге дүниеге келеді. Әлеуметтік, ұлттық мүдделерді, мемлекет алдындағы мақсатты жүзеге асырумен байланысты болса, қоғамдық сана саяси мағынаға ие болады. Саяси сананың негізгі мәселесі — мемлекеттік билік, оның қызметі. Мұнда топтардың, таптардың, партиялардың экономикалық мүдделері мен мақсаттары, өкімет билігі үшін күресі және оны сақтап қалу міндеттері, бұл жолдағы әрекет, амал, ұмтылыстары өз көріністерін тауып жатады.

Саяси сана әр түрлі қызметтерді атқарады. Олардың ішінде негізгілері мыналар:

- 1) қоғамдық сананың саяси ғылым, саяси теория сияқты құрамдас бөліктері арқылы саяси шындықты бейнелеу;
- 2) тұжырымдамалық түрде субъектінің мақсат-мүдделерін білдіру арқылы оның саясат әлеміндегі іс-әрекеттеріне бағдар беру. Бұл қызметті іс жүзінде идеология атқарады;
- 3) саяси психологияның әр түрлі көріністері арқылы көңіл-күйді білдіру. Өйткені, әлбетте, адамдарды іс-әрекетке итермелейтін психологиялық себептер.

Саяси сана қарапайым саяси сана және теориялық саяси сана, саяси психология және саяси идеология деген деңгейлерден тұрады.

Қарапайым (күнделікті тұрмыстық) *саяси сана* қалыптасып жүйеге түспеген, күнделікті саяси өмірден туған әдет-ғұрып, дағды, дәстүрлі нанымдар, тағы сол сияқтылардың жиынтығы. Ол күн сайынғы саяси өмір тәжірибесін байқап, пайымдаудан пайда болады. Саясаттың тереңіне бойламай, себеп-салдарын сараламай, көбіне сыртқы белгілеріне байланысты қорытынды жасайды. Сондықтан ол саяси сананың төменгі сатысына жатады.

Теориялық саяси сана жағдайлардың мән-мағынасын анықтап, оларды айтарлықтай жоғары дәрежеде теориялық тұрғыдан жинақтап бейнелейді. Сондықтан ол тұжырымдамалар мен көзқарастардың жүйесі болып келеді.

Теориялық саяси сана қарапайым саяси сананың негізінде пайда болады және олар бір-біріне ықпал етеді. Ол қарапайым саяси сананы өңдеп, мәдени өзгертіп отырады.

Теориялық саяси сана қарапайым саяси сана сияқты стихиялық түрде тумайды. Оны арнайы дайындығы жоғары саяси сауаты бар теоретик адамдар ойлап шығарады.

Саяси психологияға саяси өмір жағдайының ортақтығы негізінде адамдар ұжымдарында, әлеуметтік топтар, таптарда, жеке адамдарда туындайтын сезімдердің, көңіл-күйдің, әдет-ғұрыптардың, мінездің ерекше белгілерінің жиынтығы жатады. Ол қарапайым саяси сана сияқты саяси өмірдің тікелей тәжірибесінен туады. Бірақ қарапайым саяси санада өмірді танып-білуіне, хабардарлығына көңіл бөлінсе, мұнда сол жағдайларда адамның қатынасуына, өмірді бағалауына баса назар аударылады. Қандай болсын саяси идея адамдардың белгілі бір сезімін тудырып, көңіл-күйіне әсер етпей қоймайды. Мұның бәрі саяси психологияға жатады. Қарапайым саяси сана мен саяси психология бір деңгейде. Сондықтан олар бір-біріне әсер етіп, байланысып, жымдасып жатады.

Саяси психология, жоғарыда көрсетілгендей, әр түрлі іс-әрекеттерге соған сәйкес сезімін оятып, қоғамдық қозғалыстарда маңызды рөл атқарады. Сондықтан саяси бағытты жоспарлап, оны жүзеге асырарда халықтың саяси психологиясын ескерудің маңызы зор. Ол үшін адамдардың көңіл-күйін зерттеп, олардың қандай саяси әрекетке қалай жауап берерін болжай білген жөн. Себебі, бұл саладағы қателік қоғамда дау-дамай, шиеленістер, адамдар, ұлттар арасында қырғиқабақтық, тіпті егес тудыруы мүмкін. Мәселен, Гитлер екінші дүниежүзілік соғысты ашарда неміс халқының санасына басқа халықтармен салыстырғанда олардың ерекшелігін, артықшылығын сіңіргісі келді. Көбі оған сенді де, сонына ерді де. Бұл халықтың психологиялық ерекшеліктерін қалай пайдалана білгенін байқатады.

Саяси сананың құрамдас бөлігі және өзегі — саяси идеология. “Идеология” деген ұғым гректің *идея* — бейне және *логос* — білім деген сөздерінен шыққан. Ғылыми айналымға, әдебиетке француз ғалымы және фәлсафашысы *А. Дестют де Траси* (1754 — 1836) кіргізді. Ол идеологияны идеялар, олардың қалай пайда болатындығы және әрекет ететіндігі жөнінде ғылым деп түсіндірді. Кейін келе бұл сөздің мән-мазмұны өзгерді. Қазір *идеология деп адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олар-*

дың мақсат-мүдделерін білдіретін және қорғайтын идеялар мен көзқарастар жүйесін айтады.

Идеология әр түрлі — саяси, құқықтық, этикалық, діни, эстетикалық, фәлсафалық болып келеді. Сонымен қатар қандай идеология болсын саясатпен тығыз байланысты және саяси сипаты болады. Саяси идеологияға белгілі бір адамдар тобының қоғам құрылысы және дамуы, ондағы қатынастарды орнықтыруға немесе өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалар мен пікірлердің жиынтығы жатады. Олар билік арқылы немесе оған ықпал ету арқылы өз мақсат-мүдделерін білдіреді және қорғайды. Саяси идеология — жалпы идеологияның да өзегі. Оның ерекшелігі — саяси болмысты түсіндіреді және оны сақтауға немесе өзгертуге іс-әрекетті бағыттайды.

Саяси идеология *Ағартушылық дәуірде* дүниеге келді. Бұл кезде адамдар өздері қойған мақсатына сәйкес қоғамда саналы тәртіп орнату мүмкіндігі туып, прогресс идеясы алға тартылады. Адамдардың мақсатты түрде іс-әрекет жасау мүмкіндігін негіздеуі идеялар туралы ғылымды талап етеді. Ол үміт етіп, болашақтан күткен қоғам туралы идеалистік түсініктерде білінеді.

Қоғам өмірінде идеология маңызды рөлді атқарады. Ол ең алдымен оның төмендегідей қызметтерінен білінеді:

1. Идеологияның танымдық рөлі. Ол саяси жүйені, саяси өмірді суреттеп, түсіндіреді.

2. Бағдарламалық қызметі. Ол қоғам, әлеуметтік прогресс, тұлға және билік және т. с. с. негізгі түсініктер туралы мағлұматтар беріп, адамның іс-әрекетіне бағыт-бағдар көрсетеді.

3. Жұмылдыру, іске тарту. Қоғамның жоғары, құнды идеяларын алға тартып, мақсат-мүдделерді айқындап, саяси идеология саяси іс-әрекетке тікелей түрткі болып, қоғамды, әлеуметтік топтарды оларды іске асыруға жұмылдырады, рухтандырады, шабыттандырады.

4. Амортизациялық қызметі. Саяси іс-әрекетті түсіндіру тәсілі болып, идеология әлеуметтік шиеленістерді бәсеңдетеді. Ұсынылған мұраттар сәтсіздіктен кейін күш жинап қайта серпілуге шақырады.

5. Бағалау қызметі. Идеология халық санасына қоғамның қазіргі және болашақтағы дамуына өлшемдік баға берерлік жағдай жасайды, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіпке белгілі бір көзқарас тудырады.

Саясаттың қандай субъектісіне болсын идеология қажет. Ол — адамдарды рухани біріктіріп, топтастырудың және басшылық-

тын құралы. Саяси қатынастар саласында олардың іс-әрекетіне бағдар береді, еркін қалыптастырады, саяси қызметке ұмтылдырады, белсенділігін арттырады. Саяси қызметке қатысушылардың іс-әрекетіне мақсаттылық, жүйелілік, дәйектілік енгізеді.

Саяси идеология теориялық тұрғыда топтың, таптың негізгі мүдделерін танытады, оларға мұраттар, ережелер, рухани байлықтар, бағалы бағыттар жүйесін береді. Сол арқылы күрестің нақтылы мақсаттарын, оларды жүзеге асырудың құралдары мен жолдарын белгілейді. Саяси идеология арқылы тап өзіндік санаға, жеке тұтастық сезімге ие болады. Көзқарастары бірыңғай қоғамдастықтың мүшесі болып сезіну — әрбір саяси қозғалыстың мүшесін байланыстырып тұратын түйіні. Сонымен қатар идеология — сезім тудыратын нышандар жиынтығы. Олар адамдар мен топтардың іс-әрекеттеріне мән-мағына беріп күшейтеді, асқақтатады. Мысалы, Отан үшін, ұлты үшін, халқы үшін адамдар ғажап ерлік жасап, өзін-өзі құрбан етуге дейін барады.

Жүйеленген түрінде саяси идеология партия бағдарламаларында, декларацияларында, манифестерінде, жарғыларында, сондай-ақ түрлі насихаттық құжаттарда қалыптасады. Сондықтан А. Грамши идеология халықтың ұжымдық еркін оятып, ұйымдастыру үшін қызмет етеді деген.

Идеологияны, жоғарыда айтылғандай, саналы түрде қоғамның білімді өкілдері, идеологтер-саясатшылар, фәлсафашылар, әлеуметтанушылар, заңгерлер, экономистер, ақын-жазушылар, т. т. жасап шығарады. Ол ақпарат құралдары арқылы таратылады, халықтың санасына сіндіріледі.

Саяси идеологиялар мазмұны, мақсаты жағынан прогрестік, либералдық, революциялық, консервативтік радикалдық, реакциялық, шовинистік, ұлтшылдық және т. с. с. болып бөлінеді.

Кейбір ғалымдар идеологияның ұғымдары мен принциптерін нақтылы ғылымдардағы сияқты тәжірибе жүзінде тексеріп білуге келмейді деп оған күмәнданушылықпен қарайды. Әрине, “еркіндік”, “теңдік”, “достық”, “егемендік”, “демократия”, “адам құқығы”, “азаматтық қоғам”, “құқықтық мемлекет” сияқты категорияларды мінеки деп тап басып көрсетуге келмейді. Дегенмен, идеология қоғамдық-саяси шындықты бейнелейтініне дау келтіруге болмайды. Сондықтан К. Маркс идеялар халық санасына сінгенде материалдық күшке айналады деп тегін айтпаған. Ол жоқ жерден бостан-бос пайда болмайды. Жана идеялар пісіп-жетілген тарихи міндеттерді көрсетеді. Адамзат өзінің алдына өзі шеше алатын міндеттерді ғана қояды. Себебі, міндеттің өзі осы

шешуге қажетті материалдық жағдайлар болып отырған кезде ғана немесе болуға таянған кезде туады.

XX ғасырдың орта кезінде америкалық саясаттанушы және әлеуметтанушы *Д. Бел* (1919) “Идеологияның ақыры” деген еңбегінде идеологияның дәуірі өтті деп жазды. Ол ғылыми-техникалық прогресс заманында идеологияның рөлі бірте-бірте өшеді-міс деп пайымдады. Бұл тезис 60 жылдары кең тараған студенттік қозғалыстарға жауап ретінде пайда болған. Бірақ одан өткен Американың атақты әлеуметтанушысы және экономисі *У. Ростоу* (1916) дүниетаным, көзқарасты, қоғамды дамытатын қозғаушы күш деп санады. Басқа сөзбен айтқанда, оның ойынша, дүниені билейтін идеялар. Сондықтан ескірген “идеологиясыздандыру” (деидеологизация) тұжырымдамасының орнына “қайтадан идеологиялану” (реидеологизация) ой-тұжырымы алға тартылды. Оның мағынасы саяси және әлеуметтік өмірдің идеологиядан тәуелділігі артып келе жатқандығын білдіреді. Тіпті, “идеологиясыздандыру” теориясының негізін қалаған *Д. Белл*дің өзі осы ғасырдың 70 жылдары қоғамдық өмірден идеологиялық фактордың жойылмайтындығын, оның қозғаушы күш екенін мойындады. Ол ескі идеологияның әлсіреуі жана­сын қажет етеді деген тоқтамға келді.

Бүгінгі таңда идеологияны тудыратын объективті себептер жойылған жоқ. Керісінше, қазіргідей өтпелі заманда оның маңызы зор. Қоғамда саяси сана, саяси идеологияның деңгейі неғұрлым жоғары болса, сол­ғұрлым саяси қате шешімдер қабылдау ықтималдығы азаяды. Идеологияның әлеуметтік негізі неғұрлым ауқымды болса, ол әлемдік өркениет жетістіктерін, жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына неғұрлым тереңірек сіңірсе, сол­ғұрлым өмір шындығын толығырақ бейнелейді, тарихи процестің заңдылықтарын дұрысырақ көрсетеді, ғылымға жақын келеді.

Саяси идеология бұқаралық ақпарат құралдарымен (БАҚ) тығыз байланысты. Оған баспасөз, радио, теледидар, бейнежазу, дыбыс-жазу кіреді. Бүгінгі таңда олар қоғамдық сананы қалыптастыруда шынайы болмыстан кейінгі негізгі құрал болып отыр. Американың саясатшысы *Г. Лассуэлл* (1902—1978) БАҚ-тың мынандай негізгі төрт қызметін атап көрсетті: 1) әлемдегі болып жатқан жағдай туралы хабарлар жинап тарату; 2) хабарларды “редакциялау”, тандау және түсінік беру; 3) қоғамдық пікір қалыптастыру; 4) мәдениетті тарату. Жоғарыда айтылғандардың ката-

рына бесінші етіп оның қоғамды саясаттандыруы мен бұқара халықты саяси ағартушылығын қосуға болар еді.

БАҚ азаматтар мен билік органдарына ең маңызды оқиғалар туралы мағлұматтар жинайды, таратады, оларға баға береді. Солардың негізінде тыңдаушыларды Үкіметтің, Парламенттің, партиялар мен қозғалыстардың іс-әрекеттері, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірі туралы пікірлері, көзқарастары қалыптасады.

Демократиялық қоғамда БАҚ қоғамдық пікірлермен қатар заңға сүйенеді. Олар өздері журналистік тергеу жүргізе алады. Тергеу қорытындылары жарық көргеннен кейін кейде арнаулы парламенттік комиссиялар құрылады, қылмыстық істер ашылады немесе маңызды саяси шешімдер қабылданады.

Қазіргі дүниеде БАҚ-қа жол ашу — ықпалды оппозиция қалыптастырудың қажетті шарты. Қоғамдық санаға плюрализм, сөз бостандығы принциптерін сіңірудің маңызы зор. Алайда, мұндай бостандық ауызға не келсе соны айту деген сөз емес. Мысалы, аумақтық тұтастықты, халық топтары арасында алауыздықты тұтандыруға жол берілмеуі керек. Саяси оқиғаларды шынайы бейнелеу, тарату мемлекеттің тұрақтылығын арттырады, қоғамды тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдары әр түрлі мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Олар азаматтардың саяси сауатын көтеруі, өзінің адамгершілігін сезінуі, абыройын жоғары ұстау, еркіндікке, әлеуметтік әділеттікке ұмтылыс, саяси процеске салауатты, білікті қатынасуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар жалған хабарлар таратуы, үрей-қорқыныш, сенімсіздік тудыруы мүмкін. Біраз жағдайда саясаткерлер БАҚ-ты халық санасын күнгірттендіріп, өздерінің айла-шарғыларын асырып, қулықтарын білдірмей, жасырын жүргізіп, дегендеріне жетудің құралы етеді. Оның тәсілдері сан алуан: деректерді бұрмалау, өзіне тиімсіз хабарларды айтпау, өтірік-өсек, лақаптарды тарату, шындықты толық жеткізбеу, т. т.

БАҚ-тың рөлі, әсіресе Президент, Парламент сайлаулары кезінде артады. Олар үгіт-насихат, жарнама, т. т. арқылы саяси серкелер туралы кеңейтілген мағлұматтар беріп, арнайы бейнесін (имидж) жасайды. Мұнда да саяси басшыны қай қырынан көрсетіп, оған қаншалықты уақыт бөлудің де маңызы зор. Сондықтан демократиялық қоғамда мұндай келеңсіз жағдайларды болдырмаудың өз жолдарын іздейді.

Қазіргі заманда саяси идеологияның көптеген түрлері бар. Олардың негізгілеріне либералдық, консервативтік, коммунистік, социал-демократиялық және фашистік идеологиялар жатады. Енді соларға келейік.

§ 2. Қазіргі идеологияның негізгі түрлері

Саяси идеологияның тұңғыш түрлерінің біріне либерализм (латынның *либералис* — еркін деген сөзінен) жатады. Оның негізін салушылар: *Дж. Локк* (1632—1704), *Ш. Л. Монтескье* (1689—1755), *А. Смит* (1723—1790), *И. Кант* (1724—1804), *Т. Джефферсон* (1743—1826), *А. Токвиль* (1805—1859), *Дж. Миль* (1806—1873). Ол феодалдық қоғам ыдырап, буржуазиялық қоғамдық қатынастар қалыптаса бастаған дәуірде пайда болады. Буржуазия ол кезде экономикалық жағынан белсенділік, іскерлік білдірді, бірақ саяси жағынан еріксіз еді. Сондықтан өзінің саяси билікке деген дәмесін, талабын либералдық саяси доктрина арқылы білдірді.

Бүгінгі таңда либерализм — ең кең дамыған идеологиялардың біреуі. Ол үшінші сословиенің идеологиясы ретінде пайда болғанымен, кейін келе оның көптеген принциптері жалпыадамзаттық қажеттіліктерге сай келіп, ойынан шықты. Либерализмнің мұраттары (идеалы) қазіргі саяси демократия принциптерінің қалыптасуы мен жетілуіне, дамуына зор ықпал етіп, оның қазына байлығына енді. Оның идеялық негізінде көптеген басқа теориялар пайда болды.

Либералдық идеологияның негізгі принципі — адамның еркіндігі, тұлғаның табиғи құқықтары мен бостандықтарының қасиеттілігі мен ажырамастығы, олардың қоғам және мемлекет мүдделерінен жоғары тұруы. Экономикалық салада классикалық либерализм мына қағидаларға негізделеді: адамның жеке меншікке құқығы, нарықтың, бәсекеліктің, кәсіпкерліктің еркіндігі, экономикалық іс-әрекеттің мемлекеттен тәуелсіздігі. Осыған сәйкес мемлекет бір ғана қызметті — меншікті қорғау, “түнгі сақшылық” қызметін атқарады.

Саяси либерализм адамның еркіндігін шексіз құндылық деп біледі. Ол тек әділдікті білдіреді және ажырамас адам құқығына қол сұғудан, озбырлықтан қорғайтын заңмен ғана шектеледі. Демократияның либералдық түсінігі — адамдардың теңдігі, олардың өмір сүруге, еркіндікке, меншікке құқықтарының теңдігі. Мемлекет азаматтық қоғамнан ажыратылған. Мемлекет қызметі

занмен шектеледі, билік тармақталады. Кейінірек либералдық саяси көзқарас оны жалпыға бірдей сайлау құқығы, парламентаризм, саяси алуан түрлілік, жергілікті өзін-өзі билеу және т.б. идеялармен байытты.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы (1929—1933) терең дағдарыс либерализмнің әлеуметтік теңсіздіктің өсуін тоқтатуға мүмкіндігі аз екендігіне көз жеткізді. Шексіз бәсекелестік пен нарық адамдар арасындағы үйлесімділікке, экономиканың гүлденуіне әкелмеді. Сондықтан либерализм өз идеяларын қайта қарауға тура келді және ол *жаңарған либерализм (неолиберализм)* деген ат алды. Онда еркін нарықтық тетіктерді қалпына келтіру үшін мемлекет белгілі мөлшерде экономикалық және әлеуметтік салаға (салық, бюджет, жоспарлау арқылы) араласу керектігі негізделді. Мемлекет “түнгі сақшы” деген идеяның орнына “жалпыға бірдей игілік мемлекеті” деген идея келді. Сонымен қатар басқарушылар мен бағынушылар арасындағы рөлдің қатан бөлінуі барлық саяси күштердің мәмілеге келу тезисімен алмастырылды. Қоғамдағы барлық жіктердің мүдделерін қорғайтын “плюралистік демократия” идеясы, олардың саяси өмірге араласуы, шешімдерді демократиялық жолмен ашық қабылдау, т.т. алға тартылды. Мұның бәрі либерализм саясатының мәніне және Батыс демократиясының идеологиялық негізіне айналды.

Жаңарған либерализмнің негізгі өкілдеріне Ф. Фон Хайек, Дж. Кейнс, Дж. Гэлбрейт және т.б. жатады. Оның идеологиясына көптеген партиялар сүйенеді. Мысалы, Жапонияда 1955 жылдан бері билік басында сол елдің ең үлкен партиясы — либералдық-демократтар партиясы отыр. Либералдар Англияның, Австрияның, Канаданың және т.б. елдердің саяси өмірінде өздерінің лайықты орындарын алуда. Мұның бәрі жаңарған либерализм идеологиясы әлемдік халықтардың саяси өмірінде елеулі рөл аткарып отырғанын байқатады.

Консервативтік (латынның *консервативус* — қорғаушы деген сөзінен) идеология Ұлы Француз революциясының (1789) саяси идеялары мен оқиғаларына жауап ретінде дүниеге келді. Бұл революцияны олар қоғамдық былықтың, бүліншілік пен күйзелістің себебі деп санады. Бірақ ол бастауын XVII ғасырда пайда болған дәстүрлік діни-монархистік қорғаушы ағымынан алады. Ол ағым дәстүрлі монархиялық биліктегі саяси өмір құрылысын, феодалдық тәртіптер мен оның рухани құндылықтарын сақтағысы келді. Консерватизмнің негізін қалаушыларға ағылшын фәлса-

фашысы және мемлекет қайраткері *Эдмунд Берк* (1729—1797), француз публицисі және қоғам қайраткері *Жозеф де Местр* (1754—1821), немістің тарихшысы, құқықтанушысы *Фридрих фон Савиньи* (1779—1861), Австрияның канцлері *Меттерних* (1773—1859) және т.б. жатады. Консерваторлар монархияны калпына келтіруге және феодалдық-аристократиялық құрылыстың дәстүрлі құндылықтарын қайта түлетуге тырысты. Олардың ойынша, ортағасырлық тәртіп, қауымдастық қатынастар, отбасы, мектеп, шіркеу қоғамды біріктіреді, оның бірлігін және дамудағы сабақтастығын қамтамасыз етеді. Өмірде әдет-ғұрып, дәстүр негізгі рөл атқарады. Сондықтан қоғамдық дамудың негізгі өлшемі әдет-ғұрыпты және халықтың мінезін өзгертуде. Олар ағартушылық пен революцияға, сана мен прогреске қарсы тұрды. Олардың саяси идеологиясының өзекті мәселелері — күшті мемлекет, айқын саяси жіктелу, биліктің төбе топ қолында болуы. Еркіндікті тұлғаның қоғам мен мемлекетке бағынуы және оларға адалдығы деп түсінді.

“Саяси идеологиялар” деп аталатын немістердің оқу құралында консервативтік көзқарасқа мынадай анықтама беріледі: “ол — дәстүр, діншілдік, бедел, еркіндік және жауапкершілік, адамдардың табиғи теңсіздігі, бір нәрсеге сенімсіз, шүбәланумен қарау принциптерінің жиынтығы”.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында консерватизм негізгі қағидаларына өзгерістер енгізді. Ол еркін нарықтық қатынастар, алуан түрлілік және саяси демократия принциптерін қабылдады. Осы ғасырдың 70 жылдарынан Батыстағы консервативтік ой-пікірдің жетекші бағыты *жаңарған консерватизмге (неоконсерватизмге)* айналды. Ол жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдығын мойындауға бет бұрды. Билікке төбе топ, аристократиялық көзқарастар тұрғысынан қарауды бәсеңдетті. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметтері едәуір шеттетілді. Мемлекеттік меншік жекешелендіріле бастады. Мұның бәрі жаңарған консерватизмге жаңа леп беріп, Батыс елдерінде орта таптың идеологиясына айналдырды. Оның үстіне ол XX ғасырдың 70 жылдарында экономикалық құлдырауды тоқтатудың жолын таба білді. Бұл оның абыройын арттыра түсті. Технологиялық революцияның жаңа дәуірдегі қажеттілігіне жауап беретін экономиканың құрылымын қайта қарауға тура келді. Бұрынғы тұрмыс дәрежесін көтеруге бағытталған дәстүрдің орнына ынталандыратын жаңа жүйе енгізілді. Жұмысшылардың өмір сүру сапасына баса назар аударылды. Жаңарған консерва-

тизм либералдық және социалистік сипаттағы бірқатар адамгершілік түсініктерді біріктіріп қабыл алды. Жанарған консерватизм өкілдеріне Д. Белл, З. Бжезинский, Н. Кристолл және т.б. жатады. Олардың қатарына бұрынғы АҚШ президенттері Р. Рейган, Д. Буш, Англияның бұрынғы премьер-министрі М. Тэтчер, қазіргі ГФР-дің канцлері Г. Коль және т.б. кіреді.

Тұңғыш консервативтік партия 1867 жылы Англияда пайда болды. Ал XX ғасырдың 80 жылдары консервативтік партиялардың мерейі үстем болып, Англия, АҚШ, ГФР және т.с.с. елдерде олардың өкілдері билік басына келді.

Коммунистік (латынның *коммунис* — жалпы деген сөзінен) идеялар XIX ғасырдың орта кезінде дүниеге келген. Негізін салғандар *Карл Маркс* (1818—1883) пен *Ф. Энгельс* (1820—1895). Олар жан-жақты дамыған, еркін адамды қалыптастырғылары келді. Ол үшін тап күресі жүргізілуі, жұмысшы табы буржуазияны күртуы керек. Олардың ойынша, социализмді орнататын бірден-бір құрал — социалистік революция. Оны жасай алатын бірден-бір күш — жұмысшы табы. Мемлекеттік биліктің таптық сипаты болады. Социалистік революция нәтижесінде ескі мемлекет түбірімен қиратылады да, оның орнына жана мемлекет — пролетариат диктатурасы орнайды. Барлық тарихи прогресс қоғамдық-экономикалық формациялардың жүйелі түрде ауысуымен байланыстырылады. Олар жеке меншікті жойып, қоғамдық меншікті орнатқысы келді. Коммунистік қоғамда мемлекет, саясат болмайды деп саналды.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында марксистік саяси идеология революциялық және реформистік болып екіге бөлінді. Революциялық ағымды *В. И. Ленин* (1870—1924) басқарды. Ол марксизмді демократиялық революцияда пролетариаттың басшылық ету керектігі, партияның рөлі, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы, социализмнің алдымен бірнеше елде немесе тіпті жеке бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы теориялармен байытты. Реформистік идеялар немістің социал-демократы *Э. Бернштейн* (1850—1932) мен немістің тарихшысы және экономисі *К. Каутскийдің* (1854—1938) еңбектерінде дамытылды. Кейін ол өзінше бөлек идеялық-саяси бағытқа — *социал-демократияға* айналды.

XX ғасырдың аяғында марксизм күйзеліске ұшырады, коммунистік идеологияның ықпалы күрт төмендеп кетті. Бүгінгі таңда ол Қытай, Корея Халық-Демократиялық Республикасы, Кубада сақталды.

Жоғарыда көрсетілгендей, социал-демократиялық идеологияның теориялық негізін салған Э. Бернштейн. 1899 жылы оның “Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның мақсаты” деген еңбегі жарық көрді. Онда ол капитализмнің өзін-өзі дамытуға мүмкіншілігі бар екендігін көрсетті. Соның негізінде классикалық марксизмді қайта қарап, оған өзгерістер енгізді.

Социал-демократия идеологиясы “демократиялық социализм” идеясын алға тартты. Оның басты құндылықтары — еркіндік, теңдік, әділеттілік және ынтымақтастық. Бұл құндылықтарды, олардың ойынша, экономикалық, саяси және рухани демократия арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Ол аралас экономиканы, мемлекеттік әлеуметтік-реттеу рөлін, саяси өмірді демократиялық түрде ұйымдастыруды талап етеді.

Саяси демократияға мынадай негізгі принциптер кіруге тиіс: адам құқықтары, сөз, ой-пікір, баспасөз, білім алу, ұйымдар құру, дінге сену бостандығы, өзін-өзі басқару және т.с.с. Сонымен бірге мұнда халықтың өз еркімен көңіл білдіруі арқылы бөгетсіз үкіметті бейбіт жолмен алмастыру мүмкіндігі де кіреді.

Қазір социал-демократтар экологиялық қауіпсіздікке, адамды қоршаған ортаны жанартуға, жандандыруға көп көңіл бөлуде. Олар Еуропадағы әлеуметтік және экологиялық түлеген индустриалды өркениеттілік орнатпақ.

Социал-демократияның Социалистік интернационал деп аталатын халықаралық ұйымы бар. Оған барлық континенттен 70-ке жуық партиялар кіреді. “Социалистік интернационалдың принциптер Декларациясында” (1989) әлемдік мәселелерді шешуге зор көңіл бөлінген. Оларға кіретін басым бағыттар: бейбітшілікті және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Батыс пен Шығыстың арасындағы қатынастарды жақсарту, колониализм мен нәсілшілдікті жою, жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті жасау, қоршаған ортаны сақтау және т.б.

“Демократиялық социализм” тұжырымдамасы Швеция, Австрия, Швейцария, Норвегия және т.б. Еуропа елдерінде табысты іске асуда. Социал-демократиялық партиялар Латын Америкасында, Азияда, Таяу Шығыс елдерінің бірқатарында мықты позицияға ие болып отыр.

Фашизм (Италияның *фашизмо* — бірлестік деген сөзінен шыққан) 1919 жылы Италия мен Германияда пайда болған. Негізін салушылар: **Ф. Ницше** (1844—1900), **Дж. Джентилле** (1875—1944), **О. Шпенглер** (1880—1936). Бұл кезде капиталистік елдер терен

дағдарысқа ұшыраған. Мұндай жағдайда классикалық либералдық құндылықтар адамзат іс-әрекетіне дем беріп, ынталандыра алмады және қоғамды біріктіруге шамасы келмеді. Халықтың жалпы жоқшылыққа ұшырауы, кедейленуі, бұрынғы әлеуметтік құрылымның ыдырауы, көптеген табынан айрылған, азғынданған қаңғыбастар таптарының пайда болуы либералдық еркін тұлға идеяларын күнсыздандырды. Олардың басын біріктіріп, рухтандыратын ұлттық бірігу және қайта өркендеу идеялары болды. Ол 1914 — 1918 жылдары бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған Германия үшін өте қажет еді. Сондықтан фашистік идеология олардың ойынан шықты.

Бұл идеологияның басты ерекшеліктері — еңбекшілерді басып-жаншу үшін зорлықтың шектен шыққан түрлерін қолдану, шовинизм, нәсілшілдік, экономиканы мемлекеттік-монополиялық реттеу тәсілдерін кеңінен пайдалану, азаматтардың қоғамдық және жеке өмірін толық бақылау, т.т. Соғысқа дайындалу, көсемшілдік идеялары кең тарайды. Фашистік идеологияның негізгі қағидалары А. Гитлердің “Менің күресім” (1925) деген кітабында баяндалады. Онда соғыс тазартушылық процесс ретінде сипатталады, неміс ұлтының тазалығы, оның басқа халықтан “артықшылығы” дәріптеледі.

Қазіргі кезде фашистік идеологияны көпшілік жаратпайды. Дегенмен, бірқатар елдерде жанарған фашистік топтар пайда болуда. Олар террорлық әрекеттер арқылы қоғамдық жағдайды, шиеленістерді, саяси дағдарыстарды тудыруға ықпал етеді.

Сонымен біз қазіргі идеологияның негізгі түрлерін қарастырдық. Енді олардың біздің елдегі жағдайға ықпалына тоқталайық. Біздің республиканың өміріне елеулі ықпал етуші — *жаңарған либерализм*. Оған айғақ — экономикада жеке меншіктің дамытуы, жекешелендірудің жүргізілу бағыты, еркін нарық пен бәсекені мойындау, әлеуметтік теңдік принциптерін жоққа шығару, дарашылдыққа (индивидуализмге) бетбұрыс және т.т. Дегенмен, мұның бәрін абайлап, жақсы ойластырып енгізбесе болмайды. Себебі, біздің өз дәстүріміз, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағдайларымыз бар. Оның ішінде ең бастысы — казак халқында либералдық идеяның тірегі болып табылатын дарашылдық болмаған. Біздің халық ықылым заманнан бірлесіп, ұжымдасып тіршілік еткен. Соны ескерген жөн сияқты.

Десе де либералдық құндылықтарды басшылыққа алған реформаның бастапқы кезеңі біз үшін онша сәтті болмады. Мүліктік

тенсіздік өрістеп, көпшілік жұрттың өмір деңгейі төмендеп, күйзеліске ұшырауда. Сондықтан халықтың жалпы алғанда, либералдық құндылықтарға ұмтылысы бәсеңдеп, жаңа жағдайда өмір сүруге көндікпей жатыр. Нарықтың жабайы түрінен ығыр болған біраз жұрт баяғы әлеуметтік қорғалуды, теңгермешілікті дұрыс көргендей. Коммунистік, ұлтшылдық және т.с.с. идеологиялардың әсері өсіңкіреуде. Әрине, баяғы кеңестік жолға қайта оралу жақсылық әкелмейтіні белгілі. Ал нарықтық экономиканың біздің жағдайымызға лайықты, тиімді жолын ғылыми тұрғыдан тексеріп, тауып, байсалды жүргізген абзал.

Кейбіреулер кеңес өкіметі күйрегеннен кейін коммунистік идеологияға тойдық қой, енді идеологиясыздану керек дегенді айтады. Ол дұрыстыққа жатпайды. Себебі, идеологиялық құндылықтарды басшылыққа алмаған, оған сүйенбеген тарихта ешбір саяси жүйе болмаған. Сондықтан да болар, белгілі Америка саясаттанушысы Д. Истон “идеологияның ақыры” деген тезисті іс жүзінде консервативтік-демократиялық идеологияның бүтіндей билеуін бүркемелейтін аңыз деп санады. Ал немістің осы мәселелер жөніндегі ірі маманы К. Мангейм құлатылған идеологияның орнына лайықты алмастыру болмаса, ол жерде сөз жоқ *утопия* пайда болады деген.

Өтпелі қоғамды басынан кешіріп отырған біздің еліміз үшін саяси процесті ғылыми тұрғыдан дұрыс түсініп, ұғынудың қажеттілігі зор. Біздің мемлекеттік идеологиямыз болып жатқан оқиғаларға шынайы баға беріп, қазіргі тығырыққа тірелген экономиканы дағдарыстан шығарудың неғұрлым ұтымды жолдарын белгілеп, таяудағы және неғұрлым алдағы болатын болашаққа болжам жасап, бағыт беру, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-сана әлеуетін (потенциалын) көтеріп, оның рухани мәдениетін сақтау және дамыту сияқты өзекті, өмірлік маңызы бар мәселелерді жиі көтеріп, түсіндіруін халық асыға күтуде. Біздің идеологиямыз адамгершілік, мейірімділік, адалдық, парасаттылық, шыншылдық, еңбекқорлық, кәсіпкерлік, табандылық, ержүректілік сияқты асыл қасиеттерді адамдардың санасына сіңіріп, дарытуға қызмет етуге тиіс.

Сайып келгенде, еліміздің халқын, әсіресе жаңа ұрпақты патриотизмге, азаматтыққа тәрбиелемей, қоғамның бұдан әрі дамуының маңызды факторларының бірі — оны топтастыруға қол жеткізу мүмкін емес.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Идеология деген не? Оның ерекше белгілері қандай?
2. Қоғам мен жеке адамның өмірінде идеологияның маңызы неде?
3. Либералдық идеологияның негізгі қағидалары қандай?
4. Консервативтік идеологияның жағымды, жағымсыз жақтарына не жатады?
5. Коммунистік идеология не себепті пайда болды? Ол кімнің мүддесін қорғайды?
6. Фашистік идеологияның пайда болу себептері неде?
7. Социал-демократиялық идеологияның ерекшеліктеріне нені жатқызар едіңіз?
8. Қазақстандағы идеологиялық жағдай қандай деп ойлайсыз?

12 - т а р а у. СЯСИ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ

§ 1. Саяси мәдениет туралы ұғым, оның мәні мен қызметтері

Саясаттану ілімінде бұл тақырыптың маңызы зор. Ол нақтылы саяси жүйенің сипатын, қазіргі саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтардың саяси санасы мен іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси болжам жасауына тікелей әсер етеді.

Бұл ұғымның саясаттануға енгеніне көп болған жоқ. ХХ ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысы — 60 жылдардың басында Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай деген Американың зерттеушілері мен олардың шәкірттері саясатқа да, мәдениетке де қатысы бар өзгеше қоғамдық құбылыс жөнінде бірнеше жұмыстар бастырып шығарды. Олар кейін “саяси мәдениет” деген атпен кең тарап кетті.

Бірақ бұдан саяси мәдениет жөнінде бұрын ешқандай ой-пікір болмаған екен деген ой тұмауы керек. Себебі, антикалық ойшылдар, атап айтқанда, Платон (“Мемлекет”, “Зандар” деген еңбектерінде), Аристотель (“Саясат” деген еңбегінде), кейінірек Н. Макиавелли, Ф. Бэкон, Ш. Монтескье және басқа ойшылдар да бұл мәселеге көңіл аударған. Олар әр түрлі салт-дәстүрлерде тәрбиеленген, әр қилы әлеуметтік және саяси тәжірибе алған адамдар бірыңғай, біртектес жағдайды әр түрлі сезіп, оған сан қилы жауап қайтаратындығын байқаған. Бұл неліктен, неге байланысты болатындығын білгілері келген. Сол сұрақтарға жауап іздеген.

Саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оның негізгі пікірлерін жасауға М. Вебер, Э. Дюркгейм, Т. Веблен, Т. Парсонс сияқты батыстың ірі саясатшылары мен әлеуметтанушылары да елеулі үлес қосты. Ал жалпы “саяси мәдениет” деген ұғымды бірінші қолданып, ғылыми әдебиетке енгізуші деп XVIII ғасырда өмір сүрген немістің ағартушысы, фәлсафашы Иоганн Гердерді санайды.

Бірақ олардың қай-қайсысы болмасын “саяси мәдениетті” саяси өмірдің белгілі бір өрісін білдіретін саясаттанудың ұғымы ретінде қолданбады, мұны жасаған жоғарыда аттары аталған американдық ғалымдар болды.

Кейінірек бұл мәселені зерттеуге Польшаның, Кенес Одағының, Болгарияның және т. б. бұрынғы социалистік елдердің қоғамтанушылары қосылды. Бірақ, өкінішке орай, олардың басым көпшілігі “дамыған социалистік қоғамның” саяси мәдениеті дүниедегі ең озығы, ең демократияшыл деген желеуді дәлелдеуге тырысты.

Саяси мәдениет ұғымының жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Қазіргі саяси әдебиетте оның 30-дан астам анықтамасы кездеседі. Бұл мәселенің күрделілігімен әлі жете тексерілмегендігін білдірсе керек.

Саяси мәдениеттің мағынасын айқындау үшін ең алдымен оның құрылымын жақсы білген жөн. Бұл жөнінде де ғалымдар арасында келіспеушілік бар. Америкалық саясатшылар Г. Алмонд пен С. Верба саяси мәдениетті адамдардың психологиялық бағдарларының жиынтығы деп түсінеді. Бірталай саясатшылар оны саяси қазыналардың, нанымдардың, нұсқаулардың жиынтығы деп санайды.

Сонымен қатар басқа да көзқарастар бар. Мысалы, ағылшын саясатшылары Р. Карр мен М. Бернштейн саяси мәдениетке саяси идеялар мен әлеуметтік тәжірибе, адамдардың саяси өзін-өзі ұстауы да кіреді дейді. Олардың ойынша, саяси мәдениетке әлеуметтік топтардың саяси іс-әрекеттеріндегі тәсілдерді, саяси нанымның табиғаты және оның мүшелерінің қазыналары жатады.

Кеңес өкіметі кезінде бұл пікірге Ф. Бурлацкий мен А. Галкин қарсы шықты. Олар адамдардың саяси іс-әрекеттері саяси мәдениет ұғымынан кен, оны өз алдына бөлек зерттеу керек деп

пайымдайды. Бірақ бұл көзқараспен келісу қиын. Себебі, біріншіден, саяси мәдениеттен саяси іс-әрекет пайда болады. Екіншіден, егер адамдардың саяси өзін-өзі ұстауын саяси мәдениеттен бөліп алсақ, оның іс-әрекеттік жағы ескерілмей қалады. Ал қандай мәдениет болмасын ол сананың элементтерімен бірге нақтылы іс-әрекеттің бірлігін білдіреді. Сондықтан біз саяси мәдениетке саяси санамен қатар іс-әрекеттер де кіреді дейміз.

Саяси мәдениет қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени ұстауы, осы саяси жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті, өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар жатады.

Сонымен, саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.

Саяси мәдениеттің өзіндік міндеттері, қызметтері бар. Оларға танымдық, реттеушілік, тәрбиелік, біріктірушілік, қорғау, сабақтастық қызметтері жатады.

Танымдық қызметі — қоғам мен саясаттың дамуын айқындайтын заңдылықтар мен принциптерді танып-білуге, субъектіні саяси салада табысты жұмыс істеуге керекті біліммен, қоғамды басқарудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру.

Реттеушілік қызметі — саяси жүйенің қалыпты жұмысын, дамуын, саналы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, әлеуметтік-таптық, ұлттық қатынастарды реттеу.

Тәрбиелік қызметі — әркімді қоғамдық-саяси қызметке, әрекетке, саяси белсенділікке ынталандыру, табандылыққа, кеншілікке, төзімділікке, қоғам алдында жауапкершілікке баулу.

Біріктірушілік қызметі — қазіргі өмір сүріп отырған саяси жүйені қолдау арқылы әлеуметтік топтар, таптарды біріктіру, бұқараны мемлекет пен қоғам жұмыстарын басқаруға жұмылдыру.

Қорғау қызметі — қоғамның қарыштап алға дамуына сәйкес келетін саяси құндылықтарды, қазыналарды сақтау.

Сабақтастық қызметі — саяси тәжірибені бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғастырып, саяси процестің тоқтаусыз ұласып дамуын қамтамасыз ететін тарихи сабақтастық.

§ 2. Саяси мәдениеттің құрылымы және оны қалыптастыратын қоғамдық күштер

Жоғарыда біз саяси мәдениетке саяси сана мен саяси іс-әрекеттер жатады дедік. Кең мағынасында бұл дұрыс. Сонымен бірге ол — күрделі мәселе. Сондықтан өз кезегінде олар нені қамтитынын тереңірек білген жөн. Енді соған келейік.

Саяси сананың ішінде саяси мәдениетке ең алдымен қоғамның саяси өмірінің әр түрлі жақтарын бейнелейтін әдеттегі қалыптасқан *түсініктері* жатады. Ол саяси жүйе мен оның институттары, саяси тәртіп, билік тетіктері мен басқару, шешімдерді қабылдау мен іске асыру, билік өкілеттігінің иелері, саяси өмірдегі өз орны, саяси қызметке қатысудың күдіреттілігі мен тиімділігі жөніндегі және т. с. с. түсініктерді қамтиды.

Саяси мәдениеттің келесі құрамдас бөлігіне *саяси қазыналар мен құндылықтар* жатады. Ол “еркіндік”, “теңдік”, “әділдік”, “әлеуметтік қорғанушылық”, “автономия”, “төзімділік” және т. б. сияқты байлықтардың қайсысына басымдық, артықшылық беруінен байқалады. Мысалы, *біріншісі* — кейбір адамдар, топтар, тіпті тұтас ұлттар теңдікті қастерлеп, соған тұрақты бет бұрады. *Екіншісі* — еркіндікті, бостандықты аңсайды, ең басты байлық деп санайды. *Үшіншісі* — әлеуметтік қорғанушылықты (тіпті, ол тоталитарлық тәртіптің күшімен орнаса да) бәрінен артық көреді. *Төртіншісі* — автономияны қалайды және т. с. с. Мысалы, қойылған сұраққа жауап берген американдықтардың 74%-ы еркіндікті бірінші орынға қойса, 20%-ы теңдікті жақтапты. Ал еуропалықтар болса, тең жартысы бостандықты, соншасы теңдікті жоғары қойған. Бұдан біз кімдер қандай саяси бағдар ұстанатындығын байқаймыз.

Саяси мәдениеттің тағы бір ерекшелігі — *адамдардың мемлекетке, саяси партиялар мен ұйымдарға қатынасы*. Мысалы, американдықтар мемлекетке сыншыл, кейде жат көзбен қарайды, ал немістер болса, мемлекетке әрқашан түзу ниет білдіреді. Немесе партияға деген көзқарасты алайық. Францияда бірпартиялықты шеттен шыққан жөнсіздік деп санайды. Сондықтан онда бірпартиялық жүйе орнауы мүмкін емес. Ал кейбір елдерде оған үйреніп кеткен, оның ешқандай сөкеттігі жоқ сияқты. Демек, әрбір елдің, халықтың өз көзқарасы, қатынасы қалыптасқан.

Саяси мәдениетке *саяси бағдар ұстау* да кіреді. Ол субъектінің саяси құбылыстарға қатынасын білдіреді. Ол саяси білімін көте-

ру немесе оған мән бермеу, саяси жұмысқа белсене қатынасу немесе қатынаспау және тағы басқалардан көрініс табуы мүмкін. Мысалы, ағылшын сайлаушылары саяси серкеге емес, партияға бағдар алады. Ал АҚШ-та мемлекет басшысын сайлағанда партияға емес, президентке үміткердің тұлғасына бағдар ұстайды. Үндістанда да солай, кімді жақсы білсе, соған дауыс береді.

Саяси мәдениетте *әдет-ғұрып, жүріс-тұрыстың* да орны зор. Мысалы, екі жапондық кездесе бір-біріне иіліп сәлем береді. Сонда ол елдің ғұрпын білетін адам қайсысының қызмет бабында төмен тұрғанын бірден байқайды. Себебі, ол төменірек иіледі. Ал бұрынғы КСРО-да өтірік айту етек алған. Өтірік “халық жауы” деп соттау, интернационалдық борышымызды өтейміз деп Чехословакияның, Польшаның, Венгрияның, Ауғанстанның ішкі ісіне араласып, әскер кіргізу, сайлау кезінде сайлаушыларды алдау және т. с. с.

Саяси мәдениеттің ерекше белгісіне *саяси рәміздер* жатады. Әр халық өздерінің ғасырлар бойғы дәстүрлеріне сай ұлттық-мемлекеттік рәміздерін жасайды. Оған ең алдымен Жалау, Елтанба, Әнуран, Ата Заң, ақша белгілері және т. б. енеді.

Саяси мәдениетке жалпы *саяси жүйенің және оның институттарының қызмет етуі* кіреді. Ол мемлекеттің, партиялардың және т. б. сайлауды қалай ұйымдастыруын, әр түрлі деңгейде қабылданған саяси шешімдердің, саяси-әлеуметтік шиеленістерді ұғыну және зерттеудің мәдениеттілігін қамтиды. Әр түрлі елдерде бұл әрекеттердің үлгілері біркелкі емес. Мәселен, саяси шиеленістерді алайық. АҚШ-та әлеуметтік-саяси кикілжіңдерге қалыпты жағдай, тіпті, қоғамның ілгері дамуы үшін керек нәрсе деп қарайды. Сондықтан онда саясатшы дау-дамайдан қашпайды. Ол шиеленісті шешуге, саяси қопарылысқа жеткізбеуге, оны басқара білуге үйренеді.

Саяси мәдениеттің негізгі құрылымы осындай. Енді оны *қалыптастыратын қоғамдық күштер* қандай, оның мазмұны мен түрін кімдер айқындайды деген сұрақ туады. Соған келейік.

Саяси мәдениетті қалыптастыруға ең бірінші *мемлекет* қатысады. Ол бұл міндетін заң шығару, атқару және сот органдары арқылы атқарады. Мемлекет ұлттың саяси рәміздерін (Туын, Елтанбасын, Әнуранын және т. б.), адамның саяси өзін-өзі ұстау үлгілерін (мысалы, Кеңес өкіметі кезінде Павлик Морозовтың әкесін ұстап беру “ерлігі”) қалыптастырады. Егер мемлекет тоталитарлық сипат алса, онда оның рөлі тіпті жоғарылай түседі.

Себебі, ол демократиялық жағдайда азаматтық қоғамның қолында болатын міндеттердің бәрін жеке өз қолына жинап алады.

Мемлекетпен қатар (көп жағдайда сонымен тығыз байланыса отырып) саяси мәдениетті қалыптастыруға *қоғамдық ұйымдар*, әсіресе *партиялар* қатысады. Олар азаматтарды өз партиясының бағдарламаларымен таныстырады, партияларға және партиялық системаларға белгілі бір көзқарасты, қатынасты қалыптастырады, партия мен мемлекеттің қатынасы жөнінде мағлұмат береді. Партияның рөлі әсіресе мемлекетпен сіңісіп, тұтасып партиялық-мемлекеттік құрылыс құрған елдерде өте биік келеді. Мұндай жағдай көбіне партия бүкіл билікті қолына алған бірпартиялық системада орнайды.

Саяси мәдениетті қалыптастырушы күштерге зерттеушілер әрдайым *діни ұйымдарды* (шіркеу, мешіттерді) қосады. Олар мынау дұрыс, мынау бұрыс деген түсінік тудырып, бағыт беріп, адамдарға саяси сана мен өзін-өзі ұстаудың негізгі үлгі-өнегесін жасайды. Мысалы, олардың көбі қазір зорлық-зомбылыққа, озбырлыққа, күш көрсетуге қарсы. Мұндай жағдайларды олар көпшілік алдында айыптап, бетке басады. Сондықтан біраз елдерде олармен мемлекет басшылары санасуына тура келеді. Діннің рөлі, Ватиканды айтпағанда, әсіресе Италия, Иран, Польша сияқты елдерде кең өріс алған.

Саяси мәдениетті қалыптастыруда елеулі рөл атқаратын көпшілік *ақпарат құралдары*: баспасөз, радио, теледидар. Қазір оларды биліктің төртінші саласы деп жүргені тегін емес. Әсіресе, ғылыми-техникалық революция жағдайында теледидардың рөлі орасан өсті. Бүгін әлемде, өз елінде болып жатқан жаңалықтарды миллиондаған адам теледидар арқылы көзімен көре алады. Сондықтан ішкі және сыртқы саясат бойынша қабылданып жатқан шешімдер саяси сананы қалыптастыруға зор әсерін тигізетіндігі сөзсіз.

Бұл салада *бизнес әлемі* де белгілі рөл атқарады. Дамыған капиталистік елдердің саяси өміріне саудагерлік пен бәсекелестік едәуір әсер етеді. Мысалы, АҚШ-та және т. б. елдерде, әсіресе сайлау алдында көпшілік дауыс алу үшін саяси қайраткерлерді қайткенде жағымды жағынан жариялап, оның озық қасиеттерін суреттеп, жарнама жасауға баса назар аударылады. Басқа сөзбен айтқанда, саудагерлер өз тауарын тиімді сату үшін қаншалықты тырысса, сондай көріністі мұнда да байқауға болады.

Саяси мәдениетті қалыптастыруға тікелей және мақсатты түрде қатынасушылардың қатарына *академиялық қауым* да жатады. Оның рөлі әсіресе Америка Құрама Штаттарында өзгеше көзге түседі. Онда мемлекет пен университеттер, зерттеу орталықтарының арасында үздіксіз алмастыру тәртіпке айналып кеткен. Үкімет кабинеті ауысқанда, отставкаға кеткенде жоғары төрелер академиялық қауымға келеді (олардың көбі кезінде сол қауымнан көтерілуі мүмкін). Ал сайлауда жеңген партияны қолдаған көрнекті саясатшылар, экономистер, юристер үкімет үйіне көшеді (мысалы, У. Ростоу, Г. Киссинджер, Э. Бжезинский сияқтылар солай болған). Басқа сөзбен айтқанда, гуманитарлық ғылымдардың ірі өкілдері қоғамдық санада және қызметте бір принциптерді, нұсқаулар, ережелерді дайындап, екіншілерінің күйреуіне жол ашып, саяси ұсыныстарды дайындайтын теоретиктер ғана емес, оларды іске асыруға да белсенді араласады.

Кейбір елдерде саяси мәдениетті қалыптастыруға әскер қатысады. Мысалы, бұрынғы Пруссияның немесе фашистік Германияның, тіпті бұрынғы Кеңес Одағының саяси мәдениетінің біраз жақтары осыған айғақ бола алады. Онда армия жұмысының кейбір принциптері, ережелері, өнегелері азды-көпті болсын саяси өмірге ауады (мәселен, жеке-дара басшылық ету, бұйрық бойынша жұмыс істеу, асқан құпиялылық, күш қолдануға бейімділік, казармалық тәртіп және т. с. с.).

§ 3. Саяси мәдениеттің жіктелуі

Қоғамдық жағдайға және ондағы қалыптасқан саяси үлгілер мен ережелерге байланысты әр елдің саяси мәдениеті өзгешеленеді, ерекшеленеді. Батыс саясаттануында оны жіктеудің кең тараған түрі Г. Алмонд пен С. Вербаның “Азаматтық мәдениет” (1963) деген кітабында келтірілген. Онда Англия, АҚШ, ГФР, Италия, Мексиканың саяси жүйелерінің негізгі құрамдас бөліктері мен жұмыс істеу түрлері сараланып, салыстырылады. Соның нәтижесінде олар саяси мәдениеттің патриархтық, азаматтық, қоғамшыл деп үш түрпатын атап көрсетеді. *Патриархтық мәдениет* азаматтардың саяси өмірге ықылас-ынтасының жоқтығымен сипатталады. *Азаматтық түрпатында* адамдар саяси институттардың шешімдерін мойындап, толық орындайды, бірақ олардың жұмысына бел шешіп араласпайды. Саяси

мәдениеттің *қоғамшыл тұрпатында* азаматтар саясатқа зер қойып, оның жұмысына белсене қатысады. Ал өмірде көрсетілген тұрпаттар “таза” күйінде емес, бір-бірімен аралас түрінде кездеседі. Зерттеушілердің айтуынша, солардың ішінде кең тарағаны және қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге ыңғайлысы азаматтық мәдениет көрінеді.

Мәдениеттің өзгешелігі болмысты ұғынудың, оны бағалаудың, соған байланысты әрекет ету тәсілінің ерекшеліктеріне әкеледі. Белгілі бір жағдайға сай келетін саяси жүйелер басқа жағдайларда күйзеліс тауып жатады, белгілі бір әрекеттер бір халықты ойдағыдай жетістікке жеткізсе, екіншісін сәтсіздікке ұшыратады. Мұның бәрі көп жағдайда саяси мәдениетке байланысты екен. Егер біз неше түрлі әлеуметтік болмыста өмір сүріп, еңбек етуіміз мәдениеттің әрекеттестігінен десек, артық айтқандық болмайды.

Саяси мәдениеттің жоғарыда айтылған тұрпаттарынан басқа жеке әлеуметтік, этникалық, аймақтық және басқа саясат субъектілеріне тән құрылымдары да қалыптасады. Олардың билікке, саяси өмірді ұйымдастыруға, бақылауға және т. б. өзіндік көзқарастары пайда болады. Мұндай құрылымды субмәдениет дейді. Басқа сөзбен айтқанда, *субмәдениет деп қоғамда үстемдік еткен мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдарды айтады.*

Сонда субмәдениеттің пайда болу себебі қандай? Ол қоғамдық топтардың экономикалық, әлеуметтік жағдайларын, этникалық, діни, нәсілдік, білімдік, жыныстық, жас ерекшеліктеріне және т. с. с. белгілеріне байланысты. Мысалы, америкалық зерттеушілердің байқауынша, негрлердің субмәдениеттік өзгешелігіне олардың қатардағы адамдардың саяси белсенділігіне сенбеушілігі жатады. Олар саясат ақ нәсілділердің ісі деп есептейді.

Кейбір ерекшеліктер әйелдердің саяси субмәдениетінде де кездеседі. Мәселен, батыстың әйелдері консервативтік бағыттағы партиялар мен ұйымдарды қолдайды (бұл әйелдердің әлеуметтік қатынастарының төмендігінен, ерлерге қарағанда қоғамдық қозғалыстарға аз араласқандығынан, қалыптасқан әдеттен шықпауға тырысушылықтан болса керек).

Айтарлықтай айырмашылық жастардың саяси субмәдениетінде де кездеседі. Батыстың жастарын алсақ, олар адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өмірдің сапалылығы сияқты

күндылықтарды алға тартса, кариялар материалдык молшылықпен камтамасыз етілуді ұнатады.

Ал Қазақстанда болса оқуға түсе алмаған ауыл жастарының көбі жұмысқа орналасып, жұмысшылар жатақханасында жүр. Олардың арасында жартылай ауылдық, жартылай қалалық саяси субмәдениеттің пайда болуын байқаймыз.

Саяси мәдениеттің бірлігі қоғамның тұрақтылығын нығайтады, көптеген саяси процестерді дұрыс болжауға ықпалын тигізеді. Ал әр түрлі саяси субмәдениеттер, керісінше, қоғамдық-саяси өмірді тұрақсыздандырудың көзі болуы мүмкін. Қоғамдағы жағдай көбінде әр түрлі болғандықтан, субмәдениеттің де сан түрлілігі қалыпты құбылыс. Сондықтан олардың мүдделерін үйлестіріп, бастарын қосып, бірлестіре жұмыс істеуге тура келеді. Ол үшін қоғам терең ойластырылған мәдениет саясатын жүргізуі керек. Жұртшылықтың саяси мәдениеті жоғары болуы үшін мемлекет ел ішіндегі және басқа елдердегі болып жатқан өзгерістер, жаңалықтар жөнінде жан-жақты хабардар етіп отырғаны орынды. Сонда ғана елдің азаматтары бұл мәселелер жөнінде жетік біліп, дұрыс баға бере алады. Көлемді және сенімді мәлімет алып тұруы, дамыған хабарламалық жүйенің болуы — қоғамның саяси мәдениетінің, саяси қатынастарының қаншалықты дамығандығын көрсетеді.

Халық арасында мәдениет саясатын жүргізгенде мына мәселелерге ерекше мән берген жөн: сол елдің Конституциясын, өзінің саяси құқығын, бостандығы мен міндеттерін білуі; мемлекеттік құрылыс, саяси жүйе, қоғам мен мемлекетті басқару түрлері мен тәсілдері жөнінде де хабардар болу, саяси мәселелерді шешу; мемлекеттің, халықтың асыл мұратын білу; билік пен саясат жөнінде жалпы білім беру; әлеуметтік процестерді басқарудың негізінде жатқан саясаттың, ережелер, принциптер, идеялардың мәнін түсіну және т. с. с.

Мәдениет саясатын жүргізудің жолдары мен тәсілдері мол. Оған ең алдымен оқу-ағарту жүйесін жетілдіру, халықтың білімін көтеру жатады. Бұл жолда әсіресе қоғамдық ғылымдардың рөлі зор. Олар адамдарға өздерінің саяси қатынастарының қожасы болуына, әлеуметтік тұрмысының заңдылықтарын меңгеруге көмектеседі. Бұл ғылымдар халықтарға өмірді жаңа негізде құруға, қоғамдық қатынастарды жетілдіруге, әлеуметтік, экономикалық процестердің болжамын жасауға кең өріс ашады.

Халықтың саяси мәдениетін көтеруге тек белгілі саяси білімді менгеріп, саяси құбылыстар мен процестерді, заңдылықтар мен принциптерді түсіну ғана емес, сонымен қатар қоғам алдында өз жауапкершілігін сезініп, жалпы адамзаттық қазынаны сақтап, молайтуға тырысу, Отанға қауіп төнсе, оны қорғай білу де жатады.

Енді бүгінгі Қазақстанға келсек, еліміздің саяси мәдениетін тап басып айту қиын. Себебі, республикамыз өтпелі кезенді басынан кешіріп отыр. Халықтың санасында, іс-әрекетінде өткен дәуірдің де, бүгінгінің де, болашақтың да мәдениетінің көріністерін байқаймыз. Мәселен, біраз адамдардың санасында жеке тұлғадан гөрі бұрынғыдай мемлекеттің басым тұрғандығы сезіледі. Бірталайы болашақты күтумен күн кешуде. Ал болашақ дегеннің өзі бүгіннен басталады ғой. Сондықтан әркімнің қазіргі саяси өмірге белсене араласып, қоғамымыздың тезірек демократиялануына өз үлесін қосқаны абзал.

Қазір біздің Қазақстан — егеменді ел. Алғашқы Ата Заңымызда демократиялық зиялы мемлекет құру жолында көптеген бостандықтар мен еркіндіктер берілген болатын.

Қазақстан Республикасының жана Конституциясында да адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Әркімнің өмір сүруге, жеке басының бостандығына құқығы бар. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Адамның қадір-қасиетіне, жеке өміріне қол сұғылмайды. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Ата Заңымызда бұдан басқа да құқықтар мен еркіндіктер берілген. Мұның бәрі Қазақстан халқының демократиялық жолмен даму тарапындағы алғашқы қадамдары деп білеміз. Сонымен қатар ол саяси мәдениеттің даму деңгейін де аңғартады.

§ 4. Саяси әлеуметтенудің түсінігі мен мәні

Адамдар туғанынан саяси сауатты, саяси өмірге бейімделіп тумайды. Олар біртіндеп, өмір бойы саяси білімін кеңейтеді, толықтырады. Саяси мәдениеттің үлгілері бір дәуірден екінші дәуірге мұра ретінде қалып, соңғы ұрпақ алдыңғы ұрпақтың үлгі-өнегесінен үйреніп отырады. Мұндай процесті ғылым тілінде саяси әлеуметтену дейді.

“Әлеуметтену” деген ұғымды XIX ғ. аяғында Америка әлеуметтанушысы Ф. Гидденс және француз әлеуметтанушысы және

психологі Г. Тар ғылыми айналымға енгізді. Олар әлеуметтену деп тұлғаның әлеуметтік ортаға байланысты қалыптасуын айтты. XX ғасырдың 50—60 жылдарында осы ұғым негізінде Америка әлеуметтанушылары және саясаттанушылары “саяси әлеуметтену” деген ұғымда ойлап шығарды. Г. Алмонд, С. Верба, Д. Истон еңбектерінде бұл ұғым кеңінен пайдаланылды. Олар бұл ұғымға жеке адамдардың осы қоғамдағы саяси құндылықтарды, қалыптарды, ережелерді өз бойларына сіңіріп, іс-әрекетінде басшылыққа алуын жатқызды.

Ресей саясаттанушысы Е. Б. Шестопал саяси әлеуметтену деп тұлғаның саяси санасы мен іс-әрекетінің қалыптасу, саяси рөлдерді қабылдау және орындау, саяси белсенділік таныту процесінің барлық жиынтығын айтады.

Саяси әлеуметтену мәселесі XX ғасырдың 50 жылдары кеңінен көтерілді. Оған себеп болған Батыс саяси жүйесінің дәстүрлі институттарының дағдарысқа түсуі еді. Бұл кезде сыбайластық жемқорлық көбейді, нәсілдік кемсітушілік әлі жойыла қоймаған, саяси билік адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырмады. Сондықтан билік институттарына сенімсіздік көбейді, саяси абсентеизм (саясатқа селқос қарау), билікке жаппай қарсы шығу және т.б. көбейді. XX ғасырдың 70—80 жылдарында Батыс елдерін негрлер, соғысқа қарсы, экологиялық, феминистік қозғалыстар дүрсілкіндірді. Бұрынғы дәстүрлі материалдық құндылықтарға (жеке табыс, байлыққа тырысу) қарсы шыққан субмәдениет пайда болды. Мысалға XX ғ. 60 жылдары дамыған хиппилер қозғалысын алайық. Оған ірі саясаткерлердің, бизнесмен, зангерлер сияқты аukatты отбасыларының балалары қатысты. Олар жеке адамның өзін-өзі толық көрсетуіне жағдай жасалмағандығы, адамдар арасында теңсіздіктің, алалаушылықтар бар екендігіне сол кездегі қоғамдық тәртіпті кінәлады. Сондықтан қоғамдағы әлеуметтік тәртіпке қарсы шықты. Мысалы, дәстүрлі мәдениетте адам өзін-өзі ұстауы, шектеуі керек, бүтін, таза киінуі, сақал-шашын алуы, мәдениетті сөйлеуі, нашақорлықпен айналыспауы керек болса, олар, керісінше, шаштарын жалбыратып өсіріп жіберді, жыртық-тесік киім киді, өз диалектілерінде сөйледі, нашақорлықпен айналысты және т.б. қоғамда үстемдік еткен адамгершілік қалыптарына қарсы шықты. Мұның бәрі америка қоғамын қатты толғантты. Ғалымдар бұл құбылыстың себептері мен сырын ашу үшін зерттеулер жүргізді. Сөйтіп саяси әлеуметтену мәселесі бұл кезде күн тәртібіне қатты қойылды.

Саяси әлеуметтену процесі үш негізгі мәселені шешуге бағытталады:

– қоғамның жана мүшелеріне саяси мәдениеттің және саяси сананың негізгі элементтерін жеткізу;

– қоғам мүшелеріне қажетті саяси тәжірибе алуға, саяси іс-әрекет етуге және шығармашылық жасауына қолайлы жағдай жасау;

– саяси мәдениеттің элементтерін өзгерту.

Адамның саяси әлеуметтенуі үздіксіз өмір бойы жалғасады. Әлеуметтік-саяси тәжірибе жинақтауына қарай оның саяси белсенділігінің түрі әрқашан өзгеріп немесе бекіп отырады.

Сонымен *саяси әлеуметтену* деп адамның саяси ілімдерді, ережелерді, құндылықтарды бойына сіңіріп, оларды өзінің рухани ішкі дүниесіне айналдырып, сол арқылы өзінің саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыру, саяси іс-әрекетке дайындалу процесін айтады. Саяси әлеуметтену барысында адам қоғамның толыққанды мүшесі боларлық саяси ережелерді, салт-дәстүрлерді, білімді меңгереді.

§ 5. Саяси әлеуметтенудің институттары, кезеңдері мен қызметтері

Саяси әлеуметтену саяси тәжірибені ашық және қосалқы түрінде жүргізуі мүмкін. Ашық түріне мәліметтерді, сезімді, құндылықтарды тікелей беру жатады. Мысалы, қоғамдық пәндерді оқыту арқылы жастарды оқытып үйрету. Қосалқы түрінде саяси емес ережелерді саяси қатынастарға телу жатады. Мысалы, балалардың саяси билікке қатынасы жас кезінен (демократиялық тәсілмен, қатаң жазалау арқылы мәселені шешу әдісімен немесе саясатқа селқос қараушылық) қалыптасуы мүмкін.

Саяси әлеуметтену институттарына мыналар жатады: отбасы, білім жүйесі, ақпарат құралдары, мемлекет, партия, діни ұйымдар және жеке саяси оқиғалар.

Саяси әлеуметтену ең алғаш отбасынан басталады. Америка ғалымдары Д. Истон мен Дж. Деннис 12 мың Америка балаларын сұрақ-жауап арқылы зерттеген. Соның нәтижесінде олардың саяси әлеуметтенуінің 4 кезеңін көрсетеді: 1) саясаттану, яғни балдырғанның ата-ана билігінен де жоғары саяси билік барын ұғынуы; 2) жекелеу. Мұнда бала саяси билікті президент, полицейский тұлғасы арқылы жекелеп сезінуі; 3) дәріптеу, яғни саяси

қайраткерлерге тек жақсы қасиеттерді тану; 4) институционалдандыру, саяси билікті жеке тұлғалар арқылы емес, иесіз институттар арқылы (партия, сот, парламент, әскер және т.б.) қабылдау.

Сонымен, адам жас кезінен әлеуметтене бастайды. Бала биліктің не екенін түсінеді. Үйде ол әкесі немесе шешесі, бала бақшада тәрбиеші, мектепте мұғалім арқылы әлеуметтенеді. Ол дау-жанжалдың қалай шешілетінін байқайды, бағыну немесе бағынбауға үйренеді.

Қазақтар “үяда не көрсен, үшқанда соны ілесің” деп тегін айтпаған, үйде қалыптасқан көзқарас көбіне өмір бойына жадында қалады.

Саяси әлеуметтенудің келесі сатысы – мектеп. Бұл кезде жалпыға бірдей негізгі саяси қазыналар мен көзқарастарды оқушылар оқып біледі, алғашқы әлеуметтік тәжірибелер алады. Жастар ұйымдарына қатыса бастайды. Д. Истон мен Дж. Деннис зерттеген 12 000 оқушының 95%-ы “Америка – әлемдегі ең таңдаулы ел”, “Америка жалауы – дүниедегі ең жақсы жалау” деген тұжырымдаманы мақұлдаған. Өйткені мұғалімдердің 99%-ы оқушыларға күнде америка жалауын көрсетсе, 91%-ы ол туға берілгендігін дәлелдеуді талап етіпті, 60%-ы “Тамаша Америка” деген отансүйгіш әнді орындатып отырған.

Саяси әлеуметтенудің келесі кезеңі 16–40 жастар аралығы. 16 жастан адам сайлауға қатыса бастайды, азамат атанады, іс-әрекетіне толық жауап береді. Көбісі жоғары оқу орнына түсіп, терең саяси білім алады. Саяси партияларға мүше болулары да мүмкін. Жастардың әлеуметтік мәртебесі өзгереді.

Саяси әлеуметтенудің келесі кезеңі 40–60 жастардағы аралық. Бұл – адамның есейген шағы. Адамдардың саяси іс-әрекетіне өмір тәжірибесі, балалары мен немерелері, тұрақты көзқарастары әсер етеді.

Ең соңында зейнеткерлердің саяси әлеуметтенуі. Олардың кейбіреулері қолдары босаған соң саяси мәселелермен белсенді айналыса бастайды. Қайсы бірі қоғамдық өмірге аз да болса қатысқанына риза болады, көңіліне медет табады.

Саяси әлеуметтену институттарына, жоғарыда атап көрсетілгендей, отбасы, білім жүйесі, сонымен қатар мемлекет, партия, діни ұйымдар жатады. Кейде оған жеке саяси оқиғалар да қатты әсер етуі мүмкін. Мысалы, 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының саяси санасына сілкініс жасап, көп нәрсеге көздерін ашып тастады.

Саяси әлеуметтенуге ақпарат құралдары көп ықпал жасайды. Баспасөз, радио, теледидар, кино адамға тікелей ықпал етеді және саяси құндылықтарға деген қатынасын қалыптастырады, бір идеалды негіздеп, қорғап, екіншісіне тойтарыс береді, адамзаттың ғасырлар бойы қалыптастырған қазыналары, алдыңғы ұрпақтың саяси тәжірибесін соңғы ұрпаққа жеткізіп, саяси тұлғаны тәрбиелейді.

§ 6. Саяси әлеуметтенудің типтері

Адамдардың саясатқа араласуы мен оған етер әсері әр түрлі келеді. Сондықтан ғалымдар саяси әлеуметтенуді мынадай типтерге бөледі: үйлесімді, гегемонистік, плюралистік, дау-жанжалдық.

Саяси әлеуметтенудің үйлесімді түрі адам мен билік институттарының арасында адам сияқты қолайлы психологиялық қатынастар қалыптасқанда пайда болады. Мұнда құқықтық тәртіп орындарына, мемлекетке, өзінің азаматтық міндеттеріне құрметпен қарайды. Жеке адам мен билік органдары арасында сыйластық, туындаған саяси мәселелерді өзара келісім арқылы шешетін жағдай қалыптасады. Бұл үшін әдетте мәдени біртектес орта, дамыған демократиялық дәстүр, азаматтық қоғам болуы керек. Мысалы, мұндайға АҚШ, Ұлыбритания елдерін жатқызуға болады.

Саяси әлеуметтенудің *гегемонистік* түрі өзінің саяси және әлеуметтік жүйесінен басқа жүйелерге жат көзбен қарап, оларды жақтырмайды. Мұнда саяси әлеуметтену бір таптық, діннің немесе идеологияның негізінде қалыптасады. Саяси әлеуметтенудің бұл түрі жабық саяси жүйеге тән. Мысалы, оған бұрынғы КСРО-ны, қазіргі Солтүстік Кореяны жатқызуға болады.

Саяси әлеуметтенудің *плюралистік* түрінде адам басқа азаматтардың, олардың құқығы мен еркіндігін, теңдігін мойындайды, құрметтейді. Мұнда өзінің бұрынғы саяси көзқарасын өзгертіп, басқа саяси құндылықтарды басшылыққа алуы әбден мүмкін. Оған Еуропа Одағы елдері мысал бола алады.

Саяси әлеуметтенудің дау-жанжалды түрі топаралық күрес, қарама-қайшы мүдделер негізінде қаланады. Мысалы, Ауғанстан елін алсақ, онда пұштындар, өзбектер, тәжіктер және т.б. әрқайсысы өз салт-дәстүрлерін, өз ұлтының құндылықтарын жоғары қойып, әр түрлі тайпалардың бастары бірікпеуде. Соның негізінде әлсін әлі дау-жанжал туып, ел ішінде кикілжің көбеюде. Саяси

әлеуметтенудің типтерін қарастырғаннан кейін біздің қазіргі Қазақстан Республикасының азаматтарының саяси әлеуметтенуін қай типке жатқызуға болады деген сұрақ тууы мүмкін. Оның басын ашып айту әзір қиын. Өйткені біз өтпелі кезеңде тұрмыз. Бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі гегемонистік саяси әлеуметтенудің түрінен бас тарттық. Ал дәстүрлі либералдық құндылықтарды игергеніміз жоқ, олар бойымызға сіңген жоқ. Оған көше қою да оңай шаруа емес. Себебі көптеген отбасылар жұмыссыздықтың көбеюіне байланысты күнделікті күн көрістің қамымен жүр. Балаларды саяси әлеуметтендіру тұрсын, жалпыға бірдей оқу орнына беру кейбір отбасына оңайға түспеуде. Бұрынғы жастар ұйымы (октябрияттар, пионерлер, комсомол) өз жұмыстарын тоқтатты. Олардың орнын басарлық ұйымдар әлі туа қойған жоқ. Көппартиялықтың аты бар да, заты шамалы. Сайлау кезінде болмаса, саяси әлеуметтендірумен жүйелі шұғылданып жатқан олар жоқ. Нарықтық экономика кезінде ақпарат құралдары қаржының тапшылығынан жарнамаларды жариялауға көбірек көңіл бөлуде.

Сайып келгенде, қазіргі саяси әлеуметтену процесінде 2 түрлі үрдісті байқаймыз. Біріншіден қоғамның демократиялануы, халықтың саяси іске араласуына мүмкіндіктің молаюы. Екінші жағынан көпшілік халықтың тұрмысы төмендеп, жұмыссыздық көбейіп, саясатқа селқос қараушылықтың өрістеуі.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. “Саяси мәдениет” деп нені айтады?
2. Қоғамның, жеке адамның өмірінде саяси мәдениет қандай рөл атқарады? Оған қандай мысалдар келтіре аласыз?
4. Қоғамның саяси құрылымындағы, биліктің ұйымдастырылуындағы ерекшеліктерді (нақтылы елдерде) саяси мәдениеттің ықпалымен түсіндіруге бола ма?
4. Саяси мәдениеттің қандай типтерін білесіз?
5. Қазақстандық саяси мәдениеттің қандай ерекшеліктерін атап едіңіз?
6. Саяси әлеуметтенудің мақсаты неде?
7. Саяси мәдениет пен саяси әлеуметтенудің ара қатынасы, өзара әсері қандай?
8. Адам өзінің саяси әлеуметтенуіне қалай әсер етеді?
9. Саяси әлеуметтенудің шегі бар ма?
10. Саясаттану пәнін оқып үйрену барысында қандай саяси құндылықтарға ие болдыңыз?

IV б о л і м. САЯСАТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН СЫРТҚЫ САЯСАТ

13 - т а р а у. САЯСИ ШИЕЛЕНІС ПЕН САЯСИ ПРОЦЕСС

§ 1. Саяси жанжалдар

Біздің елдің болсын, шетелдердің қоғамтану ғылымдарында болсын ұзақ жылдар бойы үлкен саяси қопарылыстар тұрсын, өткір қайшылықтар, терең дағдарыстар болса, мемлекеттің қалыпты, ойдағыдай дамымағандығы, жетілмегендігі, ауруы болып саналды. Ол үшін мемлекет тұрақты, тепе-теңдік жағдайында бірқалыпты дамуы керек сияқты болып көрінді. Сондықтан тұрақтылық қоғамның негізгі мақсаттарының, құндылықтарының бірі саналатын.

Ал, шын мәнінде, бұл дұрыс түсінік емес еді. Себебі, қоғамда әр түрлі топтар, таптар, жіктер болатындығы туралы өткен ғасырларда айтқан болатынбыз. Олардың өзіндік мақсат-мүдделері, талап-тілектері, арман-ансарлары, мұқтаж-қажеттіктері болады. Олар, сөз жоқ, сәйкес келе бермейді. Осыдан келіп араларында айырмашылықтар пайда болады. Олар дер кезінде шешілмесе, шиеленістерге, жанжалдарға айналады. *Шиеленіс деп әрбір қарсы жақты қолайсыздыққа ұшыратып, істі насырға шаптыратын қарама-қарсы мүдделердің, пікірлердің, көзқарастардың қайшы келуін, елеулі келіспеушілікті, өткір таласты айтады.*

Шиеленіске адамзат өте ертеден-ақ көңіл аударған. Мысалы, б. з. б. VII—VI ғасырларда қытай фәлсафашылары дүниедегі нәрселердің бәрінің қозғалыс көзі оң (ян) және теріс (инь) бастаулардан тұрады деп есептеді. Ежелгі грек фәлсафашысы Гераклит заттар мен құбылыстардың дамуы қарама-қарсылықтардың күресінен туады деді. Макиавелли қоғамдық процестердің дамуында қайшылықтардың пайдалылығын атап көрсетті. Гегель қарама-қарсылықтардың қайшылықтары мен күресін жоғары бағалады.

Саяси шиеленістер теориясына әсіресе көп көңіл бөлген — марксизм. Маркс пен Энгельс “Коммунистік партияның манифестінде”: “Ерікті мен күл, патриций мен плебей, помещик пен кре-

постной, мастер мен кіші мастер, қыскасы, езуші мен езілуші бірімен-бірі ылғи антагонист болып, бірде жасырын, бірде айқын түрде үздіксіз күресіп келді, бұл күрес әрқашан бүкіл қоғам тұрмысын революциялық түрде қайта құрумен немесе күресуші таптардың жалпы жойылуымен тынып отыратын” деген. Олар тап күресі таптық қоғамдардың дамуының заңдылығы және қозғаушы күші деп есептеді.

Осы ғасырдың 50 жылдарында американдық Льюис Козер әлеуметтік шиеленістерге құндылықтар, мәртебе, билік, қаржы-қаражат үшін күресті жатқызды. Мұндай көзқарас Батыс саясаттарында кең тараған.

60 жылдары немістің әлеуметтанушысы Ральф Дарендорф “қоғамның дау-дамайлық үлгісін” алға тартты. Ол “Индустриалдық қоғамдағы таптар мен таптық шиеленістер” деген еңбегінде билікті бөлуге байланысты адамдар арасында теңсіздік пайда болады, олар кикілжіңге әкеледі. Соның нәтижесінде қоғамда құрылымдық өзгерістер жасалады. Капитализм біртіндеп терең өзгерістерге ұшырайды. Оларды өздері жүзеге асырады, сондықтан К. Маркс айтқан революциялық төңкеріске жол берілмейді делінген.

Американың әлеуметтанушысы Кеннет Баулдинг “шиеленістің жалпы теориясын” жасады. Оның ойынша, әлеуметтік шиеленістің мәні адамның қалыптық реакциясына байланысты. Қандай кикілжің болмасын, тітіркендіргіштер, қоздырғыштардың әрекеттері арқылы реакцияларды, құндылықтарды, жеке адамдардың күштарлықтарын өзгертуге болады. Соның арқасында қоғамдық құрылыс түбірімен өзгеріске ұшырайды.

Қазіргі кезде қоғамдағы шиеленістер көптеген ғалымдардың назарын аударуда. Сондықтан осы мәселемен арнайы айналысатын *конфликтология* деген ғылым пайда болды. Ол мейірімсіздікке, төзімсіздікке, озбырлыққа әкелетін, қоғамды бүлдіріп, тығырыққа тірейтін саяси шиеленістердің шығу заңдылықтарын біліп, реттеу жолдарын іздестіріп, оның алдын алуға бағытталады. Соған орай, ол саяси және қоғамдық қатынастарды жетілдіруді де қарастырады.

Әлеуметтік шиеленістердің бірнеше себептері бар. Ең бірінші, жалпы себебіне адамдардың теңсіздігі жатады. Себебі әркімнің қоғамдағы мәртебесі, қызметі, билікке қатынасы әр түрлі. Біреулер билік етеді, екіншілері оларға бағынады, дегендерін істейді. Дарендорф: “Бұл қайшылық әрқашан болған және бола бермек,

сондықтан Маркстің коммунистік қоғамда таптар, дау-дамайлар болмайды деуі бекер сөз” дейді.

Шиеленістің екінші себебіне қажеттілік, мұқтаждықтың, талап-тілектің өтелмеуі немесе қанағаттандырғысыз өтелуі жатады.

Үшіншіден, адамдар өздерін белгілі бір әлеуметтік, этникалық, діни, т. б. бірлестіктердің мүшесіміз деп санайды. Бұл олардың өмірдегі орнын айқындайды және өздерінің жағдайын басқалардан төмен сезініп, мүдделеріне қысым жасалды деп ұғады. Мысалы, Ресейдің кейбір халықтары, Солтүстік Ирландиядағы католиктер, Канададағы Квебек провинциясы, Испаниядағы баскілер және т. с. с.

Батыстың көптеген саясатшылары шиеленістер (төртінші) себебін адамның санасынан іздейді. Мысалы, жеке адам мен қоғамдық құндылықтар туралы түсініктері сәйкес келмеуі, өмірден адам бір нәтижені күтуі, шындығында басқаша шығуы, адамдардың өзара түсініспеушілігі, олардың ішкі сезімдерінің жетілмегендігі, т. т.

Шиеленістер қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік бақылауға алынған шиеленіс адамдар, топтар арасында пайда болған дау-дамайларды уақытында ушықтырмай, асқындырмай шешуге септігін тигізеді.

Әлеуметтік шиеленістер сан алуан келеді. Олар мемлекеттер, ұлттар, ұйымдар, жұмысшылар мен әкімшілік басшылары, ері мен әйелі және т. с. с. арасында кездеседі. Олар әр түрлі топтастырылады, жіктеледі. Мысалы, оларға қатынасатын субъектілерге байланысты мемлекеттер, ұлттар, діндер, нәсілдер арасындағы; қатынасатын жақтарға байланысты саяси, экономикалық, идеологиялық, экологиялық, сауда, қаржы, әскери, мәдени; қамтыған шеңберіне қарай халықаралық, аумақтық, жергілікті болып бөлінеді. Оларды антагонистік және антагонистік емес, негізгі және негізгі емес, шындыққа жататын және жатпайтын, ұзақ уақыттық және қысқа мерзімді, т. т. етіп те бөліп жүр.

Саяси шиеленістер өзінің даму барысында бірнеше *кезеңдерден* өтеді. Алғашқы кезеңінде кикілжіндерге негіз туады. Қоғамның кейбір салаларында қиындықтар пайда болады. Оларға айтарлықтай мән берілмесе, өрби түседі. Мысалы, адамдардың өмір сүру деңгейі төмендейді, құқық сақтау, адамгершілік тәртіптері бұзылады. Әділетсіздікті бұрынырақ сезетін қарсы жақтың алдыңғы қатарлы адамдары өздерінің келіспеушіліктерін білдіре

бастайды. Келесі кезеңде келіспеушілік, наразылық ашық айтылып, алғашқы қақтығыстар болуы мүмкін. Билікті халық мойындағанда, оның заңдарын дұрыс деп түсініп, өз еріктерімен орындағанда билік. Сонда оның беделі де, халықты бағындыратын сиқырлы сыры да болады. Ал мынадай кикілжінде басқарушы төбе топтың әр түрлі қылмыстары ашылып, беделдері кетіп, оларға сенімсіздік туады. Одан кейін екі жақтың арасында ашық қарсыластық, қақтығыстар болуы мүмкін. Екі жақты да көптеген адамдар қолдап, дау-дамайдың шеңбері кеңиді. Егер мұның бәріне жол табылып, шешілмесе, дау-жанжал өркендетті түрден шығып, қарулы қақтығысқа айналады. Мысалы, Югославиядағы, Таулы Кавказдағы, грузин-абхаз шиеленістері сияқты.

Біраз жағдайда билік басындағылар қайшылықты байқаса да байқамаған сынай білдіреді. Ондайда кикілжің бықсып, жанып өрістеуі, тіпті өртке айналуы мүмкін. Сондықтан *шиеленісті шешу* керек. Бұрын одан екі жолмен құтылғысы келетін. *Біріншісі*, қоғамның “таза” даму қисынына сәйкес келмегенді өз арасынан аластап, сыртқа ығыстырып шығару арқылы құтылғысы келді. *Екіншісінде*, керексіз жағдайды, құрылымды тура басып-жаншып күрту, жою арқылы құтылғысы келді. Екеуінде де қайшылық шешілген сияқты адамшы түсінік туады. Ал, шын мәнінде, бұл ауруды ішке тыққанмен бірдей.

Сондықтан қазір көбінде шиеленістерді дер кезінде шешуге тырысады. Оның екі жолы бар.

1. Шиеленісті мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу. Мәміле деп дау-жанжалға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бірін-бірі ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.

2. Зорлық негізінде бітістіру, келістіру. Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.

Екі жақты татуластырудың кең тараған түрі — келіссөздер. Ол арқылы қарсы жақтың пікірі, дәлелдері белгілі болады, күштің арақатынасы айқындалады, келісімнің шарттары анықталады. Дағдарыс жағдайынан шығу үшін оның мәнін, ерекшеліктерін, әлеуметтік негізін және т. б. зерттеп білген жөн.

Қоғамдағы саяси шиеленіс көбіне заңды оппозицияның баржоғына да байланысты. Бұрынғы Кеңес заманында көппартиялық пен оппозицияға қалыпты жағдайдан тыс, ерсі нәрсе сияқты

қарайтын. Ал демократиялық елдерге олар қажетті шарт. Олар болмаса, билік органдарына сенімсіздік туады, олар бюрократияланады. Оппозицияда әр топтың талап-тілектері, көзқарастары ескеріледі. Сондықтан ағылшын фәлсафашысы Джон Милль демократиядан оппозицияны алып тастаса, диктатура қалады деп тегін айтпаған.

Дегенмен, шиеленіс болған соң одан қайткен күнде де шығу керек. Ол азаматтық келісім негізінде шешілуге тиіс. Оның екі жолы бар. Біріншісі — араздық, жаулық, күдіктілік қалпын бұзып, сенім жағдайын туғызу. Екіншісі — барлық деңгейде адамдардың қарым-қатынас тетіктерін қалыптастыру. Зорлық зорлықты тудырады. Сондықтан одан аулақ болып, өркениетті жол іздеген абзал.

Америкалық саясатшы Г. Райфф әрбір есі дұрыс адам ортақ мүдделер тауып, шиеленістерді реттей, жөнге келтіре білуі керек деген. Батыстың тәжірибесі жеке адамның еркіндігіне, қоғамның ашықтығына, заңның билігіне негізделеді. Біз үшін олардың бәрін толық орындай қою әлі қиын. Бірақ соған тырысқан жөн. Себебі, олар ел тағдыры үшін маңызды шарттар.

Сонымен саяси шиеленістер қоғамның дамуына тән қасиет. Олардың жекелеген түрі ғана қиратып, бүлдіруге әкеледі. Олай болмау үшін өсіп келе жатқан дау-дамай, кикілжіндерді дер кезінде ашып, реттеген, одан да жақсысы олардың алдын алған ләзім. Оған саяси және қоғамдық өмірдің демократиялық жағдайында ғана қол жеткізуге болады. Сондықтан америкалық саясатшы Сеймур Липсет (1922 жылы туған) тұрақтылық пен демократияны медальдің екі жағы деп өте дұрыс санайды.

§ 2. Саяси жанжалдар мен дағдарыстарды реттеудің әдістері мен түрлері

Саяси салада жанжалдарды тудырмаудың, оны одан әрі өршітпеудің басты амалы — халықтың әл-ауқатын көтеру, елдің жоғары әлеуметтік-экономикалық дәрежеде дамуын қамтамасыз ету. Оған қоса қоғамның саяси мәдениеті биік болса, билік басындағыларға, заң органдарына деген сенім арта, беки түседі. Ал олар жеткіліксіз болса, саяси жанжалдар мен дағдарыстардың өрбуіне әкеледі.

Біраз жағдайда дау-жанжалдардың алдын алу үшін билік басындағылар әр түрлі әдіс-айлаларды пайдаланады. Мысалы, халық

мүддесін қанағаттандыра алмаған жағдайда, сіздерді мынадай жарқын болашақ күтіп тұр деп үміттендіреді, жұбатады. Бір үміттен кейін келесі үміттің оты жануы мүмкін. Ол үміт шиеленісті әлсіретуге әкеледі.

Саяси жанжалдарды шешудің бірнеше түрі бар.

1. *Дау-жанжалға бармау, одан қашқақтау әдісі.* Мысалы, саяси қайраткер қарсы жақпен жанжалға түспеу үшін саяси сахнадан кетеді немесе кейбіреулер бастығымен істесе алмаса, істі насырға шаптырмау үшін өз еркімен жұмыстан кетеді.

2. *Кейінге қалдыру әдісі.* Қарсыласпен ерегіске бармай, “не істесен соны істе” деген сияқты, бәріне көніп жүре береді.

3. *Саяси жанжалды мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу.* Мәміле деп дау-жанжалға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бірін-бірі ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.

4. *Зорлық негізінде бітістіру, келістіру.* Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.

5. *Аралық сот немесе арбитраждық сараптау әдісі.* Мұнда қарсы жақтар дау, талас тудырған мәселені тексеруге өз еріктерімен үшінші жаққа береді. Оның шығарған шешімін екі жақ та мойындайды. Мұндай жағдайда төрелік етуші қазы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей ережелерін, елдің конституциялық тәртібін және т.с.с. шарт талаптарын басшылыққа алады.

§ 3. Этносаяси жанжалдар

Этносаяси жанжалдарға этностар, ұлттар арасындағы даудайлар, шиеленістер жатады. Басқа саяси-әлеуметтік егес, даушарларға қарағанда ол өте күрделі және шешілу жолы қиын мәселе.

Саяси жанжалдар көпұлтты мемлекетте әр түрлі тілде сөйлейтіндердің (Бельгия, Швейцарияда), әр түрлі дінге сенетіндердің (Индиядағы сикхтар, мұсылмандар, индулар; Ливанда христиандар мен мұсылмандар), әртүрлі ұлттар (бұрынғы Кенестер Одағында), әртүрлі нәсілдер (Оңтүстік Африка елдерінде) арасында болуы мүмкін. Әдетте мұндай қалыптасу әртүрлі этникалық топтардың арасындағы елеулі экономикалық теңсіздіктен туады. Өз ұлтының өкілдері езгіге, қысымшылыққа түсіп отыр

деп ұққан этнос халқының арасында үгіт жүргізіп, ұлттық ынтымақтастық білдіре бастайды.

Кейде бір этникалық топтың өкілдері әлеуметтік-таптық сатыда жоғары деңгейде тұрады да өздерінен басқа этнос өкілдерімен салыстырғанда артықшылықтармен, жеңілдіктермен пайдаланады. Мұндай жағдай, сөз жоқ этносаралық қақтығыстарға, ұлтаралық жанжалдарға жол ашады.

Этносаяси жанжал тудыратын мәселенің бірі — этникалық ұлтшылдық. Мұнда біраз ұлттың өкілдері өз алдына автономия алу, тұтастығын және өзгешелігін сақтау мақсатын қояды. Ол идеология немесе қозғалыс ретінде көрініс беруі мүмкін. Ондай этнос негізгі үш мақсатты алға қояды:

- автономия мен өзін-өзі басқаруды қамтамасыз ету;
- белгілі бір жерге, аумаққа иелік ету құқығын алу;
- өз мәдениетін жалпы мемлекеттік мәдениетпен бірдей мәртебеге жеткізу.

Этностық ұлтшылдықтың басты саяси мүддесі — түптеп келгенде өзінің мемлекеттігін орнату. Мұндай ұлтаралық қақтығыстар қазіргі таңда жеткілікті. Мысалы, Солтүстік Ирландия мен Англия, грузиндер мен абхаздықтар, осетиндер мен ингуштар арасындағы, Таулы Карабахтағы, Молдавадағы және т.с.с. жанжалдар. Олардың негізінде жергілікті халықтан басқа ұлт өкілдерінің саяси және азаматтық құқықтарының қысымшылық көруі, ұлттық егемендік, ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелерінің және т.б. жатыр.

Этносаяси шиеленістердің пайда болуына түрткі болатын себептің бірі — этностың өз тілі, мәдениеті, діні, әдет-ғұрпының тағдырына қалыптан тыс, асыра қауіптенушілік. Оның болашағы қалай болады деп мазасыздану. Мысалы, біздің республикамызда 90 жылдардың орта кезінде орыс тілділер орыс тілінің мәртебесі жөнінде бірталай әңгіме көтерді. Оларға “Лад”, “Русская община” ұйымдары, казактар дем беріп, кикілжің тудырды. Тіліміз, әдет-ғұрпымыз қысым көруде, орыстарды басқарушы қызметтерге аз алуда, олардың арасында жұмыссыздық көбеюде, соларға байланысты олар Қазақстаннан жаппай көшуге мәжбүр болуда деп байбалам салды. Шын мәнінде, Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, мемлекеттік ұйымдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік қазақ тілі мен орыс тілінің тең қолданылатындығы, өтпелі кезеңдегі жұмыссыздықтың көбеюі барлық ұлт өкілдеріне бірдей әсер етіп

отырғандығы, басқарушы органдарға қызметке ұлтына, нәсіліне карамай, тең қабылдануы және т.б. олардың қауіптерінің орынсыз екендігін дәлелдеді.

Әдетте ұлттық идеяны көтеріп, этносаяси жанжалдарға әкелетіндер билікке таласушы топтар мен олардың басшылары. Олар өз саяси мақсаттарына жету үшін ұлттық факторды пайдаланады. Сол үшін жылдар бойы жиналған кемшіліктерді дабыра етіп, аз ұлттардың сезімдерінде ойнап, наразылық тудырады.

Қалай болғанда да ұлтаралық жанжалды өрістетпей, мәселені дер кезінде шешу қажет. Өйткені мұндай шиеленістер ұлғайып кетуге бейім келеді және ұзақ сипат алған дау-жанжалды тоқтату оңайға түспейді. Ол үшін мемлекет ұлтаралық саясатты ешқашан назардан тыс қалдырмауы тиіс. Бұл салада біздің елімізде бірталай іс істелуде. 1995 жылдың 1 наурызында Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ол республикадағы барлық ұлттық-мәдени орталықтарды қамтиды. Ассамблея елімізде ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, қоғамды біріктіру, нығайтуды қамтамасыз ету бағытында практикалық ұсыныстар жасайды. Ұлттық саясат саласындағы жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптау жасайды. Мысалы, “Қоғамдық бірлестіктер туралы”, “Мәдениет туралы”, “Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы” және т.б. заң жобаларына қорытынды дайындап, Парламентке жіберді.

Алайда экстремистік пиғылдағылар елімізде кездеседі. Мысалы, 1999 жылы Қазимарчук деген содыр өз жақтастарымен Өскеменде төңкеріс ұйымдастырмақ болды. Оның сүркія жоспарын қазақстандық арнаулы органдары дер кезінде ашып, ойындағысын жүзеге асыртпады. Егер бұл әрекет жүзеге аса қалса, Шығыс Қазақстандағы, тіпті еліміздің басқа өңірлеріндегі жағдай тұрақсызданатыны сөзсіз еді. Сондықтан барлық жұртшылық болып ондай әрекеттерге жол бермей, қазақстандық патриотизмді, ұлтжандылықты, отансүйгіштікті республика тұрғындарының бойларына сіңіріп, жеріміздің тұтастығын, еліміздің тыныштығын көздің қарашығындай сақтап, оның гүлденіп, көркеюі үшін оқуды үздік оқып, аянбай озық еңбек етуіміз керек.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Саяси жанжалға не жатады?
2. Саяси жанжалдар қандай себептерден пайда болады?
3. Конфликтология ғылымы немен айналысады?

4. Саяси шиеленістердің қоғамдағы рөлі қандай?
5. Саяси шиеленістердің даму барысындағы қандай кезендерді білесіз?
6. Саяси жанжалдардың шешу жолдары қандай?
7. Қазақстанда саяси шиеленістерді тудырмау үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

14 - т а р а у. САЯСИ ПРОЦЕСС ЖӘНЕ САЯСИ БЕЙІМДЕЛУ

§ 1. Саяси процесс туралы ұғым

Саяси процесс ұғымы кең және тар мағынасында қолданылады. Кең мағынасында ол қоғамның саяси жүйесінің уақыт пен кеңістікте дамып, жұмыс істеуін білдіреді. Тар мағынасында түпкілікті нақты нәтижеге жеткен белгілі бір көлемдегі процесті көрсетеді. Мысалы, қайсыбір партия не қозғалыстың қалыптасуы, сайлаудың өткізілуі, басқарудың жаңа құрылымының дүниеге келуі және т. с. с.

Қоғамдық өмір, оның ішінде саяси сала — өте күрделі құбылыс. Онда өмір сүріп жатқан топтардың, жіктердің, ұйымдардың мақсат-мүдделері кейде қабысып, кейде келіспей, шырмалып жатады. Соған орай күн сайын көптеген өзгерістер болып, бір саяси нұсқаулар дүниеге келіп, екіншілері өз күшін сақтап, үшіншілері ошіп дегендей, өзгеріп жататыны белгілі. *Осындай саяси жүйенің бір қалыпты жағдайдан екінші жағдайға келіп, ауысуын, өзгеруін, қозғалысын саяси процесс дейді.* Бұл процесс саяси деп аталғандықтан ондағы өзгерістер ең алдымен билікке, оны бөлу және қайта бөлуге, азаматтарды шешім қабылдауға, басқарушылардың қызметін бақылауға және т. с. с. жұмылдыруға, халықтың саяси белсенділігін арттыруға байланысты болады. Сондықтан саяси процестің басты мәселесі, азаматтардың әр түрлі мүдделерін біріктіріп, жинақтайтын саяси шешім қабылдауда және оны іске асыруда.

Жалпыұжымдық мақсат-мұратты анықтауға, қалыптастыруға ресми органдар, билік институттары, кәсіподақтар, бейресми ұйымдар, акпарат құралдары және т. б. қатысады. Бірақ мұнда басты рөлді жоғарғы мемлекеттік билік институттары атқарады. Себебі, саяси шешімдерді қабылдап, іске асыратын негізгі тетік солар. Биліктің шоғырлану дәрежесі, саяси дамудың мақсат-мұратын айқындауға қатысатын топтардың арасындағы өкілеттілікті бөлу мәселелері олардың іс-әрекетіне байланысты. Саяси

субъектілердің өзара қатынастары, саяси өзгерістердің екпіні, т. т. да солардың іс-қимылдарымен айқындалады.

Ұсақ саяси қарарлар күн сайын шығып жатады десе де болады. Ал көпшілік жұртты қамтитын ірі саяси шешімдер, құжаттар (Конституция қабылдау, сайлау, референдум өткізу сияқты) қоғам өмірінде сирек кездеседі. Оларды дайындауға, өткізуге көптеген адамдар тартылып, үлкен оқиғаға, саяси белеске айналады. Сондықтан саяси процесс белес-белес, циклмен дамиды десе де болады. Ондай мәселелерді көбіне билік институттары іске асырады. Демократиялық елдерде саяси процесс әдетте сайлау цикліне байланысты қалыптасады. Бұрынғы Кеңес өкіметінде СОКП-ның съездері бүкіл саяси жұмысқа ырғақ беріп, цикл содан басталатын.

Саяси процесті ұйымдастыру түпкі ой, ниет, идеядан басталады. Кейін оны атқарушы субъект (үкімет, саяси серке т. т.) процестің теориясын немесе тұғырнамасын жасайды. Мұнда ең алдымен мақсат таңдалады. Мақсат түпкілікті мұрат ретінде және жақын арада нақтылы нәтиже берерлік, жетістікке жеткізерлік болуы мүмкін. Осыған орай саяси процесті орындау, жүзеге асырудың құралдары, тәсілдері қарастырылады. Қанша уақыттың көлемінде іске асыруға болады, қанша адам, кімдер қатынасады т. т. ойластырылады. Орындаушылардың алға қойған талаптарына жауап бере алуымен қатар, олардың жеткілікті қаржылары болуы керек. Саяси процестің әрбір кезеңі бақайшағына дейін мұқият тексерілгенінде ғана табысты болады.

Саяси процесс — күрделі құбылыс. Ол күнделікті өзгерістерден бастап, қоғамның саяси жүйесінің түбегейлі өзгерісіне дейінгі аралықты қамтиды.

Саяси жүйені тұтас алсақ, оның даму процесін төрт сатыға, кезеңге бөлуге болады.

1. *Саяси жүйені конституциялық тұрғыдан айқындау.* Ескі саяси жүйенің орнына жаңасы келгенде, ол бұрынғы мемлекеттік билікті ауыстыруы немесе оған дейінгі саяси-құқықтық құрылымдарды жаңарған жағдайға бейімдеуі мүмкін. Егер көпшілік жұрт жаңа жүйені мойындап, қолдаса, оның легитимді болғанын білдіреді. Мұндайда саяси жүйе өзін-өзі қалпына келтіретін жағдайға жетеді.

2. *Саяси жүйенің өзін-өзі жаңартуы.* Бұл да күрделі құбылыс. Жеңіске жеткен жүйе, бір жағынан, ескінің орныққан элементтерін, ұйымдарын қайта жұмыс істетеді, екінші жағынан, жаңар-

тып, өзгертеді, жетілдіреді. Жаңа саяси қатынастар мен институттар құралады, саяси ережелер мен қазыналар, нышандар пайда болады. Өздеріне тән саяси түсініктері, көзқарастары, іскимылдары бар саяси қатынастардың жаңа субъектісі дүниеге келеді.

3. *Саяси-басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру.* Қоғамдағы әр түрлі адамдардың, топтардың, таптардың, бірлестіктердің қажеттіктері, мақсаттары сан қилы, бірталай жағдайда карама-қарсы келіп жатады. Билеуші элиталар, партиялар өздерінің оппозициялық қарсыластарымен тіл табысып, бұл қайшылықтарды дер кезінде байқап, асқындырмай, реттеп, халықтың талап-тілектері мен мүдделерін үйлестіріп, қоғамның тұтастығын, тыныштығын, тұрақтылығын сақтап, соған жағдай жасауы керек. Бұл — саяси мәселе. Батыстың көптеген елдерінде биліктің әр тармағының (орталықтағы не жергілікті жердегі болсын) өз алдына бөлек сарапшы кеңесшілері, көмекші топтары және т. б. ақыл-кеңес беретін құрылымдары болады. Олар арнайы ғылыми-талдау жұмыстарын жүргізіп, ең дұрыс, қолайлы шешімдерді қабылдауға жәрдемдеседі.

Мұнда шешім қабылдаушы саяси басқарушылар мен оны орындаушы бағыныштылардың арасында тығыз байланыс болуы керек. Бұрынғы Кеңес өкіметінде шешімді партияның бірінші хатшылары қабылдайтын. Олар ештеңеге жауап бермейтін. Жауапты партаппараттың айтқанын орындап, соның бұйрық, нұсқауларын, шешімдерін іске асырушы мемлекеттік органдар мекемелердің жауапты қызметкерлеріне артатын. Сондықтан ақылға сыйымсыз жағдай туған: шешімді қабылдаушылар ештеңеге жауап бермейтін, ал жауап берушілер оны қабылдауға қатыспайтын. Мұның бәрі қандай нәтижеге әкелетіндігін өмір өзі көрсетті.

4. *Саяси жүйенің жағдайы мен іс-әрекетін бақылау.* Оған саяси жүйе мен саяси процеске қатысушылардың, элиталардың жұмысында алға қойған бағдар, мақсат-мүддеден ауытқушылықты, жаңсақ басушылықты түзету, қорытынды жасау кіреді. Ол екі жолмен жүргізіледі. Біріншісі — мемлекеттік мекемелер, партия органдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың белгілі бір құрылымдары арқылы жүзеге асады. Мұнда мемлекет аппаратына қарасты тексеру, қадағалау қызметтері, партиялық бақылау, ресми баспасөз органдары енеді. Бұл — саяси жүйедегі бақылау органдарының қызмет бабында атқаратын міндетті жұмысы, яғни

өзін-өзі бақылауы. Екіншісінде, саяси жүйенің жұмысына бақылау жасауға барлық азаматтардың қатысуына мүмкіндік жасалады. Мұны “төменнен бақылау” десе де болады. Бұл үшін қоғам демократиялық жолмен дамығанда ғана жағдай туады, тоталитарлық тәртіпте оған жол берілмейді.

Қоғам дамуының мақсатын айқындап, оны жүзеге асырушы билеуші тәртіп саяси процестің сипатын да білдіреді. Оны үшке бөлуге болады.

1. *Саяси тәртіптің қайталанып жұмыс істеуі.* Мұнда саяси процесс басқарушылар мен сайлаушылар, азаматтар мен мемлекет арасындағы қалыптасқан қатынастарды сапа жағынан айтарлықтай өзгертпей, күнделікті орнына келтіріп, күр қайталайды. Яғни, мемлекет үйреншікті қалпында, әдеттегі ырғағында қызметін жүргізе береді. Онда саяси субъектілердің іс-әрекетінде жаңашылдық, өзгерістен гөрі дәстүр мен саяси сабақтастық басты рөл атқарады.

2. *Саяси тәртіптің дамуы.* Ел ішіндегі және халықаралық аренада саяси күштердің ара салмағында немесе әлеуметтік құрылымда өзгерістер болуы мүмкін. Басқарушы органдар өмірдің бұл жана талабын байқап, өз жұмысын соған орай бейімдейді. Саяси даму биліктің жоғарғы және төменгі сатыларының өзара әрекеттестігімен, сан қилы ағымдар мен үрдістердің күресімен қоса қабаттаса жүреді. Мұның бәрі әлеуметтік және саяси құбылыстарды сәйкестендіруге жәрдемдеседі.

3. *Саяси тұтастықтың құлдырауы және ыдырауы.* Бұл жағдайда саяси процестің даму бағыты саяси жүйенің тұтас өмір сүруіне келеңсіз әсерін тигізеді. Кірігу, жинақталудың орнына саяси субъектілердің бөлшектену үрдісі басымдық алады. Билеуші тәртіптің ыдырауы күмән тудырмайды. Оның шешімдері басқару қабілетін жояды. Мұндай процеске Еуропа және Азия аймақтарындағы бұрынғы социалистік елдердің құлдырау, ыдырау тағдыры толық мысал бола алады. Билеушілер тобы өмірдің әлеуметтік-экономикалық және рухани талабына сай тиісті жауабын таба алмады.

Сонымен, саяси процесс деп әлеуметтік қауымдастықтың, саяси ұйымдар мен топтардың, белгілі бір саяси мақсатқа жету үшін бірігіп жасаған іс-әрекетінің нәтижесінде қоғамның саяси өмірінің бір қалыптан, жағдайдан екінші жағдайға келіп ауысуын, өзгерісін, қозғалысын айтады.

§ 2. Саяси процестің жіктелуі

Саяси процесс жіктеліп, топталады. Саяси еркіндікті іске асыру объектісіне қарай ол ішкі және сыртқы саяси процесс болып бөлінеді. Сыртқы саяси процесс жөнінде кейін арнайы сөз болады. Ал *ішкі саяси* процесс азаматтардың саяси белсенділігінің институцияланған түрлерінен, олардың іс-әрекетінен, билік құрылымының ұйымдасуынан және т. б. белгілі болады. Олар азаматтарды саяси іске тарту, жұмылдырудың амал-әрекеттерін, басқару түрлерін айқындайды. Саяси ұйымдардың жаңа талаптарға сай жұмысын, құрылымын өзгертіп, бейімделе, икемделе білуі оның әлеуметтік ортаға етер ықпалының деңгейін көрсетеді.

Саяси билікті ұйымдастыру жүйесінің сапасына қарай демократиялық және антидемократиялық саяси процесс етіп бөледі. *Демократиялық* түрінде халық (тікелей немесе өкілдері арқылы) билейді. *Антидемократиялық* процесте билік авторитарлық көсем, монархтың, бір билеуші партияның, әскери топтың қолында болады.

Атқаратын қызметінің жариялылығы бойынша ашық және жасырын саяси процесс деп топтастырылады. *Ашығында* азаматтар, топтар билік институттарымен үздіксіз кездесіп, мақсат-мүдделерін білдіріп отырады. Билік органдары қоғамдық пікірді зерттеп, саралап, олардың талап-тілектерін ескеріп, соған орай саяси бағытына түзетулер енгізеді.

Жасырын түріне тоталитарлық тәртіпті атауға болады. Онда бүкіл билік орталықтың қолында, жергілікті жердің ой-арманымен санаспайды, стратегиялық мәні бар саяси шешімдерді қабылдаудан шеттетіледі. Адамдардың барлық өмірі қатаң бақылаудың астына түсіп, еркіндіктері мен бостандықтары шектеледі. Саяси процеске қатысқысы келмесе де кейінгі зардабынан қорқып, күш, зорлықтың арқасында қатысуға, орталықтың ығына жүруге мәжбүр болады.

Әлеуметтік және саяси құрылымның өзара байланыс түріне, билік субъектілерінің қызмет ықпалдылығы және өзара қатынастарының тиянақтылығына байланысты саяси процесті тұрақты және тұрақсыз етіп бөледі. *Тұрақты* жағдайда билік институттары өтімді, сенімді жұмыс істейді, азаматтар да саяси іске белсенді қатынасады. Саяси шешімдер дәстүрлі демократиялық жолмен қабылданып жатады. Әлеуметтік түсінбеушілік, кикілжіңдерді азаматтық ұйымдар өздері реттейді. Мемлекет олардың

ісіне араласа бермейді. Жалпы халықтың хал-ахуалы жақсы елде заңды тәртіп орнайды. Көпшілік жұрт билік институттарының іс-қимылын қанағаттанғандықпен қабылдайды.

Турақсыз жағдай әдетте қоғам өмірі күйзеліске ұшырап, тығырыққа тірелген шағында пайда болады. Оған халықаралық қатынастардағы шиеленістер, соғыстағы жеңіліс, өндірістің ұзақ уақыт құлдырауы, көпшілік халықтың әл-ауқатының нашарлап, төмендеуі және т. с. с. әлеуметтік кикілжіндер себеп болады. Қайшылықтардың күшейіп, асқынуы, дер кезінде шешілмеуі көпшілік жұрттың наразылығын тудырады. Мұндайда саяси бағытты өзгертуге тура келеді. Оны реформалық және революциялық жолмен жүзеге асыруға болады. Реформада жаңа заң актілері арқылы сол қоғамның шеңберінде өзгерістер енгізіледі. Онда алға қойған мақсатқа ақырын, кейде бірнеше кезең арқылы жетеді, өзгерістер біртіндеп жасалады. Революция — қоғамдағы биліктің, саяси жүйенің толық, түбегейлі өзгеруі. Ол әлеуметтік-саяси өмірдің терең дағдарысынан туады. Мемлекет басындағы топтар өздігінен билікті бере қоймайтындықтан онда күштеу, зорлау кен орын алады.

Бұл екі жолдың да өз жақтастары мен қарсыластары бар. Революциялық жолды басшылыққа алушылар — марксистер. “Саяси экономия сынына” деген кітапқа жазған алғысөзінде К. Маркс былай деп көрсетті: өндіргіш күштер өз дамуының белгілі сатысында осы дамуына бұғау болатын өндірістік қатынастарға қайшы келеді. Сол кезде әлеуметтік революция заманы туады. Оның қолдаушылары реформа қоғамды ішінара, жарым-жартылай ғана өзгертеді, әлеуметтік шиеленісті уақытша бәсеңдетеді деп түсіндіреді. Әрине, билеуші топтың, таптың саясаты көпшілік жұрттың талап-тілегіне қайшы келіп, ерік, бостандығы тапталса, тығырықтан шығар басқа жол болмаса, әлеуметтік революция болуы мүмкін. Бірақ оның елеулі кемшіліктері бар. Ең алдымен, ол жолда көптеген адам құрбан болады, ғасырлар бойы жиналған материалдық қазына-байлықтар, мәдени мұра, ескерткіштер қирайды. Қоғам өміріне қыруар шығын келеді. Біраз жағдайда оның немен бітуін де болжап айту қиын. Сондықтан адамзат қазір өзгерістерді біртіндеп жасағанды жөн көреді. Сонда қоғам дамуында бірнеше мүмкіншіліктен ең тәуірі іріктеліп, қателіктер асықпай түзетіліп, халықтың қалауынан өтеді.

Саяси жүйеге ықпал жасау үшін көтеріліс те жасалады. Оны ұйымдастырушылар алдына белгілі бір мақсат қояды. Ол саяси

немесе саяси емес те болуы мүмкін. Революциямен салыстырғанда оның көбіне ауқымы тарырақ, мақсаты нақтыланған болып келеді. Кейде саяси билікті қолға алу үшін қарулы көтеріліс ұйымдастырылуы мүмкін.

Саяси өмірде бүлікшілік (бунт) те кездеседі. Ол саяси үстемдік етуші топтың, мемлекет органдарының шектен тыс іс-әрекетіне жауап ретінде тууы мүмкін. Көтеріліспен салыстырғанда ол ұйымдаспаған, стихиялы түрде келеді, анық-айқын мақсаты болмайды. Қатысушылар саны да азырақ, ұрандары не тым кең көлемді, не тым тар шеңберді қамтиды. Ол өзінің қызбалығымен, сезім әрекетіне бой алдырғыштығымен сипатталады.

Бір топ адамның мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатымен жасаған іс-әрекетін бүлік (путч) дейді. Оны көбіне әскери топ өз диктатурасын орнату үшін пайдалануға тырысады. Ол халықтан қолдау таппайды және оның жағдайды жақсы есептеп, терең ойланған бағдарламасы болмайды.

§ 3. Саяси процеске қатысу түрлері

Адамдар саяси процеске екі түрлі қатысады. Біріншісінде, саяси жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін өкілдік органдар арқылы, екіншісінде, азаматтардың тікелей қатысуы арқылы саяси билікке әсер етеді.

Өкілдік органдар арқылы қатысқанда өз араларынан заң қабылдайтын және күнделікті мемлекетті басқару қызметін атқаратын адамдарды сайлайды. Олар белгілі бір мөлшерде сайлаушылар алдында жауап береді.

Тікелей қатысу өз кезегінде екіге бөлінеді. Біріншісі — институционалданып реттелген демократия. Онда азаматтар сайлау, референдум, плебисциттерге қатысу арқылы өз көзқарастарын білдіреді.

Қазіргі демократиялық қоғамда азаматтардың көбінің саяси белсенділігін білдіретін түрі — *сайлауға қатынасу*. Сайлау жүйелі, заң белгілеген уақытта өткізіледі. Президент, жоғары заң шығарушы органдардың мүшелері әдетте 4—6 жылға сайланады. Бұл мерзім үміткерге берген уәделерін орындауға және саяси басқарудың сабақтастығын жалғастыруға, тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті деп саналады. Жергілікті органдар қысқарақ мерзімге сайланады. Себебі, олардың алдында тұрған мәселелер жеңілірек шешіледі және қала немесе округте жағдай жылдамы-

рак өзгеріп тұрады. Кезекті сайлау күні заң шығарушы орган немесе мемлекет басшысының жарлығымен белгіленеді.

Сайлау күні хабарланғаннан бастап, ресми түрде сайлау науқаны басталады. Сайлаушылардың тізімі жасалады, үміткерлерді ұсыну және тіркеу, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Сайлау өткізіледі. Ол біткен соң берілген дауыстар есептеледі, сайлаудың қорытындысы хабарланады.

Сайлау процесі сайлау округінде жүргізіледі. Елдің, республиканың, штаттың аумағы округтерге бөлінеді. Олардың халқы бір немесе бірнеше үміткерді ұсынады. Жергілікті органдарды сайлау үшін сайлаушылар саны аз, кішкентай округ құрылады. Оған қалалық ауданнан немесе кварталдан, кішігірім ауылдан бір депутат сайланады. Жоғары заң шығарушы органдарды сайлағанда бірнеше кіші округтар қосылып, облыстан, аймақтан бір депутат сайланады. Бір округтан бір депутат сайланса, бір мандатты, бірнеше депутат сайланса, көп мандатты округ деп аталады.

Сайлау науқанының бастапқы сатысында шешуші рөлді саяси партиялар атқарады. Олар үміткерлерді тандайды, оларға қаржы, ұйымдастыру жағынан көмектеседі, митингілер, жиналыстар өткізеді, үміткерлерді сайлаушылармен кездестіреді, ақпарат құралдары, теледидар арқылы сөйлеуге мүмкіндік жасайды.

Сайлаушылар өз тандауын жан-жақты ойланып, саналы түрде жасауы тиіс. Олар қай партияның, қай үміткердің бағдарламасы өз көзқарасына, мақсат-мүддесіне көбірек сай келетінін жақсы ойластырғаны жөн.

Демократиялық саясаттың талабына сай партиялар мен үміткерлер сайлау науқанын бәріне бірдей, тең жағдайда жүргізуі керек. Бірақ іс жүзінде оны орындау қиын. Халықтың ауқатты жігі қолдайтын партиялардың мүмкіншілігі мол болады. Оларға көмек көп көрсетіледі. Теледидарды, радионы, ақпарат құралдарын кеңінен пайдалануға жағдайлары келеді. Ал кішігірім партиялардың ондай мүмкіншілігі аз келеді. Сондықтан мемлекет сайлау науқаны шығынының біраз бөлігін өз мойнына алады. Сонымен қатар жеке адамдар мен ұйымдарға, сайлау алдындағы қорға қайырымдылық көрсетудің мөлшері және үміткерлердің өз қаржысынан қанша жұмсай алатын шамасы белгіленеді.

Сайлау алдындағы үгіт сайлау болар күннен бір күн бұрын тоқтатылады. Ол сайлаушыларға өз ойын тағы да бір тексеріп, саралап шығуға мүмкіндік береді.

Сайлау жасырын дауыспен беріледі. Сайлаушының бюллетенді қалай толтырып жатқанын ешкімнің бақылауға қысы жоқ. Кейбір елдерде сайлау нәтижесін бұрмалауға жол бермеу үшін арнаулы дауыс беру машинасын пайдаланады.

Ұйымдастырылу және өткізу жағынан сайлауға ұқсас келетін — *референдум*. Бұл — заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы саяси мәселені түпкілікті шешу мақсатында сайлаушыларға жасалған тікелей үндеу. Мысалы, онда конституция қабылдау немесе оған түзету кіргізу, мемлекеттік құрылыс немесе билік түрін өзгерту, ескі заңның күшін жою немесе жаңасын қабылдау, елдің халықаралық ұйымға кіру, мемлекетаралық келісімге қосылу және т. с. с. мәселелер қаралады. Бұл мәселелерді парламент немесе үкімет бастығы қояды.

Референдум жеке аймақта не округте өтуі мүмкін. Онда жергілікті жердің мәселесі қаралады. Мысалы, қалалық бюджетке түсетін қосымша салық кіргізу, жана зауыт, фабрика, комбинатты салу немесе ондайдың ескісін жабу, үлкен магистральдық жол тарту және т. б. сияқты мәселелерге халықтың пікірін біледі. Мұндай тәсіл АҚШ-та, Швейцарияда кең таралған.

Референдумға дайындық барысында жана сайлау округтері құрылмайды. Оған қатысқан адамдардың көпшілігі қай шешімге дауыс берсе, сол қабылданады. Бірақ референдумның осал жақтары бар. Мысалы, көбіне шешім аз ғана басымдықпен қабылданады. Оның үстіне қоғамдық пікір тез өзгеруі мүмкін. Ондайда референдумның нәтижесі кейінгі талаптарға, халықтың тілегіне сай келмей қалуы мүмкін.

Мұндай кемшіліктерге жол бермеу және халықтың талап-тілегін толық білу үшін дауысқа түсетін мәселені жан-жақты талқылаған жөн. Біраз елдерде референдумға қатысқан адамдардың үштен екісі кұптағанда ғана шешім түпкілікті болып саналады. Дегенмен, референдумды халық билігінің мінсіз түрі деп атауға болмайды. Себебі, үкімет сұрақты қойғанда өзіне керек жауапты аларлықтай етіп қиюлайды. Оған қатысушылар “иә” немесе “жоқ” деп қана жауап береді де, басқаша түзету кіргізе алмайды.

Референдумның бір түріне *плебисцит* (латынның қарапайым халық және шешім деген сөздерінен шыққан) жатады. Ол, әдетте, халықаралық қатынастарда басқа елдің жерін күшпен қосып алған жағдайда, халықтың пікірін білу үшін өткізіледі.

Саяси процеске қатысудың екінші түріне бұқаралық жиналысқа (митингіге), шеруге, ереуілге қатысу арқылы саяси билікке ықпал жасау жатады.

Бұқаралық жиналыс бір мәселені талқылауға арналады. Ол саяси биліктің не саяси серкенің шешімін қолдау не қолдамау болуы мүмкін. Оған көп адам қатысып, өз көзқарастарын білдіреді. Оның теріс жағы да бар. Мысалы, мұндай жиналыста әр түрлі саяси күштердің мақсаттары қайшы келетіндіктен онда арандату әрекетіне итермелеушілік, ұстамсыздық, бұзақылық элементтері кездесуі мүмкін. Сондықтан оны ұйымдастырушылар жағынан болсын, оған рұқсат беріп, бақылау жасайтын билік құрылымдары жағынан болсын, асқан ұқыптылықты, сақтықты, тәртіпті сақтай білуді талап етеді.

Шеру (демонстрация) — белгілі бір идеяны, талапты жақтаушы көпшіліктің салтанатты жүруі, саяси биліктің әрекетін қолдау не оған қарсылық білдіруге бағытталады. Білікті ұйымдастырылған шерудің саяси қарсыласқа етер әсері үлкен болады.

Ереуіл — саяси қысым жасау мақсатында жұмысты тоқтату, белгілі бір талаптарды қабылдауға тырысушылық. Оның негізгі себебі көбіне әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты келеді. ТМД елдерінде жалақының бірнеше ай бойы берілмеуі, өмір деңгейінің күрт төмендеуі, жұмыс істейтін жағдайдың нашарлауы және т. б. Ереуіл күрес жүргізушілердің ақырғы амалы болып табылады. Себебі, оның зардабы бүкіл қоғамға ауыр тиюі мүмкін. Оның салдарында шаруашылық байланыстары үзіліп, экономикаға нұқсан келеді. Ереуіл жасаушылардың өздеріне де осал тимейді. Сондықтан ереуілге шықпас бұрын оның салдары жөнінде терең ойлану керек. Егер шығатындай болса, ол жоғары деңгейде ұйымдастыруды, мақсатын, талаптарын, өткізілетін уақытын айқындауды талап етеді. Ереуіл кезінде жазатайым құрбан болу не басқа келеңсіз жағдайлар тууы мүмкін. Олардың отбастарына көмек көрсетуге тура келеді. Солардың бәрі алдын ала жан-жақты ойластырылуы керек.

Аты аталғандардан басқа нақтылы жағдайларға байланысты пикет қою, аштық жариялау, азаматтық бағынбаушылық және т. с. с. болуы мүмкін.

Қазіргі адамдардың сауаты өскен, білімі жетілген, ой-өрісі кең, әлемдегі жаналықтарды дер кезінде жақсы біліп тұрады. Мұның бәрі оның саяси санасына зор ықпал етіп, белсенділігін арттыруда. Сондықтан саяси ұрандарға, бағдарламаларға сын көзбен қарайды. Бұрынғыдай сайлауға қатысу, партияның, кәсіподақтың мүшесі болу қанағаттандыра бермейді. Олар азаматтық белсенділіктің, демократиялық қозғалыстардың басқа

түрлерін іздеуде. Шетелдердің көбінде экологиялық, соғысқа, ядролық қаруға қарсы қозғалыстар кең етек алды. Мұндай қозғалыстардың біздің елімізде де қолдау тауып жатқаны қуанарлық жәй.

Сонымен қатар қайсыбір адамдардың саяси өмірге қатыспауы, шеттелуі де кездеседі. Оған азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасында қарсы байланыстың болмауы, саяси институттардың жұмысынан түнілуі және соған орай парықсыздық білдіруі, жалпы саяси жүйені қабылдамауы және т. с. с. себеп болуы мүмкін.

Сонымен қоғамдағы азаматтардың саяси белсенділігі елдегі ішкі жағдайға, саяси институттардың ықпалы мен әрекеттілігіне, қоғамдық күштердің ара салмағына, демократиялық дәстүрлер мен ережелердің жетілу деңгейіне және т. б. байланысты. Шын демократиялық қоғамда азаматтардың саяси белсенділігі — оның дамуының, билік құрылымдары мен азаматтық қоғамның арасындағы кері байланысты ұдайы жетілдірудің тетігі болып табылады.

§ 4. Саяси даму мен бейімделудің мәні

Қоғам әрқашан өзгеріп, дамып, жылжып отыратындығы белгілі. Соған орай саяси жүйелер де өзгеріп, бір жәй-күйден екінші қалыпқа келіп, жетіліп жатады. *Саяси даму деп саяси іс-қимылдар, саяси мәдениетте және жалпы саяси жүйеде өзгерістерге әкелетін процесті айтады.* Соның нәтижесінде саяси жүйе әлеуметтік мақсат-мүдделердің жаңа үлгілеріне бейімделеді және жаңа жағдайларға икемделген институттар пайда болады.

Саяси дамуды саяси прогреспен шатастырмаған жөн. Себебі, соңғысы қоғамдық-саяси дамудың барысында бір нәтижеге жетуді, бір кезеңнен екіншісіне өтуді білдіреді. Ал саяси даму бейтарап ұғым, ол тек даму процесін, өзгерісті ғана бейнелейді.

Саяси дамудың эволюциялық және революциялық түрлері бар. Эволюциялықта қоғамдық-саяси өмір біртіндеп, баяу дамиды. Көбіне күнделікті өмірге тығыз байланысты болғандықтан, олар сырт көзге онша байқала бермейді. Революцияда қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық саяси құрылымы түбегейлі сапалы төңкеріске ұшырайды. Ол қарулы және бейбіт жолмен жүзеге асуы мүмкін. Сонымен қатар революцияға қоғамдағы үлкен бетбұрысты да жатқызады. Мысалы, бұдан екі жүз жыл бұрын Батыс Еуропаның біраз елдерінде және Солтүстік Америкада

қоғамның дәстүрлік әлеуметтік және саяси бейнесін түбегейлі өзгерткен процесс басталды. Соның нәтижесінде қазіргі кезде әлемнің барлық аймақтарында қоғам өмірінің барлық саласы түгелімен түлеп, жанарып шықты. Біз бұдан былай әңгіме еткенде қоғамның осындай түбегейлі өзгерісін айтамыз.

Әлеуметтану біздің заманымыздағы қоғам дамуын дәстүрлік және қазіргі етіп екі түрге бөледі. *Дәстүрлік дегенде әдетте рулық, феодалдық қоғамдарды айтады.* Оның экономикасы жалпы алғанда әлсіз. Негізінен, аграрлық шаруашылықпен айналысады. Өндірісте қазба байлықтарын өндіріп, оларды алғашқы өңдеуден өткізеді. Әлеуметтік құрылымында отбасылық, рулық, тайпалық байланыстар қатты дамыған. Халықтың көпшілігі сауатсыз немесе шала сауатты, жол қатынасының, сауда-саттықтың дәстүрлі түрі кең тараған.

Бұл қоғамның саяси жүйесі де ескіше. Қандық, діни, әдет-ғұрыпқа негізделген рулық, тайпалық билік түрі басым. Саяси институттар қызметтерінің ара жігі онша ажыратылмаған. Олар діни, мәдени, билік құрылымдарымен жымдасып жатады. Онда жеке адамның саяси мақсат-мүддесі онша дамымаған. Адам өзін ру, тайпамен біртұтас санады, олардың мүддесін өз мүддесіндей көрді. Орталық билік болса да оған жөнді мән берілмеді. Бұл қоғам ата-бабадан қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді басшылыққа алып, соларға сүйенгендіктен өте баяу, сылбыр дамыды.

Қазіргі қоғам индустриалды, жоғары индустриалды (постиндустриалды) қоғам болып есептеледі. Ол рационализмге, ақыл-парасатқа, баяндылыққа негізделеді. Бүгінгі адам өзінің іс-әрекетінде алдына саналы мақсат қойып, соған жетер жолды, әдіс-тәсілдерді таңдап, табанды түрде оларды іске асыруға тырысады. Бұрынғы дәстүрлік қоғамда адамның әлеуметтік, саяси іс-қимылына заңдық, идеологиялық, діни шектеулер қойылатын. Қазір ондай жоқ. Бұрынғы адамдардың іс-қимылдарын олардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты бағалайтын. Қазір өркениетті елдерде қызметтің, жұмыстың нақтылы нәтижесіне қарай бағаланады.

Саяси даму тұжырымдамасында басты рөлді *саяси бейімделу* (модернизация) теориясы атқарады. Ол осы ғасырдың 50 жылдарында пайда болған. Батыс елдері алғашында бұл ұғымды отарлық езгіден құтылып, азаттық алған елдердің одан кейінгі жерде қалай дамуына байланысты пайдаланған. Кейін ол өркениеттілікке өтудегі әлемдік процестің жалпы үлгісінің негізіне айналды. Оның мәні дәстүрлік қоғамнан қазіргі қоғамға өтудің сипатын және бағытын бейнелеу болатын.

Дәстүрлік қоғамнан қазіргі қоғамға өтудің, соған бейімделудің әр түрлі қыры бар.

1. *Құрылымдық бейімделу.* Ол қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа институттар жүйесінің қалыптасуын қамтиды. Оған индустриализацияландыру, қазіргі нарықтық капитализмнің қалыптасуы, адамдардың сауаттылығы, жұмыс бастылық құрылымның түбегейлі өзгеруі, білікті мамандар, орта және әкімшілік қызметкерлер үлесінің көбеюі, қоғамның әлеуметтік жіктелу құрылымының өзгеруі және т. б. жатады. Осындай күрделі қоғамдық өзгерістердің нәтижесінде Батыстың дамыған елдерінде халықтың әлеуметтік-экономикалық өмір деңгейі бұрынғыдан анағұрлым жақсарды. Оларда қазір жұмысы барлардың жалақылары жоғары, адамдарды шектен шыққан кедейлікке жібермейді, өндіріс орындары, тұрмыс-жағдайлары толық жабдықталған, халықтың тұтыну деңгейі жоғары. Сапалы білім, дәрігерлік көмек алуға мүмкіншілік молайды және т. т.

2. *Азаматтық.* Жанғыру барысында дәстүрлік қоғамның саяси жүйесі де құрылымдық өзгерістерге ұшырайды. Солардың ішінде елеулі саяси көрінісі — азаматтылық, азаматтық құқықтар. Бұл принцип барлық ересек адамдарды мемлекет басқару ісіне тартып, қатынастыруға бағытталған. Мұндай тәжірибе бұрын да тарихта кездескен. Мысалы, афиньлық демократия кезінде Ежелгі Гректерде, содан кейін Ертедегі Римде кездеседі. Бірақ бұл елдердегі азаматтық, біріншіден, тарихи мөлшерде ұзаққа созылған жоқ. Екіншіден, ол халықтың бәрін қамтыған жоқ. Азамат болып тек сол жерде бұрыннан тұрған, сол жерде туған ерікті азаматтар саналатын, басқалар (күлдар, басқа жерден көшіп келгендер) бұл есепке кірмеді. Бірақ олардың тәжірибесі бос кеткен жоқ. Әсіресе, азаматтық құқықтар, оның ішінде мемлекеттік билікке қатысу теңдігі, заң алдындағы теңдік, әлеуметтік мәртебенің жалпы негізі мен мүмкіншіліктер теңдігі және т. б. Бұл құқықтар адам өмірінде ең маңызды, шешуші рөл атқарады. Кейін келе азаматтық құқықтар одан әрі дамытылған, саяси құқықтар пайда болған.

3. *Саяси қатынасу.* Жоғарыда көрсетілген азаматтық принциптің негізінде азаматтарға қоғамның саяси өміріне белсене қатынасуына кең жол ашылады. Солардың ішінде ең маңыздыларының бірі — сайлау жасына келген азаматтардың сайлауға және сайлануға құқығы. Көпшілік саяси партиялар қалыптасады. Олар халықтың саяси өмірге қатынасуына көмектесіп, тәртіптеп, іс-

қимылына бағыт-бағдар береді. Саяси ұйымдар жұмыста қазыналық негіз болатын саяси идеология сомдалып, шындалады. Қазіргідей саяси қызметтерге қатынасатын мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесі құрылады.

4. *Қазіргі адам.* Мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын жаңа адам қалыптасады. Ол бұрынғыдай қандық бірлікке негізделген ру-ру, тайпа-тайпаның шеңберінде ғана іс-әрекет етпейді. Мемлекеттік, ұлттық көлемде солардың мүшесі ретінде міндеттерді атқарып, өз құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алады. Бүгінгі таңда ұйымдар мен мекемелерде қызмет атқару үшін құжаттарда көрсетілген талаптарға сай істеу керек. Бұрынғыдай әдет-ғұрып, салт-дәстүрді, діни қағидаларды басшылыққа алмайды, өмірдің өркениетті талабына сай, іскерлік көрсетіп, білімді қорытындылар жасап, іс істеуге тура келеді.

Бұл мәселемен көптен айналысатын американың белгілі зерттеушісі А. Инкельс қазіргі адамды сипаттай келіп, мынадай ерекшеліктерін атайды:

а) қазіргі адам жаңа өмір тәжірибесінің барлық саласына ашық. Ол қандай жаңа идеялар болсын қабылдауға, қарсы алуға іштей дайын. Дүниені, айналадағы ортаны танып-біле алады және соған орай іс-әрекет те жасай алады;

ә) қазіргі адам айналасындағы өзгерістерге байланысты үрейленіп қорықпайды, психологиялық жайсыздыққа онша бас ұрмайды. Жалпы қоғам түбегейлі өзгерістерге ұшырап жатқанда сол әлеуметтік, мәдени жағдайда өмір сүруге дайын;

б) қазіргі адам қандай мәселе болмасын оған әр түрлі қарауға болатынын, соншалықты пікір тууы мүмкіндігін біледі;

в) қазіргі адам қоғамдық өмірді түсініп, ұғынғанда өткенге, бұрынғыға бағдар ұстамайды, қазіргі мен болашақты ойлайды;

г) қазіргі адам индустриалды технологияның қисынын біледі, белгілі бір мағлұматы бар. Мысалы, өндіріс мекемелері қалай қызмет ететіні, тұрмысқа қажет техникалық құралдардың жұмыс істеуінің және т. с. с. негізгі принциптерін біледі.

§ 5. Саяси бейімделудің кезеңдері және соған байланысты көзқарастар

Дәстүрлік қоғамнан қазіргі қоғамға бейімделу тұжырымдамасының екі түрпаты (типi) бар. Біріншісі — өзіндік ішкі себептерден пайда болып, соған бейімделу. Бұған Англия, АҚШ сияқты

ұзақ жылдар бойғы біртіндеп баяу даму нәтижесінде қоғамның баянды құрылысына өтуді басынан кешірген елдер жатады. Олар дамудың жоғарғы деңгейіне табиғи түрде жеткен болып есептеледі. Ал осы жолды кейін өтетін елдерге даму деңгейі, өмір сапасы жағынан жоғарыдағылардың жолын қуушы, “қуалай дамушы” мемлекеттер ретінде қарайды.

Басқа елдердің Батыс үлгісін бойына сіңіріп, өзгеру, соған икемдеу жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. Солардың ішінде бұрыннан келе жатқан және кең тарағанының бірі — **бейімделудің сызықтық теориясы**. Бұл теорияны жақтаушылардың ойынша, дәстүрлік деңгейдегі елдер ерте ме, кеш пе капиталистік даму жолына түседі. Оларда соған лайық әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылым, саяси жүйе орнайды. Соның нәтижесінде олар да қазіргі жоғарғы индустриалды жағдайға жетеді, мәдениеті және басқа салалары да өркениетті елдердің даму жолын бұлжытпай қайталайды дейді.

Осы ғасырдың 50 жылдарында қазіргі мемлекеттің болашақ үлгісі ретінде Американың “еркін” қоғамын айтатын. Азия, Африка, Латын Америкасы елдері өмірдің барлық саласында Батыс бастауларына еліктеу, солардың істегенін қайталау сияқты көрінді. Мысалы, саяси салада парламенттік жүйе және партиялық институттарды орнату, билікті тармақтау, оның заң шығарушы және атқару органдарын, көппартиялық жүйені жаңғырту. Бұл мағынада бейімделу — осы жолға түскен елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының алғашқы шарты. Себебі, дамудың өзі қоғам өмірін неғұрлым батыс үлгісінің негізгі ерекшеліктерін, белгілерін тезірек ұйымдастырған сайын жеделдей түсетін.

Бұл теория бойынша саяси бейімделу алғашында а) дамып келе жатқан елдердің батыс үлгісі бойынша демократиялануы; ә) Батысқа бейімделу “үшінші елдердің” табысты әлеуметтік-экономикалық өсуіне жағдай жасайды және соның салдары болады; б) бұл елдер дамыған Батыс Еуропа елдерімен және АҚШ-пен белсенді қарым-қатынасының, ынтымақтастығының нәтижесі ретінде қабылданған.

“Қуалай дамуды” жүзеге асырудың басты амал-әдісі — Батыс мемлекеттерінің көмегінің арқасы деп есептеледі. Бұл теорияны жақтаушылардың ойынша, жан басына шаққанда белгілі бір деңгейге жету Батыстағы әлеуметтік және экономикалық қоғамның жүйесіндегі өзгерістерге әкеледі. Басқа сөзбен айтқанда, жаңа

жағдайға бейімделудің шешуші жайты — акша. Ол әлеуметтік технологияларды, қазыналарды, демократиялық институттарды тартуға көмектеседі. Сол арқылы тұтыну деңгейін көтеруге, адам құқықтарын бұрмалауды тоқтатуға, мәдениеттің құлдырауын жеңуге болады деп ұйғарды.

Бірақ жана жағдайға өтудің “сызықтық қозғалыс” теориясы Африка, Азия, Латын Америкасы елдерінің Батыстың билікті ұйымдастыру, мемлекет пен азамат қатынастарының үлгі-өнегесі ойлаған жерден шыққан жоқ. Нақтылы өмірде демократиялану, либералдық құндылықтардың институционалдануы, парламент жүйесін орнату және басқа Батыстың билік түрлерін орнату үлгілері мемлекетті басқаруда тиімділік әкелмеді. Керісінше, олар шенеуніктердің сатылғыштығы мен жемқорлығына, бюрократияның қызмет бабын пайдаланып, баю жолын көздеген зорлық-зомбылық, бассыздығына әкелді. Қоғамда әсіре байлар мен шектен шыққан кедейлердің саны көбейді, наразылықтар, шиеленіс, кикілжіндер өрістеді. Ғалымдардың көбі оны дамып келе жатқан елдердің мұндай өзгеріске дайын еместігінен деп түсіндірді. Бірақ гәп бұл теориялық үлгінің біржақтылығында еді.

60 жылдардың аяғына қарай бейімделудің сызықтық теориясын сынаушылар көбейді. Олардың ойынша, әр түрлі елдердің бейімделуі құрылым жағынан болсын, мәдениет жағынан болсын бірыңғай болмайды. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, қазіргі капиталистік өмір салтына өту барысында бұл салаларда түрлі ерекшеліктер пайда болады. Сондықтан ғалымдар соған әкелетін себептерді іздестіре бастады. Олар бірқатар жағдайларға байланысты болады.

1. Әр түрлі елдердің жана жағдайға көшу, институционалдық құрылымға өту үшін жұмылдырып, іске тартарлық қорлары, мүмкіндіктері бірдей емес.

2. Әр түрлі қоғамдық тарихи дәстүрлері, әлеуметтік-экономикалық құрылымы өзгеше.

3. Ұлттық элиталар арасындағы ұйымдастырылу және мәдени ерекшеліктері. Соған орай олар қазіргі тарихи жағдайды, оның әлеуметтік-мәдени мәнін, мазмұнын әр түрлі қабылдайды.

Сондықтан 70 — 80 жылдары жана жағдайға бейімделу мен келешектегі дамудың арасындағы байланысқа қатысты көзқарас қайта қаралды. Бейімделуді дамудың шарты ретінде емес, қызметі ретінде қарайтын болды. Бұл саладағы басым бағытқа, мақсатқа

әлеуметтік, экономикалық, саяси құрылымдардың өзгеруі жатқызылды. Онда Батыстың үлгісін қайталаудың қажет еместігі мойындалды. Бұрын дәстүрлік институттар мен құндылықтарды өркендетті жолға түсудің кедергісі деп қараса, енді әмбебап өлшемдер, құндылықтар, мақсаттар сақталса болды, ұлттық түрде бейімделудің өзі дұрыс деуге шықты.

Жаңа өмір салтына бейімделуді тұтас және ұзақ кезең ретінде қарайтын болды. Ол жолда дамумен қатар бұрынғы құрылымды қайталау, тоқырау болуы мүмкін. “Қуалай дамумен” қатар “жарым-жартылай”, “тығырыққа тірейтін” бейімделушіліктер жөнінде де айтыла бастады.

Бұл мәселені зерттеушілер өтпелі процесс пен өзгерістерді сипаттайтын басты элемент деп әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді айтады. Атап айтқанда, мұның бәрі тұлғаның тұрпатына, саяси дамудың әмбебап ережелері мен мақсатын қабылдап, түсіндіретін, ұғындыратын ұлттық мінез-құлыққа байланысты. Қазіргі демократиялық өмірге көшу үшін халықтың қазына тұтатын бағдарының өзгеруі, соған орай туатын қоғамның саяси мәдениетінің дағдарысын жеңе білуі деп танылады.

Кейінгі кезде демократиялануды экономикалық өсудің қажетті шарты ретінде қарау дұрыстыққа жатпайды деп жүр. Бұл жолда ең алдымен саяси тұрақтылыққа үлкен мән берілуде. Онсыз айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге жету қиын.

§ 6. Қоғам мен саяси жүйенің бейімделу жолдары

Әр түрлі елдердің бейімделу жағдайларын талдап, қорыта келіп, ғалымдар бұл жолда белгілі бір жүйелілік болуы керек дегенді айтады. Біреулері бейімделуді қоғамды индустриаландырудан бастағанды, екіншілері ауыл шаруашылығын реформалаудан, үшіншілері дамыған елдердің қарқынды, ауқымды көмегінен, төртіншілері елді мекендерді қалаландырудан және т. с. с. бастаған жөн деп санайды.

Теориялық жақтан алғанда бұл мәселеге екі түрлі: либералдық және консервативтік көзқарастар бар. **Либералдар** (Г. Алмонд, Р. Даль, Л. Пай) жаңа жағдайға көшуде орта тапқа, халықтың білім дәрежесіне баса назар аударады. Бейімделудің сипаты мен серпінділігіне еркін төбе топтың (элиталардың) бәсекелестігі, қатардағы азаматтардың бұл саяси процеске тартылу деңгейі

шешуші рөл атқарады. Себебі, солардың арқасында саяси реформалар атқарылады. Бұл процеске авторитарлық тәртіп жарамайды, ол секіріссіз, біртіндеп жасалуға тиіс дейді.

Консерваторлар (С. Хантингтон, Дж. Нельсон, Х. Линдз) бұған керісінше қарайды. Олардың ойынша, демократиялық үрдісте тәрбиеленбеген, билік институттарын дұрыс пайдаланып басқара білмейтін халықты билікке араластырып керегі шамалы. Ол қоғамды саяси дамуға емес, құлдырауға әкеледі. Егер экономиканы реформалау үшін басты көрсеткіш өсу болса, саяси реформа үшін тұрақтылық қажет. Сондықтан дейді олар, дамып келе жатқан елдердің жаңа жағдайға бейімделуі үшін мықты саяси тәртіп, тұрақсыздықты тежей алатын заңды, беделді саяси партия, авторитарлық тәртіп болуға тиіс. Солар ғана билікке саяси басшылық жасай алады, мемлекетте мықты бюрократия қалыптасады, реформаларды кезен-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асыруға болады. Авторитарлық тәртіп әр түрлі кездесетіндіктен бейімделуде әр түрлі болуы мүмкін деп пайымдайды консерваторлар.

Тарих көрсетіп, дәлелдеп отырғандай, дамып келе жатқан елдердің басым көпшілігі индустриалды, постиндустриалды жолмен жүруде. Оны бүкіл әлемдегі мемлекеттердің өсу жолы айғақтап отыр. Әр елдің даму сатысына, әлеуметтік-саяси құрылымына, әдет-ғұрпына және т. с. с. байланысты бұл процесс әр түрлі рең алуы мүмкін. Кейбір ғалымдар балама түрін де жоққа шығармайды. Дегенмен, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бейімделу жолына түскен елдердің бәріне тән әмбебап талаптар мен принциптерге жауап беру керектігі мойындалды. Мысалы, экономика саласында өндірістің товар-ақша арқылы реттелуі, мемлекеттер арасында экономикалық және сауда қатынастарының кеңеюі, ғылыми жетістіктер мен алдыңғы қатарлы технологияларды кеңінен тарату, білім мен ғылымды дамытуға қаражатты көбейту және т. с. с. Әлеуметтік салада сословиелік-касталық бөліністерді жойып, бір жіктен екінші жікке кедергісіз өтуге болатындай ашық қоғам орнату. Саяси салада билікті алуан түрлілік тұрғыда ұйымдастыру, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, саяси қатынастарды кеңейту және әрдайым жетілдіріп отыру, саяси шешімдерді қабылдағанда, кикілжіндерді шешкенде мәмілеге келе білу және т. с. с.

Әрине, бұл көрсетілген әмбебап талап, принциптерді еріксіз сырттан теліп, міндетті түрге айналдыруға болмайды. Бұлар бағдар сияқты. Соған орай әр ел өзінің ішкі жағдайларына, ұлттық,

тарихи ерекшеліктеріне, әдет-ғұрып, салт-санасына байланысты әрекет етеді. Егер халық бұл тарихи құбылысты түсініп, қабыл алса, оған өту оңайырақ болады. Ал оны орынсыз жылдамдатпақ болушылық жергілікті менталитетке сай келмесе, реформа тоқырап, шиеленістерге әкелуі мүмкін. Сондықтан ғалымдар бұл жолға түсушілерге алды-артын байқап, терең саралап іс істеуге кеңес береді.

XX ғасырдың 50—60 жылдары капиталистік жүйе болсын, социалистік жүйе болсын берік тұрған мызғымас камал сияқты болып көрінетін. Дегенмен, 70 жылдары жағдай өзгере бастады. Осы кезде үш бірдей авторитарлық тәртіп (Греция, Португалия, Испания) өздерінің бұрынғы жолдарынан бас тартты. 80 жылдардың басында Аргентинада әскерилер билікті өз қолдарынан берді, ал Бразилиядағы генералдар (билікті 1964 жылы басып алған) елді әскери диктатуралық тәртіптен біртіндеп демократиялық жолға шығарды. Мұндай жағдайлар басқа елдерде де бола бастады. Кейінірек Чилидегі әскери хунтаның бастығы генерал Пиночет те оларға қосылды.

Көп жылдар бойы Оңтүстік Кореяда авторитарлық тәртіп үстемдік еткен. Олар демократиялық жолға көшті. Филиппинде президент Маркостың отыз жылдық билігі құлады. 1989 жылы Шығыс Еуропада “барқыттық революция” қантөгіссіз, бейбіт жолмен жүзеге асты. Бұрынғы социалистік елдер бірінен кейін бірі тоталитарлық жүйеден бас тартып, демократиялық жолға түсті. Капиталистік және социалистік жүйеге бөлінудің нышаны (символы) сияқты болып тұрған Берлин қабырғасының күйреуі Шығыс және Орталық Еуропаның арасында жана жағдай туғызды. Ең соңында бұрынғы КСРО-дағы тоталитарлық тәртіп күйреп, оған қараған республикалар көп жылдар бойы аңсаған егемендігін алып, терезелері тең ел болды. Бұл оқиғалардың бәрі келіп, саясаттанушылардың алдына тоталитарлық, авторитарлық тәртіптерден демократиялық тәртіпке қалай өтуге болады деген сұрақты тудырды.

Варшава университетінің (Польша) көрнекті профессоры, саясаттанушы, әлеуметтанушы Ежи Вятрдың ойынша, демократияға революция арқылы келуге болмайды. Себебі революция кезінде зорлыққа жол ашылады, ол зорлық қарсы жақтан да зорлықты тудырады. Сондықтан оған тек бейбіт жолмен ғана жетуге болады. Оның үш түрі бар.

Біріншісінде, реформа жоғарыдан басталады. Мұнда авторитарлық басқарушылар жағдайды түсініп, ешкімнің зорлығынсыз, өз еріктерімен саяси жүйені өзгертеді. Мысалы, Түркияда президент Ататүріктің басқаруымен осылай болды. Жоғарыда аталғандай, Бразилияда да әскерилер өздері өзгеріс жасады. Бірақ мұндай жағдайлар тарихта сирек кездеседі.

Екіншісінде, амалсыздықтан биліктен бас тарту. Мысалы, Грецияда басқарып тұрған полковниктер 1974 жылы Кипрде әскери төңкеріс жасамақ болды. Оған жауап ретінде Түркия Кипрге әскер кіргізіп, нәтижесінде арал екіге бөлінді. Түркия мен Грецияның арасы соғыс жағдайына келді. Греция АҚШ-қа арқа сүйемек болып еді, бірақ олар қолдамады. Сондықтан билік басындағы грек полковниктері амалсыздан билікті азаматтық үкіметке берді. Осындай жағдай 1982 жылы Аргентинада да қайталанды. Ондағы генералдар біздің жеріміз деп Мальвин аралдарына басып кірген. Ал ол аралдарды Фольклендтік аралдар деп атап, ағылшындар иелік ететін. Соғыс салдарында аргентиналық генералдар жеңіліс тауып, өздерін-өздері әшкерелеп, амалсыз билікті азаматтық үкіметке өткізуге мәжбүр болды. 1989 жылы бейбіт жағдайда ГДР мен Чехословакияның басшылары (Хонеккер мен Гусак) биліктен амалсыз бас тартуларына тура келді.

Үшіншісінде, билік басындағылар оппозициядағылармен келісімге келу арқылы авторитарлық тәртіптен демократияға өтеді. Мысалы, Испания (Франко өлгеннен кейін), Оңтүстік Корея, Польша, Венгрия және т. б.

Авторитарлық тәртіптің күйреуінің бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол тәртіпті өмірге әкелген мақсаттардың орындалуы, екіншіден, сол тәртіптің шеңберінде шешілмейтін қайшылықтардың көбеюі, үшіншіден, авторитарлық тәртіп дағдарысқа ұшыраған кезде өз елдеріндегідей демократиялық тәртіпті орнатқылары келген дамыған Батыс елдерінің ықпалы мен қысымы.

Қазіргі кезде демократияның басқа елдерге кең тарауы — тарихи шындық. Ондай мәселе біздің еліміздің алдында да тұр.

Біреулер Батыстың үлгісіне жүгінеді, екіншілері Шығыс үлгісін алға тартады.

Батыс деген не? Біреулер үшін ол жамандықтың, бөленің басы. Ол адамды жекелендіреді, дараландырады, адамшылықтан аздырады, бұзады дейді. Басқалар үшін ол өркениетті өмір сүрудің көзі. Адамдарға еркіндік пен бостандық әкеледі, әділдікті, демократияны орнатады, материалдық және рухани байлыққа қол

жеткізеді. Соларға карап өз елінің экономикалық, мәдени, ғылыми деңгейінді салыстырып, байқауға болады, тіпті өзіміздің күнделікті өміріміздің кедейлігін, күйкілігімізді, бейшаралығымызды айнада көргендей боламыз дейді.

Әрине, Батыстан көп нәрсені үйренуге болады. Әсіресе, жеке адамның еркіндігі мен бостандығын жоғары қою, оны мемлекеттің езгісінен босату, олармен сауда-саттықты өрістетуге, тәжірибесін саралап, жақсы жағын қабылдау, мәдениетін бағалау жөн және т.б. Десе де Қазақстанның түп тамыры Шығыспен байланысты. Оған дәлел — діні, мәдениеті, бұрынғы жазуы. Мәдениет бізге ең алдымен сол жақтан келді. Шығыс мәдениетіне қазақтардағыдай қауымдастық, ұжымдастық, туыстық жақын. Азия елдерінде саяси бейімделудің тиімді мысалы ретінде Жапонияны алуға болады. Олар басқа елдердің ең жақсы жақтарын қабылдай отырып, өзіндік ерекшеліктерін, төлтумалығын жоғалтпайды. Ұлттың бар күшін Батыстың ең жаңа технологияларын меңгеруге жұмсап, жұмылдырып, әлемдегі ең озық, дамыған елдердің біріне айналды.

Егер республикамыз өркениетті елдердің даму жолын, тәжірибесін терең саралап, орынды пайдалана білсе, олардың жіберген қателіктерін қайталамай, реформаны жылдам жүргізуге болар еді. Тарих көрсетіп отырғандай, Батыс елдері реформаны жасағанда халықпен кеңесе отыра істейді. Оны сан түрлі жүзеге асыруға болады. Мысалы, жергілікті жерде болса жиындар, жиналыстар, билік органдарын бақылайтын комиссиялар және т.т. Ал бізде шешімдер көп жағдайда біржақты жоғарыдан төмен түсірілу, әміршілдікке ұрыну, олар жабық жағдайда қабылдануы басым сияқты. Жалпы, билік басындағылардың қызметі халық бақылауынан тыс қалып бара жатқандай. Онсыз демократияны орнату қиын.

Біздің халықтың санасына авторитарлық тәртіп сіңіп қалған. Сондықтан халықтың саяси мәдениетін көтеру басты мақсаттардың бірі болуға тиіс. Олар өз құқықтарын, бостандықтарын қорғай білулері керек. Бұл жолда алдымен Конституцияда көрсетілген қағидалар: құқықтық мемлекеттің принциптері, оның демократиялық негіздері, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық екендігі, оның құқықтары мен бостандықтарының мүлтіксіз сақталуы, биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне шын мәнінде (сөз жүзінде емес) тармақталуы және т.б. ережелердің қалтқысыз орындалғандары шарт.

Елде экономикалық, саяси, құқықтық реформалар тынымсыз болып жатады. Ол — өмір талабы. Бірақ солардың бәрі әбден ойланып, терең толғанып қабылданып, іс жүзіне асып жатса, мемлекеттік емес қатынастар бекітіліп, өмірдің барлық саласында өркениетті қарым-қатынастар қалыптасып жатса, демократиялық тәртіпке жылдам жетуге болады.

Сайып келгенде, либералдық демократиялық жолға түсу — бүгінгі таңда дамудың ең басты бағыты. Ол жалпыадамзаттық құндылыққа жатады. Саяси бейімделу барысында қоғамның жана экономикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына тиімді жауап қайтарарлықтай ашық саяси жүйе құрылады. Біздің мақсатымыз — ата-бабамыздың дәстүр ерекшеліктерін сақтай жүре, алдыңғы қатарлы елдердің өркениетті тәжірибесін бойға сіңіре отырып, нағыз демократиялық жолға тезірек түсу.

Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. “Саяси процесс” деп нені айтады?
2. Саяси процесс қалай жіктеледі?
3. Саяси процеске қатысу түрлері қандай?
4. Саяси процеске тікелей қатысуға не жатады?
5. Қазіргі Қазақстанның саяси процесіндегі ерекшеліктер қандай?
6. Қоғамда саяси өзгерістер не себепті болады?
7. Қоғамдағы саяси бейімделудің өлшемі қандай?
8. “Саяси даму” және “саяси бейімделу” ұғымдарының ара қатынасы қандай деп ойлайсыз?
9. Саяси бейімделудің кезеңдерін атаңыз.
10. Саяси бейімделуге байланысты қандай көзқарастар бар?

15 - т а р а у. ӘЛЕМДІК САЯСАТ

§ 1. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар

Біз бұған дейін мемлекеттің ішінде жүргізілетін, яғни ішкі саясатты сөз еттік. Сонымен қатар әлемдік саясат та бар. *Әлемдік саясат* деп мемлекеттердің және басқа халықаралық субъектілердің әлемдік сахнадағы іс-әрекетінің жиынтығын айтады. Ол әлемдік қауымдастықтың өміріне қатысты шешімдерді шығару, қабылдау және оларды жүзеге асыруды, мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сәйкес ұстанымдар мен мақсаттарды қамтиды.

Сонымен қатар бұл тақырыпта жиі кездесетін, мағына жағынан жақын үш ұғым бар. Олар — сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар. Сондықтан алдымен соларға түсініктеме беріп алайық. Жалпы, бұл ұғымдар саясаттануда жете зерттелмеген. Бірақ олардың арасында айтарлықтай айырма бар. Әлемдік саясат халықаралық қатынастардың өзегін құрайды.

Сыртқы саясатқа жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс-әрекеттері жатады. *Халықаралық саясатқа* мемлекеттік не топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар және т.б. арасындағы қоғамдық қатынастар кіреді. *Халықаралық қатынастар* деп халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады.

Бұл айырмашылықтар, біріншіден, халықаралық қатынастарға қатысушылардың, оларды іске асырушылардың (субъектілердің) көбеюіне байланысты. Мысалы, сыртқы саясатты жеке мемлекеттер жүргізеді. Ал халықаралық саясатқа мемлекеттік ұйымдармен қатар саяси партиялар мен қозғалыстар, әлеуметтік топтар мен жеке адамдар және т.б. мемлекеттік емес ұйымдар қатысуы мүмкін. Екіншіден, халықаралық қатынастарда сыртқы және халықаралық саясаттардың негізгі, түпкі бастамасы, принциптері қаланады. Бұл бағыт, бағдарламалар сыртқы және халықаралық саясаттар арқылы нақтыланады және жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде әлемдік саясатты жүргізуде қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстардың белсенділігі артып келе жатыр дедік. Бірақ халықаралық қатынастарда негізгі рөлді мемлекет атқарады. Себебі, ол белгілі бір әлеуметтік топтың немесе саяси ұйымның емес, жалпы қоғамның мүддесін қорғайды. Сондықтан оған басқа елдермен сыртқы саясатты жүргізгенде келісім-шарттар жасау, соғыс ашу және т.б. заңды түрде іске асыруға өкілдіктер беріледі.

Мемлекеттердің халықаралық қатынастарындағы жағдайы, ондағы орны көптеген себептерге байланысты. Солардың ішінде ең бастысы — мемлекеттер күшінің арақатынасы, арасалмағы. Ғасырлар бойы мемлекеттің күші оның *әскери қуатында* деп саналады. Сондықтан мемлекеттер жан-жақты қаруланып, көрші елдерді жаулап алуға тырысты. Елдің әскери қуаты қазір де жо-

ғары бағаланады. Дегенмен, соңғы кезде экономикалық артықшылықты, байлықты ұлғайтуды басқа елдердің қазынасын зорлықпен жаулап алу арқылы жасауға болмайтындығы анықталды. Өйткені қандай артта қалған ел болмасын қазір халықтардың сана-сезімі өскен, өз басын біреудің құлдығына бере қоймайды. Оның үстіне қазіргі қару-жарак негізінен қай елде болмасын бар, ал болмаса, оны қайткен күнде де қолына түсіріп, өз елін қорғау үшін толығымен пайдалануға тырысады. Мұндай жағдайда басқа жерді басып алып, билеп-төстеу өте қымбатқа түседі және қандай бай елді болсын айтарлықтай әлсіретуі мүмкін. Бұған мысал ретінде АҚШ-тың Вьетнамдағы, бұрынғы Кеңестер Одағының Ауғанстандағы соғыстарын келтірсек те жеткілікті. Шын мәнінде, қазіргі таңда мемлекеттің күші көптеген көрсеткіштерден тұрады. Оған мемлекеттің жер көлемі, адам саны, табиғи байлықтары, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісінің мөлшері мен сапасы, мемлекет құрылысының сипаты, әлеуметтік-саяси, ғылыми-техникалық, рухани, мәдени даму дәрежесі және т.с.с. кіреді.

Мемлекеттік күштердің арасалмағымен байланысты “*күш теңдігі*” немесе “саяси теңдік” деген де ұғымдар бар. Халықаралық саясаттың маңызды құралы ретінде бұл ұғымдар XVII ғасырда енді. Сол кезде өмір сүрген Фенелон деген француз мемлекет өз көршілерінің күшеюіне жол бермеуі керек деген идеяны алға тартты. Себебі бір мемлекеттің көлемі мен қуаты “белгілі бір шектен шығып” кетсе, барлық басқа мемлекеттердің жалпы жүйесін өзгертуге әкеледі. Оның шамадан тыс өсуі көршілерін бағынышты етеді немесе жүдетіп-жадатады деді ол. Сондықтан, оның ойынша, көрші мемлекеттер өзара теңдік пен тепе-теңдікті сақтаулары керек. Сонда ғана тұрақтылық қамтамасыз етіледі.

Ал орыстың В. Ф. Малиновский (1765—1814) деген ағартушысы “Соғыс пен бейбітшілік туралы ой жүгірту” деген еңбегінде дүниежүзілік әлемде сот пен полицейский жоқ. Сондықтан агрессордың сазайын тарттыратын және агрессияның алдын алудың құралы мемлекеттер арасындағы “күш теңдігі” болуы керек дейді. Кейін бұл ұғым сыртқы саясаттың құралы ғана емес, мақсатына айналды. Себебі, мұндай жағдайда мемлекет халықаралық аренада өз тәуелсіздігін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады.

Соңғы кезде Американың беделді идеологы З. Бжезинский бұл мәселеге басқаша ой тастады. Ол “халықаралық саясаттың жана үлгісін” ұсынды. Оның ойынша, адам мен қоғамға қазір ғылым

мен техниканың дамуы орасан зор әсер етуде. Соның аркасында экономикалық өмір интернационализацияланып, жеке елдердің өзара байланыстылығы өсуде. Әлемдік өндіріс пен айырбас қалыптасуда. Сондықтан жоғарғы жалпыадамзаттық құндылықтар үшін барлық мемлекеттер тең дәрежеде өздерінің егемендігінен бас тартуы керек дейді. Егер экологиялық және т.б. әлемдік (глобальдық) мәселелерді еске алсақ, бұл сөздің де жаны бар сияқты. Бұл идеяның құптаушылары да, қарсылары да бар.

Бұл тақырыптағы тағы бір келелі мәселе — *сыртқы және ішкі саясаттың өзара қатынасы*. Марксизм мемлекеттің ішкі саясаты оның сыртқы саясатын анықтайды дейтін. Бірақ қазіргі таңда олай деу ағаттық болар еді. Себебі, соңғы кезде сыртқы саясат елдің ішкі саясатына көбірек әсерін тигізіп жүр. Оған бүкіл жер шарына жайылып кетерлік қаупі бар термоядролық соғысты болдырмау, экологиялық апаттардан сақтану (бір Чернобыль трагедиясының өзі көптеген елдерге зардабын тигізгені белгілі), қоғамға қарсы құбылыстардың етек алуы (нашақорлық, “көленкелі экономика”, сыбайлас жемқорлық және т.б.), атом қаруының жайылуына шек қою, жер қазбаларының жеңіл өндірілетін қорларының, шикізаттардың азаюы және тағы басқа себептер әсер етеді. Бұл мәселелерді бір елдің көлемінде шешуге болмайды. Сондықтан оған барлық елдердің жұмыла кірісуін талап етеді. Осыдан барып, сыртқы саясаттың ішкі саясатқа әсері артады. Америка ғалымы П. Гуревич қоғам ішіндегі қатынастарға сырттан ықпалын тигізетін үш себепті атап көрсетті. Оған ол: 1) басқа бір елдің ішкі өміріне бір немесе бірнеше мемлекеттің агрессиялық (көбіне әскери) түрде қол сұғуын; 2) екінші елдің ішкі саясатына бейбіт түрде араласуын; 3) халықаралық экономиканы және мемлекеттердің халықаралық жүйесін жатқызады. (*Халықаралық қатынастардың социологиясына кіріспе. М., 1992, 24-бет*). Сыртқы себептер бұдан да көбірек болуы мүмкін. Бірақ негізгілері дұрыс аталған. Жалпы біздің ойымызша, ішкі не сыртқы саясат шешуші ықпал жасайды деп кесіп айту қате сияқты. Себебі, тарихи жағдайға байланысты кейде ішкі саясат сыртқы саясатқа басым әсер етсе, кейде, керісінше, сыртқы саясат ішкі саясатқа соншалық әсер етуі мүмкін.

Халықаралық саясатпен тығыз байланысты тағы бір ұғым бар. Ол — “ұлттық мүдде”. Көне заманның өзінде Аристотель адамды әрекет еткізетін мүдде деген болатын. Ал қандай адам болмасын тарихи қалыптасқан әлеуметтік бірлестіктің біріне: ұлтқа,

әлеуметтік топқа, отбасына және т.б. жататыны белгілі. Неміс ойшылы Гегель халықтар өмірінің қозғаушы күші мүдде дейді. *Ұлттық мүдде* деп өз халқының, мемлекетінің мақсат-мүддесін сезініп, біліп, оны іске асыруға тырысушылықты айтады. Оған ұлтты еркін және тәуелсіз мемлекет ретінде ұстау, сыртқы қауіп-қатерден сақтау, ұлттың жақсы тұрмыс-халін өрлетіп, дамыту, халықаралық майданда мемлекеттің экономикалық және саяси бағытын қорғау, әлемдік саясатта өз ықпалын кеңейту жатады. Олар экономикалық, саяси, құқықтық, рухани түрінде ұлттық объективті талаптардан келіп шығады. Бұл мүдделер қоғамда өмір сүріп отырған таптардың, топтардың негізгі мақсаттарына байланысты. Оны әсіресе үкімет басшылары жақсы білуі керек. Ол үшін алдымен қандай мүддені қорғамақсың, соны білген абзал. Екіншіден, ол мүддені іске асыру үшін айналадағы саяси жағдайды дұрыс бағалай білген жөн.

Мемлекеттердің көпшілігі көп ұлтты болып келеді. Сондықтан мемлекеттік мүдде мен ұлттық мүдде сәйкес келе ме деген сұрақ туады. Бұл сұрақ екі түрлі шешілуі мүмкін. Біріншісінде мемлекеттік билік өзінің сыртқы саясатында елдегі сан жағынан көп бір ұлттың мүддесін қорғап, басқа халықтарды ескермейді. Екіншісінде мемлекеттік өкімет сол елде тұратын барлық ұлттардың мүддесін көздеп, сыртқы саясатында солардың атынан іс-әрекет етеді.

Американың белгілі саясаттанушысы Г. Моргентау 1969 жылы шыққан “Құрама Штаттар үшін жаңа сыртқы саясат” деген кітабында бұл елдің сыртқы саясаты қандай болу керектігі туралы былай деп жазды. Құрама Штаттар басқа ұлттармен өзінің қатынасын құрғанда ұлттық мүддені, өз аумағының жеке қоғамдық құрылыс мүддесін ең бірінші орынға қоюы керек. Сонымен қатар дүние жүзінде Құрама Штаттардың екінші қатардағы мүдделері де бар. Мысалы, Жер шарының қай жеріндегі болмасын бейбітшілік пен қауіпсіздік, басқарудың демократиялық әдістерін қорғау және бекіту, коммунистік мемлекеттер мен құрылыстарды тежеу, кедейлік пен ауру-сырқауды жеңілдету. Бірақ олардың іске асырылуы төмендегідей екі шартқа байланысты: олар бірінші қатардағы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеуі керек және екінші қатардағы мүдделер ақылға сыйымды болуы керек. Сонымен қатар, Моргентаудың ойынша, Құрама Штаттар басқа ұлттарға еліктерліктей үлгі болу, өз ұлтын одан да жоғары дәрежеге көтеріп, экономикалық жүйенін

өміршендігін қамтамасыз етуге тиіс. Ол үшін қымбат және пайда келтірмейтін бөтен бір елдің өміріне зорлықпен қол сұғудың бағдарламаларын жобалағаннан гөрі өз үйінде тәртіпті орнатуға бар күш-жігерін жұмсағаны жөн дейді.

Ұлттық мүддемен етене байланысты ұғым — “*ұлттық қауіпсіздік*”. Оның мағынасы жер көлемінің тұтастығын қамтамасыз етіп, мемлекеттің егемендігін басқа елдердің жаулап алу қаупінен қорғаумен ғана шектелмейді. Сыртқы саясатта ежелден қалыптасқан көзқарас бойынша ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін көрші елдерді шама келгенше өзінен асырмау, халықаралық майданда әрекет етуші мемлекеттерді барынша әлсірету көзделетін. Сондықтан басқаларға қыр көрсетіп, керек кезінде даулы мәселелерді шешуде күш көрсету үшін өзінің қарулы күштерін мейлінше нығайтып, одақтастар іздейтін. Бірақ соңғы кезде ұлттық қауіпсіздікті тек әскери күшпен шешу мүмкін еместігі айқын байқалады. Ол үшін қарулы күштерді арттыру емес, керісінше, оларды қысқарту, дүниежүзілік қауіпсіздікті сақтау керектігін ірі мемлекет басшылары түсінуде. Соның нәтижесінде Америка Құрама Штаттары мен бұрынғы Кеңестер Одағының арасында Орта және кіші қашықтықтардағы зымырандарды жою туралы шартқа қол қойылды.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әскери қауіпті жоюмен ғана тынбайды. Бүгінгі жағдайда адамзатқа соғыстан басқа да көптеген қауіп төніп тұр. Оларға өндірістік және ауыл шаруашылық өнімдерді қалдықтарымен атмосфераны, жер қыртысын, су қоймаларын ластауға әкелген экологиялық күйзелісті, жер жүзіндегі ауа райының өзгеруін, нашакорлық пен маскүнемдікті, халықаралық лаңкестік пен сыбайлас жемқорлықты және тағы басқа көптеген кеселдерді келтіруге болады. Сондықтан жалпыға бірдей қауіпсіздік жүйесін жасағанда, біріншіден, халықаралық қатынастарға қатысушылардың бәріне тең қауіпсіздік болуын, екіншіден, ол жүйе саяси, экономикалық, адамгершілік сияқты қауіпсіздіктің барлық салаларын қамтуы қажет.

Сыртқы саясаттың қалыптасуына әр түрлі жағдайлар ықпал жасайды. Оның ішінде ең маңыздысы — мемлекеттің орналасқан *географиялық ортасы*. Оған жер бедері, ауа райы, топырақ, жер қойнауының табиғи байлықтары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи қатынас жолдары және басқалар жатады. Географиялық орта өндіргіштерді орналастыруға, жалпы қоғам дамуына сан қилы әсер етеді. Айналадағы табиғи ортаның қоғам дамуы-

на ететін әсерін зерттейтін географиялық бағыт деген теория пайда болды. Оның негізін салушы француздың белгілі фәлсафа-ағартушысы – *Ш. Монтескье*. Ол халықтардың материалдық және рухани өмірі географиялық ортаның жағдайларына тәуелді деп санады. Бұл бағытты жақтаушылар қоғамдық өмірдің өзгеру себептерін, халықтар тарихын, адам психикасын географиялық ортаның ерекшеліктері туғызған өзгешеліктер арқылы түсіндірді. Географиялық бағыттың негізінде географиялық саясат деген теория пайда болды. Наполеон қандай мемлекет болмасын саясатты өз географиясына байланысты жасайды деген. Географиялық саясат мемлекеттер, аймақтар, континенттер арасындағы қатынастарды зерттейді. Бұл саясатты жақтаушылар ұлттардың, мемлекеттердің жан-жақты дамып, тыныш өмір сүруі үшін “тіршілік кеңістігі” болуы керек дейді. Сондықтан бұл теорияны екінші дүниежүзілік соғыс алдында жана аумақтарды жаулап алу үшін Гитлер басшылыққа алған, ал қазір оны Израиль агрессорлары басқа араб елдеріне қарсы ту етіп көтеріп жүр.

Географиялық ортаның қоғамға әсері тарихи жағынан үздіксіз өзгеріп отырады. Қазіргі ядролық заманда “тіршілік кеңістігі” үшін күрестің мәні шамалы. Дегенмен, жер көлемінің үлкендігі, қазба байлықтары, жер бедері, теңізге шығу мүмкіндігі т.б. сияқты географиялық жағдайлар мемлекеттің сыртқы саясатын белгілеуде елеулі орын алатындығы күмәнсіз.

Халықаралық саясатты қалыптастыруға идеологияның да қатынасы бар. Қай елде болмасын жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, әділдік пен әділетсіздік, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, қоғамның әлеуметтік даму заңдылықтары жөнінде өзіндік түсініктері, ой-пікірлері болады. Бұл көзқарастар сыртқы саясатқа да әсерін тигізеді. Мысалы, бұрынғы Одақ кезінде коммунистік идеология қоғамдағы құбылыстарды тап күресі тұрғысынан қарау керек деп үйретіп келді. Бұл талап сыртқы саясатқа да тікелей қатысатын. Соған орай дүние жүзін “социалистік әлем” мен “капиталистік әлемге” бөліп, олардың мүдделері ешқашан ымыраға келмейді дейтін. Сондықтан сыртқы саясатты да осыған сәйкес құрған болатын. Ал Америка Құрама Штаттары болса, өз кезегінде одан қалыса қойған жоқ. Оның идеологиясы бұған қарсы үгіт-насихатты екпінді түрде жүргізіп жатты. Мұның бәрі теріс идеологияның сыртқы саясатқа да оң әсер әкелмейтіндігін дәлелдейді.

§ 2. Жаңаша саяси ойлау және халықаралық қатынастар

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін капиталистік және социалистік системалардың арақатынасында “қырғи қабақ соғыс” пен қатал идеологиялық карама-қарсылық кезеңі басталды. Ол 80 жылдардың ортасына дейін созылды. Бұл кезеңде әскери-саяси басымдылыққа зор сенім артылды. Глобальды (латынның “глобус” — Жер деген сөзінен шыққан; жер шарын камтитын, жалпы әлемдік деген ұғымды білдіреді) мәселелерді бірлесіп шешу туралы көптеген келісімдер идеологиялық сенімге сай бұзыла берді. Бұл кездегі іс-әрекетке “глобальды тұрғыдан ойлап, локальды (аймақтық) тұрғыда іс істе” деген принцип басшылыққа алынды. Мұның бәрі әлемдік қоғамдастыққа екіжақты және планетарлық деңгейде қарым-қатынасты дамытуға айтарлықтай залалын тигізді.

Мұндай жағдайда одан әрі өмір сүруге болмайтын. Ол тұнғыыққа тірейтін жол еді. Сондықтан 80 жылдардың ортасынан бастап, жаңаша саяси ойлау кезеңі басталды. Оған көптеген себептер болды. Біз солардың негізгілеріне тоқталып өтейік.

Біріншіден, ядролық-космостық дәуірде мемлекеттер, әсіресе блоктар арасында *әскери қақтығыстар болмауы керек*. Әскери техниканы дамытып, жанталаса қарулану өзінің шарықтау шегіне жетті. Термоядролық соғыс басталса, барлық адамзаттын, жер бетіндегі тіршіліктің бәрінің құруына әкеліп соқтырады.

Бүгінгі таңда адамдардың өміріне 50 мыңнан астам ядролық оқбасы (боеголовкалар) қауіп төндіруде. Олардың жалпы қуаты Хиросимадағы жарылыстың миллионына тең. 80 жылдардың ортасындағы ядролық қарулардың жарылысының өзі 58 млрд. адамды немесе жер бетіндегі әрбір тұрғынды 12 рет өлтірердей күші бар.

Ал әр түрлі елдердің зерттеулеріне карағанда, үшінші дүниежүзілік соғыс бола қалса, оның салдарында “ядролық қыс” тууы мүмкін. Оған себеп — ядролық қару қолданылған қалалардың үстінде күн өтпейтін қап-қара күйенің пайда болуы. Ол кейін барлық жер жүзіне жайылып, әлемді камтып алады. Соның салдарынан ұзаққа созылатын түнек туады. Ол қатты суыққа соқтырады. Жер тез суый бастайды. Климат жағдайлары күрт өзгеріп, биосферада қайта айналмас процестер басталады. Демек, ядролық соғыстың салдары тек оған қатысушыларды ғана камтып қоймай, барлық адамзатқа апат әкеледі.

Қазіргі заманда жеке елдер арасындағы дау-жанжал, аймақтық әскери қақтығыстар дүниежүзілік ядролық соғысқа ұласып кету қаупі бар. Мұндай жағдайда қай мемлекет болмасын өзін тек әскери-техникалық құралдармен қорғап қала алмайды. Оған мысал ретінде 1986 жылы Чернобыль атом станциясындағы жарылысты атасақ та жеткілікті. Сондықтан қауіпсіздік тек бір ұлттық болуы мүмкін емес, ол планетарлық, жалпы әлемдік және ол тек қана саяси жолмен қамтамасыз етілуі керек.

Екіншіден, қазіргі заманда бүкіл жер шарын қамтитын глобальды, ғаламдық мәселелердің манызының өте зор артуында. Оған жоғарыда сөз етілген термоядролық соғысты болдырмаудан басқа ең алдымен экология мәселелері жатады. Ол адамдардың бізді қоршаған биологиялық ортаға өрескел араласуына байланысты болып отыр. Мысалы, адамзат екінші дүниежүзілік соғысқа дейін қанша минералдық шикізат пайдаланса, одан кейінгі 40 жылдың ішінде соншалықты пайдаланған екен. Ал көмір, мұнай, газ, темір және т.б. адамдарға өте қажетті табиғат байлықтарының орны қайтып толмайды. Сарапшылардың есептеуінше, ондаған жыл өткен соң олардың қоры таусылмақ.

Табиғат байлықтарын аяусыз пайдаланумен қатар соңғы онжылдықтарда жұртшылықты қатты аландатып отырған қатерлі мәселе — планетаны ластау. Әлемдік мұхит негізінен мұнай өндіруді өрістетуден ластануда. Сонымен қатар оған миллиондаған тонна фосфор, қорғасын, радиоактивті қалдықтар және т.т. тасталуда. Өзен, көлдер, ағын сумен бірге келген тыңайтқыштар, пестицидтер, сынап, мышьяк, қорғасын, цинк т.б. сияқты зиянды заттармен улануда. Мамандардың айтуына қарағанда, жер шарының кейбір аймақтарында аурудың 80%-ы сапасыз судың салдарынан пайда болатын көрінеді. Атмосфералық ауадағы жағдай да одан асып тұрған жоқ. Мысалы, АҚШ-тағы 115 млн. жеңіл машина оттегін өзінің табиғи жағдайда пайда болуынан екі есе көп пайдаланады екен. Оның үстіне тұрмыстағы қоқыстар: әр түрлі қатты заттардың, айнек, полиэтилен қапшықтардың, синтетикалық жуу құралдарының және т.б. қалдықтары айналадағы ортаны ластауда. Ғылыми-зерттеу және технологияға арналған Халықаралық корпорацияның зерттеулері бойынша 1970—2000 жылдарда өндіріс пен пайдаланудан қалған қалдық заттардың жыл сайынғы көлемі мен құрамы мынадай болмақ: атмосфераны газ тәрізділермен ластау 19,7 млрд. тоннадан 50,8 млрд. тоннаға, қатты заттар — 0,24 млрд. -тан 0,72 млрд. -қа, органикалық емес қатты қал-

дыктардан — 5 млрд.-тан 15 млрд.-қа, мұнай заттарынан — 0,07 млрд.-тан 0,24 млрд.-қа, органикалық ауыл шаруашылық және тұрмыс қалдықтарынан — 14,1 млрд.-тан 37 млрд тоннаға дейін артпақ көрінеді. Мұның бәрі табиғаттағы экологиялық тепе-тендікті бұзуға әкеліп соқтырады.

Әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған үшінші үлкен мәселе — “*үшінші елдердің*” алдыңғы қатарлы Батыс державаларымен салыстырғанда экономикалық *артта қалу* үрдістерінің күннен-күнге артуы. Осы ғасырдың 50—60 жылдары колониялық жүйе құлаған болатын. Саяси бостандығын алған елдер енді экономикалық және мәдени жағынан жылдам дамуға мүмкіншілік туды деп қуанғаны белгілі. Алғашында олар (өсіресе дамыған және мұнай өндіретін елдер) жылдам қарқынмен дамыды да. Бірақ 80 жылдары әлемдік саудада бұл елдердің үлесі төмендеп кетті. Олар шетелдерден қарыз ала бастады. 80 жылдардың ортасына қарай “үшінші елдердің” Батысқа қарызы триллион доллардан асып түсті. Дамыған және дамып келе жатқан елдердің арасында алшақтық көбейе түсті. Ол тоқтар емес.

Бұл үрдістің себептері көп. Оның айтарлықтай бір себебі “үшінші елдердегі” демографиялық жағдайға байланысты.

Адамдардың саны әлеуметтік-экономикалық жағынан төмен дамыған Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде қатты өсуде. Оларға білім, медициналық көмек беру, өсіресе тұрғын үй және азық-түлікпен қамтамасыз ету ауыр проблемаға айналуда. БҰҰ-ның мәліметтеріне қарағанда, дүниеде жыл сайын 50 млн. адам аштан өледі екен. Оның басым көпшілігі дамып келе жатқан елдердің үлесіне тиеді.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа ғаламдық проблемаларға азық-түлік, шикізат, энергия көздері және т.б. адамзаттың одан әрі экономикалық өсуіне қажет табиғи қорлармен қамтамасыз ету; планетада демографиялық жағдайды тұрақтандыру; ғылыми-техникалық революцияның теріс зардаптарын жойып, оларды ұтымды пайдалану; халықаралық терроризм, нашақорлық және маскүнемдіктің өріс алуын тоқтату, денсаулықты сақтау, СПИД-тің жайылуын жою және т.б. енеді.

Төртіншіден, қазіргі уақытта Жер шарында мындаған ірілі-уақ халықтар, екі жүзге жуық мемлекеттер бар. Олар табиғат жағдайлары, мекендеген физикалық ортасы, қоғамдық құрылысы, экономикалық укладтары саяси-әлеуметтік және мәдени өмірінің түрлеріне және т.т. бойынша ерекшеленеді. Сөйте тұра, олар бір-бірімен өзара тығыз байланыста, олардың бәрі бір адам-

заттын тегіне, отбасына жатады. Дүниежүзілік дамып келе жатқан экономикалық-сауда, ғылыми-техникалық, мәдени және т.б. байланыстар барлық мемлекеттерді бұрынғы бөлектеніп, онашаланды тыйдырып, жақындастыруда. Ғылыми-техникалық революцияның салдарында қаулап өскен өндіргіш күштер қоғамдық өмірді жедел түрде интернационализацияландыра түсуде.

80 жылдары адамзат, біріншіден, жоғарыда айтылған ғаламдық мәселелердің қауіпті зардаптарға әкеп соқтыратынын, екіншіден, қазіргі дүниенің өзара байланыстылығын, тұтастығын қатты сезіне бастады. Сондықтан да 80 жылдардың ортасынан бастап, жаңаша саяси ойлау кезеңі басталды. *Жаңаша саяси ойлау* деп елдің сыртқы, ішкі саясатын белгілеп, жүргізгенде жалпыадамзаттық мұраттар мен қазыналарды жоғары қою жүйесін айтады.

Бұдан жаңаша саяси ойлау 80 жылдары ғана пайда болған екен деген ой тұмауы керек. Себебі ядролық қаруды ойлап тапқаннан кейінгі онжылдықтың ішінде капиталистік және социалистік елдердің ғалымдары атакты Рассел-Эйнштейн Манифестін жариялады (1955 жылдың 9 шілдесінде). Онда жаппай қырып-жою қаруы өндірілуінің салдарында адамзат өте ауыр, қайғылықасіретті жағдайға душар болғандығы баяндалады. Онда былай делінген: “Көпшілік жұрт, тіпті мемлекеттік қайраткерлердің көбі ядролық бомбаны пайдаланған соғыстың неге әкеліп соқтырарын әлі түсінбейді... Адамдар өздерін, балаларын және немерелерін қатерге түсіріп тұрғанын болар-болмас қана елестетеді... Олардың әрқайсысына және жақындарына азапты өлім қаупі төніп тұр...” Сондықтан мұндай жағдайда әрбір адам жаңаша ойлап, өмірге жаңаша көзқараспен қарау керектілігі атап көрсетілді.

Қазіргі таңда саясаттың, ғылымның, субъективтік фактордың рөлі орасан зор өсуде. Әлеуметтік, экономикалық, таптық, мәдени, діни және т.с.с. айырмашылықтарға қарамай басын қосып, ынтымақтасып, одан әрі ғарыштап алға басуға болады. Адамзат ядролық қауіпсіздіктің барлық жақтарын қамтитындай жүйесін жасаған шақта ғана құтылады. Дамудың басқа жолы жоқ.

Ғалымдардың пайымдауынша, ядролық соғысты болдырмау үшін төмендегідей басты принциптерге негізделген әлемдік тәртіп орнату керек:

— жалпыадамзаттық қазыналардың басымдығын мойындау, адам өмірі мен дүниеге адамзаттық ең жоғарғы құндылығы, қазынасы ретінде қарау;

— даулы мәселелерді соғыс арқылы шешуден бас тарту, барлық дау-жанжалдарды саяси, бейбіт түрде шешудің жолдарын аянбай-талмай іздестіру;

— халықтар өз тағдырын өз еркінше, дербес, тәуелсіз таңдау құқығын тану;

— қазіргі дүниені біртұтас және өзара байланыстағы адамдардың қауымдастығы ретінде түсіну.

Бұл принциптерді іске асыру үшін ең алдымен ядролық қаруды біртіндеп, кезеңімен қысқартып, кейіннен оларды толық жою, ядролық космостық қару-жаракқа тыйым салу. Бұл шаралар көп кешіктірілмей орындалса, тіпті тамаша болар еді. Ол үшін алғашқы кадамды ядролық қаруды сынауға толық тыйым салудан бастауға болар еді. Одан кейін химиялық, жаппай қырып-жою қаруларын жойып, басқа қару мен қарулы күштерді ақылға сыйымды қалпында қалдырса жеткілікті.

Жоғарыда көрсетілгендей, адамзат үшін келесі ең қауіпті мәселе — экологиялық апат. Айналадағы ортаның ластануын тоқтату мақсатында жүйелі шаралар қолдану қажет. Ол үшін алдымен экономикалық амалдар мен ынтыландыру тәсілін пайдаланған дұрыс. Ондай тәсіл шетелдерде кеңінен қолданылады. Мысалы, Германия Федерациялық Республикасында бұл мақсатта сертификаттарды енгізген. Егер кәсіпорын немесе ұйым айналадағы ортаға зиян келтірсе, олардың барлығы қосымша салық төлейді. Зиянды қалдықтар сертификатта көрсетілгендей белгілі бір мөлшерде болса, онда онша көп төлемейді. Ал егер ол мөлшерден артық кетсе, салық ақысы айтарлықтай көбейеді. Оның үстіне сертификаттағы көрсетілген ластану мөлшері жылдан-жылға азайтылып отырады. Салықтың өзі де жеке салалар мен аймақтар үшін олардың мүмкіншілігі мен жағдайына қарай әр түрлі салынады. Мұндай жүйелі әдістің жан-жақты пайдасы бар. *Біріншіден*, фирмаларды экологиялық жағдайды жақсартуға белсенді түрде ұзақ мерзімді капитал жұмсауға мәжбүр етеді (инвестиция жасатады). *Екіншіден*, экологиялық жағынан зиянды өнеркәсіптер есебінен айналадағы ортаны қорғауды қаржыландыратын арнаулы қор ашылады.

Айналадағы ортаны ластамай, қорғау үшін газ, тозандарды ұстап қалатын қондырғылар орнатса, ластаушы көздерді күртсе, қалдықтар қалдырмайтын немесе аз қалдыратындай технологиялар кіргізсе, отынның экологиялық таза түрлерін пайдаланса, көп мәселе шешілер еді.

Экологиялық ахуалды көтеру үшін кәсіпорындардың өзінің жауапкершілігінің арттырылғаны, жергілікті өзін-өзі басқару орындарының құқықтары мен өкілдіктері іске асырылғаны, табиғатты қорғау заңдарын орындауға мемлекеттік және қоғамдық қатаң бақылау орнатылғаны жөн. Сонымен қатар табиғатты қорғау бір елдің ғана міндеті емес, оған бүкіл мемлекеттер ат салысу керек және бұл саладағы іс-әрекеттерін үйлестіре істегені абзал. Ол халықаралық келісімдерде көрінісін табуы тиіс. Бұл саладағы келесі міндет — ғылыми және материалдық байлық, қаржы, қорды біріктіру. Мұның бәрі экология жөніндегі ұлттық бағдарламаның құрамдас бөлігі болуы қажет.

“Үшінші елдердің” әлеуметтік-экономикалық артта қалуын жою үшін жанталаса қарулануды қысқарту және әскери шығынды едәуір азайту керек. Соның арқасында артта қалған елдерді тезірек дамытуға бірталай қаржыны бөлуге болады. Сарапшылардың айтуы бойынша, бұл елдердің экономикасын қазіргі тілекке сәйкес өзгертуге керекті ақша қаражатын өтеу үшін әскери шығынның оннан бірі де жеткілікті екен. Сонымен қатар бұл мәселені шешу арқылы қонымды түрде халықты, жалпы демографиялық жағдайды реттейтіндей саясат жүргізуді талап етеді.

Сонымен, қорыта келгенде, ғаламдық мәселелердің бірібірімен тығыз байланыста екендігіне біздің көзіміз тағы да жетті. Оларды ойлағандай шешу үшін әр түрлі елдердің халықаралық ынтымақтастыққа негізделген бірлескен амалы қажет. Ғаламдық мәселелерді шешкенде, адамзаттың өзін-өзі сақтап, табиғатты қорғағанда жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұлт пен ұлыстардың қандай бір мақсатымен салыстырғанда жалпыадамзаттық қазына, мүдде әрқашан басым, биік тұруға тиіс. Барлық халықтар ынтымақтастықты арттыру үшін келіссөздер мен ақылдасу арқылы өзара мақсат-мүдделерінің сәйкес келер жерлерін ізлегені орынды. Сондай мемлекеттердің басын қосып, біріктіруге дәнекер боларлық нәрсеге техника, ғылыми-техникалық революция жатады. Жеке бір мемлекет не саяси, әскери, экономикалық топтарға емес, бүкіл адамзаттың мұратына қызмет етерлік ғылым мен техниканың даму бағдарламаларын жасап, іске асырған абзал. Оның жолы өте көп. Дамыған елдер күш-жігерін қосып, қаражаттарын бөліп СПИД, рак немесе жүздеген басқа ауруларды емдеп, жазудың жолын іздесе, тіпті дүниежүзілік дәрігерлік жүйе жасаса қандай ғажап болар еді?! Космосты бейбіт мақсатта игеретін дүниежүзілік ұйым күрсе, жалпы жана экономикалық тәртіп орнатса ғой. Мұндай мысалдарды ондап келтіруге болады.

Бұл көрсетілген мұраттар орындалса, соғыс қаупінен құтылар едік. Адамзаттың жарқын болашағы үшін күресте барлық мемлекеттердің ынтымақтастығы құрыштай бекір еді. Бірақ мұның бәрі өзінен-өзі келмейді. Ол үшін барлық халықтар мен елдер қажымай-талмай жұмыла күресуі керек. Халықаралық қатынастарды адамгершіліктендіру, демократияландыру қажет.

§ 3. Егеменді Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде

Бұрынғы Одақ кезінде Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі негізінен хаттамалық қызметпен шектеліп, сыртқы саясат мәселелерін ол үшін орталық шешетін. Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің сыртқы саясатын ұлттық-мемлекеттік мүддесіне сай жүргізе бастады. Ол дүниежүзілік қауымдастыққа дербес субъект ретінде белсене кірісуде. Мұның жарқын дәлелі — Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болуы. Еліміздің Хельсинки келісіміне қосылуы, СШК-1 Шартына, Лиссабон хаттамасына қол қоюы және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа енуі оның халықаралық беделін нығайтып, егемендігін, қауіпсіздігін және шекараларының мызғымастығын баянды етті. Бұған АҚШ-пен “Демократиялық серіктестік туралы хартияға” қол қоюы, НАТО-ның “Бейбітшілік мүддесіндегі серіктестік” бағдарламасына қосылуы, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Қытай сияқты ядролы державалардың Қазақстанға берген қауіпсіздік кепілдіктері жәрдемдесті.

Республиканың негізгі әлемдік валюта қаржы ұйымдарына — Халықаралық валюта қорына, Бүкіл дүниежүзілік банкіге, Еуропалық қайта құру және даму банкісіне енуінің маңызы зор. Сондай-ақ Еуропалық одақпен серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Еліміз Азияның он елін біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық ұйымында белсенді түрде жұмыс істеуде.

Республика тиісті халықаралық институттармен, бірінші кезекте ЮНЕСКО-мен қайырымдылық және мәдени салаларда тығыз байланыс жасап отыр. Оның айғағы — ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы көптеген елдерде ЮНЕСКО-ның демеуімен аталып өтуі.

Елімізді қазір дүние жүзінің 120 мемлекеті таныды, олардың 105-імен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Шетелдерде 29

елшілік ашылып, Алматыда 40 елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді.

Қазақстанның сыртқы саясатының негізінде өзінің қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ететін, мемлекетіміздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіне, республика ішіндегі реформаларды жүзеге асыруға, оның тиімді және өсіп-өну экономика, тұрақты демократиялық институттар жасауға, барлық республика халқының құқығы мен бостандықтарын қорғауға қолайлы жағдайлар жасау мүдделері жатыр. Ол өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, парасатты, салмақты дипломатияға сүйене отырып, саяси құралдарды пайдалануды мақсат етіп отыр. Ол халықаралық байланыстарының негізінде таяу және алыс шетелдердің бәрімен өзара тиімді саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарды орнатуға ұмтылуда.

Біздің елімізбен дәйекті байланыстарды дамытуға бірталай мемлекеттер ықылас білдіруде. Оған себеп болатын ең алдымен, өткен тақырыпта айтылғандай, қыруар қазба байлықтарымыз. Тұтас алғанда жыл сайын Қазақстанда 1,5 млрд. тоннадан астам пайдалы қазбалар игеріледі. Республикамыз астық өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз етіп қана қоймай, біраз бөлегін әлемдік нарыққа экспортқа шығаруға мүмкіншілігі бар. ТМД елдерінің қой шаруашылығының 25%-ы қазақ даласында өсіріледі. Мұның бәрі шетелдерді қызықтырмай қоймайды. Оған қоса республикамыздың демократияландыруға, экономиканы нарықтық жолмен реформалауға алған бағыты да себеп болуда. Сонымен қатар бұрынғы Кеңес империясының ыдырауының нәтижесінде мүлдем жаңа географиялық саяси жағдай пайда болды. Қазіргі Қазақстан жері Еуропаны Азия-Тынық мұхит аймағымен байланыстыратын сыртқы саяси жән стратегиялық тиімді кеністікті алып жатыр. Бұл байланыстырушы буын мүмкіндігі де Республикамызға септігін тигізуге тиіс.

Біздің географиялық жағдайымыздың тиімсіз де жері бар. Ол ашық теңізге тікелей шығу мүмкіндігінің жоқтығы, қатынас жолдарынан қашықта орналасуымыз. Мұның бәрі халықаралық экономикалық байланыстарға қатынасуымызды қиындата түседі және сыртқы саясатты құруға да әсерін тигізуде. Сондықтан көршілес мемлекеттермен, оның ішінде ең алдымен Ресеймен өзара қатынастардың болуының мәні зор. Бұл ел, біріншіден, Батыспен қатынас жолының қақпасы болып тұр. Екіншіден, республикамызда тұратын орыстардың саны көп. Үшіншіден, Ре-

сейде де бірталай қазақтар тұрады. Төртіншіден, Петр Біріншіден бастап Ресей Қазақстанға Азия елдерінің кілті мен қалпасы ретінде қараған. Екі елдің арақатынасы дұрыс болса, ел де тыныш болады. Сондықтан 1992 жылғы 25 мамырда Н. Ә. Назарбаев пен Б. Н. Ельцин Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы» шартқа қол қойды. Онда мемлекеттік егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеу және күш қолданбау, ішкі істерге араласпау және т.б. қарастырылды. “Байқоңыр” ғарыш айлағын пайдаланудың реті туралы” келісімге қол қойды. Ресей Федерациясы “Байқоңыр” кешенін пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасына жылына 115 мың АҚШ доллары көлемінде жалға алу ақысын төлеп отырады. Ол 20 жылға жалға берілді, екі жақ өзара келіскенде жалға алу мерзімі содан кейінгі 10 жылға ұзартылады. Екі ел арасында әскери-саяси, мәдени-гуманитарлық салаларда шарттарға қол қойылды. 1998 жылдың 12 қазанында Ресей Федерациясымен Қазақстан және Ресей арасындағы шекараны делимитациялау туралы хаттамаға қол қойылды. Мұның бәрі екі ел арасындағы қарым-қатынастың өрбіп келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықта, шекара бойындағы аудандарда еркін сауда аймақтарын ашу мәселелері жөнінде айтарлықтай жылжу бар. Қытай Қазақстанға қарсы ядролық қаруды қолданбауға, күш жұмсамауға немесе күшпен қорқытпауға, егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеуге міндеттенді. Өз кезегінде, Қазақстан ҚХР-дың аумақтық тұтастығына қатысты осындай міндеттемелерді мойнына алды. 1994 жылғы сәуір айында Алматыда «Қазақстан мен ҚХР арасындағы мемлекеттік шекараның өтуі туралы» Шартқа қол қойылды. Бұл құжаттың маңызы өте зор екендігі айтпаса да түсінікті. 1997 жылы батыс Қазақстаннан батыс Қытайға және Иранға мұнай құбырын тарту туралы келісімге қол қойылды. 2010 жылға қарай Қытай бізден жыл сайын 200—210 млн. тонна мұнай сатып алмақ.

Өмір бойы көршілес болып, шаруашылығымыз, мәдениетіміз тығыз байланысып, араласқан Орта Азия елдерімен біздің ортақ мүдделеріміз көп. Әлбетте, олармен ізгі қатынастарға алдыңғы қатарлы орын берілді. Тегі бір, тарихы тамырлас, рухани бауырлас Түркиямен екі арада өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, мәдени байлықтармен алмасуға деген екі жақ-

ты ұмтылыс бар. Сол сияқты Иран елімен де достық, ынтымақтастық қатынастар дамып, бекіп келеді. Екі ел Каспий теңізін Қазақстанды Солтүстік Иранмен және Парсы шығанағымен байланыстыратын көлік артериясына айналдыру туралы уағдаласты.

Біз Азия құрлығында өмір сүріп отырмыз. Мұндағы елдердің экономикалық қоғамдық құрылымы сан алуан. Сондықтан бұл аймақ үшін өзара тиімді іс-қимыл және сенім мен қауіпсіздікті сақтаудың маңызы зор. Аймақ мемлекеттерінің экономикалық, экологиялық және т.б. бірлесе отыра шешетін ортақ мәселелері бар. Соның бәрін ескере отырып, республикамыздың Президенті Н. Ә. Назарбаев Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес сияқты Азия аймағында да қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың құрылымдарын құру идеясын БҰҰ Ассамблеясының 47-сессиясында, Брюссельде НАТО елшілерімен кездесу кезінде және т.б. жоғары мәжілістерде ұсынды.

Таяу Шығыс аймағындағы негізгі мемлекеттер Египет, Сирия, Сауд Арабиясы, Оман және Израильмен саяси және іскер байланыстар орнатылуда. Сондай-ақ Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың белді, жетекші елдерімен де жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту көзделіп отыр.

Қазіргі жағдайда қай ел болмасын нарықтық жүйенің орталығы болып отырған, дүниежүзілік саяси істерде рөлдері орасан зор Америка Құрама Штаттары, Батыс Еуропа және Жапониямен байланыстарды бекітіп, іс-қимылдарды үйлестірудің орны ерекше екендігі айтпаса да түсінікті. Дегенмен, бұл қарым-қатынастар біздің түпкілікті мүдделерімізге нұқсан келтірмегені жөн.

Бұрынғы Кеңестер Одағының ыдырауына, Ресейдің ортақ ақша, экономика аумағынан ығыстыруына байланысты Орта Азия елдері өздерімен тамырлас Орта және Таяу Шығыс мұсылман елдерімен қарым-қатынастарын кеңейтуде. Ал мұны кейбіреулер пантюркизм, панисламизм қайтадан бас көтеріп келе жатыр деп байбалам салмақ. Бұл дұрыстыққа жатпайды. Себебі, бұрынғы коммунистік идеяның үстемдік етіп тұрған кезінде Шығыс мәдениеті шеттетіліп, олармен жөнді байланыс болмады. Енді ол құрсаудан құтылған соң ислам мәдениетінің рухани негіздеріне деген халықтардың табиғи ұмтылыстарын түсінуге болады. Оның үстіне, ислам дүниесі зор ресурстардың иесі екендігін, оның халықаралық саясатта өзіндік орны бар екендігін де ескеру керек. Қазақстан болса бұл бауырлас елдермен қатынасын халықаралық құқықтық жалпыға бірдей ережелердің негізінде өзара тиімді, еліміздің экономикасы мен бүкіл халқының әл-ауқатын көтеру тұрғысында құрады.

Республиканың сыртқы саясатына экономикалық байланыстарды нығайтып, дамыту да кіреді. Бүгінде республикада 200-ге жуық шетел фирмаларының, банкілерінің, өзге ұйымдарының өкілдері бар. Қазақстан қазір әлемнің 80-нен астам еліне өнімдер шығарады. Тауар айналымының Қытайға 22%-ы Германияға — 13,6, Ұлыбританияға — 11,6, Швейцарияға — 11, Нидерландыға — 4,7, Австрияға — 2,5%-ы келеді. Елімізде 2000-нан астам бірлескен кәсіпорындар тіркелген. Біздің серіктестеріміздің ішінде дүние жүзіне белгілі “Шеврон”, “Эльф Акитан”, “Бритши Гэз”, “Мобил”, “Токсако”, “Амоко”, “Аджип” мұнай, газ өндіретін компаниялары және басқалары бар. Мұндай байланыстар алдағы уақытта да арта түспек.

Сыртқы саясат экология мен айналадағы ортаны қорғау мәселелерімен де астасып жатыр. Бұл орайда, алдыңғы қатарда Қазақстанның екі қасіреті тұр. Біріншісі — тартылып бара жатқан Арал теңізі. Оның бассейнінің шөлге айналуы аймақтағы экологияның күрт нашарлауына әкеліп соғып отыр. 150 млн. тонна тұзды шаң-тозаң аспанға көтерілуде. Ол айналасында тұратын 3 миллионнан астам адамның денсаулығы мен экономикасына теріс зардаптарын тигізуде. Бұл қасірет қазір сол адамдарға ғана зардаптарын тигізсе, ертең ол талай-талай миллиондаған адамдарға қайғы болып шығуы мүмкін. Сондықтан бұл өңірді дүниежүзілік көлемдегі экологиялық апат аймағы деп түсініп, оған шұғыл әрі көлемді халықаралық көмек көрсетпесе болмайды.

Екінші экологиялық қасіретіміз — Семейдегі ядролық полигон. Мұнда 1949—1963 жылдары атом және сутегі бомбаларының жарылыстары жер беті мен атмосферада өткізілген. 1963—1983 жылдары жер астында жүргізілген. Онда өткізілген 752 жарылыстың 26-сы атмосферада, 78-і жер бетінде, қалғаны жер астында жүргізілді. Ал олардың қуаты Хиросима мен Нагасакидегі қасіреттің көзі болған қондырғылардың қуатынан жүздеген есе көп. Жарылыс зардаптарынан жарты миллионнан астам адам жапа шекті.

Республикадағы “Невада-Семей” қозғалысының мұрындық болып, үкіметтің шешімімен аталған ажал көзі жабылды. Бірақ артында талай жылдарға жетерлік уланған орта қалды, генетикалық заң бойынша ұрпақтан-ұрпаққа кетерлік жүздеген мың аурулар қалды. Осы аймақты сауықтыру, жапа шеккендерді емдеу, дүниеге келген сәбилерді қауіпсіздендіру үшін орасан зор қаржы керек. Оны аяғынан жана тұра бастаған жас мемлекетіміз жалғыз өзі шеше алмайды. Сыртқы саясатымыз оны да ескереді.

Сыртқы саясатпен тікелей байланысты әскери саясат. Бұл саладағы негізгі мақсат — Қазақстан жерінің тұтастығы мен тәуелсіздігін қорғай алатын, соған сай жарақталған, шағын да икемді армияны ұстау. Республика стратегиялық шабуыл қаруын қысқартуды жақтайды, жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салуға бағытталған бастамаларды дұрыс деп табады.

Қазақстанның қазіргі сыртқы саясатының негізгі мақсаттары мен принциптеріне мыналар жатады:

- мемлекеттік мүддені қорғау;
- елімізде экономикалық реформаларды жалғастыру, демократиялық институттарды күшейту үшін сыртқы жағдайды барынша қамтамасыз ету;
- әлемдегі барлық елдермен тең құқықты және серіктестік қатынастарды дамыту;
- ғаламдық және аймақтық интеграциялық процестерге белсене қатысу;
- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты тереңдету.

Сайып келгенде, Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болып еніп отыр. Ол өзінің сыртқы саясатында барлық ұлттармен, көршілермен тең дәрежелі достық қатынас орнатпақ. Сонымен қатар республикамыздың халықаралық деңгейде мүдделі болып отырған көкейтесті мәселелері — қарусыздану және халықаралық қауіпсіздікті нығайту, аймақтық жанжалдарды реттеу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру, адам құқықтары, айналадағы ортаны қорғау, дамыту және т.б. Республикамыз дәйекті сыртқы саясат жүргізіп, ішкі әл-ахуалымызды жақсартып, болашақта өркеніетті, құқықтық қоғам орнатуына сеніміміз мол.

Бақылауға және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Әлемдік саясат деген не?
2. Сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар ұғымдарының айырмасы қандай?
3. Сыртқы саясаттың мақсаты неде деп ойлайсыз?
4. Ұлттық мүддеге не жатады?
5. Қандай ғаламдық шешілмеген мәселелерді білесіз?
6. Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттары қандай?
7. ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастар дамуы қандай болады деп ойлайсыз?

— А —

Абсентеизм — халықтың саяси өмірге немқұрайды, селкос қарауы, азаматтық міндетті атқарудан бас тартуы. Ол әсіресе сайлаушылар тарапынан өкіметтің өкілдік органдарына сайлауға қатынасқысы келмеуінен байқалады. Оны әркім әр түрлі бағалайды. Біреулер адам не істесе де, сайлауға қатысып дауыс берсе де, бермесе де өз еркі деп санайды. Кейбіреулер оны сайлаушылардың саяси шешімдерді немесе сайланушы үміткерді (кандидатты) қабылдамағандықтан деп түсінеді. Ал жалпы көпшілік жұрт саяси өмірге осылайша селкостық танытса, өкімет органдарының легитимдігіне нұқсан туады.

Абсолютизм — жоғары өкімет билігі шексіз жеке-дара бір адамның қолында тұрған мемлекеттік басқарудың түрі.

Авангардтық партиялар — ұйымы жоғары орталықтандырылған, барлық мүшелерінен белсенді жұмысты талап ететін партиялар. Мысалы, бұрынғы СОКП, қазіргі Үндістан Ұлттық конгресс партиясы.

Авантюризм — саясатта, билік жүргізуде және т.с.с. белгілі бір мақсат, мүддеге жету үшін күдікті, шүбәлы жолмен оңай олжа іздеушілік. Әдетте, мұндай саясат елдің қоғамдық-саяси жағдайын шиеленістіріп, адамдардың, халықтардың тағдырына ауыр зардабын тигізуі мүмкін.

Автаркия — елдің экономикасын басқа елдердің экономикасынан оқшауландыруға бағытталған ұлттық мақсат. Осыған орай ол шетелдердің тауарларын, капиталын және т.б. өз еліне енгізуге шек қоюы мүмкін. Бұл тәсіл өз елінің өндірісін дамытуға немесе басқа саяси мақсатта да жасалады.

Автократия — бір адамға жоғары өкімет билігін шексіз беру арқылы басқаруды немесе осындай басқарушылық орнаған мемлекетті айтады. Сонымен қатар қазіргі саясаттануда ол саяси

билікті бөліспей, тұтас басқаруға тырысқан адам не адам атау үшін де пайдаланылады.

Автономия — бір мемлекеттің шеңберінде өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси-ұлттық құрылым.

Авторитаризм — жеке адамның билігіне негізделген, басқаруда күшке сүйенетін мемлекеттік-саяси тәртіп. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент болғанымен ол кенесші органға айналады. Тоталитарлық тәртіппен салыстырғанда мұнда көпшілік партия, бірыңғай идеология болмайды және экономика бақылауға алынбайды. Тоталитарлық тәртіптің басқа белгілері негізінен сақталады. Ол көбіне саяси жағдайға белсене араласатын әскер күшіне сүйенеді. Мемлекеттің сайлау органдары шектеледі.

Авторитарлық партиялар — әдетте, дамып келе жатқан елдерде пайда болады және отаршылыққа қарсы бағытталады. Олардың көбі ең алдымен өз елінің саяси және экономикалық тәуелсіздігі, әлеуметтік прогресі үшін күреседі. Өз әрекеттерінде көбінесе күшке сүйенеді.

Агрессия — басқа елдердің жерін тартып алу, егемендігінен айыру немесе шектеу, халқын күшпен бағындыру мақсатымен қарулы шабуыл жасау. Агрессия әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, басқа елдің жеріне әскер күшімен басып кірсе тура агрессияға, қарулы қарақшыларды пайдаланып немесе кенесшілер жіберіп, материалдық-техникалық көмек көрсетіп және т.б. жасаса, жанама агрессияға жатады. Сондай-ақ агрессия жасаушы мемлекетке өз жерін пайдалануға беріп және т.с.с. арқылы агрессияға араласуы да мүмкін. Қарулы шабуылдың агрессиялығын БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесі анықтайды.

Адам — жер бетіндегі тірі организмдердің жоғарғы сатысы, саяси-қоғамдық қатынастардың негізгі субъектісі мен объектісі.

Адам құқықтары — белгілі бір игілік алуды, өмір сүруді қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастары, кепілдіктері. Олар, негізінен, 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған “Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясында” көрсетілген.

Азаматтық қоғам — жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғамның күйі. Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар (қоғамдық, кәсіби, шығармашылық ұйымдар, ассоциациялар және т.б.) азаматтардың өндірістік және жеке өмірі, әдет-ғұрыптары, салттары кіреді. Бұл

қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қойылады. Онда адамның халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары сақталады.

Аймақтық — белгілі бір жерге, облысқа, көршілес бірнеше елге қатынасы бар нәрсе. Мысалы, Арал теңізінің жағалауындағы елдер жиналып, осы өңірдің экологиялық жағдайын түзетуге арналған аймақтық шарт қабылдауы.

Аккредитация — 1) шет мемлекетте өкілеттілікке ие болу, сенім грамотасын тапсыру; 2) ақша алуға немесе сауда операцияларын жасауға өкілеттілік.

Алуандық — қоғамдық өмір субъектілерінің (топтардың, таптардың, ұлттардың және т.б.) экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, мәдени, діни және т.т. мүдделерінің алуан түрлілігін білдіретін, пікір сайысы, билеуші және оппозициядағы партиялардың өкімет билігін іске асыруға қатысуға жағдай жасайтын билік жүйесі. Ол тежемелеу және тепе-теңдік жүйелері арқылы биліктің орталықтануына, бір партияның немесе саяси күштің қолына шоғырлануына қарсы тосқауыл қояды.

Альтернатива — бірнеше мүмкіндіктің ішінен мәселенің шешімін тандап, бірін ғана талғап алу. Мысалы, сайлау кезінде бірнеше үміткерлердің біреуіне ғана дауыс беру.

Альянс — ортақ мақсаттарға жету үшін келісім-шарт негізінде жасаған ұйымдардың одағы, бірлестігі. Әдетте, жағымсыз, келеңсіз мағынада пайдаланылады.

Анархизм — жеке адамды мемлекеттік биліктен құтқаруға бағытталған әлеуметтік-саяси ағым. Оны жақтаушылар күштеу арқылы еріксіз көндіретін органдарды азаматтардың еркін ассоциацияларымен (құрама одақтармен) алмастырғылары келеді. Оның алғашқы идеялары Платонның еңбектерінде кездеседі. Орта ғасырда утопистердің, жаңа дәуірде ұсақ буржуазия (У. Годвин, М. Штирнер, П. Прудон), орыс және халықаралық революциялық қозғалыстың идеологтарының (М. Бакунин, П. Кропоткин) ілімдерінде кең тараған. Қазіргі кезде бұл ағымның саяси өмірде әсері шамалы.

Анархия — 1) мемлекеттік биліксіз әр түрлі қауымдастықтар, бірлестіктер, одақтар арқылы өзін-өзі басқаратын қоғам құруға тырысушылық; 2) үйреншікті өмірде тәртіпсіздікті, жөнсіздікті, заңсыздықты, басшылықтың жоқтығын білдіреді.

Аннексия — басқа мемлекеттің, халықтың жерін тұтас, я бір бөлігін күшпен жаулап алу немесе басқаға алып берушілік.

Антагонизм — мүдделері қарама-қарсы күштердің, қастасқан топтар, топтар, партиялар және т.б. арақатынасының шиеленіскен түрі.

Антисемитизм — еврейлерге қарсы бағытталған, оларды қудалауға арналған саясат пен идеологияның түрі.

Апартеид — нәсілдік жағынан бөлу, қорлау саясаты. Ол сайлау құқығынан айыру, бірдей еңбекке төмен ақы төлеу, көшіп-қонуды шектеу және т.с.с. көрініс береді. Мысалы, бұл саясат 1980 жылдың аяғына дейін Оңтүстік Африка Республикасының қара нәсілді халқына жүргізілді.

Апатридтер — ешбір мемлекеттің азаматы болып саналмайтын адамдар. Олар қай елде тұрса, сол елдің заңына бағынады, бірақ саяси құқықтары болмайды.

Аристократия — 1) пұрсатты, бай, ерекше құқықтар мен жеңілдіктерге ие ақсүйектер тобы; 2) ақсүйектер өулеті, билік жүргізетін мемлекеттік басқарудың түрі. Мысалы, мұндай мемлекеттік билік Ежелгі Гректерде болды.

Ассамблея — халықаралық ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы.

Ассимиляция — бір халықтың өз тілін, мәдениетін, ұлттық сана-сезімін жоғалтып, екінші халыққа сініп кетуі.)

Ассоциация — белгілі бір саяси, ғылыми, шаруашылық, мәдени және т.б. мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан адамдар немесе мекемелердің бірлестігі.

Астыртын партиялар — заң бойынша тыйым салынып, жұмысын астыртын, жасырын жүргізген партиялар. Әдетте, олар үстемдік етіп отырған құрылысты күшпен өзгертуді мақсат етеді.

Атқарушы билік — биліктің тармақталуы негізінде істейтін мемлекеттік басқару органдарының жүйесі. Оған үкімет пен әкімшілік жатады. Парламенттік республикаларда оларды заң шығарушы өкілдік органдар қалыптастырады. Сондықтан атқарушы билік солардың бақылауында болады және олардың алдында есеп береді. Олардың жұмысы заңға негізделіп, заң шеңберінде іс істеуі керек. Әйтпесе, парламент үкіметке сенім білдірмеуі мүмкін. Президенттік республикаларда мемлекет басшысы да президент болады. Оны парламент сияқты халық сайлағандықтан ол парламент алдында тікелей жауап бермейді. Бірақ бұдан президент парламентпен санаспай іс істеуі керек деген ой тумауы керек.

Әлеуметтік саясат — қоғамның ең жақсы дамуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мүдделер мен қажеттіктерді қанағаттандыруға, лайықты өмір салтын орнатуға бағытталған саяси шешімдер мен іс-әрекеттер жиынтығы. Оған ең алдымен халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, жалақыны көтеру, денсаулық сақтау, білімін көтеру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. жатады.

Әмбебап партиялар — мүше санын емес, сайлаушылар санын көбейтуге тырысқан партиялар. Сондықтан оларды сайлаушылар партиясы деп те атайды. Мұнда әлеуметтік, этникалық, діни және т.б. өзгешеліктеріне мән берілмейді. Мұндай партиялардың саны соңғы жылдарда Еуропа мен Америка елдерінде тез етек алуда.

Бедел — саясатта саяси қайраткердің абыройлылығы. Оның шиеленісті шешуге, дау-дамайдың алдын алуға, елде тұрақтылық, татулықты орнатуға етер әсері зор келеді. Оның бәрі саяси қайраткердің адамдар мүддесін түсіне біліп, керегінде оны қорғай білуіне, парасаттылығына, адамгершілігіне, білімділігіне, адамдар тағдырына жауап бере білуіне, адалдылығына және т.б. қасиеттеріне байланысты болады.

Бейсаясаттық — азаматтардың, халықтың бір бөлігінің саясатқа, саяси өмірге самарқау, парықсыз, теріс көзқарасы, қатынасы. Мысалы, ол қоғамдық-саяси өмірге қатысудан бас тартудан, сайлау немесе референдум кезінде дауыс беруге бармаудан және т.с.с. білінеді.

Бейтараптылық — 1) екі жақтың айтыс, талас, дау-жанжалдарына кіріспеушілік; 2) соғысқан елдерді жақтап, соғысқа кіріспеу міндетін алған мемлекеттің халықаралық құқықтық мәртебесі және сол бағытта жүргізілген саясаты. Ондай елдер бейбітшілік жағдайда әскери-саяси блоктарға кірмейді.

Билеуші партиялар — қолдарына мемлекеттік билік тиген, қоғам дамуының басты бағыттары мен сипатын айқындауға мүмкіндік алған партиялар.

Билль — 1) АҚШ-та, Ұлыбританияда және т.б. елдерде парламенттің қарауына ұсынылған заң жобасы; 2) жеке заңдардың аты. Мысалы, құқықтар туралы билль.

Билік — 1) адамдардың іс-әрекетіне, қызметіне, тағдырына белгілі бір адамдардың (бедел, жігер, құқық, зорлықтың) көмегімен әсер ету мүмкіншілігі; 2) адамдарға саяси билік жүргізу; 3) мемлекеттік органдардың жүйесі; 4) мемлекеттік және әкімшілік өкілеттілігі бар қызмет адамдары, органдары.

Биліктің тармақталуы — демократиялық саяси жүйе ойдағыдай өз ісін атқаруы үшін және биліктің, субъектілеріне қарай мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігі етіп үш тармаққа бөлу. Оның негізін салған ағылшын ойшылы *Джон Локк* (1632—1704), одан әрі дамытушы француз ғалымы *Шарль Луи Монтескье* (1689—1753) болды. Биліктің бұлай тармақталуы елдің конституциясында бекітіледі. Ол азаматтардың құқықтарының орындалуына негізгі кепілдік бола алады. Егер биліктің бір тармағы озбырлық етсе, қандай адам болмасын оның екінші тармағына арыз бере алады. Ал билік бір қолда болса, оның үстінен шағым айту қиын болар еді.

Бипатридтер — бір мезгілде екі немесе одан да көп мемлекеттердің азаматы болып есептелуі.

Бихевиоризм — жеке адамдар мен топтардың іс-әрекетін талдауға негізделген әдістемелік бағыт. ХХ ғасырдың 20—30 жылдарында пайда болған. Бұл әдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп білуге болады дейді.

Блокада — өз дегендерін істету үшін қарсы жақтың жерін немесе бір бөлігін қоршауға алып, сырт әлемнен бөліп тастау. Ол саяси, экономикалық, әскери, дипломатиялық және т.с.с. түрінде болуы мүмкін.

Бойкот — 1) өзінің экономикалық немесе саяси талаптарын орындату мақсатында жеке адаммен, ұйыммен, мемлекетпен толық немесе ішінара қатынастарды тоқтату; 2) сол мақсатта белгілі бір міндеттерді орындаудан бас тарту; 3) өкілетті органдарды сайлауға қатысудан бас тарту; 4) наразылық ретінде біреумен қарым-қатынасты үзу. Бұл сөздің шығуы Ч. К. Бойкат деген ағылшынның атына байланысты. 1880 жылы ол басқарған имениені жалға алған ирландықтар күрестің бұл түрін бірінші рет соған қарсы пайдаланған болатын.

Бонапартизм — 1) әскер мен бюрократиялық аппаратқа сүйенген диктаторлық тәртіптің түрі; 2) билік үшін талас кезінде әлеуметтік топтар арасында бұлтақтау саясатын жүргізу. Бұл термин 1799 жылы Францияда әскери диктатураны орнатқан Наполеон Бонапарттың есіміне байланысты туған.

Босқындар — қудалау, әскери іс-әрекеттің немесе ерекше жағдайларға байланысты тұрақты тұрған елін тастап кеткен адамдар.

Брифинг — үкіметтің жеке мәселелер бойынша немесе халықаралық келіссөзге қатысушылардың келісімімен оның барысы туралы хабарлама жасау үшін ресми адамдардың ақпарат құралдары өкілдерімен кездесуі.

Буржуазиялық-демократиялық партиялар — ХІХ ғасырда Еуропа мен Солтүстік Америкада бір кезде пайда болды. Мынадай принциптерді басшылыққа алады: қоғамда билік үшін әрқашан ашық күрес жүруі керек, өкіметке жалпыға бірдей сайлау арқылы жету, парламентте көпшілік дауыс алған партия немесе партиялық бірлестік өкіметті билейді, басқарушы партияға (партияларға) қарсы үздіксіз ашық оппозиция жұмыс істеуі керек. Заң алдында бәрінің де тең болғанын, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығын қалайды. Мысалы, Германияның еркін демократиялық партиясы, Ұлыбританияның социал-либералдық партиясы және т.с.с.

Бұқаралық партиялар — үнемі жақтап дауыс беретін сайлаушылары, мүшелері, белсенділері көп партиялар. Олардың ресми мүшелері болмайды. Партиялық билет алып, мүшелік жарна төлемейді. Мысалы, АҚШ-тың республикалық және демократиялық партиялары, Ұлыбританияның лейбористер партиясы т.т.

Бұрмалаушылық — өз мақсатына жету үшін шындықты бұрмалау, жасандылық, жалғандылық.

Бүлік — бір топ адамның мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатымен жасаған іс-әрекеті.

Бюрократ — 1) азаматтардың мүддесіне нұқсан келтіріп, өз міндеттерін формальды түрде атқаратын қызмет адамы; 2) басқарудың бюрократиялық жүйесіне жататын ресми қызметтегі адам.

Бюрократизм — істің мәніне немқұрайды, формальды қарау, істі көпке созу.

Вето — тыйым салу; вето құқығы — заң шығаратын орындардың қарарына тыйым салу немесе заңның күшін тоқтату.

Визит — халықаралық байланыстарды дамытуға, ондағы күрделі мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттердің сыртқы саясатындағы қызмет түрі. Мысалы, оған мемлекет тарапынан үкімет басшылары, ресми делегациялардың кездесулері жатады.

Волюнтаризм — саяси серкелердің қоғамдық өмір жағдайларымен санаспай, өз бетімен күштеу әдістеріне сүйеніп жүргізген саясаты.

Вотум — өкіметке я оның кейбір мүшелеріне (министрлеріне) сенім білдіру (вотум доверия) немесе сенім білдірмеу (вотум недоверия) мақсатында сайлау арқылы қабылданған шешім. Мысалы, парламент үкіметке сенім білдірмесе, ол, әдетте, жұмыстан кетуге мәжбүр болады.

Геноцид — адамдарды шығу тегіне, бір ұлттың, діннің өкілі болуына байланысты әдейі қыру немесе қудалау. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германия еврейлер мен цыгандарға қарсы осындай саясат жүргізді. Қазіргі кезде ол халықаралық қылмыс болып саналды.

Геосаясат — сыртқы саясатты географиялық факторларға (аумағына, ауа райына, қазба байлықтарына т.б.) байланысты жүргізетін саясат. Бұл теорияның негізін қалаушы Ф. Ратцель, Х. Маккиндер т.б. қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайы мен даму барысы географиялық ортаға байланысты дейді.

Геронтократия — ақсақалдардың билік жүргізу принципі. Басқарудың бұл түрі алғашқы қауымдық қоғамға тән. Сонымен қатар өкімет билігі жасы келген адамдардың қолында тұрған мемлекеттерге де байланысты айтылады.

Глобалдылық — бүкіл жер шарын қамтитын, әлемдік мәселелерді шешуге арналған ғылыми бағыт. Қазіргі ғаламдық мәселелерге термоядролық соғысты болдырмау, айналадағы ортаны

экологиялық апаттан қорғау, жер бетінде демографиялық жағдайды тұрақтандыру, халықаралық терроризм, нашақорлық, маскүнемдік, СПИД-тің өріс алуын тоқтату және т.с.с. жатады.

Гуманизм — қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм күрсауынан адам баласын босатып, еркін жетілуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс. Саяси салада адамдардың дұрыс қалыптасуы мен дамуына қажетті әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған саяси көзқарастар, идеялар жүйесін білдіреді.

— Д —

Дәуір — қоғамның, табиғаттың, саясаттың, ғылымның, жалпы өзіндік ерекшеліктері бар ұзақ кезеңі.

Деидеологизация — идеологияның әсерінсіз, еркін, таза ғылымды жасауға, қоғамдық прогресті идеологиядан аластатуға тырысушылық. Оның негізін біздің ғасырымыздың 50—60 жылдарында Р. Арон, Д. Белл, Т. Парсонс сияқты Батыстың ірі әлеуметтанушылары салды.

Декларация — үкіметтің, саяси партияның, халықаралық ұйымның атынан қандай болмасын негізгі қағидаларды, мақсат-мүдделерді жариялайтын мәлімдеме.

Делегат — съезде, конференцияда, конгресте және т.с.с. мемлекеттің, ұйымның, ұжымның, партияның мақсатын көздейтін өкілі.

Делогирование — бір субъектінің екінші субъектіге билікті беруі, сенім білдіруі.

Демагогия — өз мақсатына жету үшін адамдарға жалған уәделер беру, деректерді бұрмалау және т.т. арқылы әсер ететін саяси әрекеттің түрі. Күнделікті тұрмыста бос сөз, шатпақ деген мағынаны білдіреді.

Деморкация — екі елдің жерін анық бөліп тұратын шекара.

Демократия — халық билігін, заңдылықты мойындап, азаматтардың теңдігін, құқықтары мен бостандықтарын кәдірлеуге негізделген мемлекеттік органдардың сайланып қойылуын және олардың жұмысы халықтың бақылауында болуын, сайлау құқығы бәріне тең болуын, адамдардың экономикалық және саяси қорғалуын, шешім қабылдағанда азшылықтың көпшілікке бағынуын, сонымен қатар азшылықтың да пікірі еске алынуын және т.б.

қалайтын қоғамның саяси және экономикалық құрылыс түрі. Бұл — тарихи ұғым. Адамзат тарихының даму кезеңдеріне сай оның принциптері өзгеріп, байып отырады.

Демократиялық партиялар — басқаларға төзімділікпен, түсіністікпен қарайтын, пікір алалығын жақтайтын партиялар. Олар идеологиялық факторға онша мән бермейді.

Денонсация — келісілген екі жақты халықаралық шарттың бұзылғандығын мәлімдеу. Әдетте, ол туралы екінші мемлекетке алдын ала ескертіледі.

Деполитизация — белгілі бір ұйым, органдардың және т.б. жұмысын саясаттың ықпалынан шығаруға тырысушылық.

Депортация — жеке адамдарды, халықтарды (олардың бір бөлігін) еріксіз, күшпен жер аудару. Мысалы, Кенес Одағы кезінде немістер, шешендер, ингуштар, Қырым татарлары, месхеттік түріктер, кәрістер және т.б. осындай халге душар болды.

Деспотизм — 1) өкіметтің толық бассыздығына, қол астындағы азаматтардың еріксіздігіне негізделген мемлекеттік құрылыстың жүйесі; 2) жеке адамның бостандығын мейірімсіз, қатал басып-жаншу тәсілі.

Деспотия — шексіз және дара билеудің бір түрі.

Децентрализация — орталық басқару жүйесінің жергілікті жерге өз билігінің бөлігін беруі.

Диверсификация — мәселенің әр түрлі, жан-жақты қаралуы, дамуы, саяси қызметтің көп түрлілігі.

Диктатор — заңмен санаспай, күштеу мен қудалауға сүйенетін шексіз билеп төстеуші.

Диктатура — қарулы күшке сүйенетін, заңмен шектелмеген шексіз мемлекеттік билік. Ол көбінесе әлеуметтік-экономикалық күйзеліс, саяси күрестің шиеленіскен шағында, өтпелі кезеңдерде, өкімет басына күшпен келгенде және т.с.с. пайда болады.

Марксизм-ленинизм ілімінде негізгі мәселе — пролетариат диктатурасы. Оны жұмысшы табының социализм орнату мақсатында барлық еңбекшілер бұқарасымен одақтаса отырып жүзеге асыратын өкімет билігі деп түсіндіреді. Ал КСРО-да ол іс жүзінде зорлық-зомбылық, бассыздықты кен пайдаланып “казармалық социализм” құрды, сөйтіп өзін-өзі әшкереледі, нәтижесінде күйреп тынды.

Директива — жоғары органдардың төменгі басшыларға берген ұйғарымы, жарлығы.

Дискриминация — нәсіліне, ұлтына, дініне немесе саяси көзқарастарына және т.т. байланысты адамдарды құқығынан айыру я шектеу. Мысалы, сайлау құқығынан айыру, азаматтылықты бермеу, жұмысқа қабылдамау не шығару т.т.

Диссидент — үстемдік етуші, билеуші идеологиямен келіспеген адам. 70 жылдарда КСРО-да қоғам өмірінің әр түрлі, әсіресе саяси жақтарымен келіспей ашық қарсы шыққан адамдарды айтады.

Догматизм — нақтылы жағдайда өмір және тәжірибенің жаналық, жетістіктерін ескермей, қатып қалған бір жақты қағидаларға негізделген ойлау, дүние тану тәсілі. Саясатта ол бір кездерде қалыптасқан ой-пікірлерді, әдіс-тәсілдерді бұлжымайтындай көріп, ескірген ережелерді, қалыптасуды, көзқарастарды өзгертпей сақтағысы келеді. Сондықтан ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістеріне ілесе алмай, көбіне оның алға жылжуына кедергі жасайды, саяси ойдың тоқырауына әкеледі.

Доктрина — саяси, экономикалық, әскери мақсаттарды жинақталған түрде білдіретін саяси теория, ілім. Кейде оның негізін қалаған адамның атымен аталады. Мысалы, Монро доктринасы.

— Е —

Еуропарламент — еуропалық бірлестіктің 12 елін қамтитын мемлекетаралық саяси мекеме. Оған кіретіндер: Бельгия, Германия, Дания, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Ұлыбритания, Франция. Ол 5 жылда бір рет осы елдер халықтарының тура дауыс беруі арқылы сайланады. Оның мәжілісінде Еуропа құрлығының дамуына байланысты негізгі мәселелер қаралады.

Еуроцентризм — ғылым, білім, мәдениет, әдебиет, өнер және т.б. нағыз жетістіктері тек Еуропада ғана дамыды деп дәлелдеуге тырысатын ғылыми тұжырым.

Егемендік — мемлекеттің, халықтың, ұлттың, адамның саяси тәуелсіздігі. Мемлекеттік егемендік деп шетелдің араласуына жол бермейтін мемлекеттің ішкі және сыртқы істері мен қатынастарындағы саяси тәуелсіздігі және елді басқаруда, шешімдер қабылдауда, жоғарғы билік жүргізудегі еркіндігін айтады. Егемендіктің саяси, экономикалық, құқықтық жақтары болады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар — бүкіл адамзаттың рухани тәжірибесінен туған адамгершілік қазыналар. Олар адамдардың адамгершілік туралы ой-пікірлерін білдіреді.

Жаңарған колониализм (неоколониализм) — бұрынғы отаршы елдердің тәуелсіздігін алған мемлекеттерді экономикалық, саяси, әскери, мәдени, идеологиялық және т.с.с. әдіс-тәсілдерді шебер пайдалану арқылы өз ықпалында ұстау, ісіне араласу, қысым жасау саясаты.

Жаңарған консерватизм (неконсерватизм) — бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі қазыналар мен арман-мұраттарды сақтап, оларды өмірдің бүгінгі талабына сай жаңғыртуға тырысқан Батыс саясаттану ғылымындағы ағым. Ол біздің ғасырымыздың 70 жылдарының екінші жартысында пайда болған. Белсенді өкілдері: Д. Белл, И. Крестонн, С. Липсет және т.б.

Жаңарған либерализм (неолиберализм) — дәстүрлі либерализмнің қағидаларын сақтап, оларды ХХ ғасырдың жаңа талаптарына сай өзгертуші идеялық-саяси ағым. Мысалы, бұрынғы либерализм мемлекет экономикаға араласпасын дейтін. Қазір әлеуметтік-экономикалық және т.б. мәселелердің кейбір жерлерін мемлекеттің реттегенін жөн көреді. Мемлекеттің бюрократиялануына, адамның жеке өміріне араласуына және т.с.с. қарсы шығады.

Жаңаша саяси ойлау — КСРО мен СОКП басшыларының жалпы адамзаттық мұраттар мен құндылықтарды басшылыққа алып, бұрынғы “қырғи қабақ соғыс” қалпынан бас тартуы. 80 жылдардың ортасында оған себеп болғандар: 1) ядролық-космостық дәуірде мемлекеттер, блоктар арасында әскери қақтығыстың болмау керектігін түсіну; 2) ғаламдық мәселелердің маңызды орын алуы және т.б.

“Жасылдар” — айналадағы ортаны қорғап, жер бетінде тіршілікті сақтау үшін күресетін халықаралық сипаты бар экологиялық қозғалыс. 70 жылдардың екінші жартысында ол қозғалыстардан партиялар пайда болды. Ондай партиялар қазір барлық елдерде дерлік бар.

“Жасылдардың” экологиялық қозғалысы бүгінгі таңда маңызды рөл атқарады және бірталай табыстарға жетті. Мысалы, олар 1978 жылы Австралияда, Германия Федеративтік Республикасында атом электр станцияларын салуға тыйым салдырды.

Жеке басқа табынушылық — саяси қайраткерді шексіз дәріптеу. Ол азаматтардың демократиялық құқықтары тапталған, жанышталған елдерде дамиды. Бірпартиялық әкімшілік кезінде бірқатар социалистік елдерде етек алды. Мысалы, Сталин, Мао-Цзе-Дун, Ким Ир Сен, Броз Тито, Энвер Ходжа және т.с.с. Жеке басқа табынушылық тумауы үшін демократияны барынша дамыту, азаматтық, құқықтық мемлекетті орнату керек.

Жекешелендіру — мемлекеттік меншікті (кәсіпорын, тұрғын үй, көлік құралдары және т.с.с.) жеке меншікке беру немесе сату. Ол — нарықтық экономикаға өту үшін қажетті шарттың бірі.

— 3 —

Заң шығарушы билік — заң шығарумен, оны бекіту, өзгерту немесе жоюмен айналысатын билік, парламент. Ол заң қабылдайды, салық салуды анықтайды, үкіметті тағайындайды, бюджетті бекітеді, әскерді қамтамасыз етеді, сауданы реттейді, сотты ұйымдастырады, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, саясаттың маңызды ішкі және сыртқы бағытын айқындайды. Оның жұмысына Конституция атынан ерекше органдар (Конституциялық қадағалау, Конституциялық сот) бақылау жасайды.

— И —

Идеал — саяси салада саясатты жасап, оны жүзеге асырушылардың алдына қойған жоғарғы саяси арман-мұраты.

Идентификация — жеке адамның белгілі бір әлеуметтік (ұлттық, таптық, саяси және т.б.) топқа жататындығын, сонымен тағдыры бір екендігін сезініп, түсінуі. Бұл сөзді ғылыми әдебиетке З. Фрейд енгізді.

Идеология — белгілі бір әлеуметтік топтар, таптар, партиялар және т.б. мақсаттары мен мүдделерін бейнелейтін, үстемдік етіп отырған қоғамдық қатынастарды орнықтыруға немесе оларды өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалардың, пікірлердің, идеялардың жүйесі. Жүйеленген түрінде ол партия бағдарламасында, декларация, манифест, жарғыларында, сондай-ақ әр түрлі насихаттық құжаттарда қалыптасады. Ол көпшіліктің саяси санасын қалыптастыруға, саяси өмірде бағыт-бағдар, рухани бай-

лықтар жүйесін айқындауға, саяси іс-әрекет жолдарын белгілеу және т.с.с. қызметтерді атқарады, қоғам дамуында зор рөл атқарады.

Идеялылық — саяси, ғылыми, көркем шығармалардың, көпшілік алдында сөйлеген сөздің және т.б. саналылық, мазмұн ерекшелігі.

Иерархия — төменгі органдардың, шенділердің жоғарғы органдарға, шенділерге бағыну тәртібі.

Имидж — 1) басқаларға өзі туралы белгілі бір әсер етіп, пікір тудыру үшін жасаған субъектің сыртқы бейнесі; 2) үгіт-насихат, жарнама және т.с.с. арқылы субъект туралы кенейтілген мағлұматтар беріп, арнайы бейнесін жасау.

Импичмент — жоғарғы лауазымды адамдарды (президентке шейін) конституцияны бұзғаны үшін немесе басқа қылмысы үшін жауапкершілікке тартуға және ісін сотта қарауға мүмкіндік беретін ерекше тәртіптің түрі. Ол жөнінде жауапкершілікке шақыру мәселесін парламенттің төменгі палатасы шешеді. Ал істі қарап, үкім шығаратын жоғарғы палата. Мысалы, мұндай тәртіп АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және т.б. елдерде орын алған.

Инаугурация — 1) мемлекет басшысының өз қызметіне салтанатты түрде кірісуі; 2) тарихи оқиғалар құрметіне жасалған ескерткіш, ұйымдастырылған көрме және т.б. салтанатты түрде ашу.

Инновация — жаңалық енгізу, жаңарту.

Институализация — саяси қозғалыс немесе құбылыстың тәртіпке келтірілген, ұйымдасқан мекемеге айналуы.

Интеграция — мемлекетаралық саяси, экономикалық, әскери және т.б. одақтардың құрылуы. Оның негізінде ортақ мүдде, саяси қатынастардың жақындасу, бірлесуге тырысу үрдісі жатыр. Бұл салада Еуропалық Одақ зор жетістіктерге жетті. Оған кірген мемлекеттер экономика, әлеуметтік, қаржы саясатында, ғылыми зерттеулерде, технологиялық даму, айналадағы ортаны қорғау, сыртқы саясатты жүргізу мәселелерін және т.с.с. шешкенде бірігіп іс-қимылдар жасауға келіскен.

Интерпелляция — үкіметке немесе оның жеке мүшесіне (министрге) белгілі бір мәселе жөнінде я оның жалпы саяси бағыты туралы түсініктеме беруді талап еткен депутаттардың ерекше сұрауы. Әдетте, ол қоғамды алаңдататын маңызды деректер туралы қойылады. Сондықтан ол сұрақтың туу себебі және қашанға дейін жауап берілу мерзімі көрсетіледі. Егер берілген жауап

канағаттанарлық болмаса, үкіметке (не оның мүшесіне) сенім білдірмеу мәселесі тууы мүмкін.

— К —

Кадрлық партиялар — қатарында сайлаушылардың 10%-дан кемі ғана болатын, мүше саны аз партиялар. Олар ұйымшылдығымен және тәртібімен көзге түседі. Мысалы, Австрия халық партиясы, Англия консерваторлар партиясы, Германия Федеративтік Республикасының христиандық-демократиялық одағы, Жапония либералдық-демократиялық партиясы, Француз коммунистік партиясы, Швеция орталық партиясы т.т.

Квитэссенция — бір мәселенің ең бастысы, ең өзектісі, нағыз мазмұны.

Кворум — құрылтайшы органның жұмысын бастау немесе шешім қабылдау үшін оған қатысушылардың қажетті саны. Ондай саны жетіспей қабылданған мәжіліс шешімі заңсыз болып саналады.

Квота — рұқсат етілген бір шараның тиісті бөлігі, мөлшері, үлесі. Мысалы, сайлаушылардың пропорционалдық жүйесінде округ бойынша бір үміткерді сайлау үшін қажетті дауыс. Ондай үлес есебі көшіп келушілерге, шетел тауарларын кіргізуге және т.с.с. қойылуы мүмкін.

Келісім — мәжіліске қатысушылардың немесе саясаттың басқа субъектілерінің келісімі негізінде қабылданатын шешім.

Клика — өздерінің жеке бастарының мақсатына жетуді, барынша баюды көздеген билік басындағы сыбайлас адамдар тобы. Олар осыған орай шешімдер қабылдаптырып, қоғамның барлық саяси өміріне нұқсан келтіруі мүмкін.

Коалиция — 1) ортақ жауға қарсы екі немесе одан көп елдердің жасаған одағы; 2) мемлекеттік билікті жүзеге асыру үшін немесе бірлесіп іс-әрекет жасау мақсатымен партиялардың я қоғам қайраткерлерінің бірігуі, келісімі.

Коммунистік партиялар — К. Маркстің ілімін басшылыққа алатын партиялар. Жеке меншіксіз, тапсыз қоғам құруға тырысады. Мысалы, Қытай, Солтүстік Корея, Куба, бұрынғы КСРО. Батыс елдерінде мұндай партиялардың айтарлықтай салмағы жоқ.

Конвергенция — ғылыми-техникалық революцияның шарықтап, дамуының нәтижесінде капиталистік және социалистік жүйе-

лер түбінде қосылады деп негіздеуші тұжырымдама. Оның негізін осы ғасырдың 50—60 жылдарында Батыстың Р. Арон, Дж. Гэлбрейт, У. Ростоу сияқты белгілі әлеуметтанушылары салды.

Конгресс — 1) съезд. Көбінесе халықаралық сипатта болады. Мысалы, бейбітшілік күштерінің Дүниежүзілік конгресі; 2) заң шығарушы органның (парламенттің) аты. Мысалы, АҚШ-та және тағы басқа Латын Америкасы елдерінде; 3) кейбір елдердегі қоғамдық-саяси ұйымдар. Мысалы, Үндістандағы Үнді Ұлттық конгресс партиясы.

Консерватизм — 1) тарихи қалыптасқан саяси және қоғамдық өмірді өзгеріссіз сақтауға тырысқан әлеуметтік-саяси көзқарастар, теориялар жүйесі; 2) консервативтік партиялардың ұстаған бағдарламалық бағыты.

Консервативтік партиялар — қазіргі әлеуметтік өмірдің негізгі сипат, ерекшеліктерін тұрақты сақтап қалғысы келетін партиялар. Негізінен ірі буржуазияның мүддесін қорғайды. Әлеуметтік теңсіздікті сақтағысы келеді, азаматтық ар-намысты, пікір-таласты, ынтымақтастықты жақтайды. Мысалы, АҚШ-тың Республикалық партиясы, Германияның Христиандық-әлеуметтік одағы мен Христиандық-демократиялық одағының блогы, Ұлыбританияның консервативтік партиясы, т. т.

Конституция — мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негізгі қағидаларын, принциптерін білдіретін негізгі заң.

Конституциялық сот — бірқатар елдерде конституциялық ережелердің бұрмаланбауын, басқа шығарылған заңдардың соған сәйкес келуін тексеретін сот органы.

Конфедерация — өздерінің кейбір амал-әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы және т. с. с.) жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдер одағы. Онда жалпыодақтық азаматтық немесе ол одаққа кірген мүшелердің бәріне міндетті заң шығарушы билік болмайды. Оның алғаш шешімдері оған енген елдердің бекітуінен өтуі керек. Ол өмірде сирек кездеседі. Мысалы, ол 1848 жылға дейін Швейцарияда, 1778—1787 жылдары Солтүстік Америка штаттарында болды. Қазір соған ұқсас құрылымды Еуропалық Одақ құрмақ ойы бар.

Конфликт — карама-қарсы күштердің, партиялардың, көзқарастардың, мақсат-мүдделердің бір-біріне қайшы келуі. Ол өрістеген кезде арты шешілмес қатты дау-жанжалға, ал саяси шиеленіс саяси дағдарысқа әкеліп соқтыруы мүмкін.

Конфликтология — әлеуметтік дау-жанжал, шиеленістердің мәнін, табиғатын, зардаптарын зерттеуге, оларды алдын ала болжауға арналған ілім. Қазіргі кезде ірі халықаралық, мемлекетаралық кикілжіндерді мәмілеге келу, қабылданған міндеттерді өзара бақылау арқылы шешуге болатындығын өмір дәлелдеуде.

Конформизм — іштей келіспесе де, көпшіліктің ой-пікірі, көзқарастарына икемделу, әсіресе билік басындағы адамдардың ығына жығылып, бейімделу.

Конфронтация — әлеуметтік-саяси жүйелердің, әскери одақтардың, мемлекеттердің арасындағы немесе бір елдің ішіндегі әртүрлі саяси күштердің қарама-қарсылығы.

Кооптация — белгілі бір сайланбалы органға қосымша жана мүшелерді сайлаушылардың дауыс беруінсіз осы органның шешімімен кіргізу.

Коррупция — 1) мемлекеттік және саяси қайраткерлерді, министрлерді, парламент мүшелерін, шенеуніктерді және т. б. параға сатып алу; 2) лауазымды адамдардың жеке басын байыту мақсатында өз қызметін қылмыстық жолмен пайдалануы, паракорлығы, сатылғыштығы.

Көппартиялылық — мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әртүрлі мүдделері мен пікір алалығын пайдалана отырып басқару түрі. Оның жағымды және жағымсыз жақтары бар. Жағымды жақтарында саяси мәселелер жанжақты қаралады, үкіметті тиімді жұмыс істеуге мәжбүр етеді, бюрократияның өрістеуіне тежеу салынады. Бәсекеші партияны жеңу үшін партияның ішінде керекті тәртіп орнатылады. Саяси күресте кездейсоқ емес, шын мәнінде талантты адамдар шығып, басқарушы орындарға ұсынылады. Жағымсыз жағы — өмірдегі көп мәселелерге өз партиясының тұрғысынан ғана қарауы.

Күш қолданбау саясаты — саяси, әлеуметтік мәселелерді күш қолданбай шешуге тырысушылық. Оны жақтаушылар өз жұмысында адамгершілік, жалпыхалықтық принциптерді басшылыққа алады.

— К —

Қоғамдық-саяси ұйымдар — халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген, оған материалдық көмек көрсететін, өзін-өзі басқаратын адамдардың бірлестігі.

Күкыктык мемлекет — демократиялық жолмен кабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі де тең саналатын, жеке адамның күкыктары жан-жақты қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылыс. Мұнда заңдар халықтың еркін білдіреді және оларды барлық адам, мемлекеттік органдар мен мекемелер орындауға міндетті. Билік шын мәнінде бөлінеді. Олардың міндеттері мен қызметтеріне шек қойылады, өзара бақылау қамтамасыз етіледі. Адам күкығы биік дәрежеде сақталады. Атқарушы биліктің барлық жұмысы ашық жүргізіледі, оның жұмысы жұртшылықтың бақылауында болады. Пікір алуандығы кең өріс алады. Бұл мемлекетте адамның адамгершілік қасиеттері, борыш сезімі, жауапкершілігі жоғары дамиды.

“Қырғикабақ соғыс” — екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, 80 жылдарға дейін созылған социалистік және капиталистік жүйелер арасындағы халықаралық шиеленіс қатынастары.

Қысымшы топтар — билік институттарына мақсатты ықпал ету арқылы өз мүдделерін қанағаттандыруға тырысқан қоғамдық бірлестіктер. Олар мемлекеттік органдарға идеологиялық ықпал жасаудан бастап, сатып алуға дейінгі қысым көрсетудің алуан түрлерін пайдаланады. Бұл топтар өз аттарынан сайлауға қатыспайды. АҚШ-та оларды лоббистік ұйымдар, мүдделі топтар деп, Ұлыбританияда парламент агенттері деп атайды. Олар көбінесе мүдделерінің ортақтығы негізінде және бұл топтар мен билік органдарының арасында байланыс болғанда пайда болады.

— Л —

Легитимдік — халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы. Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін, ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне сай орындалуы керек. Яғни, мемлекеттік биліктің иесін тура немесе жанама түрде белгілі бір мерзімге халық сайлайды және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы қажет. Екіншіден, мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. М. Вебер легитимдіктің үш түрін көрсетті: 1) әдет-ғұрып легитимдігі; 2) харизматикалық легитимдік; 3) ақыл-парасат, күкык легитимдігі.

Либерализм — 1) жеке адамның саяси және экономикалық құқықтарын мақұлдап, мемлекеттің экономикаға араласуын шектеуге тырысатын ілім, саяси бағыт; 2) бірқатар елдерде орта топтың мүддесін қорғайтын либералдық партиялар. Олар нарықтық экономиканы, еркін бәсекелестікті, халықтың әлеуметтік қамтамасыз етілуін, халықаралық қауіпсіздікті және т. б. жақтайды.

Лобби — белгілі бір заң жобаларына, қабылданатын шешімдерге ықпал ету мақсатында әрекет ететін ерекше саяси ұйым. Ол қысымшы топтың бір түріне жатады. Саяси, қоғам қайраткерлерімен жақсы қатынастар орнатып, солар арқылы үкіметтің табысты тапсырмаларын алуға, заң жобаларына өздеріне керекті өзгерістер жасауға және т. с. с. күш салады. Бұл мақсатта неше түрлі әдіс-тәсілді пайдаланады.

Лояльдық — өкіметті, оның заңдарын, қаулыларын құрметтеу, орындау.

Люмпен — қоғамның азғындалған бөлігінің жалпылама аты. Оған қаңғыбастар, қайыршылар, жезөкшелер, қылмыскерлер және т. с. с. жатады.

— М —

Можаритарлық жүйе — сайлау нәтижесінде үміткердің округ бойынша көпшілік дауыс алуы.

Макиавеллизм — алға қойған мақсатқа жету үшін амал-айланың қандай түрі болмасын пайдалану тәсілі. Оның негізін салған Италияның саясаттанушысы Н. Макиавелли (1469—1527) елдің басын біріктіріп, бірлігін сақтау үшін патшаларға жауыздық жасауға да, күш жұмсауға да кеңес берді.

Маманданған көпшілік — қоғамдық-саяси өмірдің ең маңызды мәселелері жөнінде сайлаушылардың үштен екі немесе төрттен үшінің дауыс беруінің негізінде шешім қабылдау тәртібі.

Мандат — 1) біреудің уәкілдігін куәландыратын құжат (мысалы, депутаттық мандат); 2) қайсыбір жерде, елді мекенде елді басқару үшін берілетін құқық.

Манифест — 1) маңызды оқиға немесе шаралар туралы салтанатты жария ету, жоғарғы өкіметтің халыққа үндеуі; 2) саяси партия, қоғамдық ұйымдардың және т. б. өз көзқарастарын, бағдарламаларын және шешімдерін баяндаған үндеуі.

Манифестация — бір іске, оқиғаға, билеушілердің саясатына тілектестігін не қарсылығын білдіру үшін көпшілік болып қыр көрсету.

Маргиналдар — белгілі бір себептерге байланысты қоғамның негізгі әлеуметтік тобына, табына кірмей қалған аралық жағдайдағы адамдар. Мысалы, ауылдан жұмыс іздеп қалаға келген жастар. Олар бір жағынан ауыл өмірінен қол үзген, екінші жағынан қаланың өмір салтын, мәдениетін игеріп, сінбеген. Осылайша әредік жағдайға душар болады. Мұндайларды *маргиналдар* дейді. Олардың көбінің тұрақты тұратын орны жоқ, жұмыс орны да анықталмаған, белсенді саяси өмірге тартылмаған. Сондықтан олар қылмыс не басқа арандатушылық әрекеттерге оңай ілесіп кетеді. Маргиналдарға этникааралық, нәсіларалық некеге түскендер де жатады. Мысалы, метистер.

Марксизм — өзара байланысты философия, саяси экономия, ғылыми коммунизмнен тұратын ілім. Ол социалистік революция нәтижесінде пролетариат диктатурасын, екі кезеңнен (социализм мен коммунизмнен) тұратын коммунистік қоғамды орнатуды мақсат етті. Қоғамдық-экономикалық формация теориясын ашты. Ол бойынша жаңа өндіргіш күштер мен күні өткен өндірістік қатынастардың арасында жанжал шығып, әлеуметтік революцияға әкеледі. Нәтижесінде бір формация екіншімен ауысады. Тарих барлығы бес формациядан: *алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік* формациялардан тұрады. Соңғысын адамзат дамуының ең биік сатысы деп санады. Дегенмен, марксизм әлеуметтік және саяси процестерге жеңіл-желпі, тұрпайы қарады, таптық мақсатқа жетуге қан төгісті тап күресіне басымдық берді, қоғам дамуының ағымына қарай икемділігі шамалы болды. Осының бәрі оның одан әрі өрістеуіне кедергі келтіріп, тартымдылығын төмендетті, артына ерушілердің санын азайтты.

Мафия — күш жұмсау, қорқыту, бопсалау, сатып алу, өлтіру сияқты заңсыз амал-әрекеттер арқылы өз мақсаттарына жету үшін ұйымдасқан құпия қылмыстық топ, сыбайластар. Олар мемлекеттік, қоғамдық мекемелерге ықпал ету арқылы саяси мақсатта да пайдаланылады. Соңғы кезде сатылғыш, жемқор, паракор қызмет адамдарын да солай атап жүр.

Мәміле — дау-жанжалға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуі.

Мәртебе — азаматтың, мемлекет органының, халықаралық ұйымның және т. с. с. құқықтық орнын білдіретін құқықтар мен міндеттер жиынтығы.

Мемлекет — белгілі бір аумақ шеңберінде адамдардың, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі. Мемлекеттің ерекше өкімет аппараты болады. Ол бүкіл қоғам атынан ресми істерді жүргізуге құқылы. Оның заңдарын сол елдегі адамдардың бәрі де сыйлайды және орындауға тиіс. Егер орындамаса, оның ырықсыз көндіруге қақысы бар.

Мемлекеттік билік — барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке-дара құқығы бар, заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі.

Меморандум — дипломатиялық хат жазысудың бір түрі. Ол жүргізілетін келіссөз мәселелерінің заңдылық жақтарын дамытады, негіздейді.

Менталитет — 1) ойдың бағыты, жүйесі, ақыл шабыты, құрылымы; 2) адамның, топтың, таптың, халықтың дүниетанымы, өмірге, саясатқа, билікке қатынасы; 3) рухани өмірдің ерекшелігі.

Меритократия — ерекше қабілетті, күзыретті, таланаттылардың билігі.

Метрополия — қол астында колониялары бар мемлекет.

Милитаризм — жаппай қарулану, соғысқа әзірлену, ішкі және сыртқы мәселелерді қарулы күшпен шешуге тырысқан саясат.

Модернизация — қазіргі, жана жағдайға байланысты жаңару, өзгеру, икемделу. Саясатта саяси жүйенің, әдіс-тәсілдердің, бағдарлама, тұжырымдамалардың өзгеруі. Заман талабына сай жаңару қоғамның жылдам дамуына мүмкіндік беріп, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ондай өзгерістер жасалмаса, саяси тоқырауға ұшырауға болады.

Монархия — мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрі. Оны хан, патша, император, король, сұлтан, шах және т. б. деп атауы мүмкін.

Монархия өз кезегінде абсолюттік (шексіз) және конституциялық болып екіге бөлінеді. Абсолюттік монархия деп жоғарғы өкімет билігі бүтіндей, тұтас, формальды түрде де шектелместен бір адамның қолында тұрған қоғамдық құрылысты айтады. Бұрын басқарудың мұндай түрі кең тараған болатын, қазір жоқ.

Конституциялық монархияға монархтың билігі заң шығаратын билік — парламентпен шектеледі. Ондай елдерге Бельгия, Голландия, Дания, Жапония, Иордания, Ұлыбритания, және т. б. жатады.

Мораторий — ішкі және сыртқы міндеттемелерді орындауды уақытша тоқтату, үзіліс жариялау.

Муниципалитет — 1) кейбір елдерде өзін-өзі басқаратын аумақтық қоғамдастық, жергілікті өзін-өзі басқару органы. Оның өз меншігі, заң шығаратын, салық салатын және т. б. құқықтары бар; 2) кей елдерде кездесетін төменгі әкімшілік-аумақтық бөлік; 3) муниципалитеттің орналасқан үйі.

Мэр — муниципалитеттің (қаланың) бастығы.

Мэрия — муниципалдық басқарма немесе сол орган мекендеп тұрған үй.

— Н —

Нәсіл — шығу тегіне және әр түрлі тұқым қуалайтын ерекшеліктеріне (дене құрылысы, терісіне, көзінің түсіне және т. с. с.) байланысты бірлескен адамдар тобы. Негізгі нәсілдерге негроидтер, монголоидтар және европеидтар жатады. Негроидтердің терісі кара, шаштары бұйра келеді, монголоидтардың (қазақтар, жапондықтар, монғолдар және т. б.) терісі сары, шаштары тік және кара болады, европеидтардың терісі ақ келеді. Олардың бұлай бөлінуіне өте ерте замандарда тұрмыс кешкен табиғи жағдайлары себеп болды.

Нәсілшілдік — әр түрлі нәсілдерді ақыл-есі, психологиясы жағынан тең санамай, оларды “жоғарғы” және “төменгі” нәсілдерге бөлетін ғылымға жат көзқарас, идеология. Оны жақтаушылардың ойынша, нәсілдік ерекшеліктер қоғамның тарихы мен мәдениетіне шешуші ықпал етеді. Олар өркениеттілікті тек “жоғарғы” нәсілдің өкілдері жасайды, сондықтан солар билеп-төстеуі керек деп пайымдайды. Мұндай теория бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияда кең тарады. Қазір еврейлер өздерін басқа халықтардан артық санап жүр. Шын мәнінде, қоғамдық немесе жаратылыстану ғылымдарының дәлелдегендеріндей, адамзаттың биологиялық және тарихи дамуына нәсілдік ерекшеліктер елеулі әсер етпейді.

Нигилизм — жалпы қабылданған заңдық ережелер, қоғамдық саяси өмірдің тәртіптерін және т. с. с. жоққа шығару. Саясатта оны жақтаушылар қалыптасқан саяси қазыналарға, партиялар мен саяси қайраткерлердің іс-әрекетіне қарсы болып, қабылдамайды.

Нонсенс — қажетсіздік, артық кетушілік.

Нота — бір мемлекеттің екінші мемлекетке ресми дипломатиялық хаты. Нота алмасу арқылы кейде халықаралық келісім де жасалады.

Нувориш — сауда-саттық және т. с. с. тәсілдер арқылы тер төкпей тез байыған адам. Әдетте, ондайлар қоғамның жоғарғы сатыдағыларымен тіл тауып, билік басына келуге, қоғамдық өмірге әсер етуге тырысады.

— О —

Обструкция — белгілі бір шараларға, шешімдерге, заң жобаларына қарсы наразылық білдіріп, кедергі жасап, қабылдаттырмауға тырысудың бір түрі. Мысалы, мұндайда депутаттардың, делегаттардың бір бөлігі келіспегендіктен шу көтеруі, орнынан айкай салуы, тұрып кетуі мүмкін.

Объект — субъектінің танымдық және басқа іс-әрекеті бағытталған зат. Саясаттанудың объектісіне саясат әлемі жатады.

Одақ — жалпы саяси мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан бірлестік. Парламентте партиялардың депутаттар тобы қандай болмасын бір заңды қолдау немесе қабылдамау үшін блоктар құруы мүмкін. Сайлау науқаны кезінде саяси мақсаттары, көзқарастары жақын партиялар бірігіп, іс-әрекет жасамақ болып өзара келіседі. Экономикалық, әскери және т. б. мәселелерді шешу үшін мемлекетаралық одақтар да құрылады. Мысалы, НАТО, ОПЕК және т. с. с.

Оккупация — бір елдің жерін екінші мемлекеттің әскер күшімен уақытша басып алуы. Онда сол мемлекеттің өкімет билігі жойылады, басқару органдары оккупациялық әскери күштердің өкімшілігіне беріледі.

Олигархия — саяси және экономикалық билік азғантай топтың қолында тұрған биліктің түрі немесе сол үстем топтың өзі. Ондай билік қаржы саласында да болуы мүмкін. Сондықтан қаржы олигархиясы деп те атайды.

Оппозиция — 1) бір саясатқа, саяси іс-әрекетке, қайраткерге қарсылық ету, кедергі жасау; 2) партияның не оның бір бөлігінің билік етуші элитаға, көпшіліктің немесе үстемдік етуші пікірге қарсы тұруы. Демократиялық елдерге парламенттік оппозицияны әдеттегі, дұрыс жағдай деп санайды. Олар билеушілерге қарсы тежемелік, тепе-теңдік қызмет атқарады.

Оппозициялық партиялар — өздерінің конституциялық құқықтарын, парламент мінбесін, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, белгілі бір қоғамдық пікір тудыру арқылы билеуші партияға ықпал жасауға тырысқан партиялар. Олар басқарушы партияның саясатына сын көзбен қарайды.

Охлократия — қоғамдық өмір жағдайына қанағаттанбай мемлекеттік мекемелерді басып алып, ойран салған, демократияны теріс түсінген тобыр билігі.

— Ө —

Өктемшілдік — жеке адамның билігіне негізделген, басқаруда күшке сүйенетін мемлекеттік-саяси тәртіп. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент болғанымен ол кенесші органға айналады. Тоталитарлық тәртіппен салыстырғанда мұнда көпшілік партия, бірыңғай идеология болмайды және экономика бақылауға алынбайды. Тоталитарлық тәртіптің басқа белгілері негізінен сақталады. Ол көбіне саяси жағдайға белсене араласатын әскер күшіне сүйенеді. Мемлекеттің сайлау органдары шектеледі.

Өркениеттілік — 1) қоғамның, адамзаттың материалдық және рухани даму деңгейі; 2) мәдениеттің синонимі; 3) Л. Морган, Ф. Энгельстердің көрсетуінше, қоғам дамуында варварлықтан кейінгі сатысы.

— П —

Пакт — халықаралық келісім.

Парадигма — жасалатын өзгерістердің нәтижесінде туатын болашақтағы қоғамдық құбылыстың үлгісі, бейнесі. Сонымен қатар өз пікірін, көзқарасын салыстырып, дәлелдеу үшін тарихтан алынған мысал ретінде де қолданылады.

Парафирование — халықаралық келісімге уәкілдердің алдын ала қол қоюы немесе оның жеке баптарын мақұлдау арқылы келісімнің мәтініне қолдау көрсетуі.

Паритет — мемлекеттер арасындағы саяси және әскери қарулы күштердің тепе-теңдігі.

Парламент — жоғары сайланбалы өкілдік және заң шығаратын орган. Әр елде ол әр түрлі аталады. Мысалы, АҚШ-та, Филиппинде, Латын Америкасының көптеген елдерінде оны Конгресс, Польша мен Финляндияда — Сейм, Иран мен Түркияда — Мәжіліс, Германияда — Федералдық жиналыс, Израильде — Кнессет, Норвегияда — Стортинг, Ұлыбританияда — Парламент, Швецияда — Риксдаг, Францияда — Ұлттық жиналыс дейді.

Парламенттік республика — конституция бойынша жоғарғы билік иесі парламент болып саналатын мемлекеттік құрылыстың түрін айтады. Мұнда үкіметті парламент қалыптастырады, сондықтан оған тәуелді болады. Парламент бюджетті бекітеді, салықты белгілейді, соттарды құрады, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, соғыс аша алады, әскерлерді қамтамасыз етеді және т.с.с. айналысады. Көптеген елдің парламенті екі (жоғары және төменгі) палатадан тұрады.

Пауперизм — біраз халықтың қайыршылануы, жаппай жарлы-жақыбайлық.

Пацифизм — соғыстың қандай түріне болмасын (максатына, сипатына қарамастан) қарсы тұрып, бейбітшілікті жақтайтын ағым, қозғалыс. Ол ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды.

Пентагон — Вашингтон қаласының қасында АҚШ-тың әскери министрлігі орналасқан ғимарат. Жанама мағынада Американың әскери штабын да осылай атайды.

Перманенттік — тұрақты, үздіксіз жалғаса беретін. Мысалы, К. Маркс перманенттік революция туралы айтқан болатын.

Петиция — жазбаша жоғарғы үкіметке жолданатын (немесе жолданған) ұжымдық түрде жазылған өтініш.

Плебисцит — ерекше маңызды мәселе туралы барлық халықтың пікірін сұрау, анықтау.

Плутократия — 1) мемлекеттік билік байларға (плутократтарға) бағынышты болған саяси құрылыс; 2) байлардың билігі, ақшаның үстемдігі.

Позиция — 1) белгілі бір мәселеге, іске ұстаған көзқарас, пікір; 2) орналасу орны, бағыт.

Полемология — соғыстың және қарулы қақтығыстардың себептерін, мәнін, ерекшеліктерін, зардап-салдарларын және т.с.с. жан-жақты зерттейтін ғылым. Ол екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Франция, Голландия, Италия елдерінде пайда болды.

Полис — ежелгі грек елінде қоғам мен мемлекеттің саяси-экономикалық ұйымы, қала-мемлекет.

Популизм — саясаткердің немесе қоғамдық институттардың саяси қызмет атқару тәсілі. Олар мынадай ерекшеліктермен сипатталады: көпшіліктің тап қазіргі қарапайым талаптарын желеу етіп, құптау; өз басының атын шығару үшін адамдардың үлкен тобының сыншылдық сезімге берілген жағдайын пайдалану; көпшілікке жалпақтап, жағымпаздану, тобыр тіліндегі сөздерді, тіркестерді қолдану, асыра сілтеп уәде беру, халықтың сауаты аз бөлігіне шағыну және т.с.с.

Прагматизм — алға қойған мақсатқа іс жүзінде жету үшін ұстаған бағыт. Көбіне адамгершілік қағидаларымен санаспай, нақтылы нәтижеге жетуге тырысады.

Преамбула — халықаралық келісімнің, конституция, декларация және т.б. заңдылық құжаттардың кіріспе бөлімі.

Президент — 1) республикалық басқару орын алған елдердегі белгілі бір мерзімге сайланған мемлекет басшысы; 2) сайлап қойылатын басшы, қоғамдық, ғылыми мекемелердің, корпорация, компания және т.б. төрағасы.

Президенттік басқару — 1) конституцияда көрсетілген өзін-өзі басқару институттары қызметтерін тоқтатып, әкімшілік бірлестіктердің басшылықты президент тағайындаған өкілдіктер арқылы жүргізуі; 2) конституцияда көрсетілгендей президентке мемлекет шеңберінде төтенше өкілеттік беру. Әдетте, мұндай жағдайда демократиялық институттар қызметтерін тоқтатады. Ол мемлекетте не оның бір бөлігінде саяси жағдайды тұрақтандыру үшін қолданылады. Мұндай тәсілді кейде президент өз жағдайын жақсартып алу үшін де пайдаланады.

Президенттік республика — конституция бойынша жоғарғы билікті президент жүргізетін республикалық басқарудың түрі. Әдетте, онда мемлекеттің де, үкіметтің де басшысы болып президент саналады. Оны парламент немесе халық сайлауы мүмкін. Егер президентті парламент немесе оның негізінде құралған коллегия сайласа, оны “парламенттік президент” дейді. Конституция бойынша оған белгілі бір құқықтар беріледі. Бірақ ол құқықтарды

жүзеге асыру үшін тиісті құжатқа премьер-министр немесе министрліктердің біреуінің қойылған қолы болуы керек. Онсыз күші болмайды. Басқа сөзбен айтқанда, ондай президенттің билігі шамалы болады. Мысалы, Үндістанда, Италияда, Германияда солай. Ал егер президентті жалпыға бірдей, тікелей, құпия сайлау арқылы халық сайласа, ондай мемлекетті президенттік республика дейді. Ондай президенттің билігі зор. Мысалы, АҚШ, Франция және т.б. елдерде. Мұнда атқарушы билік тікелей парламентке бағынбайды. Президент үкіметті өзі тағайындайды және өзі басқарады. Мұндай билік алғаш рет АҚШ-та орнады. Біздің Қазақстан Республикасында да президенттік билік болып саналады.

Прерогатива — белгілі бір мекеменің немесе лауазымды адамның жеке-дара құқығы. Мысалы, президенттің немесе парламенттің заң негізінде бекітілген құқықтары бар.

Пресс-конференция — белгілі бір мәселені баяндап, түсіндіру үшін мемлекет саяси және қоғам қайраткерлерінің баспасөз өкілдерімен кездесуі.

Престиж — қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес беделді, абыройлы орын, лауазымды адам, қоғамдық-саяси мекеме, әлеуметтік жағдай.

Приватизация — мемлекеттік байлықтық жеке меншікке беру.

Прогресс — алға қарай үдеп, дамуды білдіретін бағыт.

Пролонгация — белгілі бір саяси келісімшарттың мерзімін созу.

Промульгация — мемлекет шеңберінде жасалған жаналық, өзгерісті жариялау.

Протекторат — күшті мемлекеттің әлсіз мемлекетті формальды түрде қамқорлыққа алуы. Көбіне мұндай жағдай әлсізді толық жаулап, жерін қосып алудың амалы болып шығады. Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезінде Жапония Кореяны алдымен протекторат етті, кейін оны өзіне қосып алды.

Протекционизм — 1) ұлттық экономиканы шетелдік бәсекелестерден қорғау үшін жүргізілген мемлекеттік саясат; 2) жақсы қызметтерге білімділігі, қабілеттілігі, іскерлігіне қарай емес, тамыр-таныстығы арқылы орналасу немесе билік басындағы адамдардың өздеріне керек істерге “қамқорлық” жасауы.

Путч — мемлекеттік төңкеріс жасау үшін ұйымдасқан адамдардың қылмыстық әрекеті, бүлік.

Радикализм — партияның, қозғалыстың, фракцияның, жеке басшының және т.с.с. қоғамда қалыптасқан жағдайды өзгерту мақсатымен жасалатын батыл іс-әрекеті, қимылы. Әдетте, оппозициядағы күштер билік басындағылардың қызметін тартыншақтық, жасқаншақтық, көзбояушылық жасап отыр деп кінәлайды.

Ратификация — мемлекеттер арасындағы жасалған шартты жоғарғы өкімет орындарының бекітуі. Бұған кейін мемлекеттер ратификациялық грамота деген құжатпен алмасады да, келісім-шарт заңды күшіне кіреді.

Реабилитация — жазықсыз айыпталған адамды ақтап, жақсы атын қалпына келтіру.

Реакция — 1) белгілі бір әрекетке жауап ретіндегі іс-қимыл; 2) қоғамдық прогреске қарсы бағытталған, күні өткен тәртіпті орнатқысы келетін саясат. Ол, әдетте, жаппай зорлық-зомбылық, күш жұмсаудың, экономикалық, саяси езгінің күшеюіне, еркін ой-пікірді қудалауда көрініс береді.

Реакциялық партиялар — қоғам дамуындағы өтіп кеткен формацияларға немесе дәуірлерге қайтып оралуды көксеуші партиялар.

Реваншизм — жеңілген мемлекеттің жана соғыс арқылы бұрынғы жерін қайтаруға немесе саяси күштің алғашқы жағдайды қалпына келтіруге тырысуы.

Революция — қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық саяси құрылымындағы түбегейлі сапалы төңкеріс. Оның біртіндеп, ақырын дамиды, эволюциядан және ішінара өзгерістер жасайтын реформадан айырмасы зор. Ол көпшілік күштерді қозғалысқа келтіріп, революциялық жағдаятты тудыратын объективтік өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Оның қозғаушы күшіне үстемдік етіп отырған қоғамдық құрылысты құлатып, одан жоғары прогресті құрылысты орнатқысы келген таптар, әлеуметтік топтар жатады. Революциялық қозғалыстың субъектісіне және оның алға қойған мақсатына байланысты революцияны буржуазиялық, буржуазиялық-демократиялық, ұлт-азаттық және т.с.с. етіп бөледі. Революция қоғамның дамуын орасан зор жеделдетеді.

Революциялық партиялар — қоғамдық өмірді түбегейлі өзгертуге тырысқан партиялар.

Регент — монархиялық елдерде монархтың (хан, патша, король т.т.) жасы толмағандығына, ұзақ науқасқа шалдығуы немесе

орнында болмауына байланысты мемлекеттік уақытша басқаруға тағайындалған адам.

Регресс — кері шегінушілік, бірдененің дамуында туған күлдіраушылық, өзгерістің нашар жаққа бет алуы.

Резиденция — мемлекет немесе үкімет басшысының, ірі әкімшілік қызметті атқарушы адамның тұрақты тұратын орны. Онда жоғары деңгейдегі саяси қайраткерлер кездесіп, маңызды шешімдер қабылданады. Ол жазғы, қысқы, қаладағы, қаланың сыртындағы және т.с.с. болуы мүмкін.

Рендеологизация — ішкі және сыртқы саясатты жүргізгенде идеологиялық нұсқауларды, қазыналарды басшылыққа алу. Ол идеологиясыздануға қарсы теория ретінде Батыс елдерінде осы ғасырдың 70—80 жылдарында пайда болды.

Рейтинг — ұйымның, мекеменің, жеке адамның іс-әрекетін, қызметін бағалағанда оның қандай дәрежеде екендігін білдіретін сандық көрсеткіш. Ол сайлау, сұрақ-жауап және т.б. көрсеткіштер негізінде жасалады.

Ренегат — бұрынғы пікірлерінен, көзқарасынан айнып, дұшпандар жағына шығып кеткен опасыз, азғын адам.

Репарация — соғысты бастап, бірақ жеңіліп қалған мемлекеттің жеңген мемлекетке толық немесе жарым-жартылай соғыс шығынын төлеуі.

Репатриация — соғыс кезінде тұтқындалған адамдардың, босқындардың, саяси және т.с.с. себептермен басқа жерге қоныс аударғандардың өз еліне қайта оралуы.

Репрессия — мемлекеттік құрылымдардың жазалау шарасы, қуғын-сүргінге ұшырату.

Ресми партиялар — қоғамдық-саяси өмірге қатынасуына заң жүзінде рұқсат етіліп, мемлекеттік тіркеуден өткен партиялар. Олар жұмысын ашық жүргізеді.

Республика — мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер (парламент) арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрі. Азаматтардың билік құрылымдарына қатысы әр түрлі болуы мүмкін. Алайда, билік органдары сайланбалы болып, азаматтардың формальды түрде болса да билік етуге құқығы болса, ондай мемлекет республикаға жатады. Республика президенттік, парламенттік, “аралас” (президенттік және парламенттік белгілерді қамтитын) немесе теократиялық (Иран) болуы мүмкін.

Референдум — маңызды заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы мәселені түпкілікті шешу мақсатында сайлаушылардың көңілін білдіруі. Мысалы, онда конституцияны немесе оған түзету кіргізу, мемлекеттік құрылыс немесе билік түрін өзгерту, ескі заңның күшін жою немесе жаңасын қабылдау, елдің халықаралық ұйымға кіру, мемлекетаралық келісімге қосылу және т.с.с. мәселелер қаралады. Бұл мәселелерді конституция не заң ережелеріне сәйкес парламент немесе үкімет басшысы қояды. Мысалы, біздің республикамызда 1995 жылғы 29 сәуірде президенттің өкілеттілігін ұзарту жөнінде бүкілхалықтық референдум болды.

Реформа — қоғамдық құрылысты және оның институттарын жетілдіру үшін билік жүйесіне, саяси қызметтердің түрлі жақтарына өзгерістер енгізу. Ол қоғамның саяси жүйесін түгел немесе оның бір я бірнеше саласын қамтуы мүмкін.

Риксдаг — екі палатадан тұратын Швеция парламентінің аты.

— С —

Сайлау жүйесі — белгілі бір билік түрін, мемлекеттік өкілеттік, заң шығаратын, атқару, сот орындарын қалыптастыруға қатысуды қамтамасыз ететін ережелер мен әдістердің жиынтығы. Сайлау жүйесі мажоритарлық, пропорционалдық, азшылықтың өкілдігі болып үшке бөлінеді.

Сайлау құқығы — мемлекеттің өкілеттік органдарына азаматтардың сайлау және сайлану құқықтары. Ол адам құқықтарының жалпы декларациясынан туындайды. Соған байланысты әр елдің конституциясы бойынша 18 жасқа толған әрбір азамат (заңмен шектелген жағдайлардан басқа) сайлауға қатыса алады.

Сайлау науқаны — өкімет басқару органдарына және т.б. сайлау сияқты арнайы қоғамдық-саяси мәселелерді шешу үшін ұйымдастырылған және жүргізіліп отырған науқан.

Сайлаушы — сайлауда, референдумда және т.с.с. бір үміткер үшін немесе басқа мәселе бойынша дауыс беруге құқығы бар адам.

Сайлаушылар партиясы — негізгі мақсаты үміткерлердің сайлау алдындағы науқанын ұйымдастыруға (қаржы жинау, үгіт жүргізу, т.т.) арналған партиялар. Оларда тұрақты мүшелік, идеологиялық негіз, ұйымдық құрылым жоқ. Мысалы, АҚШ-тағы республикалық және демократиялық партиялар.

Саммит — сыртқы саяси келісімдер жүргізіп, шешімдерге келу үшін мемлекеттердің жоғарғы басшыларының кездесуі.

Санкция — 1) жоғарғы сатыда тұрған мекеме, ұйым және т.с.с. төменгі сатыдағыларға бір мәселені жүзеге асыруға рұқсат етіп, бекітуі; 2) бейбіт өмірді немесе ресми келісімді бұзған мемлекетке қарсы халықаралық ұйымның қолданған шарасы. Мысалы, БҰҰ жарғысында халықаралық шартты бұзған жаққа қарсы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша дипломатиялық, экономикалық, әскери жазалау шаралары қарастырылған.

Саясат — алғашында мемлекеттік және қоғамдық істер немесе мемлекеттік басқару шеберлігі деген мағынаны білдірген. Кейін келе оның мағынасы кеңейді және мынаны білдіреді: 1) өз мүдделерін іске асыруға, қорғауға бағытталған және саяси билікті басып алуға, қолында ұстауға, оны пайдалануға тырысушылықпен байланысты мемлекеттер, топтар, ұлттар, үлкен әлеуметтік топтардың арасындағы қатынастар саласындағы азаматтар мен жеке адамдар билігінің мекеме, бірлестіктердің қызметі; 2) мемлекеттің істеріне қатынасу, оның қызметінің түрін, мақсат, мазмұнын анықтау; 3) адамзат қоғамының даму тарихында бұл ұғым көбінесе шебер жасырылған басшылар мен оның сыбайластарының ниеттерін, мақсаттарын және амал-әрекеттерінің түрлерін білдіреді; 4) әдеттегі тілде — адамдардың өзара қатынастарында белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің сипаты; 5) мемлекеттік және қоғамдық өмірдің күнделікті мәселелер немесе оқиғалар жиынтығы.

Саясат-өнер — саясат өзін жүзеге асырушы партиялардан, топтар, мемлекеттік мекемелерден және т.б. жақсы дайындықты, жоғарғы тәжірибелікті, асқан шеберлікті, халыққа қуатты ықпал ете білуді қажет етеді. Саясатта әр түрлі тәсілдер пайдаланылуы мүмкін. Онда келісім де, қысым да, қулық та, алдап-арбау да кездесіп жатады. Саясатты өнерге тенеуі сондықтан. Дегенмен, басқарушы саясат адамгершілік өлшемдеріне сай келсе ғана айтарлықтай жемісті бола алады.

Саясат-ғылым — біріншіден, саясат қоғамдық-саяси өмірдің маңызды бір саласы жөнінде білім көзі болып, ол туралы жан-жақты ғылыми мағлұмат береді, екіншіден, нағыз адамгершілік саясат қоғамдық даму заңдылықтарына сай пайда болады, оларды ашып, іске асырғанда басшылыққа алады, ғылымға негізделеді, саяси жұмыс жемісті болу үшін ғылыми терең зерттеулер жүргізу қажет.

Саясат субъектілері — іс-әрекет жасаушы жеке адам немесе әлеуметтік топ. Саясаттың субъектісі дегенде өз мүдделеріне байланысты саяси өмірге белсене араласып, басқалардың санасына, іс-әрекетіне, жағдайына ықпал ететін, саяси қатынастарға белгілі өзгерістер енгізетін, саясатты жасайтын адам, ұйым не әлеуметтік топты айтады. Саясат субъектісінің құрамы, іс-әрекеттерінің түрлері, тәсілдері, көздеген мақсат-мүдделері және т.б. қоғамның нақты, тарихи жағдайымен айқындалады. Оған азаматтар, әлеуметтік топтар, ұлттар, қоғамдық-саяси ұйымдар, мемлекет, тіпті жалпы қоғам да жатады.

Саясаттану — саясат туралы, саясаттың адам және қоғам арасындағы қарым-қатынасы туралы ғылым. Саясаттанудың зерттеу объектісіне қоғам өмірінің барлық салалары жатады. Ол саясат туралы жалпы, құрама, жинақталған білім береді.

Саяси әлеуметтену — қоғамдық процестер нәтижесінде жеке адамның белгілі бір саяси рөл атқарып, әлеуметтік-саяси қалыптасуы. Саяси әлеуметтену отбасы, күрдастар тобы, мектеп, жоғары немесе арнаулы орта оқу орны, саяси ұйым, ұжым сияқты өмірдің сан саласының ортасында пайда болып, одан әрі өрбиді. Ол тәрбие, үлгі-өнеге, саяси насихат, өмір салтының ықпалын және өзінің саяси тәрбиесі арқылы іске асады. Оның қалыптасуына сол кездегі тарихи дәуір, шетелдегі жағдай, осы мемлекеттің саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуы, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіптің сипаты, топтың, таптың, ұлттың өзгешеліктері және т.с.с. әсер етеді.

Саяси бостандықтар — мемлекет конституциясы кепілдік беріп, заң бойынша қамтамасыз етілетін азаматтардың, демократиялық түрде еркін саяси процестерге қатысу құқықтары. Оларға сайлау және сайлану құқығы, сөз, ақпарат алу бостандығы, еркін, тең, жүйелі өткізілетін сайлау құқығы, саяси ұйымдар құру, азаматтардың өз мақсат-мүдделеріне қарай іс-әрекет жасау және т.б. жатады. Саяси бостандықтар БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында толық қарастырылған.

Саяси жүйе — билікті жүргізуші әлеуметтік топтар, таптар, ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы өзара қатынастарды реттейтін, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер мен институттар жиынтығы. Оның негізгі элементтеріне мемлекет, саяси партиялар, дін орындары, қоғамдық-саяси ұйымдар және т.б. жатады.

Саяси институттар — құрылысы жағынан ұйымдасқан, бір орталыққа бағынатын, ерекше өкілдіктерге ие, атқарушы аппараты бар саяси мекеме. Мысалы, оған мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар, кооперативтік, жастар, әйелдер және т.с.с. ұйымдар мен бірлестіктер жатады. Бұл ұйымдардың бәрі таптық, топтық, ұлттық, жыныстық, кәсіби, жас мөлшеріне қарай және т.т. байланысты пайда болатын көптеген әлеуметтік мақсат-мүдделерді білдіріп, қорғау үшін құрылады.

Саяси қазыналар — саяси қызметте бағдар етіп ұстайтын идеялар, көзқарастар, ұғымдар. Мысалы, оларға “еркіндік”, “теңдік”, “әділдік”, “әлеуметтік қорғанушылық”, “төзімділік” және т.с.с. құндылықтар жатады.

Саяси мәдениет — өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстауы жөніндегі жарлық, қаулылар жүйесі. Ол қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени ұстай білуі, осы жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті кіреді.

Саяси партия — мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде негізінде құралған адамдардың ерікті одағы.

Саяси процесс — 1) қоғамның саяси жүйесінің, құбылыстарының уақыт пен кеңістікте даму барысы, өзгеруі; 2) түпкілікті нәтижеге жеткен белгілі бір көлемдегі процесс. Мысалы, қайсыбір партия не қозғалыстың қалыптасуы, сайлаудың өткізілуі, басқарудың жаңа құрылымының дүниеге келуі және т.с.с.

Саяси психология — саясатқа да, психологияға да қатысы бар, екеуінің арасынан шыққан ғылым. Батыс елдерінде кең дамыған.

Саяси реализм — саясатта жағдайды объективті тұрғыдан саралап, күштердің арасалмағын ескере отырып, іс-әрекет жасау. Тек осындай жағдайда ғана алға қойған саяси мақсатқа жететін мүмкіндік туады.

Саяси сана — адамдардың саяси өмірді түсініп, сезінуі. Оған ең алдымен қоғамдағы саяси идеяларды, көзқарастарды, мақсат-мүдделерді ұғынуы, саяси билікке қатынасуы жатады. Олар адамның іс-әрекетіне, әр түрлі жағдайда өзін-өзі ұстауына тікелей әсер етеді.

Саяси серке — партияның, саяси ұйымның немесе қозғалыстың басшысы. Оған халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерлерге лайықты қасиеттерді жия білген адам жатады. Ол білімділігімен, көрегендік, шешендік, саяси мәдениеттілік және т.б. қасиеттерімен көзге түседі. Саяси серкелерді авторитарлық және демократиялық, формалды және формалсыз және т.т. етіп жіктейді.

Саяси стратегия мен тактика — партияның, мемлекеттің, қоғамдық-саяси ұйым, қозғалыстардың саяси өмір, процесте, күресте басшылыққа алатын іс-әрекеті. Стратегия деп партия қызметінің ірі тарихи кезеңдегі жалпы бағытын айтады. Тактикаға стратегиялық мақсатты жүзеге асыру жолында нақтылы жағдайдағы партияның іс-әрекеті, оның таяудағы мүддесін орындаудың әдіс-тәсілдері кіреді. Саяси жағдайларға байланысты тактика жиі өзгеріп отырады.

Саяси тәртіп — саяси білікті жүзеге асырудың, қоғамды басқарудың әдіс-тәсілдер жиынтығы. Оған демократиялық құқық пен еркіндіктің жағдайын білдіретін саяси тәртіп жатады. Зерттеушілердің көбі бұл тәртіпті айқындағанда оның көрсеткіші, өлшеуіші ретінде демократиялық даму деңгейін, қоғам мүшелерінің белсенділігін айтады. Осыған байланысты қазіргі саяси тәртіптерді демократиялық және антидемократиялық деп екіге бөледі.

Саяси тұрақтылық — әр түрлі ішкі және сыртқы өзгерістер жағдайында саяси жүйенің өз құрылымын сақтап, тиімді өмір сүруге мүмкіндік беретін тұрақтылығы. Ол үшін ең алдымен экономика жоғары қарқында дамуы, халықтың әл-ауқатының үздіксіз өсуі, табыс бөлісінде көп алшақтық болмауы, саяси тәртіптің заңдылығы мен демократиялығы және т.с.с. болуы керек.

Саяси утопия — ғылыми зерттеуге емес, қиялға негізделген, іске аспайтын идеялар мен теориялар. Ағылшынның гуманист-ойшылы Томас Мор 1516 жылы “Утопия” деген атпен өзі ойдан шығарған аралдағы қоғамдық өмірдің құрылымы туралы кітап басып шығарды. Бұл атау содан бастама алады.

Саяси ұйым — алдына қойған ортақ саяси мақсатқа жету үшін өзіндік құрылымы бар, қызметтері айқындалған және жүйеленген адамдардың бірлестігі. Оның ерекшелігі — жеке немесе ұжымдық мүшелері болады. Саяси ұйымның негізгі тұрпатына саяси партия жатады.

Сегрегация — халықты нәсілі бойынша еріксіз топтарға бөлушілік. Ол адамдар арасындағы айырмашылықтарды бекітіп “екінші” халықты теңдік жөнінде қандай болмасын мәселе көтеруге мүмкіншілік бермейді. Соңғы кезге дейін сегрегация Оңтүстік Африка Республикасында орын алып келді. Мысалы, онда кара нәсілділердің оқу орындары, емханалары, тұрмыс қажетін өтеу орындары және т.т. ақ нәсілділердікінен бөлек болатын.

Сенат — 1) Ежелгі Римдегі мемлекеттік биліктің жоғарғы органы ретіндегі аксүйектер кеңесі; 2) Ресейде Боярлар думасының орнына 1711 жылы І Петр кіргізген жоғарғы үкіметтік мекеме. Ол І Александр кезінде жоғарғы сот органына айналды; 3) бірқатар мемлекеттердегі парламенттің жоғарғы палатасының аты. Мысалы, АҚШ, Бельгия, Ирландия, Италия және Латын Америкасының көптеген елдерінде осылай аталады.

Сепаратизм — бөлектену, онашалануға тырысушылық. Көп ұлтты мемлекеттердегі аз ұлттың өкілдері өзіне бөлек мемлекет болып бөлініп шығуға немесе автономия алуға ұмтылуы. Ұлт-азаттық қозғалыстан ерекшелігі — оның жалпыхалықтық, бұқаралық сипаты болмайды, ол ұлттың бір бөлігінің мүддесін қамтиды.

Сионизм — еврейлердің ұлтшылдық идеологиясының бір түрі. Иерусалимдегі Сион төбесінің атына байланысты аталған. ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды. Бұл идеология бойынша еврейлер “күдай қалаған ерекше” халық. Негізгі мақсаты — дүниежүзілік барлық еврейлердің рухани бірлесуін көксейді. Оның шын мәнін араб елдерінің жерін жаулап алуынан, ол халықты қуғын-сүргінге ұшыратуынан, Палестина мәселесін әділ шешуден бас тартуынан байқауға болады. Оны әлемдік қауымдастықтар талай рет айыптаған. БҰҰ Бас Ассамблеясының ХХХ сессиясы 1975 жылы сионизмді нәсілшілдіктің түрі ретінде сипаттады.

Скипетр — монархиялық биліктің нысаны. Ол қымбат тастармен неше түрлі өрнектермен әсем бедерлермен безендіріледі.

Соғыс — мемлекеттер, халықтар, ұлттар, топтар, діндер және т.б. арасындағы қайшылықтардан пайда болған қарулы күрес. Қазіргі кезде саясатшылардың басым көпшілігі соғыс қаупін тудыратын егес, тартыс, айтыс, жанжалдарды қарулы күшпен, соғыс арқылы емес, тек қана саяси жолмен шешу керек деп есептеуде.

Сот билігі — құқықтар мен заңдар ережелеріне сүйеніп әділеттілікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органның билігі. Ол

парламент немесе президент қабылдаған заңдардың, конституциялық жарғылардың сәйкестігін анықтайды, заңды бұрмалаушылықтан сақтайды, адамдардың құқықтарын қорғайды. Сот билігін халық немесе өкілетті мекемелер қалыптастырады. Ол заң шығарушы немесе атқарушы билікке тәуелсіз. Өз жұмысында тек заңды ғана басшылыққа алады. Егер жоғарғы сот мемлекеттік органның немесе қызмет адамының шешімін конституцияға қарсы десе, ол шешім толығымен күшін жояды.

Социал-демократия — қоғам дамуында әлеуметтік салаларға басымдық беретін идеялық саяси ағым. Мұндай партиялар ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жұмысшы табының партиясы ретінде пайда болды. Олардың мақсаты — барлық еңбекшілерге жақсы өмірді, еркіндікті, әлемде бейбітшілікті қамтамасыз ету. Қоғам дамуында және социалистік құрылысты орнату жолында революциялық әдіске сүйенбей, эволюциялық (біртіндеп даму) жолды дұрыс деп санайды. Саяси плюрализм мен аралас экономиканы қолдайды.

Қазіргі кезде дүние жүзінде 17 млн. адамнан астам мүшесі бар 80-нен артық социал-демократиялық партиялар бар. Олар Еуропа континентінде қарусыздану, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекшілердің мүддесін қорғау, жалпы халықаралық жағдайды сауықтыруда көптеген еңбек сіңіруде.

Социал-демократиялық партиялар — қазіргі капиталистік қоғамда еңбекші халықтың мүддесіне сай ұдайы реформалап, өзгертіп отыруға тырысқан партиялар. Олардың басты құндылықтары: бостандық, әділеттілік, ынтымақтастық, теңдік. Мысалы, Австрияның, Германияның, Швецияның социал-демократиялық партиялары, Ұлыбританияның лейбористік партиясы және т.т.

Социум — адамдардың өмір сүру жағдайы және мәдениеттің бірлігіне байланысты құрылған әлеуметтік қауымдастық. Оның ең жоғарғы түріне әлеуметтік жүйе ретінде тұтас қарастырылған қоғам жатады. Одан басқа оған отбасы, туыстық, рулық, әлеуметтік-топтық, ұлттық, аумақтық қауымдастықтар кіреді.

Спикер — бірқатар парламенттік мемлекеттердегі парламент басшысының немесе палата басшысының аты. Мысалы, АҚШ-та өкілдер палатасының спикері. Ұлыбританияда қауымдастар палатасының спикері дейді. Соңғысының парламент мәжілістерін жүргізгенде үлкен билігі бар. Ол жарыссөзді тоқтата алады. Сөйлеп тұрған шешеннің сөзін бөле алады және т.т.

Стагнация — саясатта, экономикада, мәдениеттегі және т.с.с. тоқырау.

Статус — белгілі бір кезде болған немесе қазір өмір сүріп отырған жағдайды сақтау.

Страта — қоғамдағы әлеуметтік жағдайына байланысты адамдардың әр түрлі топтарға бөлінуі. Оларды жіктегенде мынадай белгілерді (өлшемдерді) басшылыққа алады: меншікке ие болудың сипаты, табыстың мөлшері, биліктің аумағы, мәртебесі, ұлттық ерекшеліктері және т.т.

Субмәдениет — қоғамда үстемдік ететін мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдар. Ол қоғамдық топтардың экономикалық, әлеуметтік жағдайларына, этникалық, діни, нәсілдік, білімдік, жыныстық, жас ерекшеліктеріне және т.с.с. белгілеріне байланысты болады.

Субъективтік — табиғат пен қоғамның объективтік даму заңдылықтарын теріске шығаруға тырысатын көзқарас. Оны жақтаушылардың ойынша, саяси өмір саясатты жасаушы субъекттердің (әсіресе басшылардың) ерік-жігеріне, ынта-ықыласына, мақсат-мүддесіне байланысты дамиды.

Сыртқы саясат — мемлекеттің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген саясаты.

— Т —

Теократия — діни билік те, азаматтар билігі де бір адамның қолында болатын мемлекеттік басқарудың түрі. Мысалға, Мұхаммед пайғамбарды келтіруге болады. Қазір жоққа тән. Тек ирандық аятолла Хомейнидің және одан кейінгі басшылықты оған қосуға болады.

Терроризм — саяси себептермен жеке адамдарды, көпшілікті қорқыту, жазалау мақсаттарындағы қылмыстық әрекет. Ол жеке адамдарға, ұйымдарға, мемлекеттік институттарға немесе оның өкілдеріне қарсы бағытталуы мүмкін. Мысалы, жеке адамдарға қарсы Ресейде патша үкіметі кезінде халықшылдардың “кастандық” бағыты террорлық әрекеттер жасады. Ал жаппай көпшілікке қарсы мұндай саясатты Израиль басып алған араб жерлерінде жүргізуде.

Технократия — 1) инженерлерге, менеджерлерге, техника ғылымдарына иек артатын саяси тәртіп; 2) басқарушы элитаға

кіретін техникалық мамандардың жоғарғы жігі және соларды дәріптейтін тұғырнама. Технократиялық теорияларды жақтаушылар техникаға, технологияның рөліне шексіз басымдық береді. Олардың негізін осы ғасырдың 20 жылдарында америкалық Т. Веблен, Дж. Гэлбрейт және т.б. қалады. Олар ғылыми-техникалық революция кезінде қоғамды техникалық басқарушы мамандар билейді және адамдар техникаға бағынышты болады деген идеяны алға тартады. Шын мәнінде, оның бәрі адамдардың ақыл-ой, жігеріне байланысты.

Тиран — 1) Ежелгі Грецияда, Ежелгі Италияда өкіметті күшпен басып алған адам; 2) жендет, рақымсыз, қатал, мейірімсіз билеуші; 3) қысымшы, езуші адам.

Толеранттық — басқалардың пікіріне, сеніміне, тәртібіне шыдамдылық көрсету, саясатта алуан пікірлікті, оппозицияның кең мағынасында жұмыс істеуіне мүмкіндік беруді, олардың ой-пікірлеріне түсіністікпен қарауды білдіреді.

Тоталитаризм — әрбір азаматтың, қоғам өмірінің барлық саласы мемлекет тарапынан толық бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылыстың түрі. Онда бір партия, бір идеология үстемдік етеді. Мұндай тәртіпте өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі және т.б. тегіс бақыланады. Азаматтардың, конституциялық ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық-полициялық бақылау орнайды.

Тоталитарлық партиялар — саяси жүйенің басқа элементтерін (құрамдас бөліктерін) өзіне бағындыруға тырысқан партиялар. Олар идеологияланған, қатаң тәртіпке негізделген бірпартиялық жүйе құруға тырысады.

Төртінші билік — қазіргі өмірдегі ақпарат құралдарының алар орнына баға беріп, бейнелеп айту. Шынында да, өмірдің демократияланып жатқан дәуірінде, сөз, баспасөз бостандығы шын мәнінде беріліп, радио мен теледидарды толық пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілген елдерде азаматтардың өзіндік санасының өсуіне, қоғамның ісіне белсенді араласуына, адамдардың басшылығы мен жауапкершілігін тәрбиелеуде ақпарат құралдарының бүгінгі таңда биліктің үш тармағынан кейінгі орынды алуы даусыз.

Төтенше жағдай — мемлекет бойынша немесе оның жекелеген өңірінде ерекше жағдайларға байланысты нақтылы мерзімге

орнатылған тәртіп. Мұндай жағдай соғыс кезінде, мемлекеттік төңкеріс, стихиялық апат және т.т. шағында жарияланады. Бұл кезеңде азаматтардың құқықтары шектеледі.

Триумвират — саяси және әскери үш қайраткерден тұратын одақ.

Тұғырнама — белгілі бір мәселе жөнінде саяси партияның, қоғамдық ұйымның, топтың, қоғам қайраткерінің көзқарастарының жүйесі, іс-қимылы, талабы. Бағдарламаға қарағанда оның ауқымы тар келеді.

Тұжырымдама — 1) белгілі бір мәселеге, құбылысқа көзқарастардың жүйесі; 2) ғылыми еңбек, шығарманың және т.с.с. негізгі қағидалары. Саясат әлемінде ол саяси партиялардың бағдарламаларында, жарғыларында, ресми құжаттарында және т.т. көрініс береді.

Тұлға — қоғамдық өмірдің нақтылы-тарихи жағдайы калыптастырған, саналы іс-әрекет ете алатын, өзінің жүріс-тұрысына жауап беретін, еңбек етіп, қарым-қатынас жасаушы, айналадағыны танып-білуші жеке адам.

— У —

Узурпация — өкімет билігін заңсыз басып алу немесе басқаның құқығын иемдену.

Ультиматум — 1) саясатта жазалау шаралары қолданылады деп қорқыту арқылы қойылатын талап; 2) халықаралық құқықта бір мемлекеттің екінші мемлекетке белгілі бір мерзімге нақтылы ұсыныстарды міндеттеген үзілді-кесілді талабы. Егер ол талап орындалмаса, дипломатиялық қатынастар үзіледі. Қарулы күш, экономикалық блокада жасалуы және т.с.с. шаралар қолданылуы мүмкін.

Унитарлық мемлекет — саяси билік бір орталыққа бағынған, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейтін мемлекеттің түрі. Оның жер аумағы, конституциясы бір болады, мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ келеді. Мысалы, Греция, Италия, Қазақстан, Норвегия, Польша, Финляндия, Франция, Жапония және т.т.

Ұлт — аумақтың (территорияның), тілдің, экономикалық өмірдің және ұлт мәдениеті мен тұрмыс ерекшеліктерінде көрінетін психикалық қалпының ортақтығымен байланысты адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі.

Ұлтжандылық — Отанға, халқына, оның тарихы, тілі, мәдениетіне деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Отансүйгіштік, ұлтжандылық үлкен азаматтық, мәдениеттілігінің белгісі. Ол өз мүддесі мен елінің, халқының мүддесі бір, ортақ екенін сезінуге әкеледі. Сондықтан бұл сезім Отанның егемендігін, абыройын қорғауға шақырады. Оны ұлтшылдықпен шатастыруға болмайды.

Ұлттардың өзін-өзі билеуі — ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу принципі. Бұл мәселе алғашында Еуропада буржуазиялық-демократиялық революциялардың жетуіне байланысты пайда болды. Ең бірінші бұл пікір 1776 жылы Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздігі туралы Хартиясында жарық көрді.

Ұлттық және интернационалистік — Ұлттардың қалыптасуы мен даму жолында кездесетін өзара байланысты екі үрдіс. Біріншісі — әрбір халықтың өзінің ұлттық қажеттіктерін (тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, тұрмыс салтын және т.б. сақтау және дамытуды) қанағаттандыруға тырысушылық. Екіншісі — халықтар арасындағы байланыстың қалыптасуы мен дамуын білдіреді.

Ұлттық мінез — белгілі бір ұлтқа тән дүние танудағы негізгі ерекшеліктер. Ол сол ұлт өкілдерінің қызу қандылығында, іс-әрекеттерінде, талғамында, әдет-ғұрпында және т.с.с. көрініс береді.

Ұлттық сана сезім — белгілі бір ұлттың этникалық бірлестікке тән, оның рухани даму ерекшелігін білдіретін саяси, әлеуметтік, экономикалық, философиялық, адамгершілік, діни және т.б. идеялар пікірлер, көзқарастар жиынтығы.

Ұлттың өзін-өзі ұғынуы — бір ұлтқа жататын адамдардың өзіндік саяси, экономикалық, әлеуметтік мүдделерін, басқа ұлттардың арасында өз орнын ұғынып, жете түсінуі. Соның негізінде белгілі бір ұлттық қазыналарды ардақтау, ұлттық бірлікті сезіну пайда болады. Онда халықтың өз тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне қатынасы білінеді.

Ұлттың өміршендігі, белсенділігі көп жағдайда өзін-өзі толық сезіну деңгейіне байланысты.

Ұлтшылдық — ұлттық жекешелікке, артықшылыққа, басқа ұлттарға сенбеушілікке және бір ұлтты екінші ұлтқа қарсы қоюға бағытталған саясат, идеология, психология және әлеуметтік тәжірибе. Ұлтшылдық XVIII ғасырдың аяғында отаршылдық қанау мен әлеуметтік теңсіздікке қарсы наразылық ретінде пайда болған. Оның алдын алмаса, кейін халықтар арасындағы өшпенділікке айналып кетуі мүмкін.

— Ф —

Фанатизм — өз сеніміне шексіз берілгендік. Ол басқалардың көзқарасына шыдамсыздық білдірумен, ешкімнің сөзіне құлақ қоймай, бірбеткейлікке салынумен де сипатталады.

Фашизм — реакциялық, агрессивтік күштердің террорлық диктатурасы. Ол 1919 жылы Италияда, содан кейін Германияда пайда болды. Оның ерекшеліктеріне жататындар: бір нәсілді екіншіден жоғары қою, мемлекетке барлық басшылықты беру, демократиялық құқықтар мен бостандықтарды басып-жаншуда шектен тыс күштеу әдіс-тәсілдерін пайдалану, қоғамдық және жеке өмірді жаппай бақылауға алу және т.с.с. Екінші дүниежүзілік соғыс фашизмге күйрете соққы берді. Бірақ кейбір елдерде қазір жаңарған фашизм бой көрсетуде.

Фашистік партиялар — жеке мүддеден мемлекеттік мүдденің басым болғанын, басқаруда қатаң орталықтандыруды, адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуді қалайтын партиялар. Ұлтшылдықты уағыздайды. Ол тоталитарлық немесе авторитарлық жүйеге жол ашады. Ондай партиялар кезінде Германия мен Италияда болған. Қазір кейбір елдерде неофашистік партиялар пайда болуда.

Федерация — 1) белгілі бір тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп, одақтық жаңа мемлекетті құруы. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттерінің арасындағы айырмашылықтар жалпымемлекеттік конституциямен реттеледі. Әрбір субъектінің өзінің жоғары билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот) органдары болады. Бірақ олар орталық институттарға бағынады. Мысалы: Австралия, Австрия, АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Канада, Малайзия, Мексика, Нигерия, Ресей және т.т.; 2) жеке қоғам, ұйымдардың одағы.

Феминизм — қоғам өмірінің барлық салаларында еркектер мен әйелдердің теңдігі үшін күресетін қозғалыс. Оның бірінші идеялық манифесті — “Әйел мен азаматтардың құқықтық Декларациясын” — жазған француздың әйел жазушысы Олимпия Де Гуж (1791 ж.) болды. Ондағы негізгі мәселелер: әйелдердің толыққанды, еркін дамуы, өзін-өзі көрсете алуы, мемлекеттік қызметтерге қатысуы және т.с.с.

Форум — 1) ертедегі Римдегі халық жиналыстары, базар, жәрменкелер өтетін, сот болатын алаң; 2) көпшілік өкілдерінің жиналысы, конгресі, съезі; 3) сөз сөйлейтін орын.

Фракция — 1) парламентте немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және т.б. өз партиясының саясатын ұйымшылдықпен өткізу үшін біріккен кейбір саяси партиялардың мүшелері; 2) партияның жалпы бағытымен келіспегендіктен өз алдына бөлек окшауланған, өзіндік бағыты, құрылымы, тәртібі бар, бірақ сол партияның қатарынан шықпаған саяси партия мүшелерінің бөлігі.

Фундаментализм — мұсылман елдеріндегі қоғамдық ойдың ислам діні негіздерін берік сақтау әрекеттері. Қазір ол саясатқа араласу, идеологияға басшылық жасауға тырысушылықта байқалады. Мысалы, Иран мемлекетінде.

Футурология — адамзаттың, әлеуметтік процестердің болашағын болжайтын білімдер мен әдіс-тәсілдер жиынтығы.

— X —

Халықаралық қатынастар — халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілетін саяси, экономикалық, құқықтық, демократиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығы.

Халық майдандары — белгілі бір саяси мақсатқа жету үшін ұйымдасқан бұқара халықтың, саяси партиялар, кәсіподақтар және т.б. ұйымдардың қоғамдық-саяси қозғалысының бір түрі. Олар жалпыдемократиялық принциптердің негізінде құрылады және жұмыс істейді. Қатан, айқындалған түрі мен мүшелігі болмайды. Әдетте, алдына қойған мақсаты орындалған соң тарқайды. Олар осы ғасырдың 30 жылдарында фашизм мен реакцияға қарсы күрес барысында пайда болған және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында зор рөл атқарды.

Харизматикалық билік — өзінің ерекше ақылдылығымен, ба-тырлығымен немесе басқа үлгілі қасиеттерімен көзге түскен адам-ның билік жүргізуі. Халық тек сол көсемге беріліп, соған ғана сенеді. Мысалы, Мұхаммед пайғамбар, М. Ганди, аятолла Хомей-ни және т.б. Ол адамдар жеке басқа табыну дәрежесіне жетеді.

Хартия — 1) жекелеген мемлекеттік немесе халықаралық жар-ғылар. Мысалы, Еркіндіктің Ұлы хартиясы. Кейде бұлай деп сая-си қозғалыстың негізгі талаптары жарияланған құжаттарды да айтады; 2) ескі қолжазбалық құжат.

Хиппи — осы ғасырдың 60 жылдарында АҚШ-та пайда болып, кейін Батыс елдеріне тараған жастар қозғалысы. Олар махаббат-қа, сезімдік тәжірибеге, табиғатқа жақын болуға, Жер Анаға бас июге шақырады. Олардың нышаны (эмблемасы) гүл-сұлулықты, барлық табиғи нәрсеге деген сүйіспеншілікті, ашықтықты, күш қолданбаушылықты бейнелейді. Олар қазіргі индустриалды, есеп-ке негізделген, мейірімсіз, бюрократиялық өмір салтынан, күнделікті бірыңғай өмірден безгілері келеді.

Хунта — 1) Испания, Италия және Латын Америкасы елдеріндегі қоғамдық-саяси ұйымдардың, бірлестіктердің аты; 2) үкімет басына заңсыз келген және өктемдік әдіс-тәсілдермен басқарушы топ.

— Ц —

Центризм — саясатта оңшылдар мен солшылдардың арасында орталық қалыпты ұстанатын партиялық бағыт.

— Ш —

Шовинизм — ұлттық ерекшеліктерді дәріптейтін, бір ұлттың мүддесін басқа халықтардың мақсатына қарсы қоятын, ұлтара-лық өшпенділікті қоздыратын, ұлтшылықтың шектен шыққан түрі. Бұл атау Наполеон Бонапарттың басқыншылық саясатын, Францияның “ұлылығын” қолпақтаған ағайынды И. және Т. Ко-ньярдтың “Үш түсті кокарда” комедиясындағы Никола Шовен де-ген солдаттың атымен аталады.

Ішкі саясат — мемлекеттің өз ішіндегі әлеуметтік-саяси құрылысты сақтау немесе өзгерту мақсатындағы жүргізген саясаты.

Эволюция — қоғамдық-саяси өмірде біртіндеп, баяу даму. Бұл теорияның негізін салған ағылшын ғалымы Чарльз Дарвин болатын.

Эклектизм — саясатта әр түрлі (кейде тіпті карама-қарсы) көзқарастарды, идеяларды, теорияларды араластыру. Оның негізгі кемшілігі көптеген байланыс қатынастарының ішінде негізін таба білмеуде. Бұл атауды ежелгі грек фәлсафашысы Платон кіргізген болатын.

Экспансионизм — бір мемлекеттің басқа мемлекеттерге, халықтарға, аймақтарға ықпалын арттырып, билігін жүргізу үшін экономикалық, әскери, дипломатиялық әдістермен жүргізген саясаты.

Экспроприация — бір тапты жеке меншігінен, өндіргіш, құралдарынан күшпен, ықтиярсыз айыру. Мысалы, Кеңес өкіметі кезінде қанаушы тап деп саналып, буржуазия мен помещиктердің меншігі осылай тартып алынды.

Экстремизм — 1) саяси және басқа мақсаттарға жету үшін заңсыз, күштеу, зорлау тәсілдерін пайдаланатын әрекет. Ол ұлтаралық араздықты қоздырады, демократиялық принциптерді шектейді, елді тұрақсыздандырады, саяси шиеленістерді бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік бермейді; 2) шектен шыққан көзқарастарға және шараларға бет бұрушылық.

Электорат — халықаралық ұйымдарға, мемлекет басқару органдарына, жеке қызметкерді сайлау кезінде дауыс беруге құқығы бар адамдар тобы.

Элита — саясатта, экономикада, рухани өмірде өздерінің білімділігімен, іскерлігімен, асқан мамандығымен ерекше жағдайға ие болған адамдар тобы. Бұл теорияның негізін салушылар италяндық Г. Моска мен В. Парето. Олардың ойынша, саясат, экономика және ойшылдық саласында тамаша табысқа жеткен таңдаулылар қоғамды билейді, ғылыми-техникалық, әлеуметтік процестің қозғаушы күші де осы сұрыпталған адамдар.

Эмансипация — адамның немесе әлеуметтік топтың тәуелділік, кіріптарлық езгіден құтылып, теңдік алуы. Мысалы, ұлттық езгіден құтылу, әйелдердің ерлермен тең құқық алуы және т.с.с. Ертедегі Римде ол балалардың ата-аналар билігінен құтылуын білдірсе, ХІХ ғасырда әйелдердің, негрлердің теңдік алуын білдіреді.

Эмиграция — 1) саяси, экономикалық, діни себептермен өз елінен басқа елге қоныс аударуы және сол елде тұруы; 2) басқа елдерден келіп, сол елдің азаматтары ретінде тұрып жатқан адамдардың жиынтығы.

Эмиссар — саяси немесе мемлекеттік ұйым тарапынан құпия тапсырмамен жіберілетін адам.

Этатизм — елдің экономикалық және саяси өміріне, қоғамның барлық саласына мемлекеттің белсенді араласуын қалайтын тұжырымдама.

Этнос — тілінде, мәдениетінде, мінез-құлқында ортақ ерекшеліктері бар, белгілі бір аумақта (территорияда) тарихи қалыптасқан, өз қауымдастығының бірлігін сезінетін адамдар жиынтығы. Мысалы, тайпа, ұлыс, ұлт. Бұлардың әрқайсысын кейде “халық” деп те атайды.

— Ю —

Юнеско — БҰҰ-ның білім, ғылым, мәдениет мәселелері жөніндегі халықаралық, үкіметаралық ұйымы. Оның жарғысы 1945 жылы қабылданды. Негізгі мақсаты — нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне қарамай барлық адамдарға әділдікті, заңдылықты, адам құқықтары мен еркіндіктерін жалпыға бірдей құрметтеуді қамтамасыз ету үшін ағартушылық, білім және мәдениет құралдары арқылы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатуға көмектесу. Оған Бас конференция басшылық етеді. Секретариатының тұрақты тұратын жері — Париж.

- Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалары.* Алматы, 1986.
- Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары.* Алматы, 1994.
- Ә. Бөкейханов. Шығармалар.* Алматы, 1994.
- М. Дулатұлы. Оян, қазақ!* Алматы, 1991.
- Д. Жамбылов. Саясаттану. Оқу құралы.* Алматы, 1996.
- Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы.** Алматы, 1994.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы.** Алматы, 1999.
- Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация.** Алматы, 1991.
- Н. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында.* Алматы, 1996.
- Н. Назарбаев. Тәуелсіздігіміздің бес жылы.* Алматы, 1996.
- Н. Назарбаев. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа. // Егемен Қазақстан. 1998. 30 қыркүйек.*
- Н. Назарбаев. Тәуелсіздігіміздің он жылы: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім. Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII сессиясында сөйлеген сөзі// Егемен Қазақстан. 2001. 25 қазақстан.*
- Ә. Нысанбаев. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. – Қазақстан. Демократия. Духовное обновление.* Алматы, 1999.
- Саясаттануға кіріспе./Проф. Т. Т. Мұстафиннің редакциясында.** Алматы, 1994. I, II, III бөлімдер.
- Ш. Уәлиханов. Таңдамалы.* Алматы, 1995.
- М. Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры.* Алматы, 1992.
- Аль-Фараби. Историко-философские трактаты.* Алма-Ата, 1985.
- Азаркин Н. Н., Левченко В. Н., Мартышин О. В. История политических учений. М., 1994. Выпуск I.*
- Амелин В. Власть как общественное явление// Соц.-полит. науки. 1991. № 2.*
- Гаджиев К. С. Политическая наука. М., 1994. асти I, II.*

История политических и правовых учений/ Под редакцией В. С. Нерсесянца. М., 1988.

Мурадян А. А. Двуликий Янус. Введение в политологию. М., 1994.

Общая и прикладная политология./Под общей редакцией Жукова В.И., Краснова Б.И. М., 1997.

Основы политической науки: Учебное пособие/ Под ред. проф. В. П. Пугачева. М., 1994.

Основы политологии. Курс лекций/ Под ред. проф. В. П. Пугачева. М., 1992.

Политические партии и общественные движения современного Казахстана: Справочник. Алматы, 1994.

Политология: Курс лекции/Под ред. проф. Мустафина Т. Т. Алматы, 1993.

Политология: Энциклопедический словарь. М., 1993.

Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. М., 1992

Пономарев В. А. Общественные организации в Казахстане и Киргизстане: Справочник. Алматы, 1991.

Фаруқшин М. Х. Политическая система общества// Соц.-полит. науки. 1991, № 5.

Федун Л. А. О предмете и методе политологии// Соц.-полит. науки. 1991, № 3.

Хайек Ф.А. Дорога к рабству //Вопросы философии. 1990. № 12.

Шмачкова Т. В. Мир политических партий//Полис. 1991. № 1-2.

АЛҒЫ СӨЗ	3
----------------	---

I б о л і м. САЯСАТТАНУҒА КІРІСПЕ

1 - т а р а у. Саясаттану ғылымы	5
§ 1. Саяси ғылымның пайда болуы және қалыптасуы	5
§ 2. Саясаттану пәні, ұғымдары, әдіс-тәсілдері мен қызметтері	8
§ 3. Саясаттанудың негізгі парадигмалары	13
§ 4. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы және оны оқып-білудің маңызы	16
2 - т а р а у. Саяси ғылымның даму тарихы және негізгі кезеңдері	19
§ 1. Күлдық дәуірдегі саяси ой-пікірлер	20
§ 2. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ұғымдар	24
§ 3. Жаңа замандағы саяси ой	26
§ 4. Марксистік саяси идеялар	30
§ 5. Қазақ даласындағы саяси ой-пікірлер	31
§ 6. XX ғасырдағы саяси ілім	40

II б о л і м. БИЛІК ЖӘНЕ САЯСИ ЖҮЙЕ

3 - т а р а у. Саяси билік	44
§ 1. Билік ұғымы және ол туралы тұжырымдамалар	44
§ 2. Биліктің қызметтері мен жіктелуі	48
§ 3. Саяси билік пен мемлекеттік билік. Биліктің легитимдігі	52
§ 4. Биліктің түрлері	55
§ 5. Саяси тәртіп (режим)	60
4 - т а р а у. Саяси жүйе	63
§ 1. Саяси жүйе туралы ұғым	66
§ 2. Саяси жүйенің құрылымы	67
§ 3. Саяси жүйенің жіктелуі	69

5 - т а р а у. Демократия	71
§ 1. Демократия туралы ұғым және оның белгілері	71
§ 2. Демократияның антикалық теориясы	74
§ 3. Жаңа дәуірдегі демократияның классикалық теориясы	76
§ 4. Демократияның алуан түрлілік және төбе топ теориялары	79
6 - т а р а у. Мемлекет және азаматтық қоғам	83
§ 1. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні	84
§ 2. Мемлекеттің белгілері мен қызметтері	85
§ 3. Қазіргі сайлау жүйесі	87
§ 4. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет	90
7 - т а р а у. Саяси партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстар	93
§ 1. Саяси партиялардың пайда болуы, мәні және қызметтері	93
§ 2. Саяси партиялардың жіктелуі	96
§ 3. Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуы	103
§ 4. Қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар	110
 Ш ы р д е м. СЯСАТТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ. АДАМ ЖӘНЕ СЯСАТ	
8 - т а р а у. Саяси элита және саяси топ бастаушылық	117
§ 1. Саяси элитаның түсінігі мен қызметі	117
§ 2. Саяси элиталардың қалыптасуы мен жіктелуі	119
§ 3. Саяси жетекшілік туралы ұғым	121
§ 4. Саяси жетекшіліктің жіктелуі және топ бастаушылардың жеке қасиеттері	124
9 - т а р а у. Адам және саясат. Саясат субъектілері	129
§ 1. Тұлға — саясаттың субъектісі мен объектісі	129
§ 2. Жеке адамның құқығы мен бостандықтары	132
§ 3. Жеке адамның құқықтарының жіктелуі	136
10 - т а р а у. Әлеуметтік топтар мен этникалық бірлестіктер	141
§ 1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен жіктелуі	141
§ 2. Кенестік қоғамдағы және біздің қазіргі кездегі әлеуметтік жіктелуіміз ...	143
§ 3. Әлеуметтік бірлестіктер жүйесіндегі ұлттың орны	146
§ 4. Қазақстандағы ұлттық қатынас мәселелері	149
§ 5. Қоғамның саяси өміріндегі діннің орны	152
11 - т а р а у. Саяси идеология	154
§ 1. Саяси сана және саяси идеология	154
§ 2. Қазіргі идеологияның негізгі түрлері	160
12 - т а р а у. Саяси мәдениет және саяси әлеуметтену	167
§ 1. Саяси мәдениет туралы ұғым, оның мәні мен қызметтері	167
§ 2. Саяси мәдениеттің құрылымы және оны қалыптастыратын қоғамдық күштер	170

§ 3. Саяси мәдениеттің жіктелуі	173
§ 4. Саяси әлеуметтенудің түсінігі мен мәні	176
§ 5. Саяси әлеуметтенудің институттары, кезеңдері мен қызметтері	178
§ 6. Саяси әлеуметтенудің типтері	180

IV б ө л і м. САЯСАТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН СЫРТҚЫ САЯСАТ

13 - т а р а у. Саяси шиеленіс пен саяси процесс	183
§ 1. Саяси жанжалдар	183
§ 2. Саяси жанжалдар мен дағдарыстарды реттеудің әдістері мен түрлері	186
§ 3. Этносаяси жанжалдар	187
14 - т а р а у. Саяси процесс және саяси бейімделу	190
§ 1. Саяси процесс туралы ұғым	190
§ 2. Саяси процестің жіктелуі	194
§ 3. Саяси процеске қатысу түрлері	196
§ 4. Саяси даму мен бейімделудің мәні	200
§ 5. Саяси бейімделудің кезеңдері және соған байланысты көзқарастар ..	203
§ 6. Қоғам мен саяси жүйенің бейімделу жолдары	206
15 - т а р а у. Әлемдік саясат	211
§ 1. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар	211
§ 2. Жанаша саяси ойлау және халықаралық қатынастар	218
§ 3. Егеменді Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде	224
ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР	230
ӘДЕБИЕТТЕР	275

Оқулық басылым

Жамбылов Диас Әбушахманұлы

СЯСАТТАНУ

Өзгеріссіз 4-басылымы

Редакторы *М. Қаймағалинова*
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*
Беттеуші *Ж. Құрманғалиева*

ИБ № 779

Басуға 1.07.08. қол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылыс. Қаріп түрі «Таймс». Есептік баспа табағы 15,5. Шартты баспа табағы 14,7. Шартты бояулы беттанбасы 15,1. Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 88

«Жеті жарғы» ЖШС. 050013, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.
Тел./Факс: 272-22-82. e-mail: marketing@zhetizhargy.kz; www.zhetizhargy.kz

Тапсырыс берушінің дайын диапозитивінен басылды.

«Курсив» ЖШС. 050023, Алматы қаласы, Бағанашыл ықшамауданы, Вос- точная көшесі, 2.